

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
КОМИТЕТА НАУКИ МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS OF THE COMMITTEE OF SCIENCE
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

АСҚАР ЖҰБАНОВ ОҚУЛАРЫ
(тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң)

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖАРНАМА ТІЛІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ»**

және

**«ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ
РЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОРПУСТАР ӘЗІРЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІ»**

**«Асқар Жұбанов оқулары» аясында ұйымдастырылған
«Қазақстандағы ұлттық жарнама тілін қалыптастыру және цифрландыру»
және «Ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы ретіндегі
Ұлттық корпустар әзірлеу тәжірибесі»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**международной научно-теоретической конференции
«Цифровизация и формирование языка национальной рекламы в Казахстане»
и «Опыт создания Национальных корпусов как научно-исследовательский
и обучающий интернет-ресурс» в рамках регулярной
научно-языковой площадки «Асқар Жұбановские чтения»**

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз.
А 88

Бас редактор

А.Фазылжан – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

Пікір жазғандар:

Н.Уәли – филология ғылымдарының докторы, профессор

Э.Сүлейменова – филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

ф.ғ.д., профессор Н.Уәли, ф.ғ.д., профессор Р. Шойбеков, ф.ғ.д., профессор З.Базарбаева,
ф.ғ.д., профессор Ж.Манкеева, ф.ғ.д., профессор А.Алдаш, ф.ғ.д., профессор М.Малбақов,
ф.ғ.д., профессор Б.Момынова, ф.ғ.д., доцент Қ.Рысбергел, ф.ғ.д., профессор Қ.Күдерина,
ф.ғ.к., доцент С.Құлманов, ф.ғ.к. Г.Исаева

Жауапты шығарушылар:

А.Жаңабекова, А.Қожахметова, Г. Тлегенова, А.Махамбетова

А 88 «Асқар Жұбанов оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында ұйымдас-
тырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «ЖК
Асыл», 2023. – 288 бет.

ISBN 978-601-7288-18-1

Бұл жинаққа «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық кор-
пусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» (BR11765619) және «Мәдени-репрезентативті
және жарнама мәтіндерінің ішкорпусын әзірлеу» (BR18574132) ғылыми жобалары бойынша «Асқар Жұбанов
оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында ұйымдастырылған «Қазақстандағы ұлттық жарнама
тілін қалыптастыру және цифрландыру» және «Ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы ретіндегі
Ұлттық корпустар әзірлеу тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары
енді.

Конференция материалдары жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен ғылыми зерттеу институтта-
ры қызметкерлеріне, PhD докторанттар мен магистранттарға арналады.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз.

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл ғылыми жинаққа Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Асқар Жұбанов оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында өткізген «Ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы ретіндегі Ұлттық корпустар әзірлеу тәжірибесі» және «Қазақстандағы ұлттық жарнама тілін қалыптастыру және цифрландыру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар материалдары еніп отыр.

Асқар Жұбанов – қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаған белгілі ғалым, қоғам қайраткері, профессор Құдайберген Жұбановтың ұрпағы, қазақ тіл білімінің қолданбалы саласының қарыштап дамуына ерекше үлес қосқан, саналы ғұмырын қазақ лингвостатистикасы, корпустық лингвистикасы сияқты заманауи бағыттарды қалыптастыруға арнаған әлемдік деңгейдегі ғалым, Қазақ тілінің ұлттық корпусының негізін қалаушы.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Асқар Жұбанов бастамашы болған қазақ тіл білімінің қолданбалы бағытын әрі қарай дамытуды мұрат етеді. Өйткені мемлекеттік тілдің қолданыс аясын барынша кеңейту тіліміздің осы қолданбалы бағытымен де тығыз байланысты. Осы ретте 2022 жылы қараша айында Асқар Жұбановтың 85 жылдық мерейтойына орай «Асқар Жұбанов оқулары» тұрақты тілтанымдық алаңы ашылып, іске қосылған болатын. Биыл «Асқар Жұбанов оқулары» тұрақты тілтанымдық алаңы өз жұмысын екінші жыл жалғастырып отыр.

Институт 2022-2023 жж. «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» (BR11765619) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру зерттеу жобасы (2022-2023 жж.) бойынша Қазақ тілінің ұлттық корпусының жаңа 3 ішкорпусын (Параллель, Ауызша, Тарихи корпус) және 3 лингвистикалық белгіленімін (лексика-семантикалық, мәдени-семантикалық, просодикалық) әзірледі. Аталмыш конференцияда осы ішкорпустарды әзірлеу барысындағы нәтижелер баяндалып, Ұлттық корпустар жасау тәжірибесі таныстырылды. Конференцияда Орыс тілінің ұлттық корпусын (профессор Е.Рахилина), башқұрт тілінің мәшинелік қорын жасаушы ғалымдар (З.Сиразитдинов және т.б.) зерттеулері ұсынылды.

Сонымен қатар Институтта «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндері ішкорпустарын әзірлеу» (2023-2024 жж.) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру зерттеу жобасы бойынша қазақ тіліндегі жарнама ішкорпусы әзірленіп жатыр. Осы ретте конференцияда қазақ жарнамасының бүгінгі тілдік келбеті, құрылымы мен құрылысы, түрлері мен типтері мәселесі көтеріліп, осы ішкорпусты әзірлеуші мамандардың жарнама мәтіндерін жинақтау мен жүйелеу барысында шығарылған қорытынды тұжырымдары ортаға салынды. Іс-шараға қоғам қайраткерлері, ғылыми қауым өкілдері және мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының мамандары мен БАҚ қызметкерлері қатысты.

«Асқар Жұбанов оқулары» тілтанымдық алаңы – қазақ тіл білімінің қолданбалы бағытындағы өткен тарихтан сабақ алушы, бүгінгі қол жеткізген нәтижелер мен өнімдерді насихаттаушы, қолданбалы лингвистиканың келешек бағытын айқындаушы ақпараттық қоғамның өзекті мәселелерін тілтанымдық аспектіде зерттеудің нәтижелерін апробациядан өткізуші мықты орта қатыптастыратын құрал болуына осы конференция да өз үлесін қосты. «Асқар Жұбанов» оқулары жыл өткен сайын ақпараттық қоғам сұранысына қажет тілтанымдық ізденістер мен өнімдерді сынамадан өткізетін жоба ретінде көкжиегін кеңейтіп, жетіле беретініне сенімдіміз.

«Ғалым мен Ғылым» тоғысында өткізілген аталмыш конференцияның жас ғалымдарды тәрбиелеуге, мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістігін нығайтуға, Цифрлық қазақ тілінің әлеуетін арттыруға және қазақтілді жарнама мәселесін жолға қоюға септігі мол болды деп бағалаймыз.

Анар ФАЗЫЛЖАН

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры*

І. ПРОФЕССОР АСҚАР ЖҰБАНОВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ

Н.А. САДУАҚАС

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан*

ҒАЛЫМ АСҚАР ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімінің қолданбалы саласында танымал ғалым Жұбанов Асқар Құдайбергенұлының өмір жолы, ғылыми және педагогикалық еңбектері туралы баяндалған. Ғалымның қазақ тілінің статистикасы, жиілік сөздіктер, компьютерлік және корпусдық лингвистиканың ғылыми мәселелері жөнінде жүргізген зерттеу жұмыстарына талдау жасалған.

Тірек сөздер: Қолданбалы тіл білімі, машиналық аударма, статистика, формалды модельдер, мәтін лингвистикасы, компьютерлік лингвистика, корпусдық лингвистика, жиілік сөздіктер.

Аннотация. В статье рассказывается о жизненном пути, научных и педагогических трудах известного ученого в прикладной области казахского языкознания Жубанова Аскара Кудайбергеновича. Проведен анализ исследовательской работы ученого по статистике казахского языка, частотным словарям, научным проблемам компьютерной и корпусной лингвистики.

Ключевые слова: прикладное языкознание, машинный перевод, статистика, формальные модели, лингвистика текста, компьютерная лингвистика, корпусная лингвистика, частотные словари.

Abstract. The article tells about the life path, scientific and pedagogical works of the famous scientist in the applied field of Kazakh linguistics Zhubanov Askar Kudaibergenovich. The analysis of the scientist's research work on statistics of the Kazakh language, frequency dictionaries, scientific problems of computer and corpus linguistics is carried out.

Key words: applied linguistics, machine translation, statistics, formal models, text linguistics, computer linguistics, corpus linguistics, frequency dictionaries.

Қазақ тіл білімінің қолданбалы саласын дамытуға, дәлірек айтқанда, қазақ цифрлық тіл білімін, қазақ инженерлік лингвистикасын, корпусдық лингвистиканы қалыптастыруда, айтарлықтай қомақты үлес қосқан ғалым, есімі бүкіл түркі жұртына аты әйгілі маман, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Жұбанов еңбектерінің маңызы зор. Есімі елге танымал профессор Құдайберген Жұбановтың бел баласы, сүт кенжесі болған Асқар Жұбановтың математик маман болып, еңбек жолын жаңа бастаған кезеңіне ойша зер салар болсақ, сол тұста ғылым салаларындағы ізденістердің алға басуы әртүрлі ғылым салаларының да тоғысып, заман талабына қарай жаңа бағыттағы зерттеулерді талап ете бастағанын байқатқан еді. Бұл жылдары ел басына төнген талай қиындықтардың бұлты сейіліп, өнер-мәдениет, ғылым мен техниканың дамуы жаңаша сипат алып, елдің де еркін тыныстай бастаған кезі еді. Осы кезде тілге де математика жағынан келіп, тілдік бірліктердің сандық өлшемін есептеп, оны алгоритмдік негізде жүйелеуге, мәтінді электронды есептеуіш машина арқылы қарастырып, аударма жасау ісін де компьютерлік техника көмегімен жүзеге асыруға бағытталған жаңа ғылыми сала ретінде «қолданбалы тіл білімі» ғылымының аясында «математикалық лингвистика» бой көтере бастаған болатын [1, 108]. Осы тұста жас математик Асқардың бір-бірінен алыс жатқан екінші бір сала – лингвистикаға келуін бір жағы күтпеген жағдай десек, екіншіден тағдырдың жазуы деуге болады. Себебі әкесі профессор Құдайберген Жұбанов өзінің қысқа өмірінде тілдің сан-салалы бағытына қалам тербеген болса, ғылым дамуына байланысты дүниеге келген қазіргі тіл білімінің жаңа салаларының алғашқы ұшқындары да ғалым Құдайберген

Жұбановтың еңбектерінен бастау алып жатқанын бүгінгі жас ғалымдар өз зерттеулерінде көрсетіп келеді. Осындай жаңаша зерттеу әдістерінің бірі тілдік бірліктерді санмен байланыстыра зерттеудің алғашқы үлгісі Құдайберген Жұбанов еңбектерінен табылған болатын [1, 109]. Қолданбалы тіл білімінің «Статистикалық лингвистика» деп аталып жүрген жаңа саланың бастауында профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тұрғаны жайында белгілі тілші-статист ғалымдар – Қ.Б.Бектаев, С.Мырзабеков т.б. қазақ тілінің статистикасы туралы зерттеулері мен мақалаларында арнайы атап көрсеткен болатын.

Асқар ағамыз өзінің әке жолын ұстап, осы бір жалынның ұшқынын үрлеп, одан әрі лаулата жандыруына, математикалық тіл білімі жолына түсуіне өзінің ағасы, ғалым Есет Жұбановтың да ағалық ақылының қозғау салғанын айтып отыратын еді. Алғашқы уақытта тілді тек тілдік тұрғыдан зерттеу керек деген көзқарастағылар тілді математикалық есептеулермен байланыстыра қарастырудың қажеттілігін дұрыс сезіне алмай жатқан кезінде, яғни, бүгінгі таңда керекті ақпараттарды алу, не өз ақпаратымызды екінші бір жерге жіберу сияқты толып жатқан барлық іс-әрекетімізді автоматты түрде үйде отырып-ақ жүзеге асыратынымызды ойласақ, Асқар Жұбановтың бүгінде цифрлық технология деген жаңа атаумен бүкіл адамзаттың қажеттілігіне айналып отырған осы салаға қарай бұрылуын ғылыми көрегендік, батыл қадам, ғылымдағы сирек құбылыс деп те бағалауға болады. Себебі жаңа салаға сол саланың мамандары да батыл бара бермейтінін ескерсек, тіл саласына математик маманның келуі, сонымен бірге өз жұмысында бір елге жүк болатындай пайдалы іс жасау екінің бірі қолынан келе бермейтін шаруа деп есептейміз. Сонымен бірге әкесі Құдайберген Жұбановтың өзінің өлшеусіз ғылыми мәнді еңбектерімен қазақ тіл білімін биікке көтергенін, одан кейін туған ағасы ғалым Есет Жұбановтың да қазақ фольклорының тілін зерттеуді алғашқы болып қолға алып, өзінің өзгеге ұқсамайтын терең білімімен ғылымға өшпестей үлес қосып кеткенін ескерсек, қазақ тіл білімінде алғашқы болып жаңа бір саланың іргесін қалап, оның ғылыми нәтижелерін ел игілігіне ұсынып, соңына ерген ізбасар ғалым шәкірттеріне жол көрсете білуі Асқар Жұбановтың ғылымдағы өзіндік дара жолын көрсетеді.

Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы 1937 жылғы күз айының 13 қарашасында Алматы қаласында дүниеге келді [2, 382]. Әкесі халқымыздың тарихындағы тіл ғылымының тұңғыш профессоры, қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаушылардың бірі, алғашқы кәсіби лингвист, ағартушы, түркітанушы ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын. Әкесі Құдайберген солақай саясаттың құрығына іліккен кезде Асқар үш айлығында-ақ жер аударылып, туған қаласы Алматыдан әке-шешесінің туған жері Ақтөбедегі Мұғалжар өлкесінен бір-ақ шығады. Құдайберген Жұбановтың жөргектегі нәрестесі Асқардың жарық дүниеге келгеніне небәрі үш-ақ күн болғанда «жапон шпионы» деген жалған жаламен қамауға алынған сәтінен інілерінің тағдырына алаңдап, ағалық көмек көрсетіп, ақыл-кеңес беріп келген Ахмет Жұбанов 1949 жылы бала Асқарды Алматыға алдырып, №18 қазақ орта мектеп-интернатының төртінші сыныбына оқуға береді. Бір жыл өте үлкен ағасы Ақырап Алматыдағы 1950 жылы көркем-сурет училищесін бітіріп, жолдама бойынша Петропавл қаласына жұмысқа тұрып, анасы мен бауырларын көшіріп алған кезде, отбасының сүт кенжесі Асқар да осы басқа жерде оқуын жалғастырады. Шыр етіп жарық дүниенің есігін ашқаннан тағдырдың тепкісін көрген кенже бала Асқар өзінің екі аға, үш апасы, «халық жауының әйелі» атанған Раушан ансымен қалып, сол кезеңдегі қызыл саясаттың кесірінен әке есімі «ақталғанша» талай жерде қиындықты көріп өседі.

Бала кезінен техника, математика бағытындағы салаларға ерекше қызығушылық танытып өскен Асқар Құдайбергенұлы орта мектепті бітірген соң 1955 жылы Алматы қаласындағы Тау-кен (политехникалық) институтына ең жоғары балл жинап, оқуға түсіп тұрған сәтінде, сол катал заманның «Халық жауының баласы!» деген айыптауы тағы да алдын орап, білім қуған талапты жастың арманының тауы шағылған еді. Қай заманда да үлкен жүректі, адал азаматтар болды десек, алаштың атақты перзенттерінің бірі, сол кезде ҚазПИ-дің ректоры, Кеңестер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің: «Сенің әкең – ұлы кісі» деп, сол сәтте жас жігіттің жарым көңіліне жарық нұр сепкендей болып, бауырына басып, 1955 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсуіне қол ұшын бергенін Асқар Жұбанов әр кез айтып отыратын [3, 6].

Әке жолын қуып, әке рухына табына жүріп, тіл саласына келген математика маманы Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы 1967-1970 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының күндізгі бөлімінің аспиранты болып, Минск қаласындағы Шет тілдер институты жанында ғылыми тәжірибеден өтіп, Мәскеу-Ленинградтың осы саладағы ғалымдарымен байланыс жасап тұрады. Тіл білімі институтындағы тілді зерттеуде математика мүмкіндігін пайдалануды іске асыратын жаңа бағыттағы «Статистика-лингвистикалық зерттеу және автоматтандыру» тобының кіші, кейіннен аға ғылыми қызметкері бола жүріп, тілдің сөз байлығын жаңа қырынан зерделеу жолында лингвистикалық сөздіктерді сандық және сапалық белгілеріне қарай математикалық статистика тәсілімен зерттеуді қолға алған алғашқы белгілі математик-ғалым Қалдыбай Бектаевпен бірлесе еңбек етеді. Асқар Құдайбергенұлы 1973 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы Қ.Б.Бектаевтың және академик І.Кеңесбаевтың ғылыми кеңесшілігімен «ЭЕМ көмегімен қазақ мәтінін статистикалық зерттеу» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, қазақ тілін математикалық әдіспен, яғни статистика мен ықтималдылықтар теориясы әдістерімен зерттеу жұмыстарын жүргізді [2, 382]. Қазақша мәтіндерді электронды есептеу машинасының көмегімен зерттеп, тұңғыш рет сөзформа, негіз сөз, әріп, әріп тіркесі, т.б. тілдік бірліктердің автоматтанған жиілік сөздіктерін құрастырудың алгоритмі мен бағдарламасын жасап шығарады. Осындай зерттеулер нәтижесінде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында 465691 сөзқолданысты пайдаланғанын, онда сөз саны – 16983, ал сөзформасы – 61424 екенін ғылыми түрде анықтайды [4.68]. Ал 2002 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқара жүріп, сол мекеменің ғылыми кеңесінде «Қазақ мәтіні мазмұнын формалдаудың негізгі ұстанымдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми атағын алады. Ол қазақ тіл білімінің корпустық лингвистика деп аталған жаңа бағыттағы саласының бірден-бір білікті маманы ретінде өзіне ізбасар ғалым-шәкірттер дайындаумен шұғылданып, 1991 жылдан бастап А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің меңгерушісі, кейіннен жаңаша аталымдағы «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобының бас ғылыми қызметкері міндеттерін атқарды.

Адам бойында ата сүйегімен біткен, ана сүтімен сіңген тектік сипатымен қатар, әркімнің өзіне ғана тән табиғатына біткен қарым-қабілеті болады десек, әкесі Құдайберген Жұбановтан келген тума талантылығы, дарынды ғалым ағасы Есет Жұбановтан алған үлгі-өнегесі бар Асқар Жұбанов та ерекше қабілетті, білімді азамат еді. Асқар Жұбанов «М.О. Әуезовтің толық шығармалар жинағы мәтінін ЭЕМ-ге енгізуге дайындау және сөзнұсқағыш-сөздіктерді құрастыру», «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалары бойынша автоматтанған картотекалық қор жасау», «М. Әуезовтің шығармалары бойынша сөзформалар мен сөздердің жиілік сөздіктерін ЭЕМ арқылы құрастыру» атты ғылыми тақырыптарға жетекшілік етеді. «Профессор» ғылыми атағын алған ғалым Асқар Жұбанов корпустық лингвистиканың еліміздегі алғашқы ірі маманы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филолог магистранттары мен студенттеріне математикалық және компьютерлік лингвистика пәндері бойынша дәріс беріп, осы салаға арналған жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарын дайындап шығарады [5]. Корпустық лингвистика маманы ғалым Асқар Жұбановтың жетекшілігімен осы саланың 5 кандидаттық және бірнеше магистрлік диссертациясы қорғалды.

Көпшілікке жете таныс емес «формалды логика» дегенді тіл ғылымына қарай бұру, қазақ тілін зерттеуде математикалық әдістерді қолдануда, сол арқылы «машиналық аударма» жасаумен айналысатын ғылыми саланың дүниеге келіп, оның статистика, формалды модельдер, мәтін лингвистикасы, қолданбалы лингвистика, компьютерлік лингвистика, корпустық лингвистика деген атаулармен дамуында осы бағыттың алғашқы мамандардың бірі ретінде Асқар Жұбановтың көп еңбегі сіңген еді [6]. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде аталған саланың сандық технологиялармен үндесе жаңа қырынан дами бастағанын ескерсек, Асқар Жұбанов еңбектерінің заман көшімен бірге ілесіп, жаңа леппен дамып бара жатқанын көріп, ғалымның осы жаңа саланың алғашқы бастаушылардың бірі ғана емес, оны әрі қарай алып барушы да болғанын мақтан етеміз. Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы өзінің ғалымдық еңбегі

үшін «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2013) медалі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен «Жұбанов» медалімен (27.11.2017 ж. №3 хаттама), Қазақстан Республикасының «Құрмет грамотасы» (5.12.2017 ж.), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2017) медалі, «Еңбек ардагері» медалімен (2018) марапатталды. Корпустық лингвистиканың білгір маманы ретінде Асқар Жұбанов «Квантитативная структура казахского текста» (1987), «Куманша-қазақша жиілік сөздік» (құрастыруш. бірі. -1978), «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» (құрастыруш. бірі. -1995), «Основные формализации содержания казахского текста» (2002), «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы» (2004), «Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер» (2006), «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері» (2008), «Корпустық лингвистика» (2017), т.б. еңбектер жазып қалдырды [2, 385]. Ғалым Асқар Жұбанов математика маманы ретінде тілге де математика жағынан келіп, тілдік бірліктердің сандық өлшемін есептеп, оны алгоритмдік негізде жүйелеуге, мәтінді электронды есептеуіш машина арқылы қарастырып, аударма жасау ісін де компьютерлік техника көмегімен жүзеге асыруға бағытталған жаңа ғылыми сала ретінде «қолданбалы тіл білімі» ғылымының аясында «математикалық лингвистика», «статистикалық лингвистика» деп түрліше аталған салаға көп үлес қосты. «Статистикалық лингвистика» – тілдің грамматикалық категорияларын, тілдегі барлық деректерді сандық тұрғыда тексеріп, тіл элементтерін өлшеудің сандық мәселелерімен айналысатын қолданбалы тіл білімінің бір жаңа саласы. Тілдегі жиілік сөздіктердің түрлерін, кері әліпби-жиілік сөздік, сөзнұсқағыш әліпби-жиілік сөздік, мәтін мен оның жиілік сөздігі бірліктерімен арақатынасы, сөздерді компьютер арқылы алудың біріккен және іріленген алгоритмін жасау, цифр заңы және оны қазақ мәтіні бойынша түзілген жиілік сөздіктерге қолдану, мәтін және оның жиілік сөздігі ішіндегі сөздің ақпараттық сипаттамасын беру, лингвистикалық болжамды тексеру критерийін анықтау, т.б. мәселелерді қарастырады. Ғалымның осы статистика мәселесі жөнінде жазған оқулығы бүгінде жастардың игілігіне айналды. Қазақ цифрлық тіл білімін қалыптастыруда ғалым А.Қ.Жұбанов еңбектерінің маңызы зор.

Қазіргі ғылыми-техникалық үдерістер заманында ақпарат көлемінің бұрын-соңды болмаған дәрежеде артуына байланысты қажетті мәліметтерді тез тауып алу бағытындағы ізденістер Асқар Құдайбергенұлының компьютерлік лингвистика саласындағы зерттеулерінде өз шешімін тауып, ақпаратты іздестіру, оны табу әрекеттері, аталған қызметтерді жүзеге асыратын құралдары мен әдістері, яғни ішкі жүйелерді жабдықтау түрлері, ақпарат іздестіру тілінің грамматикасы, қазақ тілінің компьютерлік қорын құрастыру, т.б. теориялық мәселелер қарастырылды. Бүгінгі таңда осы аталған саланың ғылым қуған жас мамандары ғалым ғалымдар Асқар Құдайбергенұлының зерттеулері арқылы корпустық лингвистиканың ғылыми негіздерімен танысып, корпустық технологиялардың мәнін түсініп, корпустармен жұмыс істеу дағдысын меңгеріп жатыр. Ғалым Асқар Жұбановтың жетекшілігімен қазақ тілінің жиілік сөздіктері де шығарылып, корпустық лингвистиканың жас мамандары да ғылыми жетістіктерімен тілімізді жаңа бағытта зерттеуге үлес қосып келеді [7]. Асқар Құдайбергенұлы өзінің зерттеу нәтижелерін ғалым шәкірті А. Жаңабековамен бірлесіп жазған «Корпустық лингвистика» атты монографиясында баяндады. «Корпустық лингвистика компьютерлік технологияларды қолдана отырып, тілдік мәліметтердің лингвистикалық корпусын құрастыру мен оны қолданудың жалпы принциптерін зерттеумен айналысады. Ол мынадай үш түрлі тәсілді қолданады: 1. Корпус ішінен тілге қатысты мәліметтерді автоматты түрде таңдап алу; ақпаратты өңдеу; өңделген мәліметтерді тексеру және оларға түсініктеме беру», – деп түсіндірген еді [8, 17]. Ғалымдардың көрсетуіне қарағанда, осы тәсілдер алдағы уақытта да жан-жақты зерттеулермен жалғаса бермек.

Қазақтың «тектілік» деген түсінігін дәлелдеп, халқымыздың мақтанышына айналған «Жұбановтар әулеті» деген қымбат атты жоғары ұстап келе жатқан ғалым ағамыз Асқар Жұбанов әке-шешесінің туған жері Ақтөбе, Мұғалжар өлкесінің жұртшылығына сыйлы, әкесінің есімін иеленген Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессор-оқытушыларына жақсы таныс, тығыз қарым – қатынас орната білген ардақты аза-

мат еді. Университеттің ғылыми-педагогикалық өміріне өзінің ғылыми ақыл-кеңестерімен қол ұшын беріп, жастардың ғылыми шығармашылығына қолдау көрсетіп жүретін. Асекең университет жастарымен келген сайын кездесіп, оларға ғылыми тұрғыда ағалық, аталық ақылын айтып, қазіргідей жастарға барлық жағдайлар жасалып жатқан кезеңде қиындықтан қашпай еңбектенуге, оқу-білімге зейін салып, ғылыммен шұғылдануға шақырушы еді. Сондай кездесулердің бірінде: *«Өмірдің жақсы да, жаман да жақтарын басымнан кешірдім, бірақ оның қиын тұстарының бәрі де әкемнің нақақтан «халық жауы» аталуымен салыстырғанда түк те емес»*, – деп, өткен күндерді еске ала отырып, бақытты заманның бақытты жастарына батасын беріп, университетіміздің жақсы істеріне куә болып, жеткен биіктеріне балаша мәз болып отыратын... Ақтөбе жеріне әр келген сайын университеттің қазіргі білім беру ісіндегі заман талаптарына сай жұмыс жүргізіп, көш басындағы алдыңғы оқу орындары қатарынан көрініп келе жатқанына қуанып, өзінің ғалымдық, азаматтық келбетімен білімді жастарға рухани күш сыйлайтын. Университетте «Жұбановтану» саласындағы жас зерттеушілерге де да бағыт-бағдар беріп отыратын.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі ғылымының жарық жұлдызы атанған Құдайберген Жұбановтың данқына сай ұл болып, «Әкеден ұл тумас па, әке жолын кумас па?» деп дана қазақтың әр қариясы арман еткендей ғылымдағы толағай табыстарымен танылған Жұбанов Асқар Құдайбергенұлының артында ғылыми мол мұрасы, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары, үлгі-өнеге берген өзінің ізін қуған талантты шәкірттері қалды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері ретінде зерттеу жүргізен корпусық лингвистика саласындағы ғылыми еңбектері кейінгі ұрпаққа рухани мол мұра деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі». – Алматы: «Ғылым», 1990. – 368 б.
2. Құдайберген Жұбанов. (Ұлы дала тұлғалары). (жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., профессор М.Малбақов). – Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. – 528 б.
3. Оразбаева Ф.Ш. Жұбанов тағылымының ұлағаты // «Жұбанов тағылымы-IX» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ, 2017. – 5-9- б.
4. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 210 б.
5. Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы. – Алматы: «КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы», 2013. – 204 б.
6. Жұбанов, А. Қ. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер : Оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 280 б.
7. Жұбанов А., Жаңабекова А., Б.Д. Карбозова, А.Қ. Қожахметова Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 792 б.
8. Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпусық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017. – 336 б.

А.ЖАҢАБЕКОВА
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты Қолданбалы
лингвистика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.,
Алматы, Қазақстан

ПРОФЕССОР АСҚАР ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Қолданбалы лингвистика бөлімінде көп жылдар бойы меңгерушілік қызмет атқарған профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов Қолданбалы лингвистика саласының Статоллингвистика, Формалды модельдеу, Компьютерлік лингвистика сияқты салалары бойынша зерттеулер жүргізе жүріп, Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау қажеттігін де ертеден-ақ көре білді.

Мұны ғалым А.Жұбановтың: *«Әлемдік корпусық лингвистиканың даму сипаты – ұлттық толық мәтіндерді арнайы зерттеу нысаны етіп алуды қажет етуде. Қазақ мәтіндерінің стильдік, құрылымдық, мағыналық, функционалдық және т.б. сипаттарын анықтау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан автоматтанған қазақ тіліндегі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құру да ғылыми және практикалық жағынан аса құнды мәселе»*, – деуінен көреміз [1].

Ғалым Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, ең алғаш «Мәдени құндылықтар ретіндегі Қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қоры» (2009-2011) атты ғылыми жоба аясында корпусық лингвистика саласы мен Ұлттық корпусар құрастырудың метатілі туралы алғашқы мақалаларын жазып бастады.

«Қазақ әдеби тілінің аннотацияланған ұлттық корпусы» (2012-2014), «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы метамәтіндік белгіленімдердің ұстанымдары» атты тақырыптарға жетекшілік жасап, қазақтың белгілі жазушылары А.Құнанбаев, М.Әуезов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, М.Мақатаев шығармаларынан алынған таңдама мәтіндер (көркем стиль) бойынша мәтіндік бірліктерге (150 000 сөзқолданыс) «қолдап» (ручная разметка) морфологиялық белгіленімдер қою жұмысын басқарды. Бұл ретте Грамматика бөлімінің қызметкерлерін (С.Құлманов, О.Жұбаева, А.Жаңабекова) мәтінге морфологиялық белгіленімдер қою жұмысына тартып, осы істің оң нәтиже алуына барын салды.

Қазіргі Қазақ тілінің ұлттық корпусында жұмыс істеп тұрған автоматты морфологиялық анализатор бағдарламасына Асқар Жұбановтың грамматикалық түрленім кестесі негіз болды. Зат есім мен етістіктің түрленім қосымшаларының парадигмасы берілген бұл кесте кейінірек грамматикалық тұрғыдан аннотацияланып, кез келген мәтіндегі сөздерді автоматты түрде түбір мен қосымшаға ажырататын және қосымшаларға белгіленім қоятын программа жасалды. Бұл программа қазіргі кезде әлі де жетілдіре түсуде.

Асқар Жұбанов институтта қызмет істеген жылдары программист-бағдарламашылар үшін арнайы штат болмай, маман жағынан жұмыстың тиімді жүргізілуіне көп кедергі болды. Ғалым бұл ретте жоғары жаққа бірнеше рет хат жазып, институтта программист штатын ашуды сұрады.

Цифрлық қоғам үшін Қазақ тілінің ұлттық корпусы сияқты күрделі құралды жасау қажеттігін көрегендікпен байқаған ғалым программист мәселесі мен корпус құрастыруға жұмыла кірісу керектігін шырылдап жүріп айтқан болатын.

А.Жұбанов Қолданбалы лингвистика бөлімінің зерттеу бағытын осы мәселеге бұрды. Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау ісін орталықтандыру керек деген үндеу тастап, бұл туралы «Ана тілі» газетіне көлемді мақала жариялады және бұл туралы Ғылым комитетіне арнайы хат жолдаған болатын [2].

Асқар Жұбанов орыс тілінде жазылған корпусық лингвистика еңбектеріне сүйене отырып, корпусық негізгі аннотациялаушы бірлік «разметка» терминін қазақ тіліне «белгіленім» деп аударды. Бұл термин Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау тәжірибесіне еніп, кеңінен қол-

даньс тауып отыр. Сондай-ақ «метатекстовая разметка» терминін ғалым метамәтіндік белгіленім деп қолдану қажет деп санайды.

Белгіленім қойылуы мен ішкорпус мәтіндерінің түріне, қызметіне, қолжетімділігіне қарай Асқар Жұбанов қазақ тіл білімінде алғаш болып арнайы корпусстар түрлерін, яғни классификациясын ажыратып көрсетті. Ғалымның өкшебасар шәкірттерінің бірі А.Фазылжан мұндай арнайы мақсатта жасалатын шағын корпусстарды «ішкорпус» терминімен атауды ұсынды.

Асқар Жұбанов корпус классификациясына қатысты мынадай тұжырым жасайды: «Корпусстардың бірнеше түрін кездестіруге болады, мысалы, бір ғана автордың корпусы, бір ғана кітаптың корпусы, бір ғана стильдің корпусы және т.б. Корпустың көптүрлілігіне қарамай, оларды негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1) барлық тілге қатысты (тілдердің белгілі кезеңдеріне қатысты), тілдердің ішкі түрлеріне қатысты (жанр, стиль, тіл иелерінің жасына немесе әлеуметтік тобына қарай (жазушы тілі немесе ғалымның еңбектері және т.б.) корпусстарды жіктеу;

2) корпусстарды тілдік белгіленім (разметка) типіне қарай бөлу. Белгіленім типтерінің көптігіне қарамай, корпусстардың жүзеге асқан нақты түрлері морфологиялық немесе синтаксистік белгіленім жүргізілген типтеріне қатысты (синтаксистікті ағылшынша әдебиеттерде treebanks деп атайды, оның қазақша аудармасы «синтаксистік құрылымды банк»). Солай бола тұра, синтаксистік белгіленім жасалған жерде морфологиялық белгіленімі де міндетті түрде қамтылады.

Корпустың алға қойған мақсатқа және классификациялау белгілеріне қарай әртүрлі типтерін бөліп көрсетуге болады (1-кесте).

Тілдік деректердің типіне қарай корпусстар жазба тіл, сөйлеу тілі және аралас тілдік корпусстар деп бөлінеді. Жазба корпусстарда сөйлеу тілі мәтіндері алынбаған (Браундық корпус, LOB), ауызша корпусстарда сөйлеу тілінен жазылып алынған мәтіндер беріледі, ал аралас корпусстар, әдетте, белгілі кезеңдегі тілдің қолданысын бейнелейтін ұлттық корпусстарда көрініс табады (НКРЯ, BNC және т.б.).

Параллельдік критериясы бойынша корпусстар біртүлдік, екітүлдік және көптүлдік деп бөлінеді. Біртүлдік корпусстарда диалектілер, варианттар қарама-қарсы қойылады. Мысалы, ағылшын тілінде көптеген тілдік мәселелер жаңа технологиялар өмірге келгенше ғылыми тұрғыдан қызығушылық тудырмаған. Жаңа технологияны қолданудың арқасында көптеген салыстыруды қажет ететін шығармалар тілі контрастивтік талдау әдістерімен зерттелді.

Екітүлді және көптүлді корпусстарда екі немесе бірнеше тілде жазылғандарына қарамай (мысалы, белгілі ғылыми проблемаға арналған, әртүрлі елдерде және бірнеше тілде өткен конференция материалдары корпусы), бір тақырыпқа қатысты мәтіндер біріктіріліп беріледі. Мұндай корпусстар терминдермен жұмыс істеу кезінде ұтымды және оны аудармашылар жиі қолданады. Екітүлді немесе көптүлді корпусстардың тағы бір түрі – қайсыбір бастапқы тілде жазылған мәтін-түпнұсқалардың жинағы және осы бастапқы мәтіндердің бір немесе бірнеше тілдерге аударма-мәтіндер жинағы корпусы. Мұндай корпус салыстырмалы-салғастырмалы және аударма теориясы бойынша зерттеулер жүргізуге септігін тигізеді. Адамдарды аударма жасау ісіне үйретуде және машиналық аудармаға құнды материал береді.

Әдебилік критериясы бойынша мынадай: әдеби тіл, диалект тілі, сөйлеу тілі, терминологиялық, аралас корпус түрлеріне бөлінеді. Сөйлеу тілі корпусына мысал ретінде Санкт-Петербургте құрастырылған «Один Речевой День (ОРД)» атты корпусты келтіруге болады.

Мақсатына қарай корпусстарды құрастыру көпмақсатты және мамандандырылған корпусстарға бөлінеді. Көпмақсатты корпусстар әдетте әртүрлі жанр мәтіндерін жинақтайды (бұған ұлттық корпусстар да жатады), ал мамандандырылған корпусстар бір ғана жанрмен немесе жанрлар тобымен ғана шектелуі мүмкін.

Мәтіндер корпусстары жанрлар бойынша әдеби, фольклорлық, драматургиялық, публицистикалық және т.б. жанрға жіктеледі. Публицистикалық корпусстарға мысал ретінде XX ғасырдың соңындағы орыс газеттерінің компьютерлік корпусын және саяси метафоралар корпусын келтіруге болады.

Корпусты пайдаланушылар үшін корпустың қолжетімділік сипаты маңызды критерий болып саналады. Еркін қолжетімді корпусстар кез келген уақытта корпустың толық көлемдегі

барлық мәтіндерінен on-line режимінде қалаған ақпаратты алуға мүмкіндік тудырады. Кейбір жағдайларда еркін қол жеткізу сипаты корпус деректерінің тек жеке бөліктеріне ғана мүмкін болады. Коммерциялық корпустармен жұмыс істегенде оны on-line режимінде немесе компакт-дискідегі көшірмесін пайдалану үшін арнайы рұқсат алуға тура келеді. Көлем жағынан кішігірім корпустар ғана ашық жүйеде тұрады. Жабық корпустар, яғни кез келген пайдаланушыға қолжетімсіз корпустар арнайы мақсаттармен құрастырылады.

Қызметіне қарай зерттеуге арналған және иллюстрациялық мақсатта құрастырылған корпустарды ажыратып айтуға болады. Зерттеу жұмысына арналған корпустар тіл қызметінің әртүрлі аспектілерін зерттеу мақсатында құрастырылады. Корпустардың бұл типі тілдегі әлі де шешімін таппаған өзекті мәселелерді шешуге бағытталады. Мұндай мәтіндер корпустары бірнеше ондаған миллионнан жүздеген миллионға дейінгі сөзқолданыстарды қамтиды. Иллюстрациялық корпустар ғылыми зерттеуді жүргізгеннен кейін құрастырылады: олардың мақсаты жаңа деректерді айқындау емес, алынған нәтижелерді растау мен оларды негіздеу. Олар, бұрын дәстүрлі әдістермен алынған, тілдік фактілерді (ауызша, мәтіндік), нәтижелердің дұрыстығын дәйектеуге қызмет етеді. Иллюстрациялық корпус туралы «Путеводитель по дискурсивным словам русского языка» атты жұмыстан қарап, танысуға болады, мұнда демеуліктерге семантикалық талдау мен оқырманға ұсынылған семантикалық түсіндірмені тексеруге мүмкіндік беретін көлемді мәтіндік материалдар тіркеліп беріледі.

«Динамикалық» (мониторлы) критерий бойынша корпустар динамикалық және статикалық деп бөліп қарастырылады. Алғашқы мәтіндер корпустары белгілі уақыт аралығындағы тілдік жүйені сипаттайтын статикалық мәтіндердің көрінісі ретінде құрастырылатын. Статикалық корпустар қайсыбір аздаған уақыт аралығындағы мәтіндерді жинақтайды. Мұндай корпустардың типтік өкілі ретінде авторлық корпустарды –жазушылар шығармалары мәтіндерінің топтамасын атауға болады.

Тіл дамуымен бірге тілдік құбылыстар да өзгермелі болып отыратындықтан, тілдік құбылыстардың өзгерісін сипаттайтын динамикалық корпустар құрастыру да қажет болды. Мысалы, сөз мағынасының өзгеруі, қайсыбір синтаксистік конструкциялардың қолдану жиіліктерінің және т.б. өзгеруі. Проблемалық саланың процессуалдық аспектілерін бейнелеу үшін мәтіндердің динамикалық корпусын құрастыру мен оны пайдалану мақсатында жаңа технология пайдаланылды. Динамикалық корпустарды мониторлық немесе мониторингтік корпустар деп те атайды. Мониторлық корпустардың мақсаты – компьютер жадындағы сан жағынан үнемі өсіп отыратын мәтіндерді «қаттау» («складировать»). Мұндай корпустарда алдын ала белгіленген уақыт аралығында корпустағы мәтіндер жиіні жаңартылып және/немесе толықтырылып отырады. Шексіз (әрдайым өсіп отыратын) сипаттағы мониторлық корпустар лексикографиялық сөздіктер құрылысының сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Себебі лексикографтарға тілімізге жаңадан енетін сөздерді немесе мағынасы өзгеріске ұшырайтын бұрыннан бар сөздерді және стильдік өзгеріске қарай сөздердің қолданысының теңгерімін үнемі қадағалап тұруға мүмкіндік тудырады. Динамикалық мәтіндер корпустарында, әдетте, ұзақ мерзім аралығындағы жазба дереккөздер сақталады, сондықтан, олар неше түрлі диахрондық зерттеулер жүргізуге арналған.

«Белгіленім» критерийі бойынша корпустар белгіленген және белгіленбеген корпустарға ажыратылады. Мұны басқа да терминдермен атайды: индекстелген және индекстелмеген, аннотацияланған және аннотацияланбаған, тагирленген және тагирленбеген. Белгіленген корпустарда сөздерге немесе сөйлемдерге белгіленімнің сипатына қарай тиісті белгілер (тэгтер) қойылады: морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, просодикалық және т.б.

«Мәтіндер көлемі» критериясы бойынша толықмәтінді және фрагменттімәтіндік корпустар деп екіге ажыратылады. Мәтін ұзындығы 2000 сөзге (сөзқолданысқа) сай келу критериясына қатаң түрде сай келетін мәтіндер тәжірибе жүзінде жоқ деуге де болады. Ондай корпустарды фрагменттімәтіндік деп атайды. Толықмәтіндік корпустарға белгілі қалам иелерінің кейбір шығармалар мәтіндерінің корпустарын, қысқа мәтіндер корпустарын, мысалы, газет тақырыптары корпусын жатқызуға болады.

Асқар Жұбанов Параллель корпустар туралы да ең алғаш мәселенің маңыздылығын терең түсініп, мұндай корпус жасау туралы төмендегіше ой қорытады:

«Түпкі және аударма мәтіндердің бірліктері арасында «теңестіру» нәтижесінде арнайы қарастырылған шаралар бойынша сәйкестік жүзеге асады. Теңестірілген параллельді корпус – ол ғылыми зерттеулердің, әсіресе, аударма жасаудың теориясы мен практикасының аса тиімді құралы.

Мәтіндердің параллель корпустары ауқымды ақпарат алуға мүмкіндік туғызады. Олардың көмегімен мынадай жұмыстарды жүзеге асыруға болады:

- екітілдік және көптілдік аударма сөздіктерін құрастыру;
- мәшинелік аударма жүйелері үшін сөздіктер құрастыру және оларды толықтыру;
- ұзындығы жағынан сөйлем ұзындығынан артық болатын көпмағыналы сөздердің контекстік қоршауын пайдалана отырып, компьютер көмегімен лексикалық бірліктердің полисемиясын жою.

- мәтіннің терминологиялық және фразеологиялық бірліктерін аудару;
- аудармалық жады бар жүйелер деп аталатын мәшинелік аударманың жаңа жүйелерінің аясында, әртүрлі деңгейде өзара теңестірілген мәтіндер корпустары мен олардың аудармаларын компьютер жадында жинақтау және соның негізінде автоматты аударманы толық жүзеге асыру.

Мұндай жаңа жүйе мәтіндерді аудару кезінде кезекті аударуға тиісті сөйлемді немесе оның фрагментін бастапқы параллель мәтіндердің массивінен тауып алуға ұмтылады. Егер іздеген сөйлем немесе оның фрагменті бастапқы түпнұсқа-мәтін массивінен табылса, онда жаңа жүйе аударылған мәтіндер массиві ішінен сол сөйлемнің немесе оның бөлігінің аудармасын бөліктеп алады», – деп, қазақ тілінде алғаш болып параллель корпус жасаудың қажеттігін негіздеп берді [3].

Қазіргі кезде Қазақ тілінің ұлттық корпусында Параллель ішкорпус көркем шығармалар мен ісқағаз мәтіндері бойынша әзірленіп отыр. Параллель мәтіндерді теңестірудің бұл әзір басы, алғашқы іргетасы деп санаймыз.

Қазақ тілінің ұлттық корпусында ауызша сөзден жинақталған Ауызша ішкорпус базасы да жасақталған. Ауызша сөз – тілдің шынайы болмысын көрсететіндіктен, оны кейде табиғи тіл деп те қолданады. Жазба тілде байқала бермейтін кейбір тілдік құбылыстар ауызша тілде айқын көрініс табады. Осы ретте корпус құрастырушылар Ауызша корпусының тілді зерттеуде әсіресе дискурстық зерттеулер үшін аса маңызды екенін атап көрсетеді. Қазақ тілінде Ауызша корпусы әзірлеудің қажеттігін негіздеу отырып, Асқар Жұбанов оның проблемаларын төмендегіше көрсетеді:

«Ауызша тіл корпустарын құрастыру жазба тіл корпустарын құрастырудан барынша баяу жүріп жатқандығымен түсіндіруге болады. Мұны жолға қою үшін ең алдымен, ауызша тілді жазып алудың (есте сақтаудың) бір амалын табу керек – мысалы, магниттік лента көмегімен, цифрлік жазбалар арқылы немесе видеокассеталарға жазу. Содан кейін, оларды әріптермен жазып алу қажеттігі туындайды, әрине мұндай әрекет барынша жалықтыратын жұмыс болуы және қымбатқа түсуі мүмкін, себебі, ондай жазбаның сапасы табиғи жағдайдағы сырт ортаның шулы-шусыз жағдайына байланысты болады.

Фонетикалық лингвистикалық ресурстарды құрастырудағы басты күрделілік ауызша тілді транскрипциялау қажеттігіне байланысты. Мұндай жағдайда келесі мәселелер туындайды:

1. Транскрипциялау үшін қандай алгоритм қолдану қажет?
2. Айтылу кезінде сөйлеуші факторы есепке алына ма?
3. Ауызша мәтін толық ескерілу керек пе, әлде тек оның фрагменті ғана ма?
4. Сөздің айтылуында диалектілік варианттар ескеріле ме?
5. Айтылу кезінде сөздердегі екпін ескеріле ме?
6. Фразалар айтылғанда просодиялық белгілер ескеріле ме?
7. Тыңдау кезінде танылмаған сөздерді арнайы белгілеу қажет пе?
8. Фонетикалық корпус үшін паралингвистикалық құбылыстарды, ілеспелі дыбыстарды (кідіріс, күлкі, жөтел, міңгірлеу, және т.б.) белгілеу қажет пе? – деген сияқты сұрақтарды алға тартып, ауызша корпус құрастырудың проблемаларын алғаш көтерді [3].

Асқар Жұбановтың назарынан Оқу корпустары да тыс қалмады. Бұл туралы: «XXI ғасыр білімге қатысты түбегейлі жаңа көзқарасты қажет етеді. Білім беру әрекеті жеке оқушының ойлау қабілетін сыни және шығармашылық тұрғыда қарастырғанда әр уақытта даму процесінде болуы қажет. Бірақ бұл үшін білім беру жүйесінде тек қана мұғалім мен оқулықтың болуы жеткіліксіз. Оған оқушыны өз бетінше ойлауға ынталандыратын кең тараған ақпараттық әрекет алаңы, бірнеше ақпарат көзі және бір ғана мәселеге қатысты бірнеше көзқарастар жиынтығы да қажет болады.

Интернетте білім беру мақсатында бірнеше ауқымдағы ресурстар пайдаланылады. Осындай ауқымды жобалардың бірі ретінде әртүрлі тілдердің Ұлттық корпустарын айтуға болады. Білім беру аясындағы корпустардың ең бір негізгі қызметі – кез келген тілді оқыту мүмкіндігі. Сол сияқты корпус мұғалімдерге жеке жоспарды құрастыруда, лексика саласы бойынша бақылау мен тексеру тапсырмаларын құрастыруда, морфология, синтаксис салалары бойынша және т.б. қажетті материалдарды іздеп-табуға баға жетпес көмек көрсете алады», – деген ой қорытады. Сонымен қатар ғалым Білім беру корпустарын әзірлеу бойынша арнайы гранттық тақырыпқа жоба да ұсынды. Ұсынылған гранттық жобада ғалым аударылған 100 оқулық мәтіндерін Білім беру корпусына алу қажет деп тапқан болатын.

Асқар Жұбанов «Мәтіндердің арнайы корпусы – ол, әдетте, белгілі бір зерттеу міндетіне орай жасалған және көпшілік жағдайда, корпусы құрастырушының мақсатына сай қолдануына арналған көлемі жағынан шағын (бірнеше мың сөзқолданыс) болып келетін теңгерімделген (баланстандырылған) корпус» дей келе, құрастыру мен стандарттау тұрғысынан алғанда тарихи корпустар да арнайы корпустарға жатады, бұл корпус тарихи ескерткіштерді зерттеуге арналады. ... Мәтіндердің арнайы корпусының сұранысы, негізінен алғанда, филологияға, лексикографияға, лингвистикаға бағытталған ұлттық корпустардың қажеттігінен кем емес», – деп тұжырымдайды [3].

Бұл тұжырымдар Асқар Жұбановтың ғылыми мақалалары мен 2016 жылы А.Жаңабековамен бірге шығарған «Корпустық лингвистика» оқулығында көрініс тапты.

Бүгінде Асқар Жұбанов басқарған Тіл білімі институтының Қолданбалы лингвистика бөлімі ғана емес, Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау ісі бүкіл Институт ұжымының мойнына түсті. Ғалымның өзі дайындаған әріптес шәкірті Айман Жаңабекова мен осы істе Асқар Жұбанов сеніп тапсырған шәкірті Анар Фазылжан бұл істі абыроймен жалғастырып, мықты ақпараттық ресурс – Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау, жетілдіру ісін үзбей жалғастырып, жетекшілік жасап келеді.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы – ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын өміршең өнім – алтын қазына болса, «Тіл-қазына» деректор қорын жасауды алғаш көтерген профессор Асқар Жұбановтың есімі осы өніммен бірге мәңгі жасасып, алтын әріптермен жазылып тұрмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Қазақ әдеби тілінің электрондық корпусын түзудің теориялық бастаулары // Тіл және мәдениет: тілдің антропоэлектік парадигмасы. Профессор Ж.А.Манкееваның 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2010. – 191-197-бб.

2. Жұбанов А., Жаңабекова А. Мәтін тізбесіне мән беретін кез келді... – Алматы, «Ана тілі» газеті, 14-мамыр, 2015.

3. Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика / Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017. – 336 б.

А. ӘМІРБЕКОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЫҚТИМАЛ ТЕОРИЯСЫ (А.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілтанымындағы ірі тұлға, қазақ статистикалық лингвистикасы, қазақ компьютерлік лингвистикасы, қазақ корпусық лингвистикасының негізін қалаған профессор Асқар Жұбановтың ықтимал теориясы негізінде зерттеген еңбектеріне шолу жасалады.

Аннотация. В статье рассматриваются работы профессора Аскара Жубанова, выдающего деятеля казахского языкознания, основоположника казахской статистической лингвистики, казахской компьютерной лингвистики и казахской корпусной лингвистики. Был обзор исследовательских работ профессора Аскара Жубанова на основе теории вероятности.

Abstract. The article examines the works of Professor Askar Zhubanov, an outstanding figure in Kazakh linguistics, the founder of Kazakh statistical linguistics, Kazakh computational linguistics and Kazakh corpus linguistics. There was a review of the research works of Professor Askar Zhubanov based on probability theory.

Тілдің сөздік қорын түгендеу, әдеби және бейәдеби сөздердің теңгерімін анықтау, жалпы тілдегі динамикалық өзгерістерді бақылау белгілі бір санақ нәтижелері арқылы немесе тілдік жүйедегі өзгерістер мен тілдік құбылыстардың көбею не азаю арқылы анықталады. Расында да тілімізде жаңа сөздер көбейсе, шеттілдік қолданыстар күрт артса, қате қолданыстар шамадан тыс артық болса, т.б. ерекшеліктер тілдегі ахуалдың бар екенін көрсетеді. Демек тілдегі күрделі мәселелер ықтималдықпен анықталады. Ал ықтималдық сандық мөлшермен өлшенеді. Осы тұрғыда қазақ тіл білімінде де ықтимал теориясының негізінде статистикалық лингвистика ғылымы бойынша зерттеулер жүзеге асты.

Қазақ тіл білімінде тілге статистикалық талдау жасау әдісі мен статистикалық лингвистика теориясын негіздеген тұңғыш ғалым – Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов болды. Қазақ тілтанымындағы ірі жобалардың бірі – Қазақ тілінің ұлттық корпусы бірден қалыптасқан жоқ. Оның іргетасы да – статистикалық талдаулар, тілдегі ықтимал теориясының нәтижелері. Демек, тіл корпусы идеясын ұсынуда, оның қаңқасын қалыптастыруда ғалым Асқар Жұбановтың еңбегі ерекше.

Тілдегі ықтимал теориясының негізгі көрсеткіші – статистикалық талдау. Ал статистикалық талдаудың нәтижесі – жиілік сөздік. Ғалым Асқар Жұбановтың зерттеулеріндегі тәжірибелі еңбектердің бірі – М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі [1]. Ғалымның бұл еңбегі қазақ тілтанымындағы іргелі жобалардың бірі – «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастыруға негіз болды.

Ғалым Асқар Жұбановтың ұсынған ықтимал теориясында қазақ тіліне тән ерекшеліктерді анықтауға болады. Яғни қазақ тілінде жиі қолданылатын сөз, жиі қолданылатын қосымша, сөзтұлға және сөзқолданыстарды анықтау арқылы қазақ тілінің өзге тілдерден айырмашылығын айқындауға болады. Ғалым мәтіндегі әрбір сөзді, яғни мәтін бірлігін – «сөзқолданыс» деп атайды [2, 48б.]. Ал сөздіктегі бірліктерді – «сөзтұлға» дейді. Себебі мәтінде бір сөздің қосымшалар арқылы түрленген бірнеше нұсқалары кездесуіне қарай осындай ажыратылуын негіздейді. Мәтінге статистикалық талдау жасау арқылы мәтіннің ұзындығын, автордың қайталама қолданыстарын, автордың окказионалды қолданысын анықтауға болады. Ғалым Асқар Жұбанов «Абай жолы» романы 465966 сөзқолданыстан тұратынын анықтай отырып, біріншіден, сөзқолданыстан гөрі, яғни сөз түрлендіруден

гөрі, жеке сөздің (лексеманың) кең қолданылғанын, сөзтұлға қайталануларының аз екенін анықтай отырып, М.Әуезовтің сөздік қорының бай екенін көрсетеді. Сондай-ақ сирек кездесетін сөздер қатарында көне сөздер, қазіргі қолданыстан шыққан сөздердің барынша көп екенін аңғартады.

Демек, ғалым Асқар Жұбанов жазушы лексиконының статистикасын анықтау арқылы оның сөздік қорындағы танылмаған немесе авторлық сөздерді тануға мүмкіндік берді. Ғалымның зерттеуіндегі ықтималдылық әдісі мынадай жүйеде жүзеге асады: «Егер мәтін көлемі – N деп белгіленсе, ал сөздік бойындағы сөзтұлға саны (сөздік ұзындығы) – L деп белгіленсе, онда $K = L : N$ – қатынас шамасы арқылы автордың сөздік қорының көп не аз екендігін қарапайым түрде, яғни қатынас шамасының «L» санына жақын не алшақ болуына қарай пайымдауға болады» [3, 62б.].

Ғалым ықтимал теориясының негізінде статистикалық талдау жасаудың үлгісін жасады. Мәтіннің жиілік талдау үлгісі мынадай топтастыру тәсілімен жүзеге асты:

1. Рангтық-шекаралық; мәтін бойын қамту пайызы; сөздік бойын қамту пайызы. Бұл – бір сөзтұлғаның мәтін мен сөздік бойын қамту пайызын анықтау арқылы ең жиі қолданылатын негізгі 100 сөзді нақты анықтаудың ықтимал үлгісі болды.

2. Сөзтұлға жиілігі – реестрдегі сөзтұлға саны – сөздік бойын қамту пайызы – жиіинтық абсолютті жиілік – мәтін бойын қамту пайызы. Бұл тәсіл арқылы мәтіндегі сөз санын (түрленген сөзқолданысты қоспағанда) нақты анықтау мүмкіндігі болды.

Шетел тіл білімінде корпус жасау ісі 1960 жылдары басталып, орыс тіл білімінде 2000 жылдары жасалған. Түркі тілдері бойынша негізінен ұлттық корпустар құрастыру Ресей құрамындағы татар, башқұрт тілдерінде ертерек басталды. Ал қазақ тілінде корпус құрастыру ісі ХХІ ғасырдың басынан басталады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Ғылым академиясының Ақпараттық және есептеуіш технология институтында, сол сияқты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қолға алына бастады. Сөйтіп, еліміздің әр жерінде қолға алынған қазақ тілінің ұлттық корпусының нұсқалары пайда болды.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы Қолданбалы лингвистика бөлімі ұлттық корпус құрастыру ісін 2009 жылы профессор А.Қ.Жұбановтың жетекшілігімен гранттық тақырыптар ұсынып, осы жоба аясында корпус құрастырудың әлемдік тәжірибесін зерттеді, нәтижесінде «Корпустық лингвистика» (А.Жұбанов, А. Жаңабекова, 2017) оқулығы жарық көрді. Сонымен қатар корпусты құрастырудың әлемдік, орыс тілінің тәжірибесіне сүйеніп, алғашқы жобасы жасалып, оны жетілдірудің жолдары әлі де қарастырылуда.

Қазіргі таңда Институтта біраз жылдар бойы атқарылған корпус жасау нәтижесі Институт директоры А.Фазылжанованың мұрындық болуымен интернет желісіне қосылып, көпшілік пайдаланылуына ұсынылып отыр (А.К.Жұбанов, А.Фазылжанова,2014) Qazqorpus.kz сайтында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жасаған «Қазақ тілінің ұлттық корпусты» жұмыс істеп тұр. Ұлттық корпус базасы 40 миллион сөзқолданыстан тұрады. Оның

ішінде көлемі 14 миллион сөзқолданыс көлеміндегі мәтінге 16-21 параметрден тұратын метабелгіленім (мәтіннің авторы, автордың жасы, мәтін тақырыбы, жазылған стилі, жанры, мәтін типі, дереккөзі т.б.) енгізілген. Жинақталған мәтіндер қазақ тілінің 5 стилінен (көркем стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, іскери стиль, сөйлеу стилі) алынған.

Көркем стильде жазылған мәтіндер қазақтың белгілі ақын-жазушыларының шығармалары және ол проза және поэзия жанрын қамтиды. Публицистикалық мәтіндер интернет жүйесіне салынған газет-журналдар мәтіндері болып табылады. Ғылыми стильдегі мәтіндер негізінен ғылыми-гуманитарлық еңбектерден алынған. Жаратылыстану саласында мәтіндер есепкисап, формулаға құрылатындықтан, корпусқа алынбады. Іскери стильдегі мәтіндер интернет жүйесіндегі іскери құжаттар мәтіндері болып келеді. Сөйлеу стилі мәтіндеріне интернеттегі газет-журналдарда, сайттарда орналастырылған сұхбаттар алынды.

Тіл білімі саласында да тілді адам факторы тұрғысынан зерттеу тіл мүмкіндігін жаңа көкжиектерге көтерді. Антропоэзектік парадигмадағы когнитивтік лингвистика, психолингвистика, функционалды лингвистика салаларымен қатар тілді математика, информатика салаларымен сабақтастықта зерттейтін Қолданбалы/Компьютерлік лингвистика саласы да дами бастады (А.Жаңабекова, 2009).

Қазақ тіл білімінде статоллингвистика саласы 1970 жылдары белгілі математик ғалым Қалдыбай Бектаевтың жетекшілігімен және профессор Асқар Жұбанов, Аманкеш Зекенова, Алмасбек Белботаев т.б. статист ғалымдарымыздың жиілік сөздіктер құрастыру тәжірибесінен басталады

Институтымыздың Қолданбалы лингвистика бөлімінде тапжылмай көп жылдар бойы меңгерушілік қызмет атқараған профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов Қолданбалы лингвистика саласының Статоллингвистика, Формалды модельдеу, Компьютерлік лингвистика сияқты салалары бойынша зерттеулер жүргізе жүріп, және осы салалар бойынша Жоғары оқу орындарында дәріс бере жүріп, Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау қажеттігін де ертеден-ақ көрегендікпен көре білді.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының негізін қалаушы Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтан кейін бұл маңызды жұмысты институтының директоры А.М.Фазылжанова қолға алды. Оның басшылығымен корпус сайтының дизайны мен интерфейсі жаңартылып, www.qazcorpus.kz домен атауымен қалың көпшілік пайдалануына ұсынылды.

Корпус сайтында қазақ тілінің электронды мәтіндік қоры жинақталған. Корпустағы мәтін көлемі – 40 миллион. Мәтіндер қазақ тілінің 5 стиль түрінен (көркем стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ісқағаз стилі, сөйлеу стилі) жинақталған. Корпуста сөз, сөзформа (сөз түрленімі) бойынша іздеу жүргізіп, іздеген сөзіңіз қолданылған сөйлемдердің тізімін және олардың дереккөзін көре аласыз. Табылған сөз/сөзформа немесе мысалдардағы кез келген сөз туралы тілдің барлық деңгейіне қатысты ақпарат беріледі.

Корпус базасына жинақталған қазақ тілінің бес стилі мәтіндері жеке дара субкорпустарға жіктеліп берілді және әрбір субкорпус бойынша іздеу мүмкіндігі жүзеге асырылды. Осыған дейінгі жасалған ұлттық корпусстың ішкорпустарын классификацияласақ:

- негізгі ішкорпус;
- ауызша ішкорпус;
- тарихи ішкорпус;
- мәдени-репрезентативті ішкорпус;
- диалектілік ішкорпус;
- параллель ішкорпус;
- ономастикалық ішкорпус;
- жарнама ішкорпус;
- Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпус.

Негізгі корпус – ғылыми зерттеу және оқыту ІТ ресурсы ретіндегі қазақ тілінің 5 стилінен (көркем әдебиет стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ісқағаз стилі, сөйлеу стилі) алынған мәтіндердің электронды жиынтығы. Негізгі корпус сөз, сөзформа (сөз түрленімі), мәтін сөзтізбесі (реестр) бойынша іздеу жүйесінен және морфологиялық, сөзжасамдық,

семантикалық, лексикалық, фонетика-фонологиялық, мәдени-репрезентативті белгіленім түрлерінен тұрады. Іздеу жасалған сөз туралы тілдің барлық деңгейі бойынша ақпарат береді.

Ауызша корпус – аудио/бейнежазбалар транскрибацияларының электронды деректер базасы. Бұндай ішкорпус жасаудың маңыздылығы – қазақ тілінің ауызша тіл ерекшеліктерін зерттеуде, қазақтілді сөйлеу технологияларын жасауда деректер базасы ретінде қолдануға мүмкіндік беретін, ішкі және сыртқы белгіленім қамтылған электронды деректер базасын жасау (А.Фазылжан, 2023:13).

Тарихи ішкорпус – ескі кезеңдерден бері жарық көрген әртүрлі графикалық жүйедегі жазба мұралар мәтіндерінің метабелгіленімдері бар электрондық база (А.Фазылжан, 2023:23). Қазақ тілінің ұлттық корпусының аясында тарихи ішкорпус Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында алғаш рет әзірленді. Тарихи ішкорпус құрудың мақсаты – XII-XX ғасырлардағы жазба мұралар мәтіндерінің түпнұсқа (араб, латын графикаларындағы), транскрипциялық және қазіргі қазақ тіліндегі аударма мәтіндерінің электрондық базасын жасау, олардың метабелгіленімдерін әзірлеу.

Әзірленіп жатқан тарихи ішкорпус XII-XX ғғ. араб және латын графикасында жазылған жазба мәтіндер базасынан тұрады. Корпусқа әр шығарманың қолжазбасы, транскрипциясы мен аудармасы енгізілді. Қолжазбаның әр бетіне сәйкес берілетін мәтіннің транскрипциясы мен аудармасы зерттеушілерге тарихи-салыстырмалы, диахронды-сихронды зерттеулер жасауына мүмкіндік береді.

Мәдени-репрезентативті ішкорпус – мәдени-танымдық мағынасы жасырын тұрған тілдік бірліктердің астарындағы білімдерді анықтауға негізделген электрондық база (А.Фазылжан, 2023:18). Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында алғаш рет ҚТҰК-ның аясында мәдени-репрезентативті ішкорпусы әзірленіп жатыр. Сөздің лексикалық мағынасымен бірге этномаркерлі мәнділіктерін, этномәдени семантикасын, когнитивтік білімдер жүйесін, сөз астарындағы прецедентті мазмұндағы білімдерді жүйелеп беру, мәдени мағынасы жасырын тұрған тілдік бірліктердің астарындағы білімдерді анықтау негізгі мақсат ретінде көзделіп отыр.

Диалектілік ішкорпус – қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктері бар ауызша және жазбаша мәтіндердің Іздеу жүйесі арқылы жұмыс істейтін электронды жиынтығы. Диалектілік ішкорпус жасаудың мақсаты – зерттеу және оқытудың Іт-ресурсы ретінде қазақ тіліндегі жергілікті сөйлеу тілінің мәтіндік базасын жасау. Жалпы лингвистикада диалектілік корпусар өңірлерден таспаға жазылып алынған ауызша тіл мәтіндерін жинақтау негізінде жасалған. Диалектілік ішкорпустың метамәтіндік белгіленімі 16 параметрден тұрады. Онда мәтіндік базаға алынған дереккөздің авторы, атауы, стилі, жарық көрген уақыты т.б. мәтіндік паспорты берілген (А.Фазылжан, 2023:15).

Параллель корпус – түпнұсқа мәтін және оның аудармаларының жиынтығы. ҚТҰК-ының базасында параллель ішкорпусты құрудың мақсаты – қазақ тіліндегі мәтіндердің басқа тілдердегі теңестірілген аударма мәтіндер базасын қалыптастыру арқылы қазақ тілін оқытудың лингвистикалық платформасын жасау (А.Фазылжан, 2023:27-28). Параллель ішкорпус теңестірілген мәтіндер базасынан, белгіленім, метабелгіленім және іздеу жүйесінен тұрады. Ішкорпустың мәтіндік базасына алғашқы кезеңде көркем әдебиет стилі алынды.

Ономастикалық ішкорпус – электронды түрдегі ономастикалық мәліметтер қамтылған ақпараттық-анықтамалық жүйе (А.Фазылжан, 2023:30-31). Қазақ тілінің ұлттық корпусының аясында ономастикалық ішкорпус Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында әзірленіп отыр. Онда қазақ тіліндегі топонимдік, антропонимдік атауларды, оним түрлерін жинақтау, оларды географиялық, тілдік белгіленімдермен жабдықтау мақсатында ономастикалық ішкорпустың лингвистикалық белгіленім түрлерін беру алгоритмін әзірлеу, электрондық базасын жасау, олардың метабелгіленімдерін қою жұмыстары жүргізілуде.

Жарнама ішкорпусы – қазіргі қоғамда таратылу орны мен әдісіне қарай бөлінген көше, көлік, сауда орындары, БАҚ, интернет жарнамалары мәтіндерінің жиынтығы (А.Фазылжан, 2023:12). Қазақ тілінің ұлттық корпусы аясында жарнама ішкорпусы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында алғаш рет әзірленді.

Қазіргі таңда әрбір жарнама мәтініне метабелгіленім қойылған. Жарнаманың мәтіні туралы метабелгіленім 13 параметрден тұрады. Олар: жарнаманың материалы, мәтіні, түрі, тақырыптың өз ішіндегі макротоп пен микротоп бойынша, формасы, типі, жылы, жарнама беруші, берілу аймағы, кері байланыс, мәтінді белгілеуші, корпусқа енгізілу уақыты туралы мәлімет беріледі. Бұл мәліметтер зерттеудің шынайылығына, нақты әрі дәлелді болуына мүмкіндік береді.

Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпусы – Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері мен әңгімелері, мақалалары, оқу құралдары мәтіндерінің электронды деректер базасы (А.Фазылжан, 2023:12). ҚТҰК-ның ауызша ішкорпусының мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-көпшілік, ағартушылық шығармашылығының туындыларын ғылымның әртүрлі саласы аспектісінен зерттеуде, қазақ әдеби тілінің тарихын, сөз тарихын, сөздік қордың толығу жолдарын, функционалды стильдердің саралануы мен жетілу жолдарын, алаш мұрасын зерделеуде қолдануға мүмкіндік беретін электронды деректер базасын жасау.

Қорытындылай келе, ұлттық корпусстың көптеген ішкорпустармен толығуының қазақ тіл біліміне теориялық және практикалық жағынан да маңызы орасан зор. Ұлттық корпус, ең бірінші кезекте, тілші-ғалымдарға лексика мен грамматиканы жан-жақты зерттеуге мүмкіндік тудырады. Екіншіден лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға, сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлерін жүргізуді қамтамасыз етеді. Үшіншіден танымал академиялық сөздіктер құрастыру мен ғылыми грамматикалар жазуда корпустардың маңызы ерекше. Ұлттық корпуссты пайдаланушылар – әртүрлі саладағы тілшілер, әдебиеттанушылар, тарихшылар және гуманитарлық білім салаларының өкілдері. Ұлттық корпусстың ана тілі мен шет тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңыздылығы да аса зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика – қазақ тілбілімінің жаңа бағыты // Тілтаным. Языкознание. ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, сәуір-мамыр-маусым. – Алматы, 2009. – №2 (34) – 3-11 б.
2. Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика / Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017. – 336 б.
3. Жубанов А.К., Фазылжанова А. О концепции по созданию национального корпуса казахского языка (НККЯ) // Материалы Международной научно-практической конференции «Контрастивные исследования и прикладная лингвистика». – Минск, 2014.
4. Жаңабекова А.Ә. Тілдік корпус ұғымының мәні, сипаттамасы. – «Тілтаным». – Алматы, 2009.
5. Фазылжан А. Қазақ тілінің ұлттық корпусы (нұсқаулық). – Алматы, 2023. – 72 б.

А.С. БАРМЕНКУЛОВА
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
3-курс докторанты
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Ұлттық корпус құрастырудың өзектілігі айқындалуда. Қазақ тілінің ұлттық корпусы осындай ұлттық мәдени бірліктерді кең арнада сақтаушы, ұрпаққа танытушы қызметін атқаратын заманауи инновациялық-ақпараттық құрал болып табылады.

Тірек сөздер: корпуслық лингвистика, мәтін корпусы, тіл.

Резюме. В статье рассматривается Национальный корпус казахского языка является современным инновационно-информационным средством, осуществляющим функцию сохранения в широком масштабе подобных национально-культурных единиц и ознакомления с ними молодежи.

Ключевые слова: лингвистический корпус, корпус текста, язык.

Abstract. This article the national corpus of the Kazakh language is a modern innovative and informational tool that performs the function of preserving such national-cultural units on a large scale and familiarizing young people with them

Key words: linguistic corpus, text corpus, language.

Қазіргі жаһандану процесі ғылым салаларының тоғысу мен бірігуіне ғана ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етуде. Ұлттық корпус мәселесі – қазақ тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен ролінің күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, сана мен сөйлеу, таным мен тілдік қарым-қатынас процестерінің бірлескен әрекеті нәтижесінде тілші-ғалымдар алдына жаңа идея қойған, тың ізденісті қажет ететін сала. Сондықтан тіл білімінде қолданбалы сала үлкен орын алып, қалыптасқан дәстүрлі тіл білімінің жаңа бағыттарын қарастырыу қажеттігі туындады.

Корпуслық лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып, білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырумен қатар, қазіргі заман талабына сай математикалық, формальды – логикалық, статистикалық әдістерді пайдалана бастады.

Корпуслық лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады.

Заманауи Қазақстанның да рухани-танымдық жаңа деңгейі Қазақ тілінің ұлттық корпус жазау қажеттілігін көрсетіп отыр. Өйткені, Ұлттық корпустарды құру мәселесі шетел тіл білімінде ХХ ғ. 60-жылдары басталса, орыс тіл білімінде ХХ ғ. 80-жылдары, ал қазақ тіл білімінде осы соңғы жылдарда ғана қолға алынды. Қазақ тілінің корпуслық лингвистика мәселесін проф. А.Жұбанов көтерді. Ғалымның пікірінше, корпуслық лингвистика қазақ тіл білімінің де ерекше саласы ретінде қалыптасатын болса, қазақ тілшілеріне көлемді тәжірибиелік материалдарды пайдалануға, қажетті деген тілдік деректерді тез тауып алуға және оларға тиісті деген өңдеулер жүргізуге мүмкіндік тудырады.

Осындай қажеттіліктен туындаған салаға қатысты профессор Асқар Құдайбергеноұлы Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского языка» атты докторлық монографиясы қазіргі уақыттағы қолданбалы лингвистикадағы маңызы зор еңбек деп тануға болады.

Қазіргі уақытта тіл білімі мен корпуслық лингвистиканың бір-бірімен байланысын көрсете отырып, компьютерлік лингвистика саласы арқылы ақпараттық – танымдық жүйесін

қалыптастырып, осы мәселенің танымдық аспектілеріне байланысты ғылыми еңбектерді, концептуалды пікірлерді, көзқарастарды талдап, талқылай отырып, корпустық лингвистика арқылы зерттеу және де қол жеткізген материалдарды ана тіліміздің материалдары арқылы қолданысқа енгізіле бастады.

Сонымен бірге корпустық лингвистикаға қатысты ұғымдарды, терминдерді, метатіл түсініктерін меңгеру қажеттігі оларды нақты мысалдар мен деректер арқылы талдап көрсету, оны теориялық жағынан қарастыра отырып, ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынасты жете меңгеру, таным процесін жан-жақты іске асыруға болатындығын көреміз. Себебі, корпустық лингвистика-компьютерлік лингвистиканың бір саласы [1].

Жалпы тіл білімінде компьютерлік лингвистика мен корпустық лингвистика жан-жақты зерттеліп өткен ғасырда қолға алынғаны белгілі шетел ғалымдары Т.Мак Энери мен Э.Вилсон, В.В.Рыков, В.П.Захаров секілді ғалымдар корпус термині мен оның беретін ұғымына қатысты жан анықтама береді. Корпустық лингвистикаға қатысты пікір білдірген зерттеуші ғалымдар оны құрастырудың мен қолданудың бірізділігі жоқ екендігі айтылады да, оның негізгі белгілерін топтап көрсетеді [3; 4; 5; 6].

Корпустық лингвистика шеңберінде тіл білімі аспектілеріне жүгінетін (бағдарланған) зерттеулер бар. Бұл жұмыстардың қатарына тіл және ойлау, тіл және сананың (зерде) өзара байланыс мәселесі, адам санасының онтогенезде (жеке адамның санасында) және филогенезде (қоғамда тілдің шығуы (происхождение) қалыптасуы жатады. Осындай ерекшеліктердің барлығы мәтіндер корпусы мен оның қолдану аясының әр түрлі болғаныменоның қатарына ғылымның бірнеше салалары топтастырылуы мүмкін.

Бұл мәселеге қатысты: «Мәтіндер корпусын қолдану аясы неше түрлі болғандықтан, олар лингвистикалық, филологиялық және педагогикалық салаларға топтастырылуы мүмкін. Ондай топтарға жататын пәндер: лексикография, грамматика, мәтінлингвистикасы, типология, контрастивтік лингвистика, аударма жасаудың теориясы мен практикасы, әдебиеттану ғылымы, лингводидактика, қазіргі кезде корпустық лингвистиканың қолдану аясы бұрынғыдан кеңейе түсті. Корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін, оның бейнелейтін аясына қарай корпустағы сақталатынақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әртүрлі негізде топтастыру мен құрастыру және т.б. принциптерді ұстаным етуіне қарай әрүрлі етуе болады» – деген нақты пікірді «Корпустық лингвистика» атты зерттеу еңбектен кездестіреміз [1].

Олай болса, корпустық лингвистиканың тағы бір пайда болу себебі техникалық құралдардың көмегімен үлкен қашықтықтарда ақпарат тарату қажеттігіне байланысты. Себебі байланыстырушылар түсініксіз хабарларды жиі (әріптер түсіп қалған немесе алмастырылған) алып жатады. Бұл байланыстырушылардың қателіктерінен немесе байланыс каналдарындағы кедергілерден пайда болатындығы белгілі. Мысалы, әскери адамдар арасында инженерлік лингвисттерді түсініксіз хабарларды түсінуге көмектесетін кедергілердің деңгейін анықтау проблемасы қызықтырады. Сондықтан олар мәтінді кодтау және мәтін мазмұн кодын шешу тіл құрылымымен және адамның информацияны түсіну психологиясымен байланыстыра отырып қарстыру проблемасымен айналысады.

Ал корпустық лингвистиканың қызметі мен жұмсалыу аясы күрделі болып келеді, яғни оны пайдалану барысында адамдар өзіне қажетті ақпараттарды алу үшін «қолжетімділік сипаты маңызды критерий болып саналады» [1.10].

Корпустық лингвистика мәтінді зерттейтін ғылымымен де байланысты. Сөйлеу мәтінінің тууы мен қабылдануы тіл ғылымында адамның шындықты түсіну контекстінде қарастырылатындығы белгілі. Корпустық лингвистика мәтін интерпретациясының (әрбір оқырман мәтінді өзінше түсінеді) көптігі жөнінде постулат (қағида) қабылданған.

Осы мәселеге қатысты зерттеуші ғалымдар мына мәселені айрықша бөліп көрсетеді: «Біріншіден корпуста енгізілген мәтіндер арнайы бағдарламалар арқылы жұмыс істейді. Арнайы енгізілген бағдарламалар арқылы жеке сөздерді ғана емес, кез келген сөз формасын, сондай-ақ ол сөз формасының әр түрлі позициядағы қолданысын тауып алуға және жиілігін анықтауға болады. Ал мұндай жұмысты аннотацияланбаған (белгіленбеген) жай ғана мәтіндер жинағы атқара алмайды. Екіншіден, корпуста енгізілген мәтіндердегі әрбір тілдік бірлікке, ол не жеке

сөз не қосымша болсын, лингвистикалық ақпарат беріледі. Тілдегі мұндай лингвистикалық ақпарат беруді аннотациялау деп атайды [1, 61].

Тұтас бір халықтың ана тілі болып табылатын қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғаннан кейін, оның қолдану деңгейін көтеру мақсатында көптеген жұмыстар жолға қойыла бастады. Әсіресе ғылым мен техника тілі – қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесін жаңаша қалыптастыру төңірегінде сан-алуан пікірлер айтылып, шаралар жүзеге асырылуда.

Қазақ тілінің тың сипат алып отырған жағдайында алдағы уақытта атқарылуға тиісті бір-қатар теориялық-практикалық жұмыстар әлі де баршылық. Осындай жұмыстардың қатарына қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру мәселесі де жатады [1; 2; 9; 10].

Корпустық лингвистикаға қатысты жарық көрген теориялық зерттеулерде корпустық лингвистиканың қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыруда әлі де болса лингвистикалық белгіленімдер мен олардың моделі, шартты белгілері бірізді емес екендігі айтылып келеді және де «орыс тілінің тәжірибесіне сүйеніп, корпус құрастыру мәселесін өзінше шешемін деп талаптанғанмен, ауқымды мәтіндерді компьютер жадына енгізу лингвистикалық белгіленімдер талдамасын жасау ісінде шашыраңқылық бар.

[1, 84-85].

Бұл мәселе қазақ тіл білімінде қазіргі уақытта ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеліп, жан-жақты қарастырыла бастады. Сондықтан оның зерттелуі қажет екені ешбір күмән туғызбайды, оған филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құдайбергеноұлы Жұбановтың зерттеулері мен ғылыми тұжырымдамалары дәлел бола алады.

Ұлттық корпус ең бірінші кезекте тілші ғалымдарға, сол тілдің жан-жақты зерттеу үшін мүмкіндіктер туып отыр. Бүгінгі заманауи техникалардың компьютерлердің алдын-ала компьютердің қарқынды дамуына байланысты қол еңбектерін жеңілдетіп, осы мәліметтердің барлығын енгізіліп, оларды тауып алуға мүмкіндік береді. Сондықтан да тілдің тарихын, тілдің дамуын бағытын дамытуды мақсат ететін тіл зерттеушілерге берері мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы, «Қазақ тілі» баспасы, 2017.
2. Жұбанов А. Компьютер қазақ сөзін жатсынбайды. – Алматы, «Ана тілі» №17, 30 сәуір – 6 мамыр, 2009 жыл
3. McEnery T., Wilson A. Corpus Linguistics. – Edinburg: Edinburg University Press, 2001
4. Рыков В.В Корпус текстов как реализация объектно-ориентированной парадигмы // Труды Международного семинара Диалог – 2002. – М.: Наука, 2002.
5. Захаров В.П Корпусная лингвистика: Учебно-метод. пособие. – СПб., 2005.
6. Баранов А.Н Корпусная лингвистика // Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. – М.: Едиториал УРСС, 2003 – С. 114.
7. Ахабаев Ә. Есімдіктердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау В сб.: Статистика казахского текста. – Алма-Ата, Наука, 1973. – 88-117 б.
8. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің құрылымына статистика – лингвистикалық талдау. Филолг. ғыл. канд.дисс. – Алматы, 1973. – 242 б.
9. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008. – 640 б.

А. МУРСАЛ
Кіші ғылыми қызметкер,
Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

ТАРИХИ КОРПУСҚА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын тарихи ішкорпусқа енгізу мәселелері қарастырылады. Тарихи ішкорпус қазақ тіл білімінде тұңғыш рет зерттеліп отырған өзекті мәселелердің бірі. Жаһандану үдерісінің бір көрнісі болып табылатын ұлттық корпусның қажеттілігі мен маңыздылығы сөз болады.

Тарихи ішкорпус – қазақ тілінің ұлттық корпусының маңызды ішкорпустарының бірі екендігі айқындалады. Ахмет Байтұрсынұлының корпусқа енгізілген мұралары туралы сөз болып, корпусқа енгізу алдындағы мәселелері қозғалады. Тарихи ішкорпуста А.Байтұрсынұлы еңбектерін төте жазудан кирилица жазуына аударылып, лингвистикалық зерттеу жүргізетін мамандарға оңтайландырылады.

Тарихи мәтіндер қолжазбалар мен олардың транскрипцияларынан, аудармаларынан, тарихи картотека қорынан, тарихи белгіленімдер, қажетті ақпараттар мен дереккөздерден құралады. Сондықтан мақаланың негізгі бөлігінде қазақ тілінің тарихи ішкорпусына енетін материалдар базасын әзірлеу, жазба ескерткіштер мәтіндерін кезеңдерге топтастыру, оларды цифрландыру, жанрлық ерекшеліктеріне қарай іріктеу, метабелгіленімдері мен лингвистикалық белгіленімдерін таңдау, демонстрациялау, оларды корпусқа енгізу мәселелері қарастырылады. Бүгінгі күнге дейін түрлі графикамен жеткен қолжазбалардың ішінде араб (қадим, жадид, төте) жазуымен жазылған жазба мұралар мәтіндерін электрондық форматқа көшіру мәселесі қарастырылады. Себебі түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейін ұзақ уақыт бойы араб графикасын қолданған және құнды шығармалардың көбі араб графикасында сақталған. Тарихи ішкорпус әзірлеудегі қиындықтардың бірі – лингвистикалық белгіленімдердің қойылуы мәселесі назарға алынады.

Тірек сөздер: корпус, тарихи ішкорпус, метабелгіленім, Ахмет Байтұрсынұлы.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы внедрения наследия Ахмета Байтурсынова в исторический подкорпус. Исторический подкорпус является одним из актуальных вопросов, впервые изучаемых в казахском языкознании. Речь идет о необходимости и важности Национального корпуса, являющегося одним из ключевых элементов процесса глобализации.

Определяется, что исторический подкорпус – один из важнейших внутрикорпусов Национального корпуса казахского языка. Речь идет о наследии Ахмета Байтурсынова, внесенном в корпус, затрагиваются вопросы, предшествующие вводу в корпус. В историческом подкорпусе произведения А. Байтурсынова переводятся с буквенного на кириллицу и оптимизируются для специалистов, проводящих лингвистические исследования.

Исторические тексты состоят из рукописей и их транскрипций, переводов, фонда исторической картотеки, исторических обозначений, необходимой информации и источников. Поэтому в основной части статьи рассматриваются вопросы разработки базы материалов, входящих в исторический подкорпус казахского языка, группировки текстов письменных памятников на этапы, их оцифровки, отбора по жанровым особенностям, выбора метапредметов и лингвистических обозначений, демонстрации, внедрения их корпуса. Среди рукописей, дошедших до наших дней с различной графикой, рассматривается вопрос перевода текстов письменных произведений арабской письменностью в электронный формат. Это связано с тем, что тюркские народы долгое время использовали арабскую графику после обращения в ислам, и большинство ценных произведений сохранилось в арабской графике. Одной из сложностей при разработке исторического подкорпуса является проблема постановки лингвистических обозначений.

Ключевые слова: корпус, исторический подкорпус, метаразметка, Ахмет Байтұрсынұлы.

Abstract. The article discusses the issues of introducing the heritage of Akhmet Baitursynov into the historical subcorpus. The historical subcorpus is one of the topical issues studied for the first time in Kazakh linguistics. We are talking about the necessity and importance of the National Corps, which is one of the key elements of the globalization process.

It is determined that the historical subcorpus is one of the most important intracorporuses of the National Corpus of the Kazakh language. We are talking about the legacy of Akhmet Baitursynov, introduced into the corps, the issues preceding the introduction into the corps are touched upon. In the historical subcorpus, the works of A. Baitursynov are translated from alphabetic to Cyrillic and optimized for specialists conducting linguistic research.

Historical texts consist of manuscripts and their transcriptions, translations, the fund of historical files, historical designations, necessary information and sources. Therefore, the main part of the article discusses the issues of developing a database of materials included in the historical corpus of the Kazakh language, grouping texts of written monuments into stages, digitizing them, selecting by genre features, selecting meta-subjects and linguistic designations, demonstrating, implementing their corpus. Among the manuscripts that have come down to our days with various graphics, the issue of translating the texts of written works in Arabic script into electronic format is being considered. This is due to the fact that the Turkic peoples used Arabic graphics for a long time after converting to Islam, and most of the valuable works have been preserved in Arabic graphics. One of the difficulties in developing a historical subcorpus is the problem of setting linguistic designations.

Keywords: corpus, historical subcorpus, meta-designation, meta-markup, Akhmet Baitursynuly.

Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақ тіл білімінің зерттелуін автоматтандыру үшін корпус құрасытыру мәселесі кезек күттірмейтін проблемалардың біріне айналды. Корпус ең алғаш 2009 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Компьютерлік лингвистика» бөліміндегі ғылыми қызметкерлердің жобасымен басталып, 2020 жылы Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау ісімен кемелдене түскен еді. Қазірде Qazcorpus.kz сайты арқылы «Қазақ тілінің ұлттық корпусына» кіре аласыз.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы – белгілі бір тілдегі мәтіндердің электронды нұсқада жинақтап, толықтырып отыруға бағытталған тілдің ақпараттық-анықтамалық ашық жүйесі. Жай ғана мәтін базасы емес, белгіленім қойылған базасы, яғни миллиондаған сөзқолданыстан тұратын электрондық мәтіндер базасындағы кез келген сөз өз «паспортын» алады, оның лексикалық мағынасы, грамматикалық белгілері, аудармасы, этимологиясы, мәдени семантикасы түгел көрсетіледі (А.Фазылжанова, 2016).

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты еліміздегі ғана емес, бүкіл әлем бойынша қазақ тілін зертейтін жалғыз ғылыми мекеме болғандықтан, Қазақстандағы тіл ғылымына жауап беретін орталық ретінде Қазақстанда «Қазақ тілінің ұлттық корпусын» құру мәселесін көтеріп отыр. Корпус тіл ғылымын дамыту үшін де, қазіргі жаһандану кезеңінің түрлі технологиялық, техникалық мүмкіндіктерін пайдаланып, тілдің сақталып, жүйеленуіне де, тіл үйретуде де, жалпы жұртшылықтың тілтанымдық, әр сала бойынша мемлекеттік тілдегі коммуникациялық мәдениеттерін арттыруға да зор септігін тигізетіні белгілі (А.Жұбанов, А.Ә.Жаңабекова, 2017). Осы уақытқа дейін қазақ тіліндегі үрдістерді, құбылыстарды бақылау, зерттеу тек қағаз жүзінде жүзеге асқан болатын. Енді жаңа технологиялардың дамып, мүмкіндіктердің көбейген сәтінде бұл зерттеу нәтижелерінің басын қосып, автоматты режимде ғаламтордың көмегімен жұртшылыққа қолжетімді жасау әлдеқайда тиімді екендігі ескеріліп отыр.

Сонымен, Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу барысында бірнеше ішкі корпустармен толықтырылып жатыр. Солардың бірі – тарихи корпус. Тарихи корпуста «Төте жазумен» жазылған сөздерді кириллица жазуына аудару басты міндетіміз болып саналады. Бұндай іш-корпус жасауымыздың мақсаты, біріншіден, төте жаумен кириллица жазуын толық қамтитын мәтіндер базасымен берілумен, екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін ғаламторда түп нұсқасымен қоса пайдалануға болатындығымен ерекшеленеді. Бұл тарихи корпус тек тіл

мамандарына ғана емес, кез келген маманға, тілге қызығушыға, барлық ғылым саласының мамандарына, саясаткерлерге, зерттеушілерге, түрлі мақсаттарға қолдануға болатын ауқымы кең әмбебап ақпараттық-анықтамалық ашық жүйе саналатын ұлттық корпустың бір саласы болып саналады.

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын тарихи корпуста берудің негізгі қажеттілігі ғалымның осы уақытқа дейінгі қалыптастырған қағидаларымен тұжырымдарына жаңа қырынан үңіліп, оның өзіндік ерекшеліктерін тануға жол ашу. Маңыздылығына келсек, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің өмірін туған халқына деген сүйіспеншілігін толассыз ғылыми еңбектермен дәлелдеген ғалым. Қараңғылықта жүрген халқын маса болып оятып, ғылымда бағдар, жол сілтеуші. Қазақ халқының ары мен ұятына айналған тарихи тұлға.

Зерттеу жұмысымыздың материялы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліппе», «Әліппе астары», «Сауат ашқыш» сынды лингвистикалық еңбектері мен «Әдебиет тантқыш», «Маса», «Қырық мысал», «Қазақтың бас ақыны», «Ер сайын», «Жоқтау» сынды әдебиет саласындағы кітаптары. Сонымен қатар Зерттеу материалы ретінде Қазақ тілінің ұлттық корпусы пайдаланылды.

Зерттеу барысында тарихи ішкорпуста ішкорпусқа мәтіндерді аудару мәселелеріне қатысты филологиялық әдіс, тарихи мәтіндердің компьютерлік көрінісі және олардың өңдеуге байланысты ақпараттық-технологиялық әдіс қолданылды.


Қазақ тілінің ұлттық корпусын зерттеген қазақ ғалымдарының ішінде А.Жұбанов, Э.Д. Сүлейменова, А.Фазылжан, А.Жанабекова, А.А. Сейітбекова еңбектерін атап көрсетуге болады.

Корпустық лингвистика ғылымының негізін қалаушы, профессор Асқар Жұбанов ішкорпус жасаудың тиімділіктерін атап өткен болатын: электронды форматтағы қолжетімді мәтіндердің пайда болуы көлемді тілдік деректерді барынша тез арада жинақтап алуға, лингвистикалық талдау жасауға және зерттеу жүргізу үшін жаңа әдістер мен модельдерді қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді (А.Жұбанов, 2022) – деп айтқан.

Филология ғылымдарының кандидаты, тарихи ішкорпус құрастырушы, бас маман А.Сейтбекова «Тарихи ішкорпус әзірлеудің әлемдік тәжірибесінен» атты мақаласында: қазақ тілінің тарихи мәтіндер базасын төмендегі кезеңдер бойынша, яғни тарихи ішкорпусқа топтастыруға болады: 1. V-IX ғғ. көне түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштерінің мәтіндік базасы. 2. X-XV ғғ. орта ғасыр дәуіріндегі жазба мұралардың мәтіндік базасы. 3. XVI-XIX ғғ. ескі қазақ жазба үлгілерінің мәтіндік базасы. 4. XX ғасырдың басындағы жазба мұралардың мәтіндік базасы. 5. Латын графикасымен жазылған жазба мұралардың мәтіндік базасы. Тарихи ішкорпусқа енгізілетін аталмыш материалдардың көбі араб графикасымен оның ішінде қадим, жадид, төте жазуларымен жазылған. Бұндай түрлі графикада сақталған жазба ескерткіштер мәтіндеріне қызығушылық танытатындар – зерттеушілер (А.Сейтбекова, Ә.Сейдамат, 2022:159-170) – деп бес кезеңге бөліп қарастырады. Соның ішінде біз «XX ғасырдың басындағы жазба мұралардың мәтіндік базасы» атты кезеңді зерттеп корпусқа мәтериялын дайындап отырмыз.


Қазақ тілінің ұлттық корпусының аясында тарихи ішкорпусы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында алғаш рет әзірленіп жатыр.

Әзірлеу барысында біз Қазақ тілінің ұлттық корпусына енетін «Қазақ тілінің тарихи мәтіндер ішкорпусының» төмендегідей метаразметкасын жаскап алдық.



«Қазақ тілінің тарихи мәтіндер ішкорпусының» метабелгіленімі

Қазақ тілінің ұлттық корпусына енетін «Қазақ тілінің тарихи мәтіндер ішкорпусына» Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл жұмсар» атты 1928 жылы алғаш рет басылып шыққан әдістемелік кітабін енгіздік. Ол кітап 8189 сөз қолданыстан тұратын араб (төте) графикасынан кирилл графикасына аударып гугл платформаға енгіздік.



Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл жұмсар» әдістемелік кітабының араб (төте) графикасымен кирилл графикасының қатар берілуі

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтының ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік т.б. терминдерін тұңғыш рет дүниеге келтіріп, нақты бірліктерін жасаған тіл білімінің негізін қалаған ғалым. Сонымен қатар әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ мектебінің

іргесін қалаған алғашқы адам. Ғылым-білімнен алыс қазақ халқын толық сауаттандыру идеясын ұстанып, айналаны қоршаған жұрттармен терезесі тең болуын көздеген алаш зиялыларының бірі. Ал тарихи корпуста Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын берудің тілші-ғалымдарға төмендегідей артықшылықтары бар. Біріншіден, статистикалық лингвистикалық талдау жасауға болады. Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы мұраларына қатысты деректерді тез арада жинақтап алуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, ғалымның мұрасын түп нұсқасын аудармасымен қатар көріп тарихи-салыстырмалы, диахронды, сихронды зерттеулер жасауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фазылжанова А. Үштілділік ұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс //http://www.ikitap.kz. Тамыз, 2016.
2. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: Қазақ тілі, 2017. – 336 б.
3. Жұбанов А. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002. – 250 б.
4. Сейтбекова А., Сейдамаг Ә. «Тарихи ішкорпус әзірлеудің әлемдік тәжірибесінен» Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ ХАБАРШЫСЫ «Филология ғылымдары» сериясы, Том 66 № 3 . – Алматы, 2022. – 340 б.

Н.Б. ОСПАҢҒАЗИЕВА

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының кіші
ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

МӘТІНДІ АВТОМАТТЫ ТАҢУДЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа. Мақалада мәтінді автоматты танудың фонетика-фонологиялық жолдары мен үлгілері қарастырылған. Сондай-ақ автоматты тануға еңбек сіңірген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды.

Тірек сөздер: мәтін, автомат, ұлттық корпус, фонетика, фонология

Аннотация. В статье рассмотрены фонетико-фонологические пути и модели автоматического распознавания текста. Также был проведен обзор работ ученых, заслуживших автоматическое признание.

Ключевые слова: текст, автомат, национальный корпус, фонетика, фонология

Annotation. The article discusses phonetic and phonological ways and models of automatic text recognition. There was also a review of the works of scientists who have earned automatic recognition.

Keywords: text, automaton, rational corps, phonetics, phonology

Дыбыстардың компьютерлік технологиялар арқылы зерттелуі тіл білімін нақты ғылымдар қатарына қосады. Қазақ мәтіндерін автоматтандыру сөз дыбыстарды зерттеуді жаңа деңгейге көтереді.

Қазақ мәтіндерін компьютерге танытудың алғаш үлгілерін АЖұбанов теориялық жақтан, Ә.Жүнісбеков модельдердің негіздеп жасап берген болатын. Қазірде Ұлттық корпус кез келген тілші-оқырманның тілге қатысты алуан түрлі сұранысын өтеуге дайын. Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ҚТҰК бірнеше ішкорпустармен толықты. Олар: Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпусы, Ауызша ішкорпус, Диалектологиялық ішкорпус, Мақал-мәтел ішкорпусы, Тарихи ішкорпус, Параллель ішкорпус, Ономастикалық ішкорпус, Лингвомәдени ішкорпус, Жарнама ішкорпусы.

Лингвистикалық модель түсінігі алғашқыда құрылымдық лингвистикада пайда болды. Ал, ХХ ғасырдың 60-70 жылдары лингвистикаға математикалық тәсілдердің енуі аталмыш терминдік түсініктің кеңінен қолданылуына септігін тигізді.

Қазіргі лингвистикада «модель» терминінің қолданылу аясы күннен күнге кеңейіп келеді. Лингвистикадағы модельдеу де – танымдық тәсіл. Себебі лингвистикалық модельдеу арқылы аналитикалық мүмкіндіктер жүзеге асады. Яғни гуманитарлық бағыттың бір бөлігі болып саналатын тілдерді үйрету немесе тереңінен үйрену кезінде модельдеу жүйесін қолдану аса маңызды.

Модель дегеніміз – белгілі бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым үлгісі. Моделдің құрамында сол түпнұсқаға тән белгілердің барлығы сақтала бермейді. Моделде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады.

Модель мен фонетикалық ғылыми еңбектердің құрамындағы иллюстратив материалдың (график, сызба, сурет т.б.) арасында айырма бар. Модель өте дәл болмайды, фонетикалық құбылыс немесе заңдылықты шамалап көрсетеді, араларында қарапайым ғана ұқсастық болады. Ал график, сызба, суреттер өте дәл болу керек, себебі олардың негізінде сандық өлшемдер жатады.

М.Вортофскийдің тұжырымы бойынша: «Модель – бұл жоғары дәрежеде мамандандырылған, бізді техникалық жарақтандырудың бір бөлігі, оның ерекшелігі де болашақты құруда... модель деп тек қана жеке мәнді емес, осы мәнді ұсынатын іс-әрекеттің тәсілін айтамыз», – [1, 203] дейді.

Профессор А.Қ.Жұбановтың бастамасымен корпус құрастырудың әдіс-тәсілдері, технологиясы барынша зерттеліп, А.Жұбанов және А.Жаңабекованың авторлығымен «Корпустық лингвистика» оқу құралы ретінде де жарық көрді. Қолданбалы лингвистика маманы, профессор А.Жұбановтың идеяларымен лингвистикалық және экстралингвистикалық белгіленімдер қою ісі жүзеге асырылуда [2].

Ә.Жүнісбек корпусқа енгізілетін сөз құрамының фонетикалық талданымын мына түрде сипаттайды:

ӘЛППЕ – жіңішке әуезді, ә-ліп-пе: ә – дауысты буын, ліп – бітеу буын, пе – ашық буын; ә – ашық, тілортасы, езулік; л – тілұшы, жанама жуысыңқы, үнді; і – қысаң, тілортасы, езулік; п – ерін-еріндік, тоғысыңқы, қатаң; е – құранды, тілортасы, емеурін езулік.

Ә.Жүнісбектің 3-қадамдық нұсқаулығында мәтіндегі сөздер үш түрлі белгісі бойынша сипатталды. Олар: сөздің әуезі, сөздерді буынға автоматты бөлу, дыбыстардың (әріптер) фонетикалық сипаттамасы. Осы белгілер бойынша программаға төмендегідей нұсқаулық дайындалды.

Бірінші қадам: Сөздің әуезін (тембр) көрсету. Қазақ тілінде сөздер дауысты дыбыстың жауан/жіңішкелігіне қарай жуан әуезді және жіңішке әуезді болып бөлінеді. Программа корпустық автоматты түрде сөздердің осы жуан не жіңішке екенін ажырып көрсетуі қажет. Қазақ тілінде түбір сөздерге қосымшалар жалғанғанда сөз құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне қарай жалғанады. Соған сәйкес жуан әуезді не жіңішке әуезді сөз болып анықталады. Осы белгіні программа автоматты түрде ажырату үшін мынадай ереже беру керек. Егер сөздің бірінші буынындағы (немесе сөз құрамындағы) дауысты дыбыстар жуан дауыстылар (а, ы, ұ, о) болса, онда бұл сөз сингормониялық тұрғыдан жуан әуезді болып саналады. Егер сөздің бірінші буынындағы (немесе сөз құрамындағы) дауысты дыбыстар жіңішке дауыстылар (а, ы, ұ, о) болса, онда бұл сөз сингормониялық тұрғыдан жіңішке әуезді болып саналады.

Екінші қадам: Сөзді буынға бөлу және оларға сипаттама беру. Қазақ тілінде буын сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санына қарай анықталады. Сөз құрамында қанша дауысты дыбыс бар, сөзде сонша буын болады. Мысалы:

Әліппе. 3 дауысты дыбыс бар, соған сәйкес 3 буын құрайды: Ә-ліп-пе

Ана. 2 дауысты дыбыс бар, соған сәйкес 2 буын құрайды: А-на

Бала. 2 дауысты дыбыс бар, соған сәйкес 2 буын құрайды: Ба-ла

Жаңбыр. 2 дауысты дыбыс бар, соған сәйкес 2 буын құрайды: Жаң-быр

Құттықтады. 4 дауысты дыбыс бар, соған сәйкес 4 буын құрайды: Құт-тық-та-ды

Фонетика саласындағы буын теориясы ең күрделі және маңызды мәселелердің бірі деуге болады. Осыған байланысты қазақ тілінің теориялық негізін қалаушы ғалым проф. Құдайбергген

Жұбанов: «Қазақ тілінің табиғатын дұрыс тану үшін буын жүйесін жете білу керек. Буынды жақсы білмесең, емлені де білмейсің: сөз тудыру, сөз түрлендіру сияқты морфология негізін де ұға алмайсың, буынды білмейінше, сөз екпіні (ударение), сөз сазы (интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп оқу» сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың; буын жайына қанық болмасаң, өлең құрылысының негізімен дұрыс таныс бола алмайсың ...» – дейді [3].

Буын құрылысын сипаттау үшін халықаралық жүйедегі дауысты/дауыссыз дыбыстың белгісін аламыз. Олар: V(вокализм) – дауысты дыбыстар; C (консонантизм) – дауыссыз дыбыстар. Фонетикалық белгіленім қоюдың компьютерлік бағдарламасы дыбыстарға (әріптерге) қарай буындарды анықтау үшін қазақ әліпбиіндегі әріптерді жоғарыда аталған V, C сипатына қарай тізімделіп белгіленуі қажет. Мысалы: А- V; Ә – V; Ы – V т.б. Сол сияқты дауыссыз дыбыстар П – C; Б – C; М – C т.б.

Қазақ тілінде буынның әдетте 3 түрі бар дейміз: ашық буын, тұйық буын, бітеу буын. А.Байтұрсынұлы сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын қарастыра келіп, «Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар» деп, буын түрлерін саралап береді [4, 344-345 б.]. Сондағы «буыншы» әріптеріміз дауысты дыбыстар болып шығады. Буын құраудағы дауысты әріптердің мәнін «әлгі әріптер кіріспейтін буын» болмайды дейді.

Ә.Жүнісбек сөз басында келетін бір дауыстыдан тұратын ашық буынды – дауысты буын деп атайды [5]. Сөйтіп, қазақ тілінде 4 буын түрін көрсетеді: дауысты, ашық, тұйық, бітеу.

Қазақ тіліндегі кейбір дауысты дыбыстардың ішінен айтылған сөз сәйкес қарастырылады латын қарпіне негізделген заманауи емле ережелері. Мысалы, дауысты фонема <a> фонемалардан кейін <W> және <j>, бұл нұсқаға жақынырақ айтылады [á], ал жазбаша нұсқа негізгі реңкті сақтайды: shai– [шайи] (шай), джайбаракат - [джайбаракат] (жоқ мазасыз), джайбасар – [джайбасар] (баяу адам), джайгасы - [jäigasy] (қоныстану), джайдақ- [jäidaq] (ер-тоқымсыз), Жайдар – [jäidaru] (қуанышты), джайли - [jäily] (ыңғайлы), джайма-джайи- [jäima-jäi] (жай), джайсыз - [jäysuz] (ыңғайсыз), джайсан – [яй-сан] (ыңғайлы). Сонымен қатар, дауысты <A> бірінші немесе бірінші буында айтылады қалай [ó]: айгелекь - [öigölök] (қазақша дәстүрлі ойын), кадир – [qädir] (құндылық), казир- [qäzir] (қазір) және ол екінші буында айтылғанда, бұл [ó] болады: китап - [китап] (кітап), китапхана – [китапхана] (кітапхана) [6].

Сол сияқты фонемалар <e>, <o> және <ö> олар [ie], [uo] және [uö] сияқты айтылады сөздің басында немесе біріншісінде буын. Мысалы, эрке- [ierke] (күтуші), эйнбек – [иенбек] (еңбек), эгин - [иегин] (себу), эгиз – [ехиз] (егіздер), есік- [есік] (есік), элек- [Елек] (ұн елегіш), отан- [йотан] (Отан), окига – [uoqığa] (тарих), olqyluq - [uolqyluq] (біртүрлі), орама - [уорама] (топ немесе Қазақ ұлттық тағам), оразан – [уорасан] (ұлы), орман - [уорман] (орман), ошак – [уашак] (камин), отын – [уотын] (орман), омырау - [уомырау] (кеуде);

Әмір – [uömir] (өмір), Әлен – [uöläen] (ән), этиниш – [uötiniş] (сұрау), ösimdik – [uösımdık] (зауыт), эркениет- [uörkeniet] (өркениет), энир – [uöñir] (аймақ), озара – [uözara] (әдеттегідей топ), өкре – [uökre] (өкпе), ökim – [uökim] (тапсырыс) - бұл сөздерде фонемалар <e>, <o>, <ö> [ı], [uo], [uö] деп айтылады. Бұл қашан фонемалар ортасында немесе соңында орналасқан сөздер, олар монофтонгтар сияқты айтылады: Киль (кілем), себеп (себеп), керек (қажеттілік), қабық (қора), молда, колда, сез, кель, тес. Осылайша, біз фонемалар <e> деген қорытындыға келеміз, <o>, <ö> тек [<e>, [uo], [uö] деп айтылады сөздердің басталуы. Кейбір дауысты фонемалар табылған кезде әлсіз позицияларда олар өздерінің фонемаларын жоғалтады ерекшеліктер және басқалардың сипаттамаларын алу фонемалар, мысалы: фонемалар <y>, <i>, <e> ішінара өзгертіліп, [ı], [ü], [...]. Мысалы, qoluñ – [колуинь] (сіздің қолыңыз), момын - [момуин] (тыныш), Джолин – [джолуин] (сенің жолың), сезин – [сезуин] (сенің сөзің), кезин – [кезуин] (сенің көзің), тесин - [тесуин] (сенің кеудең), келек – [köilök] (көйлек), онген- [öngöen] (тот көтерілу), кенген – [кенгөен] (мойынсұнғыш) [7].

Қазақ мәтіндерін оқу, тану, түрлендіру үшін дыбыстардың ерекшелігін білу аса маңызды. Мәселен мына төмендегі сөздерді компьютерге икемдеп оқыту үшін әр дыбыстың ерекшелігін білу маңызды.

№	ДҰРЫС АЙТЫЛУЫ	ДҰРЫС ЖАЗЫЛУЫ
1	касса	қазса
2	божжорға	бозжорға
3	көзсіз	көссіз
4	башшы	басшы
5	қошшы	қосшы
6	сессе	сезсе
7	жаңған	жанған
8	көңген	көнген
9	жампида	жанпида
10	тас жол	ташшол

Қорыта айтқанда, фонетика, фонология салалары бойынша қазақ мәтінін автоматты тануда мәтіннің ең кіші бірілігі – әріптің дұрыс берілуін қамтамасыз етіп, жоғарыдағы көретілген ғылымдардың тұжырымдарын басшылыққа алыу қажет. Қазақ мәтіндерін автоматты танудың фонетика-фонологиялық үлгісін ең алғаш Ә.Жүнісбек негіздеп алгоритімін жасап берген. Қазірде З.Базарбаева, А.Фазылжан, А.Аманбаева, Ж.Жұмабаева т.б. ғалымдар жетілдірді.

Дыбыстардың компьютерлік технологиялар арқылы зерттелуі тіл білімін нақты ғылымдар қатарына қосады. Қазақ мәтіндерін автоматтандыру дыбыстарды зерттеуді жаңа деңгейге көтереді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание / Пер. с англ/ общ. ред.и послесл И.Б. Новика и В.Н. Садовского. – М.: Прогресс, 1988. – 507 стр.
2. Жаңабекова А., Қаршығаева А. Мәтіндер корпусына фонетикалық белгіленімдер енгізуге арналған нұсқаулық сипаттамасы // «Қазақ фонетикасы» атты Ә.Жүнісбектің 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2018.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2018.
6. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. / Құраст. Н.Уәлиұлы, А.Фазылжан, Қ.Күдерінова. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2019. – 744 б.
7. Bazarbayeva Z.M., Chukayeva T. K. New Kazakh letter based on the latin chart // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия «Филология». – 2021. – № 3 (136). – 163 p.

Г.Б.ТЛЕГЕНОВА

*Қолданбалы лингвистика бөлімінің
ғылыми қызметкері, PhD докторант*

А. Қ. ҚОЖАХМЕТОВА

*Қолданбалы лингвистика бөлімінің
ғылыми қызметкері, PhD докторант,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНЫҢ МӘТІНДІК БАЗАСЫ

Мәтіндер корпусы дегеніміз – нақты тілдік мәселелердің шешімін табуға арналған аса үлкен көлемдегі мәшине (компьютер) оқи алатындай түрде көрініс табатын, бірыңғайланған, құрылымдалған, белгіленген яғни, шартты белгілер қойылған, филологиялық тұрғыда компетентті саналатын тілдік деректер ауқымы болып табылады.

Басқаша айтқанда, қазақ тілінің мәтіндер корпусы – аса ірі көлемдегі жүйелі түрде құрылымдалған, тиісті белгіленімдер енгізілген, нақты тілдік мәселелерді компьютер арқылы шешуге арналған тілдік деректер ауқымы (массиві).

Корпусқа мәтіндер бей-берекет емес, белгілі бір жүйе бойынша енгізіледі. Мәтіндерге қойылатын негізгі талаптар:

- Репрезентативтік – барынша жеткілікті және әртүрлі кезеңдердегі мәтіндердің жанрларға, стильдерге, авторларға т.б. қатысты пропорционал шамамен алынған көлемі, яғни тілдік зерттеу аясын жан-жақты ашатын мәтін көлемі.

- Теңгерімділік (сбалансированность) – белгілі бір тілдегі барлық стильден тең дәрежеде алынған мәтін көлемі.

- Көлемділік (представительность) – сөзқолданыс санымен өлшегендегі миллиондаған сөзқолданыстан тұратын мәтін [1].

Корпусағы мәтіндердің негізінде:

- түрлі статистикалық талдау

- конкорданс құрастыру

- сөздікті автоматты өңдеу: әліпбилі, жиілікті сөздіктер алу, лемматизациялау әрекеттерін жасауға болады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусында 5 функционалдық стилдер бойынша 40 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтіндер базасы бар [2]:

- Поэзия мәтіндері
- Проза мәтіндері
- Газет мәтіндері
- Ғылыми-техникалық мәтіндер
- Сөйлеу тілінің мәтіндері
- Іскери мәтіндер

Публицистикалық мәтіндер корпусына Жас қазақ, Жас алаш, Алматы ақшамы, Астана ақшамы, Айқын, Ақиқат журналы, Түркістан, Ана тілі, Егемен Қазақстан, Орталық Қазақстан, Қостанай таңы, Алатау, Заң (2016-2021 жж. бойынша) газеттерінде жарияланған мақалалардың электронды көшірмелері енгізілді:

№	Газет атауы	Жылы
1.	Жас алаш	2016, 2021 (қаңтар-маусым)
2.	Жас қазақ	2021 (қаңтар-маусым)
3.	Алматы ақшамы	2021 (қаңтар-маусым)
4.	Астана ақшамы	2016, 2017, 2021 (қаңтар-маусым)
5.	Айқын	2015 (қаңтар-маусым)

6.	Ақиқат журналы	2011, 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017
7.	Түркістан	2018, 2019, 2020, 2021 (қаңтар-маусым)
8.	Ана тілі	2017, 2018, 2019, 2020, 2021 (қаңтар-маусым)
9.	Егемен Қазақстан	2018, 2019, 2020, 2021 (қаңтар-маусым)
10.	Орталық Қазақстан	2018, 2019, 2020, 2021 (қаңтар-маусым)
11.	Қостанай таңы	2021 (қаңтар-маусым)
12.	Алатау	2021 (қаңтар-маусым)
13.	Заң	2021 (қаңтар-маусым)

Ал ғылыми мәтіндерге конференцияға арналған ғылыми жинақтар материалдары, Классикалық зерттеулер 23 том, Әлемдік философия 18 том және басқа да ғылыми еңбектер алынды.

Поэзия мәтіндеріне белгілі классик ақындардың шығармалары енгізілді.

Ісқағаз стилі мәтіндеріне жергілікті республикалық газеттердің ресми бөлімінде жарияланған мәтіндер, жоғары оқу орындарының ресми құжаттары, түрлі интернет сайттардан ресми мәтіндер алынды.

Көркем стиль мәтіндерін белгілі жазушылардың шығармалары алынды.

Сонымен бірге сөйлеу стилі мәтіндеріне газеттердегі сұхбаттар алынса, оқулық мәтіндеріне Алматыкітап және Мектеп баспаларынан 1-11-сыныптарға арналған гуманитарлық салаға қатысты оқулықтардан мәтіндер алынды.

Мәтіндерге 22 параметрден тұратын метабелгіленім (мәтін авторы, мәтін тақырыбы, мәтін стилі, жанр, мәтін түрі, хронотоп, дереккөз, басылым мерзімі және т.б.) жасалды.

Мәтін туралы мәлімет

- Автор туралы мәлімет (аты-жөні, жынысы, туған жылы)
- Мәтін тақырыбы
- Мәтіннің жазылу мерзімі
- Мәтін көлемі
- Мәтіннің жанры
- Мәтіннің типі
- Мәтін хронотопы
- Мәтінге тиесілі сала
- Мәтін типі
- Мәтін тақырыбы

The screenshot shows the 'Метаграммка' application window. The title bar reads 'Метаграммка - А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің V2.0'. The interface is divided into two main columns of input fields. The left column includes fields for: 'Автордың аты-жөні', 'Құрастырушы', 'Мәтін аты', 'Мерзім (жазылған уақыты)', 'Белгілеуші', 'Аудармашының аты-жөні', 'Автордың жынысы', 'Автордың туған уақыты', 'Серия аты', 'Аудитория жасы', 'Субкорпус', and 'Мәтін хронотопы'. The right column includes: 'Стиль', 'Мәтін типі', 'Сезформа саны', 'Тәртіптің типі', 'Мәтін формасы', 'Графика', 'Мәтін тақырыбы', 'Мәтін көзі', 'Корпусқа енгізілу уақыты', 'Жарық көрген уақыты', and 'Дереккөзі'. Below these fields is a large empty white rectangular area.

23 параметр енгізілген метабелгіленім бағдарламасы

Орыс тілінің ұлттық корпусын негізінен орыс әдеби тілін білдіретін прозалық түпнұсқа мәтіндерді (XVIII ғасырдың басынан), сонымен қатар (аз дәрежеде) аударма шығармаларды (түпнұсқамен параллельді), поэтикалық мәтіндерді, сондай-ақ орыс тілінің ұлттық корпусын қамтиды. Қазіргі орыс тілінің әдеби емес түрлерін білдіретін мәтіндер ретінде: ауызша (ауызша сөйлеудің жазбалары, жалпыға ортақ және жалпыға ортақ емес), диалект [3].

Негізгі корпус – орыс әдеби тілін білдіретін мәтіндерді – өзіне тән белгілері бар екі негізгі массивке бөлуге болады: қазіргі жазба мәтіндер (20 ғасырдың ортасы – 21 ғасырдың басы) және ерте мәтіндер (18 ғасырдың ортасы – 20 ғасырдың ортасы). Әдепкі бойынша, бұл массивтер бір уақытта ізделеді; хронологиялық диапазонды (және басқа параметрлерді) теңшелетін ішкі корпусты орнату бетінде орнатуға болады.

Қазіргі жазба мәтіндер

Морфологиялық белгісі бар қазіргі мәтіндердің өкілдік корпусы субкорпустың негізгі және ең көлемді бөлігі болып табылады. Бұл корпусқа қазіргі орыс әдеби (жазбаша) тілін білдіретін мәтіндердің әртүрлі түрлері кіреді:

- түрлі жанрлар мен бағыттардың қазіргі көркем прозасы
- заманауи драма
- мемуарлық және өмірбаяндық әдебиеттер
- журналистика және әдеби сын
- газет журналистикасы мен жаңалықтары
- ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқу мәтіндері
- діни және діни-философиялық мәтіндер
- өндірістік және техникалық мәтіндер
- ресми іскерлік және құқықтық мәтіндер
- күнделікті мәтіндер (жариялауға арналмаған мәтіндерді қоса алғанда: жеке хаттар, күнделіктер және т.б.)

Қорытындылай келе, қазақ тілінің ұлттық корпусында мәтіндер корпусы толыққанды жасалған. Мәтіндер базасы лексикографиялық сөздіктер дайындауда, түрлі статистикалық зерттеулер жүргізуге, тіл үйренушіге тілдің нормалары мен заңдылықтарын үйренуге, тілші-зерттеушілерге кез келген ақпараттарды тез әрі оңай табуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 б.
2. Қазақ тілінің ұлттық корпусы <https://qazcorpus.kz/>
3. Савчук С. О., Сичинева Д. В. корпус русских текстов 18 века в составе РНК: проблемы и перспективы // Национальный корпус русского языка: 2006-2008 гг. Новые результаты и перспективы. СПб.: Нестор-История, 2009. – С. 52-70.

С. М. ИМАНҚҰЛОВА
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
А. Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының
аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Алматы, Қазақстан

КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА – ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Аңдатпа. Әлемде соңғы жылдары корпус лингвистикасының рөлінің айтарлықтай артуы байқалады. Тіл білімі, мәдениеттану, әлеуметтану, тарих, когнитивтік лингвистика және басқа да гуманитарлық, тіпті техникалық ғылымдар салаларындағы әртүрлі зерттеу мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін мыңдаған корпустар бар. Олар сөзқолданыс саны, мәтіндер мен мысалдарды қамтуына байланысты ерекшеленеді.

Корпус пайда болғаннан кейін бүкіл лингвистикалық ғылым басқаша сипат алды, өйткені оның барлық жетістіктерін қазір «корпус дәуірі» контекстінде түсіндіруге болады.

Мақалада қазіргі қазақ тіл білімінің даму үдерісіне, заман өзгерісіне сай корпустық лингвистиканы ұлттық тілді зерттеу барысында ұтымды қолдану жайы қарастырылады. Филологиялық білім берудегі корпустық лингвистиканың инновациялық бағыттары талданады. Корпус негізінде инновациялық бағыттағы теориялық және қолданбалы зерттеулер нақтыланады. Қазақ тілінің лингвистикалық корпустарындағы фонетикалық, фонологиялық, семантикалық, лексикалық, морфологиялық метабелгіленімдер өзара салыстырылады. Олардың ерекшеліктері бойынша қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: лингвистикалық корпустар, қазақ тіл білімі, филологиялық білім беру, лингвистикалық зерттеулер, инновациялық бағыт.

Аннотация. В последние годы наблюдается заметное повышение роли корпусной лингвистики в мире. Число доступных корпусов исчисляется тысячами, позволяя решать самые разные исследовательские задачи в области лингвистики, культурологии, социологии, истории, когнитивной лингвистики и других гуманитарных, даже технических наук. Они различаются количеством формы слов, содержанием текстов и примеров.

После появления корпусов вся лингвистика приобрела иной характер, поскольку все ее достижения теперь можно объяснить в контексте «корпусной эпохи».

В статье рассматривается рациональное использование корпусной лингвистики при изучении национального языка в соответствии с процессом развития современного казахского языкознания, изменениями времени. Анализируются инновационные направления корпусной лингвистики в филологическом образовании. На основе корпуса уточняются теоретические и прикладные исследования инновационного направления. Сопоставляются фонетические, фонологические, семантические, лексические, морфологические метаразметки в лингвистических корпусах казахского языка. На основании их особенностей делается вывод.

Ключевые слова: лингвистические корпусы, казахское языкознание, филологическое образование, лингвистические исследования, инновационное направление.

Annotation. In recent years, there has been a noticeable increase in the role of corpus linguistics in the world. The number of available corpora is in the thousands, allowing one to solve a variety of research problems in the fields of linguistics, cultural studies, sociology, history, cognitive linguistics and other humanities, even technical sciences. They differ in the number of word forms, content of texts and examples.

After the advent of corpora, the whole of linguistics took on a different character, since all its achievements can now be explained in the context of the «corpus era».

The article discusses the rational use of corpus linguistics in the study of the national language in accordance with the process of development of modern Kazakh linguistics and changes of time. Innovative directions of corpus linguistics in philological education are analyzed. Based on the corpus, theoretical and applied research in the innovative direction is clarified. Phonetic, phonological, semantic, lexical, morphological meta-markings in linguistic corpora of the Kazakh language are compared. Based on their characteristics, a conclusion is drawn.

Key words: linguistic corpora, Kazakh linguistics, philological education, linguistic research, innovative direction.

Біз инновациялық технологиялар дамыған ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологиялар өзіндік «төңкеріс» жасап, мәтінді, графиканы, бейнекескіндерді, сөйлеу мен музыканы және т.б. цифрлы түрде біріктіруге мүмкіндік тудырып отыр. Цифрлық технологиялар негізінде білімді жинақтау, ұсыну және алудың қуатты инновациялық құралдары жасалуда. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тарату білім беру саласының аумағын едәуір кеңейтіп, цифрландыру мен ақпараттандыру қажеттілігін тудырды. Бұл үрдістің әсері қазіргі қоғамдағы ақпарат ағынының сандық көрсеткіштерінің өсуімен ерекше күшейе түсті.

Соңғы онжылдықта әртүрлі дереккөздерден келетін цифрлық мәліметтер көлемінің қарқынды өсуі байқалады. Мысалы, әлемде күн сайын 2,5 квинтиллион байт деректер өндіріледі екен және барлық деректердің 90%-ы соңғы екі жылда жасалған. Осындай үлкен көлемдегі деректерді басқару және ең бастысы тез шешім қабылдау қиындай түседі. Статистердің деректеріне қарағанда, ақпаратты тұтынушы адамның пайдалы уақытының 80 пайызы қажетті мәліметтерді іздеу, талдау және сұрыптау үшін ғана кетеді екен.

Осылайша, ақпараттық қызметті жаңаша жолға қою үшін тілдік мәліметтерді өңдеудің жаңа әдістерін іздестіру қажеттігі туындады. Яғни, табиғи тілдегі ақпарат ағымын «тізгіндеудің» ең бір ұтымды жолы ретінде қазіргі заманда жаңа технологияны (электронды-есептеу техникасын) – компьютер мүмкіндіктерін пайдалану қарқын алды. «Қазіргі қазақ тіл білімінің даму үдерісі заман өзгерісіне сай, жаңа технологияны – компьютер мүмкіндіктерін ұлттық тілді зерттеу барысында кең түрде қолдануды қажет етуде» [1, 534]. Осы себепті компьютерлік лингвистиканың бір саласы ретінде – корпустық лингвистика дүниеге келді.

«Лингвистикалық корпус» ұғымы 20 ғасырдың ортасында пайда болғанымен, бұл кезеңде корпус лингвистикасы дами қоймады. Оған бірнеше фактор кедергі болды. Бірінші фактор – қуатты есептеуіш машиналардың болмауы, екінші фактор – сол кездегі көптеген жетекші лингвист ғалымдар мен басқа да ғылым өкілдерінің корпустық лингвистиканы қабылдамауы. Үшінші фактор – ғылыми зерттеулердің көптеген бағыттары дамымағандықтан, лингвистикалық корпусты жасаушылардың өздері бұл саланың болашағынан хабардар болмады [2, 1-4].

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты уақыт өте келе лингвистер корпус құру пен корпус лингвистикасына деген көзқарасын өзгертті. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында компьютерлік технологиялар көптеген ғалымдарға қолжетімді болды, ал компьютерлердің өнімділігі қарқынды түрде өсе бастады. Бұл лингвистерге миллиондаған түпнұсқа мәтіндер мен сөздерді қамтитын лингвистикалық корпусты дамытуға мүмкіндік берді.

Корпус пайда болғаннан кейін бүкіл лингвистикалық ғылым басқаша сипат алды, өйткені оның барлық жетістіктерін қазір «корпус дәуірі» («корпусная эпоха» – В.А. Плуноян термині) [3] контекстінде түсіндіруге болады.

Корпус лингвистикасы тіл білімінің жеке саласы ретінде іргелес лингвистикалық пәндермен – есептеу (математикалық) лингвистикасы, компьютерлік лингвистика, дискурстық талдау, лексикографиямен тығыз байланысты. Корпус лингвистикасын басқа лингвистикалық пәндермен байланыстыратын – мәтіндер корпусы, мәтіндер басқа лингвистикалық пәндер үшін бастапқы эмпирикалық материал болып табылады. Осы жағдай корпус лингвистикасы мен фонетика, лексикология, грамматика және стилистика арасында тығыз байланыс орнатуға негіз болады.

Тілші-теоретиктер корпустарды өз теорияларын дәлелдеуге, тілдік болжам жасауға қажетті құрал ретінде қолданса, практиктер корпусты қолданбалы тұрғыдан тілді үйретуге, сөздің мағынасын, семантикасын анықтауға, мәтін ішіндегі сөздерге фонетикалық, фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасауға, мәтін туралы метаақпарат алуға, мәтінді талдау жұмыстарын автоматтандырға, тілдік модельдер жасауға, және басқа да лингвистикалық зерттеулерінде қолдана бастады.

Корпустық лингвистиканың әлемдегі рөлінің айтарлықтай өсуі қазақ тілінің корпустарын дамытуға да өз әсерін тигізді. Шетелдің озық тәжірибесі нәтижесінде лингвистикалық корпустар құрылып (Алматы қазақ тілі корпусы – <http://web-corpora.net/KazakhCorpus>, Қазақ тілінің ұлттық корпусы – <https://qazcorpus.kz>, Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы – <https://best.qazcorpora.kz>), лингвистикалық ортаға таныла бастады.

Соңғы 20 жыл көлемінде қазақ тілінің лингвистикалық корпусына қатысты көптеген еңбектер жарық көріп, қазақ тілі корпустарын құру мәселесі жан-жақты зерттеле бастады. Тек қана А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлерінің корпустық лингвистика, қазақ тілінің ұлттық корпусы туралы жарық көрген мақалаларының саны 83-ке жетіпті (қараңыз: <https://qazcorpus.kz/about/6/>).

Корпустық лингвистиканың филологиялық білім берудегі маңызына тоқталайық.

I. Ең алдымен корпустар – лингвистикалық зерттеулер мен қолданбалы жұмыстар үшін таптырмайтын құрал, инновациялық үрдіс.

1. Корпус негізінде фонетикалық зерттеулер жүргізу А. Жаңабекова, А. Қаршығаева, А. Аманбаева [4], Ж. Жұмабаева [5] еңбектерінде айтылған. Қолданбалы тұрғыда төмендегідей фонетикалық, фонологиялық талдау жасауда пайдалануға болады.

«Құқық» сөзіне фонетикалық, фонологиялық талдау.

1-кесте

«Құқық» сөзі (Қазақ тілінің ұлттық корпусы)

Лемма	құқық
Морфология	эт,ы/тж-3+н/те
Сөзжасам	ық -> Эт.эт.туд.ж
Семантика	
Лексика	1. Бір нәрсені жүзеге асырудың, әрекет етудің мүмкіндігі. 2. Негіз, себеп. 3. Құжат түрі. 4. Мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық. Хұқық. 5. қ ұ ы қ. Қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, мемлекет тарапынан белгіленетін және қорғалатын ережелер мен жиынтығы соны зерттейтін ғылым саласы.
Мәдени-семантика	
Мәдени-тіркесім өрісі	
Фонология	<қ> тілшік нық тоғысынқы көмей қуысты; қатаң дауыссыз фонема, <у> қысаң, еріндік, тіларты; жуан дауысты фонема, <қ> тілшік нық тоғысынқы көмей қуысты; қатаң дауыссыз фонема, <ы> қысаң, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <р> тілшік босаң тоғысынқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема, <ы> қысаң, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <н> тіл ұшы, босаң тоғысынқы көмей қуысты мұрын жолды; үнді дауыссыз фонема.,
Фонетика	құқығын Жуан тембр, құ - Ашық буын, қы - Ашық буын, ғын - Бітеу буын

2-кесте

«Құқық» сөзі (Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы)

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ
Қазақша [Русский](#) [English](#)

- [Басты бет](#)
- [Корпустан іздеу](#)
- [Статистика](#)
- [Графика](#)
- [Шартты белгілер](#)
- [Жаңалықтар](#)
- [Аудиоқор](#)

Іздеу нәтижесі

Корпус көлемі: 13 420 құжат, 13 030 789 сөз

«құқық»

құ-қық

Қ - дауыссыз, қатаң, шұғыл, тілшік, тоғысынқы **У** - дауысты, жуан, қысаң, еріндік, тіл арты **К** - дауыссыз, қатаң, шұғыл, тілшік, тоғысынқы **Ы** - дауысты, қысаң, езулік, тіл арты **Қ** - дауыссыз, қатаң, шұғыл, тілшік, тоғысынқы

1052 құжат табылды

«Құқық» сөзі (Алматы қазақ тілінің корпусы)

25 құжаттан 85 сөзқолданысы табылды. Фонетикалық, фонологиялық талдау жоқ.

табылды: 85 кірігу, 25 құжаттар			
1. Айқын	2013		мәтінді ұлғайту
Ал Ресей, Украина және Франция 1957 жылы 13 желтоқсанда Парижде қол қойылған Құқық бұзушыларды ұстап беру туралы конвенцияның қатысушылары.			
2. Айқын	2013	құқық (N) sg,nom юридическое право	мәтінді ұлғайту
Қашқынға құрық салуға Ресей мен Украинаның құқық қорғау органдары да құлшына кіріс			
3. Айқын	2013	құқық (N) sg,nom право	мәтінді ұлғайту
Олардың қатарында Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, Қазақстан бас редакторлар клубының президенті Кенжеболат Жолдыбай, Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығының төрайымы Раушан Сәрсенбаева, Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының президенті Есенжол Алияров, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығының басқарма мүшесі Рахилия Махпирова, Қазақстан Азаматтық альянсы директоры Ильдар Катенов, Еуропалық құқық және адам құқықтары сараптамалық институтының директоры Марат Башимов, Демократия институты ғылыми-зерттеу қауымдастығы жобалар бойынша директоры Юлия Кучинская, Қазақстан жастар конгресінің атқарушы директоры Роллан Құспанов бар. – Ауыл әкімдерін сайлау арқылы 17 миллион халықтың 7 жарым миллионнан астамының құқы белгіленеді.			

2. Корпустар – лексикалық зерттеулер жасауға, сөздік құруға, жаңа сөздердің пайда болуына бағыт-бағдар беруші құрал

а) Лингвистикалық корпустардың қазақ тілінің лексикография саласына қосар үлесі мол. Қазіргі таңдағы Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы 40 мың, Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусындағы 13 мыңнан аса, Алматы қазақ тілі корпусының 40 млн сөзқолданысы аясында әр түрлі сөздіктер құрастыруға болады. Қазіргі ағылшын тілінің сөздіктерінің барлығы дерлік корпус негізінде құрастырылған. Оған мысал ретінде Cobuild Project корпусы негізінде құрастырылған Collins баспасының сөздіктерін, «Ағылшын тілінің американдық нұсқадағы сөздігі», «Оксфорд ағылшын тілінің сөздігі», оның негізінде құрастырылған «Ағылшын диалект сөздігі» сияқты және т.б. [6-135 б.] келтіруге болады. Сондай-ақ Кембридж университеті бұл бағытта алғашқылардың бірі болып, өздері жасаған лингвистикалық корпус негізінде сөздіктер құрастырған.

Корпустар тіл туралы өте қызықты лексикографиялық ақпарат та бере алады. Мысалы, шағын London-Lund Corpus-ында «good» сөзі 800 рет кездеседі екен. Оның сын есім ретінде 20 мағынасы бар, сонымен қатар түрлі қызметті шылау қызметін де атқарады екен. Бұл мағыналардың барлығының қолдану жиілігі әртүрлі [7].

ә) Корпуста сөздердің тіркесімділігін, шынайы түрде сөздердің қалай үйлесетіндігін, олардың теориялық тұрғыдан жиілігін статистикалық мәліметтер арқылы тез анықтауға болады. Осылайша корпустық талдау тілдік сипаттама саласындағы зерттеулерге жол ашады. Корпусты зерттеушілер «ұлттық корпустарға негізделген зерттеу «эмпирикалық қолдау түрінде көрініс табады және корпустар сандық зерттеулер жүргізу үшін сөздердің, фразалар мен сөз тіркестердің қолдану жиілігі туралы ақпарат бере алады. Сандық зерттеулер (әрине олар көбінде сапалық талдауға негізделеді) теориялық және компьютерлік лингвистиканың көптеген аясында қолданыс табады. Олар әртүрлі сөйлеушілер топтарының немесе әртүрлі мәтіндер типтерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды көрсетеді, психолінгвистикалық және тағы да басқа зерттеулер үшін деректердің қолдану жиілігін айқындауға мүмкіндік береді» [8, 86], – дейді.

б) Корпустар тілдегі сөзқолданыстарының жиынтығын контекст бойынша нақты анықтауға көмектеседі, жаңа сөз формаларының пайда болуын көрсетеді және бір сөздің әртүрлі мағыналарын және олардың салыстырмалы жиілігін нақтылау үшін қолданылады.

Корпустарда конкорданстарды пайдалана отырып, сөздердің мағынасын, семантикасын ашуға байланысты төмендегідей қолданбалы зерттеулер жүргізуге де болады.

ҚЫЗ

Қазақ тілінің ұлттық корпусында 1 мин ішінде табылған құжаттар саны «қыз» - 39292 (02.11.23 жыл).


«Қыз» сөзінің мағынасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусы)

Лемма	қыз
Морфология	зт
Сөзжасам	
Семантика	жалпы, дара, түбір, деректі
Лексика	1. Әйел бала, ұрғашы жынысты сәби. 2. Күйеуге тимеген бойжеткен. 3. э к с п р. Жігіттің көңіл қосқан, жүріп жүрген адамы, қалыңдық. Ішінен қан өтетін сиыр ауруы.
Мәдени-семантика	
Мәдени-тіркесім өрісі	
Фонология	<қ> тілшік нық тоғысыңқы көмей қуысты; қатаң дауыссыз фонема, <ы> қысаң, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <з> тіл ұшы босаң жуысыңқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема,
Фонетика	қыз Жуан тембр, қыз - Бітеу буын
Лемма	қыз
Морфология	ет
Сөзжасам	
Семантика	дара, түбір, негізгі, салт
Лексика	1. Жылыну, ысу. 2. Адам денесінің ыстығы көтерілу, еті қызып ауыру. 3. Ішімдік ішіп масаю. 4. а у ы с. Өрекпу, өршелену, көтеріліп кету. 5. Удей түсу, қарқындау. 6. Жылу әсерінен бүліну, көгеру, иістену.
Мәдени-семантика	
Мәдени-тіркесім өрісі	
Фонология	<қ> тілшік нық тоғысыңқы көмей қуысты; қатаң дауыссыз фонема, <ы> қысаң, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <з> тіл ұшы босаң жуысыңқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема,
Фонетика	қыз Жуан тембр, қыз - Бітеу буын

«Қыз» сөзінің семантикалық мағынасын да, 2 түрлі лексикалық мағынасын (зат есім, етістік) да шығарып берді. Зат есім ретіндегі 4 лексикалық мағынасын көрсетіп берді (соңғы мағынасы жалпы қауымға таныс емес.). Етістік сөз табы ретіндегі 6 лексикалық мағынасын ашып берді.


Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусында 1354 құжат табылды (02.11.23).

«Қыз» сөзінің мағынасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы)

ҚЫЗ 	
Лемма	қыз [qyz]
Морфология	1) зт, АС, дара, негізгі 2) зт, ЖЖ-ЗЖ, дара, негізгі
Семантика	Жалпы, Адз., Дер.
Сөзжасам	зт/∅
Лексика	қыз - 1. зт. Ата-ананың перзенті. 2. зт. Жігіттің көңіл қосқан адамы, қалыңдық.
Sozdikqor.kz жүйесінен іздеу Termincom.kz жүйесінен іздеу	
Қате жайлы хабарлау	

Семантикасы: Жалпы, адз., дер. 2 лексикалық мағынасын шығарып берді: қыз - 1. зт. Ата-ананың перзенті. 2. зт. Жігіттің көңіл қосқан адамы, қалыңдық.

«Қыз» сөзінің графикасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы)



Графикасы: Бұл сөздің 2017-2021 жылдар аралығында, әсіресе 2020 жылы 1334 рет ізделгендігін байқауға болады.

Алматы қазақ тілі корпусында 1 265 кірігу/вхождений, 52 құжат табылды деп көрсетілген.

«Қыз» сөзінің мағынасы (Алматы қазақ тілінің корпусы)

ҚЫЗ (N) sg,nom девушка; девочка; девица; дочка; дочь
Қыздар-ау (N) sg,nom девушки; девицы;
Қызу (V) impf,2,sg разогреться; согревание; буйно; бурно; возбуждение; жар; горячиться; хмель
Қызындай (A) ros как своя дочь

Атаулық мағынасы (N) мен қимылдық мағынасы V(рай) және сындық мағынасы (A) көрсетілген. Терминдер ағылшын тілінде. Мағынасы орыс тілінде берілген.

Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде (10 том) [9, 479 б.]:

«Қыз зат. 1. Әйел бала, ұрғашы жынысты сәби. 2. Күйеуге тимеген бойжеткен. 3. экспр. Жігіттің көңіл қосқан, жүріп жүрген адамы, алғалы жүрген қалыңдығы» деп көрсетілсе, ҚТҰК – 4, ҚТҰК кіші корпусында – 2, АТК – 5 мағынасы көрсетілген, алайда мысалдары жоқ.

ӘДЕМІЛІК

Қазақ тілінің ұлттық корпусында табылған құжаттар саны «әдемілік» - 409. Іздеу уақыты - 0.583 сек. (02.11.23)

«Әдемілік» сөзінің мағынасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусы)

Лемма	әдемілік
Морфология	эт
Сөзжасам	лік -> Ес.сн.туд.ж.
Семантика	
Лексика	1. Сүйкімділік, тартымдылық, ұнамдылық. 2. Өсерлік, үйлесімділік, бедерлік, нақыштылық. 3. э с т. Сұлулық, көркемдік, әсемдік. 4. Жарасымдылық, сәнділік.
Мәдени-семантика	
Мәдени-тіркесім өрісі	
Фонология	<ә> ашық, езулік, тілалды; жінішке дауысты фонема, <д> тіл ұшы босаң тоғысыңқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема, <е> жартылай ашық, езулік тілалды; жінішке дауысты фонема, <ы> ерін-ерін бос тоғысыңқы ауыз қуысты мұрын жолды; үнді дауыссыз фонема, <і> қысаң, езулік, тілалды; жінішке дауысты фонема, <п> тіл ұшы бос тоғысыңқы көмей қуысты ауыз жолды; үнді дауыссыз фонема, <і> қысаң, езулік, тілалды; жінішке дауысты фонема, <к> тіл ортасы нық тоғысыңқы ауыз қуысты; қатаң дауыссыз фонема,
Фонетика	әдемілік Жінішке тембр, ә - Дауысты буын, де - Ашық буын, мі - Ашық буын, лік - Бітеу буын

Семантикалық белгіленім қойылмаған, 4 түрлі лексикалық мағынасын ашты. Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусында 18 құжат табылды (02.11.23).

7-кесте


«Әдемілік» сөзінің мағынасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы)

Әдемілік	
Лемма	әдемілік [ademilik]
Морфология	зт, АС, дара, туынды
Семантика	Жалпы, Ғалз., Дер.
Сөзжасам	лік/ес.ес.туд.ж.
Лексика	әдемілік - 1. зт. Сүйкімділік, тартымдылық, ұнамдылық. 2. зт. Әсерлілік, үйлесімділік, бедерлілік, нақыштылық. 3. зт. эст. Сұлулық, көркемдік, әсемдік. 4. зт. Жарасымдылық, сәнділік.
Sozdikqor.kz жүйесінен іздеу Termincom.kz жүйесінен іздеу	
Қате жайлы хабарлау	

Семантикасын көрсеткен, алдыңғы корпустағымен ұқсас 4 түрлі лексикалық мағынасын ашты.

7.1-кесте

«Әдемілік» сөзінің графикасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы)



Графикасы: 2019-2020 жылдар аралығында 5-тен 13-ке дейін ізделген екен.

8-кесте

«Әдемілік» сөзінің мағынасы (Алматы қазақ тілінің корпусы) 3 кірігу, 2 құжат (02.11.23)

<p>әдемілік (N) sg,nom живописность; красота; миловидность; прекрасное; привлекательность</p>
--

Атаулық мағынасы (A) көрсетілген. Терминдер ағылшын тілінде. Мағынасы орыс тілінде көрсетілген.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде (2 том, 358-б.):

«Әдемілік зат. 1. Сүйкімділік, тартымдылық, ұнамдылық. 2. Әсерлілік, үйлесімділік, бедерлілік, нақыштылық. 3. эст. Сұлулық, көркемдік, әсемдік. 4. Жарасымдылық, сәнділік» деп берілсе, алдыңғы 2 корпустағы бұл сөздің лексикалық мағынасы сәйкес келеді.

Лексикалық зерттеулер филолог мамандарға төмендегідей қолданбалы жұмыстар атқаруға:

– кез келген сөзге конкорданс құру (берілген контекстегі барлық сөзқолданыстарының сілтемелері мен дереккөздерінің тізімі);

– сөзқолданыстарының, лексемалардың, грамматикалық категориялардың жиілігі туралы мәліметтер алу, сөз жиіліктері мен контекстердің түрлі уақыт кезеңіндегі өзгерістерін қадағалау, лексикалық бірліктердің өзара қатар келуі туралы мәліметтер алу және т.б.;

– тілдің лексикалық құрамының өзгеру процестерінің динамикасын зерттеу, түрлі жанр және әртүрлі авторлар арасындағы лексика- грамматикалық сипаттамаларды талдау және т.б.;

– корпусты түрлі тарихи және заманауи сөздіктерді дайындау бойынша лексикографиялық жұмыстың негізгі дереккөзі және құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

3. Корпус негізіндегі грамматикалық зерттеулер тілді жаңа қырынан ашуға мүмкіндік береді

Грамматикалық зерттеулерді негізінен тілдегі шақтардың қолданылу жиілігін анықтауға, грамматикалық формалардың рөлін, морфемалардың жиілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдердің түрлерін және т.б. анықтауға пайдалануға болады. Сондай-ақ, лингвистикалық корпустың көмегімен ғалымдар грамматиканы оқытуда мұғалімдерге көмектесетін грамматикалық заңдылықтар жасай алды. Әрбір мұғалім әзірленген үлгілерді (шаблондарды) пайдалана алады немесе грамматикалық құбылысты зерттеуді қажет ететін контексте ЛК-қа ең қажетті үлгілерді таба алады.

Грамматикалық зерттеулерде етістік формаларының, көсемшелердің, жалғаулықтардың, үстеулердің, т.б. қолданудың әртүрлі аспектілеріне арналған еңбектерді айтуға болады. Етістік формаларын зерттеу ерекше орын алады, өйткені Браун корпусы мен Ланкастер-Осло/Берген корпусын зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеушілер етістіктер корпустың барлық сөздердің 20%-ын құрайды, ең жиі қолданылатын 23 етістік барлық етістікті сөзқолданыстарының 95%-ын құрайды деген қорытындыға келеді [7, 29]. Сондай-ақ модальді етістіктер де жиі зерттеледі екен. Ал ырықсыз етіс (пассивный залог) формалары көркем шығармалардан гөрі ақпараттық прозада жиі пайдаланылған, ал жарнама мәтіндеріне қарағанда ғылыми мәтіндерде 8 есе жиі қолданылғанын анықтаған.

«Грамматикалық құбылыстар заңдылығын қазақ тілі корпустары бойынша да анықтауға болады. Мұндай зерттеулер әрине бұған дейін де жүргізілген. Алайда корпус массиві мұндай зерттеулердің мүмкіндігін бұрынғыдан мыңдаған есе арттырады. Көлемді регистрлер бойынша анализ жасауға мүмкіндік береді», – дейді корпусты зерттеушілер [8, 91].

Қазақ тілінің корпустары бойынша тек морфологиялық талдаулар жасалынады, синтаксистік белгіленім қазақ тілді корпустарда қойылмаған. Негізгі себеп – тілді автоматты синтаксистік талдаудың (парсинг) күрделілігі.

Грамматикалық жаттығуларды құру үшін мәтіндегі барлық лексемалар үшін автоматты морфологиялық талдау және лемматизация жүргізіледі. Осыдан кейін жүйе мәтіннен токендерді/лексемаларды шығарады, олар жаттығуларға негіз болады. Жаттығуларға арналған тақырыптарды оқытушы немесе филолог өзі белгілей алады. Осылайша, білім алушы 5-10 сөзден немесе 1-5 сөйлемнен тұратын мәтін үзіндісі негізінде құрылған жеке жаттығуларды алады. Алынған жаттығу бойынша сөздердің морфологиялық талдауын қарап, сөздің негізгі тұлғасын, қосымшалардың жалғануын анықтап, тексере алады.

Грамматикалық тапсырмаларды құру кезінде маңызды бір шектеуді ескеру керек, ол омонимдерге қатысты. Омонимді сөзқолданыстары талдауға алынбайды.

Морфологиялық белгіленім қойылған сөздердің грамматикалық талдауына назар аударсақ:

9-кесте

«Дамыту» сөзінің морфологиялық белгіленімі (Қазақ тілінің ұлттық корпусы)

Лемма	дамыту
Морфология	ет_ды/жөш+ң/ар+жж-2ж
Сөзжасам	
Семантика	
Лексика	Дамыт етістігінің қиып атауы. 1. Жетілдіру, ілгерлету, жақсарту қолданысын арттырып, кеңейту. 2. Күшейту, одан ері нығайту.
Мәдени-семантика	
Мәдени-тіркесім өрісі	
Фонология	<д> тіл ұшы босан тоғысыңқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема, <а> ашық, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <м> ерін-ерін бос тоғысыңқы ауыз қуысты мұрын жолды; үнді дауыссыз фонема, <ы> қысаң, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <т> тіл ұшы нық тоғысыңқы көмей қуысты; катан дауыссыз фонема, <р> ерін-ерін бос тоғысыңқы көмей қуысты күміз жолды; үнді дауыссыз фонема, <д> тіл ұшы босан тоғысыңқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема, <ы> қысаң, езулік, тіларты; жуан дауысты фонема, <ң> тілшік бос тоғысыңқы көмей қуысты мұрын жолды; үнді дауыссыз фонема.
Фонетика	дамытудын Жуан тембр, да - Ашық буын, мы - Ашық буын, туд - Бігеу буын, ын - Бігеу буын

Корпустан іздеген енгізу, ендіру, жетілдір, қолдану сөздеріне морфологиялық белгіленім қойылмаған, дамыту сөзін анализатор дұрыс талдамаған.

Дұрысы: түбірі/негіз сөз – дамы, -т – өзгелік етіс жұрнағы, -у – тұйық етістік жұрнағы.

10-кесте

«Дамыту» сөзінің морфологиялық белгіленімі (Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы)

Лемма	дамыт [damyt]
Морфология	ет, Көсемше, ЖЖ-1Ж, дара, туынды
Семантика	СабЕт, Б-ды ет
Сөзжасам	т/ет.ет.туд.ж.
Лексика	дамыт - 1. ет. Жаңарту, қозғау салу, күшейту. 2. ет. Өсіп, өркендеу. 3. ет. Ілгерілету, өрбітіп әкету.
Sozdikqor.kz жүйесінен ізлеу Termincom.kz жүйесінен ізлеу	

Дамытамын

Анализатор негіз сөзді «дамы» емес, «дамыт» деп танып тұр, -а көсемшенің жұрнағы, -мын жіктік жалғауының 1 жағы деп көрсетсе, сөзжасамда: -т – етістіктен етістік тудыратын жұрнақ деп тұр.

11-кесте

«Дамыту» сөзінің морфологиялық белгіленімі (Алматы қазақ тілінің корпусы)

дамыту (V) indic,fut,1,sg градация; нарастание; развить; разработать; развивать
--

Бұл корпуста морфологиялық белгіленім ағылшынша берілген. Жоғарыда аталған корпустарда морфологиялық белгіленім әлі толықтай орнатылмағандығын байқаймыз. Сөздің түбірі (корпуста – негіз сөз) біркелкі анықталмаған. Әлі де біраз жұмыстар жасалуы керек.

II. Корпуста автоматтандырылған аударма қызметтерінің болуы әр түрлі сала мамандарымен қоса филолог мамандардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

Мұндай ресурстарды филологтер өз кәсібінде ұтымды пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік тұрғыдан алғанда, мұндай ресурстар қазіргі заманғы машиналық аударма (МА) жүйелерінің мүмкіндіктерін тәжірибеде зерделеу, МА лингвистикалық мәселелерін талдау, МА тапсырмаларын тұжырымдау және т.б. үшін өте жақсы платформа болып табылады.

Бұл көптеген трансұлттық компаниялар өз зерттеулерін жүргізетін ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі. Мысал ретінде «Google Translator», «Yandex Translator» және т.б. бағдарламаларды келтіруге болады. Бұл бағытта мәтінді автоматты аударуда бірнеше аударма баламасы бар терминологиялық және фразеологиялық сөздердің контекстерін іздеу, параллель мәтіндерден аударма баламаларын іздеу және т.б. жұмыстар атқарылады.

Параллель корпустың маңызы басқа корпустар сияқты оның көлеміне және тілдердің санына қарай артады. Осы себепті әлемдегі ең ірі параллельді корпус болып табылатын Acquis Communautaire-тің маңыздылығын бағалау қиын. Оның екі түрлі артықшылығы – қолжетімділік және «малта-эстон», «словен-фин» сияқты сирек жұп тілдердің болуы.

Екітілді корпус – филолог аудармашылар үшін өз біліктіліктерін шыңдайтын орын. Бұл жағдайда корпусты жеке мақсат үшін емес, кейбір тілдік деректерді алу үшін қолдануға болады. Корпустан аударманың нәтижесін (түпнұсқа мен аударма) немесе контрастивтік зерттеуді (2 тілдегі бірдей мәтінді салыстыру) алуға болады.

Корпустарды көптеген мақсаттарда пайдалануға болады. Мысалы:

- әдеттегі аударма тәсілдері мен түрлендіруді (трансформация) анықтау
- статистикалық автоматты аудару жүйелерін оқыту
- біртілді және көптілді сөздіктер құру
- ақпаратты алу бағдарламаларын оқыту және тестілеу

- аударма дәлдігін автоматты тексеру
- басқа да операцияларды таңдау арқылы аудармашының жұмысын жеңілдетуде қолдануға болады.

III. Корпус – сот-сараптамалық лингвистикада да жаңа бағыт. Лингвистикалық корпусы қылмыскерлердің сөздік құрамы мен стилін зерттеуде қолдануға болады, плагиат тергеуге болады немесе қолданылған мәлімдемелердің құрылымы бойынша авторын анықтауға болады.

IV. Әлеуметтік лингвистикада зерттеу жүргізуге болады.

Лингвистикалық корпус аймақтың, белгілі тап өкілдерінің тілдік ерекшеліктерін және ана тілінде сөйлеушінің басқа да ерекшеліктерін (жас, жыныс, т.б.) анықтауға мүмкіндік береді [8, 8-11].

V. Корпустар – мәтін лингвистикасында автоматтанған жүйелерді тілдік тұрғыдан қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешуде әмбебап құрал. Әсіресе, «адам-компьютер-мәтін» жүйесіндегі жасанды интеллектіні құрастыру бағытында жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерге сүйену маңызды.

Корпуста мәтін түрлерін ажырату, конкорданс құру, сөйлемдердегі абзацтар мен абзац арасындағы байланыстарды айқындау және т.б. жұмыстар атқарылады. «Қазіргі кезде мәтінді автоматты өңдеу (МАӨ) жүйелерінің сан алуан түрлері бар. Олар бір-бірінен тек алға қойылған мәселелерімен, жүзеге асыру деңгейімен, пәндік аямен ғана айырым тауып қоймай, сонымен бірге ақпараттық базамен, сөздіктермен қамтамасыз етілу негіздерімен де ерекшеленеді. Бұл, ең алдымен, зерттеушілер ұжымының әрқелкілігімен түсіндірілсе, екіншіден, МАӨ жүйелерін лингвистикалық қамтамасыз етудің теориясының әлі де болса ойдағыдай болмауымен түсіндіріледі» [10, 8-11].

VI. Корпустық лингвистиканы оқу үдерісіне қолдану – заман талабы.

Корпустар оқу үдерісіне синхронды, диахронды түрде белсенді кіріктірілгендіктен, корпустық технологияларға негізделген жаттығуларды құрастыру әдістемесі – тапсырмалардың жетіспеушілік мәселесін жылдам шешеді. Әрі корпустардан тез мысал табу жылдамдығын арттырады. Бұл туындаған идеяға немесе мәселеге сай тапсырмаларды қажетінше құрастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеушілер корпусың көмегімен қандай жаттығуларды, тапсырмаларды әзірлеуге болатынын ғана емес, сонымен қатар қандай тілдік деңгейді дамыту керек және оны қалай орындауға, қандай әдісті таңдауға болатынын да көрсетеді дейді. [11, 124] Яғни, корпустық лингвистика оқу үдерісінде компьютерлік лингводидактиканың тиімділігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Корпус негізінде сөздік, грамматиканы қайта жазуға болатыны жоғарыда айтылды. Сондай-ақ оқу мақсатында корпустан дәйексөздердің, шығармалардың үзінділерін таңдау, оқытуды ұйымдастыру үшін оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешен құрастыру және т.б. жұмыстар атқаруға болады.

VII. Тестілеу бағдарламаларында сөзді, жауаптарды автоматты талдау мен жинақтау және т.б.

Корпустық лингвистиканың көмегімен тағы қандай зерттеу бағыттарын ашуға болатыны белгісіз. Себебі корпустық лингвистика жаңа, әлі толық зерттелмеген сала. Лингвистикалық корпустағы мәтіндерді таңдаудың қатаң жалпы қабылданған критерийлері жоқ. Олар әлі күнге дейін ғалымдар арасында пікірталас нысаны болып табылады.

Материалды таңдау тақырыптық, жағдаяттық принциптер мен сабақтастық принципі бойынша жүзеге асырылады. Лексикалық тұрғыдан аса бай болып келетін корпустар танымдық құндылық пен ақпараттық мазмұнның көрсеткіші. Сондай-ақ мамандардың білім қорын, олардың оқу іс-әрекетінің уәжділігін және болашақ мамандығына деген қызығушылықтың қалыптасу дәрежесін де ескеру қажет.

Қорыта келгенде, корпустық лингвистика – тіл біліміндегі жарты ғасырдан астам уақыт бойы өмір сүріп келе жатқан және әртүрлі лингвистикалық (және басқа да) мәселелерді шешу үшін корпустарды құру және пайдаланумен айналысатын жаңа бағыт. Бүгінде лингвистикалық корпустар қазақ тіл білімінің ажырамас бөлігіне, оның іргетастарының біріне айналды.

Ұлттық корпустардың пайда болуы лингвистерге зерттелетін объектілердің көптігіне, қажырлық пен уақытқа байланысты бұрын мүмкін болмаған нәрсені ашуға мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда сандық және сапалық зерттеулердің барлығы компьютердің көмегімен жүзеге асырылады.

Алайда мақаламызға тиек болған бағыттар бойынша корпустық лингвистика саласының мәселелері жеткілікті. Оны тек А. Байтұрсынұлы атындағы институт қызметкерлері болмаса Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» мамандары ғана емес, барлық қазақ тілі лингвистері жұмыла отырып, жұмыс істеуі керек. Корпустардағы сөзқолданыстары көптеген лингвистикалық мәселелерді шешуге жеткіліксіз, кем дегенде 1 млн сөзден тұруы керек. Корпустардағы лексикалық-семантикалық, морфологиялық белгіленімдерді тіл саласының кәсіби мамандары қайта тексеріп, сүзгіден өткізіп, дұрыс талдау жасауы керек. Синтаксистік белгіленімдерді жасау – кезек күттірмейтін жұмыс, ертерек қолға алынғаны жөн. Десек те, фонетика-фонологиялық белгіленімдердің жақсы жолға қойылғандығы, 9 ішкорпустың жасалғаны қуантарлық жағдай.

Тілдік корпустармен жұмыс істеу ғылыми-зерттеу жұмыстарын автоматтандырып, ғылымды дамытуға орасан зор үлес қосатындығы сөзсіз.

Жоғарыда сөз болған корпустық лингвистиканың теориялық және қолданбалы жақтарын филологиялық білім беруде пайдалану қазақ тілін цифрлық кеңістікке шығаруға жол ашады.

Корпустық лингвистика – қазақ тілін мүмкіндігінше бейнелейтін тілді зерттеудің қуатты құралы, филологиялық білім берудегі инновациялық үрдіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика – қазақ тіл білімінің жаңа бағыты. Қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистика (мақалалар жинағы). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2012. – 684 б.
 2. Meyer Charles F. English Corpus Linguistics: An Introduction//Cambridge University Press, 2004. – 168 p. – (Studies in English Language).
 3. Плунон В.А. Корпус как инструмент и как идеология: О некоторых уроках современной корпусной лингвистики // Русский язык в научном освещении. 2008. № 2 (16). С. 7–20.
 4. Жаңабекова А., Қаршығаева А., Аманбаева А. Мәтіндер корпусына фонетикалық белгіленімдер енгізуге арналған нұсқаулық сипаттамасы. <https://qazcorpus.kz/about/6/>
 5. Жұмабаева Ж. Ауызша просодикалық корпус: мәтіннің фонетика-фонологиялық және интонациялық транскрипциясы. https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/1070/517?locale=ru_RU
 6. Солнышкина М.И., Гатиятуллина Г.М. История развития корпусной лингвистики (на примере англоязычных корпусов. // Вестник Томского государственного университета. Филология. 2020. № 63. с.133-160).
 7. Кутузов А.Б. Курс «Корпусная лингвистика»
 8. Пірманова К.Қ., Жаңабекова А.Ә., Барменқұлова А. Ұлттық корпустарға негізделген лингвистикалық зерттеулер жүргізу (Қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде). ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №3 (187). 2022. – 83-93 б.
 9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10 том / Құрастырушылар М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
 10. Жұбанов А.Қ. Қазақ мәтінін талдау мен жинақтаудың автоматты жүйелерін құру мәселесі. Қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистика (мақалалар жинағы). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2012. - 382-387 б.
 11. Раицкая Л.К. Дидактические возможности корпусных интернет-технологий в преподавании иностранного языка в высшей школе // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Педагогика. 2009. № 4. – с.123-127.
- Интернет-ресурстар
1. Алматы қазақ тілінің корпусы – <http://web-corpora.net/KazakhCorpus>
 2. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – <https://qazcorpus.kz>
 3. Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы – <https://best.qazcorpora.kz>

М.Н. СӘТЕКОВА
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі:
С. М. ИМАНҚҰЛОВА
Филология ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан

ЕУРОПАЛЫҚ ҰЛТТЫҚ ТІЛДІК КОРПУСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. ХХІ ғасырда гуманитарлық білімді зерттеу мақсатында үлкен мәтіндерді өңдеуге мүмкіндік беретін жаңа компьютерлік технологиялар пайдаланылады. Компьютерлік технологиялар тіл білімі ғылымында ауқымды мәтіндерді цифрлендіріп, тіл дамуын қамтамасыз ететін тіл корпустарын құруда кеңінен пайдаланылады. Тіл корпустарын құру және дамыту жаңашыл салалардың бірі корпустық лингвистиканың негізгі міндеті. Корпустық лингвистика тілдердің табиғатын, құрылымын, қолданылуын ауызша және жазбаша мәтіндер жинағы негізінде құрастырып, талдауды қамтитын қолданбалы тіл білімінің саласы. Бұл мақалада көп сөз бола бермейтін еуропалық тілдік ұлттық корпустардың қазіргі жағдайы туралы баяндалған. Мақаланы жазу барысында Ахмет Жұбанов пен Айман Жанабекованың «Корпустық лингвистика» оқу құралы, Рыков пен Захаров еңбектері негізге алынды.

Бұл мақалада болгар, чех, испан, финляндия тілінің ұлттық корпустары туралы ақпараттар берілді. Олардың ерекшеліктері мен атқарылып жатқан жұмыстары көрсетілді.

Зерттеу нәтижесінде еуропалық ұлттық тіл корпустарының негізгі ерекшеліктері мен даму заңдылықтары көрсетілді. Ұлттық корпустардың негізгі мақсат, міндеттері айқындалып әр тілде қандай қызмет атқаратындығы табылды. Ұлттық корпус тілдің қызметін жақсарту мақсатында оңтайлы шешім екені анық көрінеді. Бірнеше корпустардың мақсаты тек сол тілде сөйлейтін адамдарға ғана қызмет көрсету емес, сол тілді үйренгісі келетін өзге тілді азаматтарға да оқу платформасы секілді ыңғайда жасалғаны байқалады.

Тірек сөздер: корпустық лингвистика, белгіленім, сөздік қор, параллель корпус.

Abstract. In the XXI century, for the purpose of studying humanitarian knowledge, new computer technologies are used that allow processing large texts. Computer technologies are widely used in the science of linguistics to digitize large-scale texts and create language corps that ensure language development. The creation and development of language Corps is the main task of Corpus Linguistics, one of the innovative areas. Corpus linguistics is a branch of Applied Linguistics that includes the compilation and analysis of the nature, structure, use of languages on the basis of a collection of oral and written texts. This article describes the current state of the European linguistic National Corps, of which there is not much speech. During the writing of the article, the textbook «Corpus Linguistics» by Akhmet Zhubanov and Aiman Zhanabekova, the works of Rykov and Zakharov were taken as a basis.

This article provided information about the National Corps of the Bulgarian, Czech, Spanish, Finnish language. Their features and the work being done were shown.

As a result of the study, the main features and patterns of development of European national language Corps were demonstrated. The main goals and objectives of the National Corps were identified and what functions they perform in each language. It seems obvious that the National Corps is the optimal solution in order to improve the functioning of the language. It is noted that the purpose of several buildings is not only to serve people who speak the same language, but also to provide training platforms for other citizens who want to learn the same language.

Key words: corpus linguistics, notation, vocabulary, parallel corpus.

Аннотация. В XXI веке в целях изучения гуманитарных знаний используются новые компьютерные технологии, позволяющие обрабатывать большие тексты. Компьютерные технологии широко используются в лингвистике для оцифровки крупномасштабных текстов и создания языковых корпусов, обеспечивающих языковое развитие. Создание и развитие языковых корпусов одна из новаторских областей основная задача корпусной лингвистики. Корпусная лингвистика-это область прикладного языкознания, которая включает в себя составление и анализ природы, структуры, использования языков на основе набора устных и письменных текстов. В этой статье рассказывается о текущем состоянии европейских языковых национальных корпусов, о которых не так много слов. В ходе написания статьи были взяты за основу учебное пособие Ахмета Жубанова и Аймана Жанабековой «корпусная лингвистика», труды Рыкова и Захарова.

В этой статье представлена информация о национальных корпусах болгарского, чешского, испанского, финского языков. Были продемонстрированы их особенности и проводимая работа.

В результате исследования были продемонстрированы основные особенности и закономерности развития европейских национальных языковых корпусов. Определены основные цели, задачи национальных корпусов, определены функции на каждом языке. Очевидно, что Национальный корпус является оптимальным решением для улучшения функционирования языка. Видно, что цель нескольких корпусов не только в том, чтобы обслуживать людей, говорящих на этом языке, но и для граждан, говорящих на другом языке, которые хотят изучать этот язык, как и учебная платформа.

Ключевые слова: корпусная лингвистика, обозначение, словарный запас, параллельный корпус.

Тілдік корпустардың қолданылу мақсаты – лингвистикалық зерттеулер жүргізуге көмектесетін жетекші құрал бола алуы. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар кез келген кәсіби қызметтің, оның ішінде тіл білімінің де ажырамас бөлігі. Бұрын арнайы есептеуіш машиналарды, арнайы автоматты аударма машиналарын қолдану қажеттілігі болмағаны белгілі, ал қазір кез келген салада кәсіби күзретті болу мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабы болып отыр. XXI ғасырда гуманитарлық білімді зерттеу мақсатында үлкен мәтіндерді өңдеуге мүмкіндік беретін жаңа компьютерлік технологиялар пайдаланылады. Компьютерлік технологиялар тіл білімі ғылымында ауқымды мәтіндерді цифрлендіріп, тіл дамуын қамтамасыз ететін тіл корпустарын құруда кеңінен пайдаланылады. Тіл корпустарын құру және дамыту жаңашыл салалардың бірі корпустық лингвистиканың негізгі міндеті. Корпустық лингвистика тілдердің табиғатын, құрылымын, қолданылуын ауызша және жазбаша мәтіндер жинағы негізінде құрастырып, талдауды қамтитын қолданбалы тіл білімінің саласы. Әлемдік тәжірибеде корпустық лингвистиканы мәтіндерді лингвистикалық сипаттауда, тілдің барлық деңгейлерін, фонологиясын, лексикасын, грамматикасын және дискурсты қоса зерттеуде эмпирикалық негізі ретінде қолданады. Корпустық лингвистика саласы нәтижесінде тілдік ерекшеліктерді сипаттауға және әртүрлі лингвистикалық шеңберлерде тұжырымдалған гипотезаларды тексеруге және анықтауға болады.

Қазіргі кезде аса танымал болмаса да, лингвистикалық ақпараттарды жедел әрі дұрыс беретін ұлттық корпустар баршылық. Бірнеше еуропалық корпустармен танысып шығуды жөн көрдік.

Болгар тілінің ұлттық корпусы

Профессор Л.Андрейчин атындағы болгар тілі институтында «Болгар ұлттық корпусы» құрылды. Есептеуіш лингвистика кафедрасының және болгар лексикологиясы және лексикографиясы кафедрасының ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен құрылды. Корпус 2001-2009 жылдар аралығында әзірленген бірнеше жеке электрондық пакеттерді қамтиды. Корпус үнемі жаңа мәтіндермен толықтырылып отырады.

Корпус жалпы сөздік қоры 1,2 млрд сөзден тұрады. 240000 мәтін фрагменттері, үлгілерінен, 47 ішкі параллель корпустардан тұрады.

1945 жылдан бергі жазбаша мәтіндер үлгілері алынған. Корпус интерфейсі орыс, ағылшын тілдеріне аударылады.

Корпустың құрылымы үш негізгі қағидатқа сәйкес келеді:

1. Нақты белгіленген құрылым
2. Санаттарды нақты анықтау
3. Икемділік

Болгар ұлттық корпусының ерекшеліктері:

Лингвистиканың түрлі салаларында, компьютерлік лингвистикада бірқатар қосымшаларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Кейбір тілдік құбылыстарды теориялық зерттеуге көмектеседі.

Тілдің жеклеген салаларының ерекшеліктерін бақылау үшін пайдаланылады.

Болгар тілін оқыту кезінде мысалдар көрсету үшін және алу үшін қолданылады.

Чех тілінің ұлттық корпусы

Чех тілінің 100 миллиондай сөзқолданыстан тұратын мәтіндер корпусын айтарлықтай көлемді деуге болады. Бұл қазіргі кездегі чех тілін бейнелейтін синхрондық типтегі морфологиялық деңгейде белгіленген корпус. Аталған корпус профессор М.Чермактың ғылыми жетекшілігімен Чехтың ұлттық корпусы (ЧҰК) институтын өмірге әкелген болатын. Бұл институт 1994 жылы Прагадағы Карлова университетіндегі философия факультеті негізінде ашылып, білім беру министрлігінің қолдауымен гранттар мен спонсорлардың қаржыландыруының арқасында қызмет атқаруда. Корпуста жинақталған чех тіліндегі мәтіндер массиві синхрондық және диахрондық бөліктер болып ажыратылады. Диахрондық бөліктің көлемі – 1750 мың сөзқолданыс.

Одан басқа жеке қор ретінде сөйлеу тілінің прагалық корпусы жасалуда.

Синхрондық бөлік, өз ретінде, мынадай бөліктерден тұрады: жазба мәтіндер (100 млн астам), диалект тілі, жазбаша тіл (750мың сөз).

Чех корпусының жанрлық және тақырыптық құрылымы:

1. Көркем әдебиет – 15 %
2. Ақпараттық мәтіндер – 85%
3. Публицистикалық мәтіндер – 60%
4. Ғылыми мәтіндер – 25%

элеуметтік

жаратылыс

өнертану

техникалық

Корпуспен жұмыс істеу BONITA корпусық менеджер арқылы жүзеге асады.

Корпуста мәтін конкордансын құрастыратын бағдарлама арқылы сөзформалардың қолданысын бейнелейтін контекстерімен бірге сол сөзформаның корпуста кездесу жиілігін де қоса тауып беру мүмкіндігі бар. Сонымен бірге, морфологиялық талдау жасайтын бағдарлама мәтіндегі грамматикалық омонимия мәселесінің шешімін табу үшін, өзінің тікелей міндетімен бірге контекстік талдауды да іске асыра алады.

Түрік ұлттық корпусы

Түрік ұлттық корпусы қазіргі түрік тілі үшін теңдестірілген, ауқымды (50 миллион сөз) және жалпы мақсаттағы корпус болу үшін жасалған. Ол корпусты құру бойынша бұрынғы тәжірибелер мен күш-жігерден пайда тапты. Бұл мағынада ТҰК әдетте Британдық Ұлттық Корпустың шеңберін ұстанады, бірақ қажет болған жағдайда ТҰК корпусының дизайнында қажетті түзетулер енгізіледі. Бүкіл процесс барысында нақты тапсырмалар үшін ашық бастапқы бағдарламалық қамтамасыз етудің әртүрлі түрлері пайдаланылады және нәтижесінде алынған корпус коммерциялық емес пайдалануға арналған тегін ресурс болып табылады.

50 миллион сөзді құрайтын TNC қазіргі түрік тілінің теңдестірілген және өкілді корпусы болып табылады. Ол 24 жылдық кезеңді (1990-2013) қамтитын алуан түрлі жанрлар бойынша мәтіндік деректер үлгілерінен тұрады. Жазбаша құрамдас әртүрлі тақырыптар бойынша әртүрлі салаларда жасалған мәтіндерден тұрады. Ауызша деректерден алынған транскрипция-

лар ТҰК деректер қорының 2%-ын құрайды, ол стихиялы, күнделікті сөйлесулерді және белгілі бір коммуникативті параметрлерде жиналған сөздерді қамтиды. 50 миллион сөздік топтаманың көлемінен пайдаланушылар медиадан, мәтін үлгісінен, доменнен, туынды мәтін түрінен, автордың жынысынан, автор түрінен, мәтін жанрынан, сондай-ақ аудиториядан нәтижелерді шығаруға шектеулерді анықтау арқылы сұрауларды орындай алады. мәтіннің. TNC 3.0 нұсқасында пайдаланушылар сөздердің POS терминдері мен жұрнақтар бойынша сұрауларды жүргізе алады. Сонымен қатар, олар көп сөздік бірліктерді іздейді, сонымен қатар тұрақты өрнектерді қолдану арқылы сұрауларды жібереді.

Финляндия тілінің ұлттық корпусы

<https://www.kielipankki.fi/language-bank/>

Финляндияның Тіл банкі дегеніміз не?

Finland Language Bank – сандық гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бойынша тіл ресурстарын пайдаланатын зерттеушілерге арналған қызмет. Тілдер банкінде мәтіндік және сөйлеу корпусы мен оларды зерттеуге арналған құралдардың алуан түрлілігі бар. Корпорацияны Language Bank құралдарымен талдауға және өндеуге немесе жүктеп алуға болады.

Көптеген корпорациялар жалпыға қолжетімді, кейбіреулері жүйеге кіруді талап етеді. Шектеулі ресурстарды пайдалану құқықтарын электронды түрде қолдануға болады. Тілдер банкін пайдалану зерттеушілер мен студенттер үшін тегін.

Тілдер банкін фин университеттері мен басқа да зерттеу ұйымдары құрған ұлттық FIN-CLARIN консорциумы үйлестіреді. FIN-CLARIN халықаралық CLARIN ERIC зерттеу инфрақұрылымының бөлігі болып табылады. FIN-CLARIN бүкіл CLARIN қауымдастығының тіл ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеушілер мен зерттеу топтары FIN-CLARIN-пен өз материалдарын сақтауға және таратуға да келісе алады.

Тілдер банкінің пайдаланушылары кімдер?

Тілдер банкінің пайдаланушылары – табиғи тілден тұратын мәтінге, сөйлеуге немесе бейне корпуста және оларды пайдалану құралдарына қызығушылық танытатын зерттеушілер, мұғалімдер және студенттер. Language Bank пайдаланушыларының көпшілігі тіл зерттеушілері болып табылады, бірақ бұл қызмет басқа сандық гуманитарлық зерттеулерге бірдей қолайлы.

Испан тілінің ұлттық корпусы

1995 жылы Корольдік испан академиясына испан тілінің екі ұлттық корпусын: тарихи корпус CORDE (Corpus diacrónico del español) [3] және қазіргі заманғы корпус CREA (Corpus de referencia del español actual) құру бойынша өршіл жұмысты бастауға мүмкіндік берді

Шолуымызды испан тілінің бірінші тарихи корпусы CORDE-ден бастайық.

Корпустың көлемі 250 миллион сөз қолданысынан тұрады.

CORDE-дегі жағдай мәтіннің үдемелі ұлғаюымен келесі периодизациямен ұсынылған:

1. Орта ғасырлар (16,5%): а) 1250 жылға дейін; ә) 1251-1491 жж.
2. Алтын ғасыр (30,5%): а) 1492-1598; ә) 1599-1712 жж.
3. Жаңа дәуір (53%): а) 1713-1812; б) 1813-1898 жж; в) 1899-1939; г) 1940-1974 жж.

Мәтіндердің барлық массивінің жанры мен тақырыптық таралуы келесідей көрінеді:

1. көркем мәтіндер (44%): поэзия (10%), проза (27%), драма (7%);
2. көркем емес мәтіндер (56%): дидактика (10%), ғылым және техника (14%), дін (6%), қоғам (8%), тарих (9%), құқықтану (6%), баспасөз. (3%).

Географиялық сипаттамаларға келетін болсақ, барлық мәтіндердің 74% Испанияда жасалған және тек 25% латынамерикалық авторларға тиесілі, бұл объективті тарихи алғышарттарға байланысты.

(Испандықтардың Американы отарлауы 1492 жылы басталғанын есте сақтаңыз). Қалған 1% мәтіндер сефард тілінде жазылған.

Қазіргі CREA корпусы (соңғы нұсқасы 3.2., 2008 жылғы маусым) 140 мың құжатты және 160 миллионнан астам сөзді қолдануды қамтиды. Хронологиялық тұрғыдан корпус 1975-2004 жылдар аралығын қамтиды.

Корпус екі блоктан тұрады: жазбаша корпус (90%) және ауызша корпус (10%).

49% жазбаша корпус кітаптар, 49% мерзімді басылымдар, қалған 2% санатқа «әртүрлі», брошюралар, блогтар, электрондық пошталар және т.б. кіреді

«Кітаптар мен мерзімді басылымдар» блогындағы мәтіндер екі топқа бөлінеді:

1. Көркем мәтіндер: роман, әңгіме және театр.

2. Көркем емес мәтіндер 6 гиперөріспен ұсынылған, олардың әрқайсысында 20-ға дейін тақырыпшалар бар:

Жалпы кез келген тілдің ұлттық корпусы тілдің лексикасы мен грамматикасын, ондағы жүздеген жылдар бойы болған өзгерістерді ғылыми зерттеу үшін қажет, ақпаратты іздеу, ауқымды материалдарды талдау, өңдеу, статистикалық мәліметтерді алу оңтайланады, қажетті сөздіктерді корпус базасы негізінде құрастыруға болады. Тіл тек қарым қатынас құралы ғана емес, ол – ғылым. Яғни, сол тілді құрайтын әр сөзді, сөздің қолданысты түгендеп, оның қайда, қалай, қай салалаларда, қандай жиілікте қолданылатынына дейін анықтап, IT платформаға жинақтап, енгізіп отырғанда ғана корпусстың тиімділігі артатыны даусыз. Жоғарыда аталған еуропалық корпусстарды салыстыра келе, олардың сөздік қорының әлдеқайда көп болғандығы корпусстың ілгері жылжып, ақпаратты іздеу және өңдеу, талдау жұмыстарын жүргізуге оңтайлы әрі жеңіл жүргізуге мүмкіндік беретінін байқауға болады. Сонымен қатар әлдеқайда дамыған еуропалық корпусстарда ауызша корпус жұмысы алға қойылып, біршама жұмыстар атқарылуда. Біз де тілімізді ұмыт қалдырмай, жаңа деңгейге шығарып, ұлттық корпусстың жұмысын сапалы жүргізуіміз үшін еуропалық дамыған корпусстардан үлгі алуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 б.
2. Захаров В.П. Корпусная лингвистика. – Санкт-Петербург, 2005. – 47 с.
3. Жолобова А. Национальный корпус испанского языка: CORDE И CREA: дисс... к. филол. н. – Казань, 2005. – 267 с.
4. <https://www.kielipankki.fi/language-bank/>
5. https://wiki5.ru/wiki/Bulgarian_National_Corpus

А. А. АҚЫЛ
«Қолданбалы қазақ тіл білімі» мамандығының
2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі:
С.М. ИМАНҚҰЛОВА
Филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі таңда толық зерттеліп болмаған корпусстық лингвистика туралы сөз етіледі. Корпусстық лингвистиканың заман талабына сай қажеттілігі түсіндіріліп, пайда болу тарихына қысқаша шолу жасалады. Осы салаға қатысты ғалымдардың зерттеу бағыттары және сол еңбек негізінде құрылған Қазақ тілінің ұлттық корпусы туралы мәлімет беріледі.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының негізгі зерттеу бағыттары, лингвистикалық және экстралингвистикалық белгіленім түрлері мен ұстанымдары талданады. Лингвистикалық ұстанымдар қазақ тіліндегі 3 корпус негізде өзара салыстырылады. Сондай-ақ орыс тілі, татар тілінің корпустарымен салғастырылып көрсетіледі.

Экстралингвистикалық немесе метамәтіндік белгіленім қоюдың арнайы стандарты болғанымен, әр ұлттық корпусының экстралингвистикалық белгіленімдік сипаты әртүрлі болып келетіні айтылады. Кейбір тілдерде өте қысқа метамәтіндік ақпарат берілсе, қазақ тілі корпустарында кеңейтілген метамәтіндік ақпарат беріліп, қажет мәліметтерді табуды жеңілдетеді.

Қазақ тілінің лингвистикалық корпустарының қазіргі таңда ғылыми-зерттеулердің түр-түрін жүргізге мүмкіндігі де әлеуеті де жетеді. Тек сол мүмкіндікті тіл мамандары ұтымды пайдалануы керек.

Тірек сөздер: корпусстық лингвистика, негізгі бағыт, лингвистикалық белгіленім, метамәтіндік белгіленім, ұлттық корпус.

Аннотация. В статье рассматривается корпусная лингвистика, которая не до конца изучена на данный момент. Объяснена современная потребность корпусной лингвистики и дано краткий обзор ее истории. Приведены направления исследований ученых в области корпусной лингвистики и сведения о созданном национальном корпусе казахского языка на основе этих работ.

Анализируются основные направления исследований национального корпуса казахского языка, виды и позиции языковых и экстралингвистических метаразметок. Языковые позиции сравниваются на основе 3-х корпусов казахского языка. Также казахский язык сопоставлен в сравнение с корпусами русского и татарского языка.

Хотя существует определенный стандарт экстралингвистической или метатекстовой разметки, исследование показывает, что экстралингвистические разметки в каждом национальном корпусе различна. В некоторых языковых корпусах предоставляют очень краткую метатекстовую информацию, а корпус казахского языка предоставляет расширенную метатекстовую информацию, что облегчает поиск необходимой информации.

Лингвистические корпуса казахского языка в настоящее время обладают возможностями и потенциалом для проведения различных видов научных исследований. Только лингвисты должны рационально использовать эту возможность.

Abstract. The article discusses about corpus linguistics, which is not fully understood yet. The modern needs of corpus linguistics is still explaining and gave a brief overview of its history. The

article provides information of researching, directions of scientists in the field of corpus linguistics and about creating «corpus of the Kazakh language» that was based of these works.

Corpus of the Kazakh language is analyzed of main directions, types and positions of linguistic and extralinguistic metamarkings. Language positions are compared on the three corpuses of the Kazakh language. Kazakh is also compared to the Russian and Tatar languages.

Although there is a certain standard of extralinguistic or metatext markup, research shows that extralinguistic markings in each national corpus is different. Some language buildings provide very short metatext information, and the corpus of the Kazakh language provides extended metatext information, which facilitates is the searching for necessary information.

The linguistic corpus of the Kazakh language have the capacity and potential to conduct various types of scientific researching now. Only linguists should rationally use this opportunity.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Заман ағымына сай ғылым мен технологияның дамуына байланысты ақпараттың да ауқымы кеңейе түсуде. Адамдар арасында ақпаратты қабылдау, өңдеу және оны басқаларға тарату сынды қызметтер толассыз жүріп жатыр. Қарым-қатынастың басым бөлігі Интернет арқылы жүзеге асып жатқандықтан, онлайн-кеңістікке тән тілдік ерекшеліктердің пайда болуымен көптеген мәселелер туындауда.

М.А. Мосинаның пікірінше, «Заманға сай адамзат үшін ақпараттық-коммуникативті орта жасау керек. Ондай орта қалыптасқан жағдайда адам ақпаратпен дұрыс жұмыс жасап, өз мақсатына сай дұрыс қолдана алады» [1]. Жаңа ғасырдың жаңашыл өзгерістері мен жаһандану кезеңі барлық ғылым саласының автоматтандырылуын талап етеді. Бұл талап тіл біліміне де тікелей байланысты. Себебі ұлт болашағы мен жетістігі – ұлт тілінің дамуымен қатар жүретін процесс. Тіл білімінің материалдарын автоматтандыру барысында «Компьютерлік лингвистика» атты сала қалыптасты. Компьютерлік лингвистика – тілді модельдеуді жүзеге асыратын сала, ол компьютерлік бағдарламалар арқылы тілдің заманауи бейнесін қалыптастыратын қолданбалы тіл білімінің бір саласы. Ал компьютерлік лингвистиканың негізгі саласы – корпуслық лингвистика.

Корпуслық лингвистика не үшін керек? Бұл салаға ерекше көңіл бөлінуі керек. Себебі тілді зерттеушілер мен үйренушілер үшін көлемді мәтіндермен жұмыс жасау, керекті деректерге тез қол жеткізу, мәліметтерді өңдеу үшін арнайы дерекқор болғаны жөн. Корпуслық лингвистика тілді қолданбалы тұрғысынан зерттейді. Корпуслық лингвистиканы зерттеуші-ғалым В.П. Захаров өз еңбегінде мынандай анықтама келтіреді: «Корпусная лингвистика – это раздел компьютерной лингвистики, который занимается разработкой общих принципов построения и использования лингвистических корпусов с применением компьютерных технологий [2, 161].

Корпуслық лингвистика 1963 жылы АҚШ-та алғаш пайда болып, Браун корпусынан бастау алған болатын. Қазіргі таңда корпуслық лингвистика тез дамып келе жатқан сала. Корпус негізінде сандаған сөзқолданыстары, жиілік сөздіктен бастап түрлі дәрежедегі мәліметтерге қол жеткізуге болады.

Лингвистиканың бұл саласын зерттеу және жасақтау барысында еңбек сіңірген шетелдік ғалымдар: Т. Мак Энери, Э. Вилсон, С. Аткинс, Е.Е. Голубкова, Ч. Майер, Р.К. Потапова, В.П. Захаров, С.Ю. Багдановаларды атауға болады. Л.Н. Засорина, А.П. Ершов, В.Б.Касевич, А.В. Венцов, Е.В. Грудева, Е.В.Ягунова, А.Н. Баранов, С.А. Шаров, И.М. Богуславский т.б., қазақ ғалымдары: Қ.Б.Бектаев, А. Ахабаев, А.Қ. Жұбанов, С.Мырзабеков, Д.Байтанаев, Қ.Молдабеков, А.Белботаев, Б.Қалиев, С.Бизақов, М.Малбақов, А. Жаңабекова т.б. еңбектерін атауға болады. Аталған ғалымдардың корпуслық лингвистика, компьютерлік лингвистикаға қатысты теориялық және қолданбалы зерттеулері корпус құрудың бағыттарын анықтап берді десе болады.

Алдыңғы ғасырда жасақталған корпустар негізінде қазір барлық тілдердің ұлттық корпусы жасақталды. Ұлттық корпус – белгілі дәрежеде ұлттық тілді толық бейнелеуші. Ұлттық тілдің ерекшелігі – тілдің жазба және сөйлеу тіліндегі мәтіндердің барлық типтерінің бейнеленуі. «Ұлттық корпус ғылыми зерттеулердің түр-түрін жүргізуді қамтамасыз етеді: лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға, сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және

лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлері. Сонымен бірге беделді академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикаларды құрастыру да корпустар негізінде жүзеге асады. Ұлттық корпусты пайдаланушылар – әртүрлі саладағы тілшілер, әдебиеттанушылар, тарихшылар және гуманитарлық білім саласының өкілдері. Ұлттық корпустың ана тілі мен шет тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңыздылығы аса зор деуге болады» [3, 2].

Қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру 2009 жылы А.Қ. Жұбановтың бастамасымен қолға алынған болатын. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бастауымен құрастырылған корпус бүгінгі таңда бірнеше субкорпустарға бөлінеді. Қазақ тілінің стильдік ерекшеліктеріне байланысты ғаламтордан, электронды кітапханалар мен басқа да дереккөздерден мәтіндер жинақталып, автоматты түрде мәтіндердегі сөздерге талдаулар жасайтын бағдарламалар жасалды. Ұлттық корпустан бөлек Алматы қазақ тілі корпусы және Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпусы жұмыс жасайды. Алайда аталған корпустардың жасалған жұмыстарында бірізділік жоғын байқауға болады. Белгіленімдерді енгізу, кадр жетіспеушілігі мен уақыттың аздығы, сондай-ақ берілген материалдардың теңгерімсіздігі корпустардың сапасына әсер етеді. Соған қарамастан барлық корпустардың басты мақсаты – қазақ тілінің барлық дерекқорын біріктіре отырып, тұтынушы үшін жинақы әрі қолжетімді корпус құрастыру.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының негізгі зерттеу бағыттары бірнеше топқа бөлінеді. Корпустың бағыттары белгіленімдік сипатқа байланысты болып табылады. Осы орайда белгіленім дегеніміз не деген сұрақ туындайды. Корпусқа енгізілетін әр сөз не қосымша лингвистикалық ақпарат береді. Лингвистикада мұндай ақпарат «аннотациялау» деп аталады. Аннотация – қысқаша мазмұн. Корпусқа енгізілетін тілдік бірліктер шартты белгі арқылы қысқаша мазмұндалады. Бұл орыс тілінде «разметка» деп аталады. Ал қазақ тілінде бұны А. Жұбанов «белгіленім» дейді. Белгіленім жүргізу – мәтін бірліктеріне алдын ала шартты түрде арнайы қабылданған тәгтерді «тіркеп» жазу әрекеті. «Бұл жердегі тәг дегеніміз – лексикалық, грамматикалық және басқа да мәтін элементтерін таза лингвистикалық деңгейде сипаттау үшін және сыртқы экстрлингвистикалық (автор жайлы мәлімет және мәтін жайлы мәлімет: қалам иесі, шығарма аты, басылым жылы мен баспа орны, жанр, тақырыбы) деңгейде сипаттау үшін арнайы алынған шартты белгілер болып табылады» [4, 99]. Корпустағы белгіленімдер стандарт бойынша лингвистикалық және экстралингвистикалық болып бөлінеді.

Белгіленімнің лингвистикалық типі ішінде мынадай түрлерін ажыратуға болады: морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, анафоралық, просодиялық, дискурстік және т.б. Бұлардың бәрі бірдей келесі ұстанымдарға сәйкес жүзеге асады:

1. Белгіленім сызбасын (схемасын) сипаттау (негіздеу);
2. Тілдік ұғымдардың жалпыға ортақ жүйесі;
3. Пайдаланушыға (тұтынушыға) таныс талдау сызбасы;
4. Параметрлерді енгізудің уәжділігі (мотивированность);
5. Белгіленім сызбасының теориялық бейтараптылығы (дәстүрлігі)
6. Халықаралық стандартты сақтау. [5, 99].

Лингвистикалық белгіленім – мәтін сөздеріне сәйкестендіретін арнайы түрдегі шартты түрде белгі қою. Қазіргі таңда мәтіндерге белгіленім қоюдың бірыңғай стандарттары жоқ. Text Encoding Initiative аталатын халықаралық жоба белгіленім стандартын зерттеуге арналған. Ол үшін XML және SGML қолданылады.

Қай тілдің ұлттық корпусы болмасын, басты белгіленім ретінде морфологиялық белгіленімді атауға болады. Морфологиялық белгіленім тек сөз таптарын зерттемейді, ол сонымен бірге сөз табына ғана тән грамматикалық категорияларды да қамтиды. Бұл белгіленім түрі негізгі болатын себебі бірнеше. «Біріншіден, көлемді корпустардың көпшілігі морфологиялық белгіленім жүргізілген корпустар, екіншіден, морфологиялық талдау әрі қарайғы талдау формаларына – синтаксистік пен семантикалық белгіленімдер жүргізуге негіз болып саналады және үшіншіден, компьютерлік морфологияның жетістіктері үлкен дәлдікпен көлемді корпустарға автоматты түрде белгіленімді жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды» [6, 101].

Морфологиялық белгіленім сызбасының шарты бойынша, біріншіден, тэгтердің топтамасының болуын, екіншіден, олардың әрқайсысының сипаттамысының болуын, үшіншіден, мәтін бірліктеріне тэгтерді сәйкестендіру ережесі болуын қамтамасыз етеді. Әртүрлі корпустарда қолданылатын таңбалар топтамасының көлемі құбылып тұрады. Әрине, таңбалар топтамасы неғұрлым көп болса, соғұрлым оның көмегімен мәтінге талдау да толық сипатта болады. Бірақ мәтіндер корпусының көлемі ұлғайған сайын морфологиялық таңбалар санының қысқару үрдісі байқалады. Белгі-код қоюдың ықшамдалған жүйесін қолдану артық қате жібермеуге, ретсіздікті, морфологиялық бірізділікті бұзбауға және миллиондаған сөзден тұратын мәтінге белгіленім жүргізу үрдісін тездетуге мүмкіндік туғызады [7, 103].

Морфология – сөз құрылымын зерттеуші ғылым саласы. Ол тіл бірліктерін формалды құрылым бойынша зерттейді. Морфологиялық белгіленім қоюда сөз таптарын нақты айқындау маңызды болып табылады. Яғни, морфологиялық белгіленім тілдің морфологиялық жүйесін толық бейнелеуі керек. Қазақ тілі туралы еңбектерде морфологиялық талдаулар сөздің сөз табына қатысына, тұлғасына, құрамы мен құрылысына, мағынасына байланысты талданады. Бірақ ұлттық корпустарда бұл морфологиялық ақпараттар шартты белгілер арқылы кодталып, шартты белгімен ықшамдалып беріледі. А.Қ. Жұбанов өз еңбегінде әр сөз табына тоқталып, олардың құрылымына ақпараттық белгі-кодты сәйкестендіру бағдарламасын сөз етеді. Сөз таптарының ерекшеліктері арнайы кестелерде бейнеленген. Қазақ тілінің ұлттық корпусында морфологиялық белгіленімдер түсінікті әрі жеңіл түсіндірілген. Алайда өзге тілдердің ұлттық корпустарымен салыстырмалы түрде алсақ, әлі де толықтыруды қажет етеді.

Белгіленімнің екінші бір ауқымды тобы – синтаксистік белгіленім. Корпуста тек қана сөз емес, сөз тіркестері, сөйлем, фрагменттер мен толық мәтіндер де кездеседі. Сондықтан да корпуста синтаксистік белгіленім жүргізу маңызды болып табылады. Синтаксистік белгіленім – синтаксистік талдаудың нәтижесі. «Белгіленімнің бұл түрі лексикалық бірліктер мен әртүрлі синтаксистік конструкциялар арасындағы синтаксистік байланысты сипаттайды [8, 131]. Сөйлем ішінде сөздердің орны тұрақты бола бермейді. Мысал ретінде жайылма сөйлемді айтуға болады. Жайылма сөйлем құрамында сөздер қатар тұрып та, алшақ тұрып та байланыса алады. Мұндай сөйлемдерді синтаксистік белгілеу орыс тілінде «деревозависимость» деп аталады. Сөздер байланысатын негізгі сөз – «вершина», ал бағыныңқы сөздер – «ветьва».

Тілдің синтаксистік жүйесі модельдеуге қиын болып келеді. Синтаксистік белгіленімдер басқа белгіленімдер сияқты емес, барлық корпусқа бірдей енгізілмеген. Бұл туралы В.П. Захаров мынандай пікір білдіреді: «В отличие от морфологии, способы представления синтаксической структуры и синтаксических отношений не столь унифицированы» [9]. Ғалым синтаксистік модельдеудің бірнеше түрін атайды:

1. Грамматикалық қатынастар немесе байланыстар (грамматика зависимостей);
2. Тікелей құрамдас грамматика (грамматика непосредственно составляющих);
3. Құрылымдық сызба грамматикасы (грамматика структурных схем);
4. Сөйлем мүшелері туралы дәстүрлі синтаксистік зерттеулер (традиционные синтаксические учения о членах предложения);
5. Функционалды грамматика (функциональная грамматика);
6. Семантикалық синтаксис (семантический синтаксис).

Синтаксистік белгіленім қою жұмыстарын ең алғаш Прага корпусы жасаған болатын. Бүгінгі таңда синтаксистік құрылым мен синтаксистік қатынастарды бейнелейтін тәсілдер айтарлықтай бірыңғайланбаған. Себебі синтаксистік белгіленімдер қою қол жұмысын және ұзақ уақытты талап етеді. Шетел және орыс тілі корпусында синтаксистік белгіленімдер бар болғанымен, қазақ тілінің ұлттық корпусында синтаксистік белгіленімге қатысты жұмыстар әлі де жүргізілуде.

Корпустардағы сөзқолданыстарға белгіленім қою корпустың лингвистикалық көрінісін айқындайды. Белгіленімдері тиянақталған корпус пайдалануға қарапайым әрі көпфункционалды болып табылады.

Белгіленімдер арасындағы маңыздысы – семантикалық белгіленім. Семантикалық белгіленімдер сөздің семантикалық категориясы мен мағыналық реңкке ажырайтын одан да

шағын категорияларын білдіреді. Семантикалық белгіленім сөз мағынасын айрықшалау, омонимия мен синонимия мәселелерін шешу, тақырыптық топтарды, сөздердің бағалауыштық сипатын анықтау мәселелерін анықтауды қарастырады.

Семантикалық белгіленімдер – сөздердің әртүрлі сөз табына жататындығына қарай іштей лексика-семантикалық кластарға бөлінеді.

Профессор А. Жұбанов қазақ тілінің ұлттық корпусындағы сөз қолданыстарына семантикалық белгіленім қоюдың бірнеше классификациясын ұсынады. Ғалым сөз таптарын семантикалық топтарға бөліп, әр топты кодтап көрсетеді.

Ұлттық корпусстардың лингвистикалық белгіленімдерінде анафоралық және просодикалық деген де түрлері кездеседі. Анафоралық белгіленім референциялардың шартты белгісі болса, просодикалық белгіленім ауызша сөйлеу ішкорпусстарында қолданылады деуге болады. Бұл белгіленім түрі аудио, бейнежазбалардың қасында тұрады. Өйткені просодикалық белгіленім фонетикалық үдерісті белгілейді. Ал жазбаша мысалдарда ауызша жазбаның просодикалық сипаты белгіленеді. Басқа белгіленім түрлерімен салыстыра қарайтын болса, аталған екі белгіленім қою жұмыстары қолмен жасалады. Бұл белгіленімдер үшін арнайы бағдарламалар әлі ойластырылмаған.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы мен өзге тілдердің корпусындағы лингвистикалық белгіленімдерді салыстырар болсақ, әрине қазақ тілінің ұлттық корпусы енді ғана жасақталып жатқанын ескеруіміз керек. Қазақ тілінің тағы басқа корпустарының бірінде лингвистикалық белгіленім бар, ал бірінде жоқ. Ұлттық корпусымызда синтаксистік белгіленім әлі қойылмаған және кейбір белгіленімдерде анализатордан кеткен талдау қателерін аңғаруға болады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусын татар тілінің ұлттық корпусымен салыстыратын болсақ, татар тілінің «Туган тел» ұлттық корпусында тек морфологиялық белгіленім қойылған.

Лемма	тәрбие
Морфология	эт,сі/тж-3+мен/кс
Сөзжасам	
Семантика	
Лексика	Жеке адамды идеялық, саяси, адамгершілік, эстетикалық т. б. жағынан қалыптастырудағы жүйелі процесс.
Мәдени-семантика	
Мәдени-тіркесім өрісі	
Фонология	<т> тіл ұшы нық тоғысыңқы көмей қуысты; қатаң дауыссыз фонема, <ә> ашық, езулік, тілалды; жіңішке дауысты фонема, <р> тіл ұшы бос жуысыңқы көмей қуысты ауыз жолды діріл; үнді дауыссыз фонема, <б> ерін-ерін босаң тоғысыңқы көмей қуысты; ұяң дауыссыз фонема, /и/ [ый], [ий] дыбыс тіркесінен тұрады., <е> жартылай ашық, езулік тілалды; жіңішке дауысты фонема, <с> тіл ұшы жинақы жуысыңқы көмей қуысты; қатаң дауыссыз фонема, <і> қысаң, езулік, тілалды; жіңішке дауысты фонема, <м> ерін-ерін бос тоғысыңқы ауыз қуысты мұрын жолды; үнді дауыссыз фонема, <е> жартылай ашық, езулік тілалды; жіңішке дауысты фонема, <н> тіл ұшы, босаң тоғысыңқы көмей қуысты мұрын жолды; үнді дауыссыз фонема.,
Фонетика	тәрбиесімен Жіңішке тембр,


1-сурет. Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы лингвистикалық белгіленім

тәрбиешілерінен	
Лемма	тәрбие [tarbie]
Морфология	эт, АС, дара, негізгі
Семантика	Жалпы, Ғалз., Дерз.
Сөзжасам	эт/Ø
Лексика	1.эт. Жеке тұлғаның адами бейнесі мен мінез-құлық дағдыларын қалыптастыратын жүйелі іс-әрекеттер жиындығы.
Sozdikqor.kz жүйесінен іздеу Termincom.kz жүйесінен іздеу	
Қате жайлы хабарлау	


2-сурет. Қазақ тілі ұлттық корпусының ішкі корпусындағы лингвистикалық белгіленім

ВОСПИТАНИЕ	
Лемма	воспитание (см. портрет слова, см. словарь)
Грамматика	существительное, неодушевленное, средний, именительный, единственное
Семантика основная	отглагольные, непредметные имена

3-сурет. Орыс тілінің ұлттық корпусындағы лингвистикалық белгіленім



4-сурет. Орыс тілінің ұлттық корпусындағы (синтаксистік) белгіленім



5-сурет. Татар тілінің ұлттық корпусындағы лингвистикалық белгіленім

Белгіленім қою корпус үшін қаншалықты маңызды екені жоғарыда айтылды. Лингвистикалық белгіленімдерден бөлек корпуста экстралингвистикалық белгіленімдер де маңызды рөл атқарады. Себебі корпуста енгізілетін мәтіндерді сұрыптаудан өткізіп, олар туралы нақты ақпарат беру қажет. Экстралингвистикалық белгіленімдер кейде метамәтіндік белгіленім деп те қолданылады. Метамәтіндік белгіленімдер мәтін және автор туралы ақпаратты көрсетеді. Мысалы, автор, атауы, жылы, шыққан жері, жанры, тақырыбы, стилі, көлемі. Кейде сыртқа белгіленімдерді библиографиялық, типологиялық, тақырыптық, әлеуметтік, формальдық және техникалық деп те бөледі.

Метамәтіндік белгіленімдер корпустың барлық түріне енгізілгені жөн. себебі метамәтіндік белгіленімдер – ғылыми-зерттеу жұмыстарында белгілі бір кезеңге, стильге, авторға, тақырыпқа қатысты материалдар жинаудың таптырмас көзі. Метамәтіндік белгіленім қойылған корпустардан зерттеушілер өзіне қажетті стиль, кезең, автор сияқты ақпараттар бойынша мәліметтерді тез тауып алуына болады.

Экстралингвистикалық (метамәтіндік) белгіленім:

- Автор және мәтін жайлы мәлімет;
- Мәтінді пішіндеу мүмкіндіктерін көрсететін белгіленім;
- Корпуста егжей-тегжейлі іздеуге мүмкіндік береді, белгілі бір құжатты сәйкестендіруді жеңілдететін құралдарды ұсынады.

Ұлттық корпустарда экстралингвистикалық белгіленім қоюдың арнайы стандарты болғанымен, әр ұлттық корпустың экстралингвистикалық белгіленімдік сипаты әртүрлі болып келеді.

Автордың аты-жөні	Орынбек Жолдыбай
Стиль	публицистика
Мәтін аты	Парасат биігінде
Таралым типі	газет
Мерзімі (жазылған уақыты)	
Дереккөзі	www.astana-akshamy.kz Астана ақшамы
Мәтін формасы	жазбаша
Мәтін тақырыбы	
Аудитория жасы	бейтарап
Субкорпус	газет мәтіндері
Мәтін көзі	интернет-ресурс
Мәтін хронотопы	
Автордың жынысы	ер
Автордың туған уақыты	
Сөзформа саны	1908
Жарық көрген уақыты	

6-сурет. Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы экстралингвистикалық белгіленімдер

Автордың аты-жөнін енгізіңіз	Нұржан Қуантай
Автордың жынысы	Ер
Мәтін дереккөзін енгізіңіз	«Қазақ әдебиеті» газеті, №47-48 (3733-3734), 27 қараша 2020 ж.
Басылым атауын енгізіңіз	«Қазақ әдебиеті» газеті
Жарияланым жылын енгізіңіз	2020
Аудитория жасы	12+
Медиа түрі	Газет
Ішкорпус атауын енгізіңіз	публицистикалық мәтіндердің кіші корпусы

[Толық мәтінді қарау](#)
[Қате жайлы хабарлау](#)

7-сурет. Қазақ тілі ұлттық корпусының ішкі корпустарындағы экстралингвистикалық белгіленімдер

Метаданные					
Название				Автор	
Год публикации		Источник	Все	Дополнительно	

8-сурет. Татар тілінің ұлттық корпусындағы экстралингвистикалық белгіленімдер

Жоғарыда келтірілген мысалдарға назар аударатын болсақ, ұлттық корпустар арнайы стандартқа бағынбағанын байқауға болады. Қазақ тілінің ұлттық корпусы Орыс тілінің ұлттық корпусы сияқты мәтін туралы ақпаратты нақты параметр негізінде береді. Бірақ Қазақ тілінің ұлттық корпусында кей мәліметтер толық еместігін де ескерген жөн. Татар тілінің ұлттық корпусын біздің корпуспен салыстырсақ, аталған корпуста экстралингвистикалық белгіленім тым аз екенін аңғаруға болады.

Қорыта келгенде, қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастырудағы жетістік – қуантарлық жағдай. 10 жылдан аса уақыт ішінде ұлттық корпус құрастырып, оны түрлі кезеңдерді өткізу – тіл болашағы үшін жасалған батыл қадам. Алайда тек қана корпус құрастырып қана қоймай, оның сапасын да жақсарту керек.

Бұрындары ғылыми зерттеулер мысал жинау, жинақтау сынды қол жұмыстары арқылы атқарылатын. Ал ол өте ұзақ уақытты алатын. Тілдік корпусстар бұрынғы кездегі қиын жұмыстарды көп жеңілдетті әрі уақыт тығыз кезде жылдам ауқымды жұмыс атқаруға мүмкіндік туғызды. А. Жұбановтың пікіріне сүйенсек, тілдік корпусстың тілші мамандар үшін ғана емес, журналистер, әдебиетшілер, тарихшылар мен мәдениетшілер, тіпті қалың көпшілік қауым үшін де ақпараттық-анықтамалық құрал қызметін атқару мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Қазақ тілінің ұлттық корпусы сапалы әрі толықтай құрылымдалса, ғаламтор мен ұялы телефонның қызметімен барабар қызмет ете алатын болады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы қазіргі таңда ғылыми-зерттеулердің түр-түрін жүргізеді. Ол лингвистика, әдебиеттану, мәдениет, өнер, тіпті жасанды интеллект салаларына қатысты мәліметтермен жұмыс жасайды. Қазақ тілінің сөздіктері мен ғылыми жұмыстары да корпус негізінде жасалады. Ұлттық корпус – тілді үйрену мен зерттеуде ғана емес, өзге тілдермен салыстыруда да таптырмас құрал. Қазіргі заман тиянақтылық пен жылдамдықтың кезеңі екені сөзсіз. Ұлт болашаққа ұмтылар болса, қазақ тілінің де болашағы жарқын әрі заманға сай болуы керек. Ал қазақ тілінің тиянақты, жинақы әрі жылдамдыққа ілесе алуы үшін ұлттық корпусстың жұмысын одан әрі дамыту керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мосина М.А. Интеграция современных образовательных педагогических и информационно-коммуникационных технологий в процессе лингвометодической подготовки будущего учителя иностранного языка. // Фундаментальные исследования. – 2013. – №11.
2. Захаров В.П., Богданова С.Ю. Корпусная лингвистика: учебник для студентов гуманитарных языков. – Иркутск: ИГЛУ, 2011.
3. Вербицкая Л.А., Казанский Н.Н., Касевич В.Б. Некоторые проблемы создания национального корпуса русского языка // Научно-техническая информация. Серия 2. 2003, №6.
4. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. Оқу құралы. – Алматы, 2016.
5. Потапов В.В., Матвеева А.Е. Развитие корпусной лингвистики как науки и ее влияние на общую теорию языка. – М., 2022.
6. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. Оқу құралы. – Алматы, 2016.
7. Жұбанов А.Қ. Қазақ тіл білімі: Қолданбалы лингвистика. – Алматы, 2012.
8. Захаров В.П. Корпусная лингвистика: Учебно-метод.пособие. – СПб., 2005.
9. Қазақ тілінің ұлттық корпусы <https://qazcorpus.kz/>
10. Қазақ тілі ұлттық корпусының ішкі корпусы <https://best.qazcorporpora.kz/>
11. Орыс тілінің ұлттық корпусы <https://ruscorporpora.ru/>
12. Татар тілінің ұлттық корпусы <https://tugantel.tatar/>

К. Б. ТЛЕУМУРЗИНА
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі:
С. М. ИМАНҚҰЛОВА
Филология ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан

КОРПУСТАРДЫ ӘРТҮРЛІ НЕГІЗДЕ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Аталған мақалада қазіргі тіл білімінің қарыштап дамып келе жатқан корпустық лингвистика саласындағы маңызды мәселелердің бірі – корпустардың түрлі белгілеріне қарай жіктелу критерийлері сипатталады. Лингвистикалық корпустардың түрлі негізде жіктелімін талдауда орыс тіл білімінде аталған сала бойынша өз үлесін қосып жүрген М. В. Копотев классификациясы негіз болды. Корпуста берілген деректердің түрінен бастап, оның ұсынылу пішімі, тілі, тілдік және одан да тысқары, яғни экстралингвистикалық белгіленімдер мәселесі, корпустардың параллельдігі, уақытқа қатысы, қолжетімділік деңгейіне дейін топтастыру жүргізілген. Қазіргі таңдағы корпустарға қойылатын басты талаптардың бірі саналатын метабелгіленімдер мәселесі, оның маңызы мақалада айтылады. Ғылым мен техниканың дамуының нәтижесінде лингвистикалық корпус тек жазбаша деректерді ғана емес, мультимедиалық – аудио және видео деректерді де қамти алады. Ең маңыздысы – сол мультимедиалық деректерге лингвистикалық талдау жасау мүмкіндігі. Тіл білімі мен дамыған техниканың тоғысының нәтижесінде бүгін осындай жетістіктерге жетіп отырмыз. Алдағы міндет – осы мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалана отырып, тілді зерттеуді жаңа белеске шығару. Ұлттық корпус тіліміз туралы барлық мәліметті сақтап тұратын жады іспеттес. Өткен заманда ата-бабаларымыз оны қағазға жазып қалдырса, келер ұрпаққа біз корпусқа енгізіп қалдыра аламыз. Демек, корпусты дамыту, зерттеу бүгінгі күн үшін қаншалықты өзекті болса, ертеңгі күн үшін де маңызды болып қалмақ.

Тірек сөздер: Лингвистикалық корпус, тілдік деректер, классификация, мәтіндік деректер, белгіленім түрлері.

Abstract. This article describes one of the most important issues in the field of corpus linguistics, which is rapidly developing in modern language education - the classification criteria of corpora according to various features. In the analysis of the classification of linguistic corpora on different bases, the classification of M.V. Kopotev, who made his contribution in the field of Russian linguistics, was the basis. From the type of data provided in the corpus, to the format of its presentation, language, linguistic and beyond, that is, the problem of extralinguistic designations, the parallelism of corpora, the relation to time, and the level of accessibility. The issue of metadata, which is one of the main requirements for modern corpora, its importance is discussed in the article. As a result of the development of science and technology, the linguistic corpus can include not only written data, but also multimedia - audio and video data. The most important thing is the ability to perform linguistic analysis on that multimedia data. As a result of the combination of linguistic knowledge and advanced technology, we are achieving such achievements today. Now the future task is to take the language research to a new level by optimally using these possibilities. The national corpus is like a memory that stores all the information about our language. If our ancestors wrote it down on paper in the past, we can put it in the corpus for future generations. Therefore, corpus development and research will be as important for today as they will be for tomorrow.

Key words: Linguistic Corpus, language data, classification, text data, types of designations

Аннотация. В данной статье описывается один из важнейших вопросов в области корпусной лингвистики, который быстро развивается в современном языковом образовании, крите-

рии классификации корпусов по различным признакам. При анализе классификации языковых корпусов по разным основаниям была использована классификация М.В. Копотева, внесший свой вклад в область русского языкознания. Было классифицировано от типа данных, представленных в корпусе, до формата их представления, языкового, и не только, то есть проблемы экстралингвистических обозначений, также параллелизм корпусов, временной период и уровень доступности. В статье рассматривается вопрос метаданных, который является одним из основных требований к современным корпусам, его важность. В результате развития науки и техники лингвистический корпус может включать не только письменные данные, но и мультимедийные – аудио и видеоданные. Самое главное – это возможность выполнять лингвистический анализ этих мультимедийных данных. В результате сочетания лингвистических знаний и передовых технологий мы сегодня достигаем таких достижений. Теперь задача будущего – вывести исследование языка на новый уровень, оптимально используя эти возможности. Национальный корпус – это память, хранящая всю информацию о нашем языке. Если наши предки в прошлом записали это на бумаге, мы можем поместить это в корпус для будущих поколений. Таким образом, развитие корпуса и исследования будут важны как сегодня, так и завтра.

Ключевые слова: Лингвистический корпус, языковые данные, классификация, текстовые данные, типы разметки.

Қазіргі таңда ғылымның қай саласы болмасын инновациялық технологиялар қолдану арқылы дамып, жаңа белестерді бағындыруда. Соның ішінде тіл білімі саласы да қалыс қалмай, тілді жаңаша қырынан тануға ұмтылуда. Тілді қолданбалы тұрғыда зерттеудің нәтижесінде бүгінде қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика саласы дамуда.

Ғылымда «корпус» терминіне берілген анықтамаларда бірізділік жоқ. Дегенмен, ғалымдардың берген тұжырымдамалары мына анықтамаға жуық келеді: корпус дегеніміз – әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын мәтіндер жинағы. Демек, корпусты құрудың негізгі мақсаты – табиғи тілдік ресурстарды жинау, қалыпқа келтіріп, жүйелендіру, нәтижелерді ұтымды пайдалану үшін тұтынушыларға ұсыну.

Лингвистикалық корпустарды олардың мақсаты мен қызметіне байланысты түрліше топтастыруға болады. Ғалымдардың көпшілігі мына екі ерекшелігіне басты назар аударады.

1) барлық тілге қатысты (тілдердің белгілі кезеңдеріне қатысты), тілдердің ішкі түрлеріне қатысты (жанр, стиль, тіл иелмендерінің жасына немесе әлеуметтік тобына қарай (жазушы тілі немесе ғалымның еңбектері және т.б.) корпустарды жіктеу;

2) корпустарды тілдік белгіленім (разметка) типіне қарай бөлу. Белгіленім типтерінің көптігіне қарамай, корпустардың жүзеге асқан нақты түрлері морфологиялық немесе синтаксистік белгіленім жүргізілген типтеріне қатысты (синтаксистікті ағылшынша әдебиеттерде treebanks деп атайды, оның қазақша аудармасы «синтаксистік құрылымды банк»). Солай бола тұра, синтаксистік белгіленім жасалған жерде морфологиялық белгіленім де міндетті түрде қамтылады [1, 63].

Ал корпустық лингвистика саласын зерттеуші М.В. Копотев корпусты мынадай белгілері бойынша жіктеуге болатынын көрсетеді:

1-кесте

Корпустардың жіктелу критерийлері мен типологиясы

Жіктелу критерийлері	Корпус түрлері
Тілдік деректер түрі	Ауызша / Жазбаша / Аралас
Мәліметтерді ұсыну пішімі	Мономодальды / мультимодальды (мультимедиялық)
Мәліметтердің көлемі және толықтығы	Жалпы (өкіл, ұлттық) / Арнайы мақсатта: мониторинг, иллюстративті

Жіктелу критерийлері	Корпус түрлері
Ұсынылған тілдер саны	Біртiлді / Екітілді / Көптілді
Бір мәтіндегі тілдер саны (екі және көп тілді корпус үшін)	Параллель[*1] / Аралас
Әртүрлі тілдердегі мәтіндерді теңестіру (екі және көп тілді корпус үшін)	Салыстырмалы немесе параллельді / Салыстырмайтын немесе параллель емес
Тілдік материалды таңдаудың бірыңғай принциптерінің болуы	Салыстырмалы / Салыстырылмайтын
Тілдік материалды бейнелеу	Толық мәтінді/Үзінді келтірілген
Жиналған тіл деректерінің уақыт кезеңіне қатысы	Синхронды / Диахронды
Белгіленімге қатысты	Белгіленімі бар (аннотацияланған) / Белгіленіміз (аннотацияланбаған)
Белгіленім типіне қарай (белгіленімі бар корпусстар үшін)	Метәтіндік белгіленім / Лингвистикалық белгіленім (морфологиялық, синтаксистік, семантикалық) / Экстралингвистикалық белгіленім
Қолжетімділігіне қарай	Еркін қолжетімді / Жартылай қолжетімді / Жабық (коммерциялық) [2]
аударған (Глеумурзина К.Б.)	

Бұл жерде ескеретін мәселе – автордың [*1] «параллель» атауын екі рет пайдалануы. Ол біріншіден жалпы корпустағы тілдер санына байланысты болса, екіншіден жекелеген мәтіндегі тілдер санына байланысты айтылған.

Бірінші критерий – тіл деректерінің түрі, ол корпусты ауызша (тек ауызша сөйлеуді көрсететін), жазбаша (тек жазбаша сөйлеуді көрсететін) және аралас (тіл массивінде сөйлеу корпусының екі түрінің болуы) деп бөлуге мүмкіндік береді.

Бастапқыда, тіпті ауызша корпус жазбаша форматта сөйлеуді білдірген болатын. Алайда заманауи технологиялар корпусқа тек жазбаша деректерді ғана емес, сонымен қатар сәйкес мәтіндерді жасауды жазатын аудио және бейне фрагменттерді де қосуға мүмкіндік береді. Тиісінше, корпус деректерін ұсыну форматы екінші жіктеу критерийі болып табылады. Тек мәтіндік түрдегі мәліметтерді қамтитын корпус мономодальды деп аталады, сөйлеумен бірге коммуникативті әрекеттердің аудио не болмаса бейне жазбалары бар корпусстар мультимодальды немесе мультимедиялық деп аталады. Мультимедиялық түрі соңғы уақытта белсенді түрде дами бастады.

Классификацияның маңызды критерийі – корпус көрсететін тілдердің саны десек, қателеспейміз. Осыған сәйкес корпусстар біртiлді, екі тілді және көптілді корпусстар деп ажыратылады. Екі және көптілді корпусстар үшін әрі қарай жіктеудің 2 қосымша критерийі бар. Олардың біріншісі – бір мәтінде қолданылатын тілдердің санына байланысты. Бұл критерий бойынша корпусты параллельді және аралас деп бөлеміз. Әдетте әр мәтінде корпуста ұсынылған тілдердің біреуі ғана қолданылады, бұл жағдайда ол параллель корпус болады. Алайда мәтіндегі тілдер саны бірден көп болатын жағдайлар кездеседі. Осыған байланысты оны «аралас» түріне жатқызады.

Екінші критерий – әртүрлі тілдердегі мәтіндердің өзара сәйкес келуіне байланысты параллельді (салыстыратын) және параллельді емес (салыстырмайтын) деп мәтіндерді ажыратуға мүмкіндік береді. Бірінші жағдайда, корпуста бір тілдік материалдың, яғни мәтіннің бір уақытта әртүрлі тілдерде берілуіне қатысты. Бұл бір фрагменттің түрлі тілде қалай көрінетінін бірден көруге мүмкіндік береді. Екінші жағдайда, «параллель емес» түрінде мұндай сәйкестік жоқ. Мәселен, орыс тілінің ұлттық корпусынан мысал келтірейік [3]:

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОРПУС
РУССКОГО
ЯЗЫКА

[перейти на страницу поиска](#) [выбрать подкорпус](#) [формат KWIC](#) [English](#)

"университет"

Найдено: 1 вхождение.

Страницы: 1

А. Н. Рыбаков. Дети Арбата (1966-1983) | Ռիբակով Անատոլի / Ribakov Anatoli. Արբատի զավակները / Arbatı zavaknerə (<Ռիբանիսյան Արմեն / Hovhannisyán Armen, 1988)

1	ru	Вадим окончил университет, получил диплом искусствоведа, читал лекции, иногда водил экскурсии, а сейчас пробовал себя как театральный критик. [А. Н. Рыбаков. Дети Арбата (1966-1983) Ռիբակով Անատոլի / Ribakov Anatoli. Արբատի զավակները / Arbatı zavaknerə (<Ռիբանիսյան Արմեն / Hovhannisyán Armen, 1988)] [ОМОНИМИЯ НЕ СНЯТА] ←...→
2	hy	Վադիմն ավարտել էր համալսարանը, արվեստագիտական դիպլոմ ստացել, դասախոսություններ էր կարդում, երբեմն էսկուրսիաներ անցկացնում, իսկ հիմա ուժերն էր փորձում որպես թատերական քննադատ: [А. Н. Рыбаков. Дети Арбата (1966-1983) Ռիբակով Անատոլի / Ribakov Anatoli. Արբատի զավակները / Arbatı zavaknerə (<Ռիբանիսյան Արմեն / Hovhannisyán Armen, 1988)] [ОМОНИМИЯ НЕ СНЯТА] ←...→
3	hy_2	Vadimn avartel er hamalsarana, arvestabani diplom stac'el, dasaxosut'yunner er kardum, erbemn ek'skursianer anc'kac'num, isk hima uzern er p'orjum orpes t'aterakan k'mq'q'at. [А. Н. Рыбаков. Дети Арбата (1966-1983) Ռիբակով Անատոլի / Ribakov Anatoli. Արբատի զավակները / Arbatı zavaknerə (<Ռիբանիսյան Արմեն / Hovhannisyán Armen, 1988)] [ОМОНИМИЯ НЕ СНЯТА] ←...→

Бұл жерде параллель корпуста орыс және армян тілдеріндегі «университет» сөзінің мәтіндегі көрінісін көре аламыз. Біріншісі – орыс тілінде, екіншісі – армян тілінде, үшіншісі – латын қарпімен берілген. Міне, корпуста осындай белгілер қарастырылған болса, оны бұл ерекшелігіне байланысты «параллель» корпус деп атаймыз.

Ұсынылған тіл деректерін уақыт кезеңін қамтуына байланысты корпусты синхронды және диахронды деп ажыратуға болады. Бірінші жағдайда корпус белгілі бір уақытта тілдің жай-күйін тіркейді, ал екіншісінде деректер айтарлықтай ұзақ уақыт аралығында жинақталады, бұл тілде болып жатқан өзгерістер үдерісін бақылауға мүмкіндік береді.

Келесі жіктеу критерийі – корпуста енгізілген мәтіндердің толықтығы. Егер корпус тұтас мәтіндерді қамтыса, онда ол толық мәтінді деп аталады, егер фрагменттерді ғана қамтыса, фрагменттелген деп атайды.

Лингвистикалық корпустардың ең маңызды критерийлерінің бірі оның белгіленіміне қатысты. Белгіленімі, яғни аннотациялануына байланысты корпустар белгіленімі бар (аннотацияланған) және белгіленімі жоқ (аннотацияланбаған) болып бөлінеді. Аннотацияланған корпустарды белгіленім түрлеріне қарай метамәтіндік, лингвистикалық және экстралингвистикалық деп бөлуге болады.

Метабелгіленімнің ең егжей-тегжейлі сызбаларының бірі Орыс тілінің Ұлттық корпусында ұсынылған. Ол мәтіндік паспорт деп аталады.

Корпустағы метабелгіленімдер төменде көрсетілген ақпаратты қажет етеді.

I Барлық мәтіндер үшін

- Мәтін авторы мен өзі жайлы мәлімет
- Мәтіннің аты
- Мәтінді құру уақыты
- Мәтін көлемі

II.1. Көркем мәтіндер

- Мәтін жанры
- Мәтін түрі
- Мәтіннің хронотопы

II.2. Көркем емес мәтіндер

- Мәтіннің қызмет ету аясы
- Мәтін түрі

- Мәтін тақырыбы [4]

Осы ақпараттың өзі тілдің стилистикасы, тарихы, аймақтық вариациялары бойынша зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Шын мәнінде, қазіргі заманғы корпустарда қосымша деректердің болуы міндет. Өйткені онсыз тілдік зерттеу жүргізу қиынға соғады.

Тіл мамандары үшін метамәтіндік белгілермен қатар тілдік (лингвистикалық) белгілерді қамтитын корпустар көбірек қызығушылық тудырады. Оның өңделу дәрежесі әр корпустарға әркелкі келеді. Алайда, М.Копотев атап өткендей, барлық дерлік корпустарда бастапқы форма, дәлірек айтқанда лемма туралы ақпарат бар. Көптеген корпустар жартылай немесе толық морфологиялық аннотацияны ұсынады; синтаксистік талдау барлық корпуста қамтыла бермейді (қазақ тілінің корпусында әзірге синтаксистік белгіленім жоқ); фонетикалық және просодикалық аннотациялар жоқтың қасы (қазақ тілінің корпусында бар) [2, 25-26]. Белгіленім принциптері, әдетте, тіл жүйесін лингвистикалық теорияларда дамыған деңгейлерге бөлумен сәйкес келеді: фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық және т.б.

Мультимодальдық корпуста таңбалаудың тағы бір түрі – экстралингвистикалық белгіленім енгізіледі. Айта кетерлігі, мультимодальды корпусты таңбалау кезінде бірінші кезеңде ауызша сөйлеу жазбаша сөйлеуге (транскрипция) түрленеді, содан кейін бұл таңбалауға экстралингвистикалық таңба қосылады.

Корпустардың қолжетімділік деңгейі оны классификациялаудағы тағы бір топтау түріне жатқызылады. Осыған байланысты корпустар еркін қолжетімді, жартылай қолжетімді не болмаса жабық болуы мүмкін. Қазіргі таңда еркін қолжетімді корпустар көп. Мысалы қазақ, орыс, өзбек, башқұрт, қырғыз, әзірбайжан, чех, беларус, т.б. тілдердің корпустары ашық жүйеге негізделген. Алайда, корпустар тарихында өз ізін қалдырған «жасы үлкен» корпустардың көбі жабық. Корпустардың жабық, тіркелуді қажет етуі – жұмсалымдық статистика жасауға да негізделуі мүмкін. Аталмыш корпусты пайдаланушының ұлты, жасы, қолдану аясы сынды мәліметтерді жинап, сараптама жасауда өз септігін тигізеді.

Жоғарыдағы жіктелімдер негізінен лингвистикалық корпустарды мақсатына, міндетіне қарай байланысты түрліше классификациялауға болатынын көріп отырмыз. Лингвистикалық корпустардың басты міндеті – лингвистикалық мәтіндерді жинақтау, сұрыптау, оған талдау жүргізу болғандықтан, басты назарда корпустардың тілге, тілдік белгіленімдерге қатысты критерийлері ең маңызды болып келеді. Алайда, тілден тысқары экстралингвистикалық факторларды да назардан тыс қалдырмауымыз қажет. Аталмыш белгіленімдер тілдің өзіндік ерекшеліктерін, тілдің табиғатын, қолданыстық мүмкіндіктерін саралауда, зерттеуде зор қызмет атқарады.

Цифрлық қоғамда лингвистикалық корпустар құрастыру мәселесі қай тілдің болмасын, маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Алайда оны қандай негізде құру керек, қандай критерийлер қарастырылуы керек деген сұрақтар туындауы мүмкін. Корпуспен оңтайлы жұмыс істеу дағдыларының және тәжірибенің болмағанынан қиындық тудыратын мәселелер шығуы мүмкін. Осы тұста жоғарыда топшыланып, талданған классификациялар аталмыш мәселелерді шешудегі баспалдақ бола алады. Қазіргі қазақ тілінің ұлттық корпусы да дамып, бірталай жетістіктерге жетуде. Алайда біз әлі «дамушы» корпустар қатарындамыз, зерттейтін, корпуста енгізетін деректердің саны өте көп, әрі білікті тіл білімі саласының мамандарын қажет етеді. Болашақта қазақ тілінің ұлттық корпусы жоғарыда көрсетілген критерийлерге негізделі отырып, зерттеушілер мен жалпы тұтынушыларға оңтайлы пайдалануға қызмет етеді деген сенім мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 б.
2. Копотев М. Введение в корпусную лингвистику: Учебное пособие для студентов филологических и лингвистических специальностей университетов. – Прага: Animedia, 2014. – 230 с.
3. Орыс тілінің ұлттық корпусы (электронды ресурс) <https://ruscorpora.ru/>
4. A Practical Handbook of Corpus Linguistics [edited by M. Paquot, S. Gries]. Springer International Publishing, 2020. – 686 p.

М. А. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
«Қолданбалы қазақ тіл білімі»
мамандығының 2 курс магистранты,
Алматы, Қазақстан

КОРПУСТАРДАҒЫ БЕЛГІЛЕНІМ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада лингвистикалық корпустардағы белгіленім туралы ақпарат беріледі. Метабелгіленімге берілген ғылыми анықтамамалар талданады. Шетелдік белгіленімнің зерттелуіне қысқаша шолу жасалады. Метабелгіленімнің түрлері сараланып, әрбір түріне қатысты ақпарат жазылады. Ғалымдардың еңбектері қарастырылып, метабелгіленім қоюдағы негізгі атқарылатын жұмыстар жазылады. Тэгтердің сызбанұсқасы қалайша құрастырылатындығы талданады. Тіл білімінің әр саласын, әр категориясын метабелгіленім арқылы сипаттау талданады. Қазақ тіліндегі лингвистикалық корпустарды қатар алып, ондағы метабелгіленімдердің ерекшеліктері көрсетіледі. Корпуста әрбір тілдік бірліктің аннотациялануы метабелгіленім арқылы ажыратылатындығы сөз болады.

Метабелгіленімдер корпустарда әлі толық жасалық бітпеген. Мысалы синтаксистік белгіленімдер мүлде енгізілмеген. Ал кейбір морфологиялық, лексикалық белгіленімдерден автоматтандыру жүйесінен кеткен қателіктерді аңғаруға болады. Сол себепті алдымен тіліміздегі лексика-грамматикаға қатысты даулы мәселелерді шешіп, дәлелденген теориялар ғана корпуста енгізілуі керек деп санаймыз. Автоматтың тілін де ғылыми теорияға икемдеу керек, тіліміздегі кейбір ғылыми тұжырымдар ғалымдардың қатысуынсыз жүзеге аса алмайды. Автоматты түрде енгізуге көнбейтін кейбір дүниелер бар. Оның бәріне мұқият болып, жауапкершілікпен қарауымыз керек. Тіл – бабалар аманаты. Сол аманатты заман талабына сай корпуста енгізу, дұрыс белгіленім жасау – біздің міндетіміз.

Тірек сөздер: корпус, белгіленім, метабелгіленім, тэг, лингвистикалық белгіленім.

a website triggers positive or negative judgments. Insights into these topics may enable webdesigners one day to intentionally shape positive first impressions.

The term «landing page» is a prime example of the way language evolves and adapts, especially in the context of technology and digital marketing. While it may seem like a modern construct, its etymological origins reveal a fascinating story of linguistic convergence.

«Landing»: The word «landing» in «landing page» has its roots in Old English, where it was originally spelled as «landung.» It is derived from the verb «landian,» meaning «to make land, to land a boat or ship.» In its early usage, it referred to the act of bringing a vessel to shore or to a destination. Over time, its application expanded to include the idea of arriving at a specific point, such as a webpage on the internet.

«Page»: The word «page» has a much older etymological history, tracing its roots back to Latin, where «pagina» referred to a young servant or page boy. In medieval times, these young assistants were responsible for turning the pages of books for their masters, and thus, «page» came to represent a leaf of a book or document. With the advent of the printing press, «page» evolved into its modern usage as a physical or digital sheet of information.

When «landing» and «page» are combined, they form the term «landing page.» In this context, «landing» signifies the initial point of arrival, and «page» represents the digital space where information is presented. It reflects the idea that a visitor has landed on a particular web page after clicking a link or advertisement, emphasizing the importance of the first impression and the immediate experience that the user encounters.

The etymological origins of «landing page» illustrate the adaptability of language to new technological and cultural contexts. In the ever-changing digital landscape, linguistic evolution is a testament to how language remains a dynamic tool, continually incorporating and repurposing existing words to reflect contemporary concepts and needs.

One of the most iconic and widely recognized landing pages in the history of digital marketing is Dropbox's landing page for its referral program. While the specific design and content may have evolved over the years, the core concept remains a classic example of an effective landing page.

Dropbox's Referral Program Landing Page:

Objective: The primary goal of this landing page is to encourage existing Dropbox users to refer new users to the platform, thereby increasing Dropbox's user base and promoting viral growth.

Key Elements:

Clear Value Proposition: The landing page immediately communicates the benefit to the user - «Get more space» – in exchange for referring friends.

Concise Explanation: A simple and concise message describes how the referral program works and what users need to do to participate.

Visual Appeal: A clean and visually appealing design, complete with friendly graphics, enhances the user experience.

Social Proof: Testimonials and user numbers add credibility and trustworthiness to the offer.

Call to Action (CTA): A prominent CTA button with clear text, such as «Invite Friends,» encourages immediate action.

Progress Indicator: A progress bar or indicator shows users how close they are to achieving their goal, which is earning more storage space.

Viral Aspect: Dropbox's brilliance lies in the inherent virality of the referral program. When a user refers a friend and that friend signs up, both the referrer and the referee benefit from increased storage space, which encourages users to invite more friends. This viral loop has been a major driver of Dropbox's growth.

The Dropbox referral landing page is a classic example of a well-executed landing page that effectively leverages the power of a simple yet compelling offer, clear communication, and a user-friendly design to drive user acquisition and growth. It has served as a model for many other companies looking to implement referral programs effectively.

A brilliant landing page is designed to be highly effective at achieving its intended goal, whether that's capturing leads, generating sales, or encouraging a specific action. Here are the main features that make a landing page brilliant:

Clear and Compelling Headline: The headline should be attention-grabbing and clearly convey the main benefit or message of the landing page. It should make visitors want to explore further.

Concise Subheadline: A subheadline provides additional context to the headline. It should be concise and support the main message without overwhelming the visitor.

Engaging Visuals: Visual elements, such as images, videos, or graphics, should be eye-catching and relevant to the content. They can help explain the offering and make the page more visually appealing.

Unique Selling Proposition (USP): Clearly state what makes the product, service, or offer unique and why visitors should choose it over alternatives.

Call to Action (CTA): The CTA is the most critical element. It should be highly visible, use action-oriented language (e.g., «Get Started,» «Sign Up,» «Buy Now»), and guide visitors toward the desired action.

Minimal Distractions: Eliminate unnecessary elements like navigation menus and links that might divert visitors' attention from the CTA. The focus should be on the conversion goal.

Compelling Copy: The text should be concise, persuasive, and focused on benefits. Use persuasive language, bullet points, and well-structured content.

Social Proof: Include testimonials, reviews, or trust symbols that establish trust and credibility. This can be in the form of quotes, ratings, or logos of well-known clients or partners.

Relevant Form: If the landing page is for lead generation, the form should be easy to fill out and only ask for essential information. The number of form fields should be kept to a minimum.

Mobile Responsiveness: A brilliant landing page is designed to work seamlessly on various devices and screen sizes, especially mobile devices.

A/B Testing: Ongoing testing and optimization are crucial. Brilliant landing pages are continuously improved based on user behavior and A/B testing results.

Urgency and Scarcity: Creating a sense of urgency, such as limited-time offers or countdown timers, can motivate visitors to take action quickly.

Benefits and Features: Highlight what visitors will gain from taking the desired action and provide additional information about the product or service.

Privacy and Security Assurance: If sensitive information is collected, reassure visitors about data security and privacy.

Loading Speed: A fast-loading page is essential to prevent users from bouncing due to slow load times.

Progress Indicators: For longer forms or multi-step landing pages, use progress indicators to show visitors how far they are in the process.

Testing and Analytics: Implement tracking and analytics to monitor the landing page's performance and make data-driven improvements.

Targeted and Relevant Content: The content and messaging should be tailored to match the source of traffic and the audience's expectations.

Consistent Branding: The landing page should maintain the brand's visual identity and align with other marketing materials.

A brilliant landing page is one that combines these features to create a persuasive, user-friendly, and high-converting experience for visitors, ultimately achieving the desired goals of the marketing or advertising campaign.

In conclusion, a brilliant landing page is far more than just a web page; it's a strategic masterpiece designed to capture the attention of visitors and guide them toward a specific action. The essential features discussed in this guide are the building blocks of landing page success, each contributing to the overall effectiveness of the page.

From the captivating headline and persuasive content to the strategically placed call to action and compelling visuals, a well-crafted landing page engages, informs, and persuades visitors, ensuring they not only stay but also take the desired action.

But brilliance does not stop at the page's design; it extends to continuous improvement. A/B testing, analytics, and the ability to adapt to evolving user preferences are equally important. A brilliant landing page is a dynamic entity, ever open to enhancement based on real user behavior.

By employing the best practices outlined here and adhering to the principles of clarity, simplicity, and relevance, you can create landing pages that are not just gateways but the keys to your digital marketing success.

The primary goal of a landing page is to maximize conversions, be it lead generation, sales, or another desired action. As the digital landscape continues to evolve, so too must ours approach to creating brilliant landing pages that keep pace with changing user behaviors and expectations.

In the end, the brilliance of a landing page lies not just in its aesthetics but in its ability to bridge the gap between visitor interest and meaningful interaction. It is the meeting point where curiosity turns into action, and it is the cornerstone of successful digital marketing campaigns.

References:

1. «The Role of Visual Complexity and Prototypicality Regarding First Impression of Websites: Working Towards Understanding Aesthetic Judgments» by A. Lindgaard, G. Fernandes, and C. Dudek
2. «The Effect of Aesthetic Usability on Perception, Brand Evaluation, and Purchase Intention in Online Shopping» by S. Khosravi and M. Zolkafli

С.А. АСАНБАЕВА

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жарнама саласының әлеуметтік рөлінің артуы мен жарнаманың психологиялық тұрғыдан әсер ету қызметі, тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктері, қазақ тіліндегі жарнаманың тілдік сипаты мен психолінгвистикалық аспектісі қарастырылған.

Тірек сөздер: жарнама, жарнаматану, жарнама мәтіні, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика.

Аннотация. В статье рассматриваются возрастающая социальная роль современной рекламной сферы и функция психологического воздействия рекламы, особенности использования языковых средств, языковой характер и психолінгвистический аспект рекламы на казахском языке.

Ключевые слова: реклама, рекламоведение, рекламный текст, социолінгвистика, психолінгвистика.

Annotation. The article examines the increasing social role of the modern advertising sphere and the function of the psychological impact of advertising, the features of the use of linguistic means, the linguistic nature and the psycholінгvistic aspect of advertising in the Kazakh language.

Keywords: advertising, advertising science, advertising text, sociolінгvistics, psycholінгvistics.

Жарнама – өмірдің көпастарлы саласы. Оның экономикалық, әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық т.б. астарлары болады. Мысалы, лингвистикалық тұрғыдан алғанда, жарнама – сөз, жарнама – сөйлем, жарнама бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін немесе шығарма, тіпті бөлек кітап, кино болуы да мүмкін.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған тілдің қоғамдық қызметінің аясы өркен жая кеңейіп, сөз байлығы молайып, көркемдік өрнегі айшықтала бермек. Белгілі бір саланың әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени өмірімізде атқарар қызметі қандай болса – онда қолданылған тілдің мәні мен маңызы да сонша.

Жарнама тілі халық арасында кең тараған тіл болуы шарт, әйтпесе бейтаныс тілде жарияланған жарнама, әлеуметтік тұрғыдан танымал болмауына байланысты, иесін таппас жүйесіз сөз болып қалмақ. Ал көпшілікке танымал тілде жарияланған жарнама шын мәнінде жарнама болуы үшін, тіл мен стиль тұрғысынан алғанда, әрі қысқа, әрі нұсқа, жалпыға түсінікті де әсерлі жазылуы шарт. Жарнама тілінің сөздік құрамы жағынан да өзіндік ерекшеліктері болады.

1. Жарнама тілі бай болуы тиіс. Сөздік құрамы жұтаң келген жарнамаға көпшілік елең етпейді.

2. Жарнама тілінің сөздік құрамы өмір талабына сай, өзгеріп, дамып отыруы қажет. Өмір жылжып алға басса, ол тілде көрініс беруі тиіс, ал оны өрнектеуші сөз өзгеріссіз қала алмайды.

Халықтың әлеуметтік өміріндегі: өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылымдағы және техникадағы, өнер мен мәдениет саласындағы даму, олардағы жаңалықтар лексикаға да үнемі ықпалын тигізіп отырады. Кейбір сөздердің қолданылу аясы кеңісе, бірсыпырасының жұмсалу өрісі тарыла бастайды. Ал кейбіреулері қолданыстан мүлдем шығып қалып, архаизм немесе көнерген сөздерге айналады.

Қазіргі кезде жарнама тілінің сөздік құрамы, үздіксіз баю үстінде. Тіліміз ішкі мүмкіндік негізінде пайда болған сөздермен, жаңа атау, терминдермен, терминдік тіркестермен толығырақ түсуде.

Жарнаманың әсерлілігі, оның ықпалының артуы адам психикасының ерекшеліктерін ескеріп жасалған кезде ғана артады. Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Жарнама бірден оқырманның, тыңдарманның, көрерменнің назарын аударуы керек. Психология ғылымында ойлы назар және ойсыз назар деген болады. Біріншісі адам бір нәрсені көру үшін күш жұмсап, тырысуы керек, ал екіншісі – затты немесе құбылысты адамның ойламаған жерден байқап оған еріксіз көңіл бөлуі. Жарнама негізінде ойламаған жерден адам назарына ілігіп, оның санасына әсер етуі керек. Ол тұтынушының қызығушылығын арттырып, көздеген затты сатып алуға итермелейді. Кейбір жағдайларда жарнама тұтынушының сезіміне әсер еткеннен кейін, екінші кезеңде мағынасымен қызықтырып, белгілі бір сезімді қалыптастырып, оны қуанып немесе таңдандырып, ал кейбір жағдайда ойламаған жерден шешім қабылдатып, абдыратады. Жақсы жарнама адам санасында белгілі бір бейне (образ) жасап, сонымен байланысты нығайтып, қалыптастырады. Мұндай жағдайда біз «жарнама» образымен танысамыз. Жарнаманың әсері дәлелді болуы пайдаланған тұжырымдамаларға тікелей байланысты. Егер де мұндай дәлелдер жарнамада жоқ болса, онда жарнаманың адам санасына ықпалы әлсіреуі сөзсіз. Жарнаманың тағы бір ұтымды жақтарының бірі – сезімге тікелей байланысты бір нәрсені көргенде туындайтын ассоциациялар. Бұл – бір нәрсені екінші нәрсеге ұқсату арқылы белгілі бір сезім ағынын туғызу.

Кез келген ортаға байланысты әр түрлі жарнамаларға назар аударта білу – жарнама компаниялары мен агенттіктерінің жетістігі. Жарнама хабарлары, мейлі ол газет, журнал арқылы немесе радио, теледидар арқылы берілсін тұтынушы мен көрермендер арасында психологиялық байланыс туғызады. Жарнама хабарларының белгілерін қабылдау маңызды мәселе. Жарнама белгілерін дұрыс қолдана білу жарнамашының шеберлігіне байланысты. Жарнаманың қолданылуын адам санасында белгілі бір уақыт аралығында белгілер (сигнал) жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Осы белгілер арқылы адам өзіне қажетті тауар жөнінде жан-жақты мәлімет алады. Нәтижесінде адамның ойында психикалық процесс жүреді. Бұл эмоциялық күйзеліс түрінде өтеді. Жақсы жарнама – дәл және нақты хабар мен ойдағыдай жаңалықтардың дер кезінде берілуі. Жарнама жасайтын мамандар бізде әлі өз дәрежесінде қалыптасқан жоқ. Жарнама жасауға психологтар, социологтар, тілшілер, экономистер керек. Иә, жарнама мәселесінің айтылатын, жазылатын, зерттелетін мәселелері жеткілікті. Бұл - Қазақстан Республикасында шешуін таппаған, соңғы кезде қолға алынып келе жатқан жұмыстың бірі. Жарнама – алуан арналы ғылым. Сол себепті жарнаматану ғылымы қалыптасқаны жөн. Оның сүбелі саласының бірі – психологиялық арна.

Батыс ақпарат құралдарындағы берілетін жарнаманы қарасақ, олардың творчестволық ізденістері, полиграфиялық деңгейінің жоғарылығы, психологиялық әсері тек қана таңдандырып қоймайды, ұқсас үлгілерді жасау үшін жаңа ізденістерге шақырады.

Жарнама психологиясына байланысты шет ел ғалымдарының еңбектері баршылық. Мысалы, Американың белгілі ғалымдары Ч.Эдвардс, Р.Браун: «Реклама не может решать столь непосильные задачи. Реклама информирует и только» дейді. Олардың ойынша, жарнама ерекше құбылыс: «Реклама – это всякая оплаченная форма распространения сведений о товарах и методах обслуживания, обращенная к неопределенной группе людей». Тұтынушының өнімді сатып алуына тек қана өнімнің өзі емес, оған жасалған жарнама хабар әсер етеді. Егер жарнама мәтінін құрастырған кезде адам психикасының ерекшеліктері еске алынса, онда жарнама мақсатын жетеді. Себебі назар аударту, қызығушылық туғызу, ынталандыру – мұның барлығы психологиялық процестер [1].

Жарнаманың іс-шараларын дайындаған кезде тұтынушының басқа адамдармен бірге белгілі бір әлеуметтік байланыста болатынын еске ұстаған жөн. Бұл өзі бірге жұмыс істейтін жұмысшылар ұжымы немесе жанұя т.б. болуы мүмкін. Сонымен қатар өнімді сатып алуға шешім қабылдау тұтынушының мінез-құлқының ерекшеліктеріне де байланысты. Күнделікті саудада бұл ерекшеліктер соншалықты қажет бола бермейді. Мысалы, күнделікті қажетті: нан, сүт, ет т.б. өнімдерді сатып алу кезінде тұтынушылар мінез-құлқында ешқандай ерекшеліктер байқалмайды.

Сатып алу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Түрткі жағдай (мотив) адам санасы арқылы өтіп, мінез-құлқына әсер етеді. Осыған байланысты кеңес ғалымы В.В.Усов адам мінез-құлқының екі түрін ұсынады [2]. Біріншісі «импульсті» мінез-құлқы, яғни сананың белсенді қатынасынсыз өтетін қимыл, екіншісі «проблемалық» мінез-құлқы – жан-жақты ойланудан кейін қабылданған шешім. Нәрсені сатып алуға түрткі болған жағдай өнімнің бағасына қатынаста анық көрінеді. Түрткі жағдай күшті болған сайын бағаға қатынас әлсіз бола бастайды. Күнделікті сұранымдағы өнімдердің (нан, сүт, ет т.б.) бағасы аз ғана өзгерсе, белгілі бір мағынаға ие болады. Ал қажеттілікті қанағаттандыру үшін сатып алынған өнімнің жоғарғы бағасы тұтынушының көңілінде қалмайды. Қажеттіліктің пайда болуы адамда белгілі эмоциялық жағдайы қозғайды. Сатып алынған өнімнен кейін адамнан күш түсіп, психологиялық жағынан көңіл-күйі көтеріңкі болады. Бірақ адам біршама уақытқа дейін ешқандай әсерге ұшырамайды. Біраз уақыттан кейін алдыңғы, сатып алуға дейінгі көңіл-күй қайта оралады. Жаңа психологиялық қызу мен эмоциялық күйзеліске ұшырады. Кейбір адамдарда сатып алынған өніммен байланысты күйзеліс тез қайтады, ал кейбіреуінің санасында ұзақ уақыт сақталады. Үшінші біреулерінде жоғалып кетіп, қайта оралады. Сатып алынған өнімнің нәтижесіндегі психологиялық салдарды тұтынушылар әр түрлі көтереді. Сатып алушының бұл психологиялық ерекшеліктерін білу, келесі керекті өнімнің қажеттілігін жасауға бағытталған жарнама жұмыстары үшін негізгі позиция болуға қызмет етеді. Сатып алушылар кейбір өнімдерді оның қандай қажеттіліктерді қанағаттандыра алатындығына байланысты бағалайды. Сондықтан сатып алған өнімнің түрткі болған жағдайын (мотивін) адамдардың әлеуметтік өмірінің, жанұя-тұрмыстық ортасының, қарым-қатынасының, ақыл-ойының, қызығушылығының қоғамдық және өндірістік ұжым өміріне қатысу аспектісінде қарастыруға болады.

Талғам, әдеттенушілік, дағды болады, ол – адамның жасына, әлеуметтік ортасына, ұлттық ерекшелігіне, тұрған жеріне, өмірлік тәжірибесіне, біліміне адамның іс-әрекет нормалары мен пікірінің көрінісі.

Еліктеу деген болады, ол – басқа адамдардың пікірімен санаса отырып алынған өнім, әлеуметтік топтардың беделді мүшелеріне қарай бой түзеу арқылы жасалған әрекет. Өнімнің сатып алынуына әрқашан белгілі экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, географиялық факторлар әсер етеді.

Тұтынушылар әдетте затты не үшін сатып алғандығын біледі. Бірақ күткен өнімді сатып алу себебін түсіндіре алмайды. Кейбір тұтынушылар өнімді сүйсінгендіктен сатып алады. Кей жағдайда адамның беделі де әсер етеді. Беделді кісі (қоғам қайраткері, ғалым, кино ар-

тисі т.б.) тұтынушының психикасында із қалдырады. Айталық, Қазақстан Республикасында шығарылған, әсіресе, арақ-шарап өнімдерін жарнамалауда шетел артистерін жиі пайдалану байқалуда.

Мотивация процесінде тұтынушылардың әдет-ғұрпы, көзқарасы, талғамы маңызды роль атқарады. Олар мотивация кезеңдерінен өту кезінде нақты қажеттіліктің қанағаттандырылуы негізінде пайда болады. Нәтижесінде тұтынушының өнімге деген әрбір қимылы ол үшін қажеттілік болып табылады. Көп жағдайда жарнама сатып алуға бірдеңе түрткі болып, есте сақтау арқылы санада әсер қалдыруы мүмкін. Кейін осы процесс өнімді сатып алуға себеп болады.

Жарнама адамдардың көңілін аударса, онда ол есте тез сақталады. Ол үшін жарнамалар мәтінінде аз сөз қолданып, түрлі-түсті айқын суреттермен басқа да көрнекі құралдарды ұтымды, тиімді, дәл қолдана білу керек.

Есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктеріне қарай адамдар жекелеген топтарға бөлінеді: а) кейбір адамдар көзбен көретін жарнамаларды жақсы сақтайды; б) қайсыбіреулері есту; в) енді біреулері қозғалыстағы жарнамаларды естерінде жақсы сақтайды.

Жарнамалардың әлеуметтік психологиялық факторлары. Жарнама тек қана экономика емес, сонымен қатар әлеуметтік психологиялық заңдарға да бағынады.

Адамдардың сұранымы үнемі бірқалыпты болып тұрмайды. Ол үнемі үздіксіз өзгеріс үстінде болады. Бұл өзгерістер тек қана табыстың өсу деңгейімен ғана байланысты емес. Ол белгілі бір психологиялық әсердің және техникалық прогрестің әсерінен де болуы мүмкін. Адамдардың сұранымына өзгеріс енгізуде жарнама үлкен қызмет атқарады. Айталық, оның мамандығы, білімі, жынысы, жасы сияқты факторлар да өз әсерін тигізеді. Олар зерттеуде әлеуметтік процестердің біршама ерекшеліктерін еске ұстауды қажет етеді. Басты ерекшелік таным объектісінің тұлға немесе әлеуметтік топ екендігінде. Кез-келген әлеуметтік процеске қатынасшылар ешқашан бірқалыпты болмайды. Тұтынушы қоғаммен белгілі бір қатынастағы оның бір бөлшегі болып саналады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы олардың психикасының қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Жарнамада назар аудару және оның адамға әсерін күшейту үшін әртүрлі психологиялық әдістер қолданылатыны белгілі. Жарнамалық мәтіндерді құра отырып, бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси жарнаманы өндірушілер жарнама тұтынушысына әсер ету психологиясы мен мәтінді қабылдау психологиясын есте ұстауы керек. Бұл жағдайда біз лексиканың, синтаксистің ерекшеліктері, оңтайлы композициялық құрылым туралы айтып отырмыз.

Жарнаманы зерттеу барысындағы кейбір жасына, жынысына, қызметіне, тұрғындардың ұлттық құрамына байланысты социологиялық деректер статистикалық және мұрағаттық материалдардан, партиялық, кәсіподақтық, құжаттардан, санақ материалдарынан алынады.

Жарнама алдымен адамдардың ақылы мен сезіміне әсер ету керек. Оның психологиялық әсерінің нәтижесінде жасалған іс-әрекет адамдардың жеке еркі бойынша жасалған сияқты болуы тиіс. Кейбір адамдар өздерінің ойларында, көзқарастарында тұрақсыздық білдіреді. Мұндай адамдарды психология ғылымында белсенді адамдар деп атайды. Олар өмірде жиі кездеседі. Сондықтан да жарнама берілген плакат, хабарландырулар, мерзімді баспасөз, теле- және кинофильмдер адамдардың барлық мінез-құлқына сәйкес жасалынуы керек. Жарнамадағы сөздер мен көріністер, суреттер қандай жағдайда болмасын ақылы мен сана-сезіміне жақсы әсер етіп, олардың естерінде ұқытқа сақталуы үшін сәйкестендірілуі керек. Кез-келген жарнама көңіл аудартып, тұтынушыны іс-әрекет жасауға ынталандыруы тиіс. Егер жарнамаға көңіл бөлініп, іс-әрекет жасалса, онда жарнаманың мақсатына жеткендігі.

Жарнаманы көрісімен адам бірден дүкенге кіріп, зат сатып алады деп ойламау керек. Өйткені, дәл осы уақытта адам жұмысқа асығып бара жатуы немесе ақшасы жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан жарнама сол затты сатып алғанша есте тұруы тиіс.

Жарнама құрастырушы адам тұтынушылардың назарын аударту жолдары мен олардың жарнама мәтінін тез түсінуін, есте сақтау процестерін жетік білген жөн. Жарнаманың нәтижесін белгілі бір психологиялық процестер жиынтығы ретінде түсінуге болады. Олар: назар аударту, қызығушылық туғызу, сезімге берілу, еске сақтау, шешім қабылдау, іс-әрекет жасау т.б.

Сонымен, жарнаманың бірінші мақсаты – ынтаны ояндыру (ынталандыру). Егер адам үлкен көшеге шықса, онда ол сырғыған машиналарды, тротуарды, көшедегі әр түрлі дауыстарды естиді. Адамның бұл көріністерді түгел қамтуы мүмкін емес. Егер белгілі бір нысана назар аудартарлық жағдайда болса, онда ол басқа жалпы әсерлерден ерекшеленіп, адамның сезу мүшелеріне әсер ете бастағаны: көреді, сезінеді. Жарнаманың мақсаты негізінен, назар аудартуда. Назар аударту көптеген жолдармен жүзеге асады. Мысалы, газеттің майда хабарларының арасынан біз ең алдымен көзге жақсы көрінетін жуан қара жиекпен берілген хабарландыруды тез байқаймыз. Көлемі жағынан ерекшеленіп тұратын жарнама көптеген материалдардың аумағындағы басқа жарнамаларға қарағанда едәуір назар аудартады. Бірақ өте үлкен көлемді жарнаманың да тиімсіз жақтары бар. Мысалы, трамвайда біз көбінесе отырған кезде жақсы көрінетін жарнамаға назар аударамыз, демек жарнама беруші жарнаманың көлемін дн еске ұстағаны жөн.

Жарнаманың бүгінгі күнге дейінгі тарихына зер салып қарайтын болсақ, оның әлеуметтік қызметі мен қоғамға тигізген әсерінің нәтижелері де әлі де болса тереңдетілген күрделі теориялық проблемаларды шешуді талап етеді. Жарнаманың бірсыпыра проблемалары психологиялық сипатта болатыны белгілі. Өйткені хабарды қолдану мен қабылдау адам өмірінде ерекше орын алады. Жарнама психологиясына байланысты О.А.Феофанов былай дейді: жарнаманың мақсаты – тұтынушының өнімге деген көзқарасын анықтап, соған сәйкес әсер ету («Задача рекламы – предопределить мотивацию поведения покупателя и соответствующим образом повлиять на нее») [3].

Шетелдік ғалымдар жарнаманы алдымен адам сана-сезіміне әсер етуші құрал ретінде пайымдайды. Жарнаманың адам сана-сезіміне әсер ету үшін көптеген әдістер қолданылады. Соның бірі – заттың өзіндік ерекшелігін «имидж» көрсету. Бұл әдіс шетел жарнамаларында жиі қолданылады, себебі әр түрлі фирмалар мен компаниялар шығарған бірыңғай өнімдердің көптеп пайда болуына байланысты әрбір кәсіпорын өз өнімін өткізу үшін заттың ерекше қасиеттерін көрсетуге тырысады. Сол арқылы тұтынушыларға біраз уақытқа дейін танымал болып, кейін осы қасиеттері, ерекшеліктері жеткіліксіз болғанда өнімдерін өткізу үшін қосымша қасиеттер, ерекшеліктер ойластырады. Мысалы, Америкада «Marlboro» сигареті біраз уақытқа дейін әйелдерге арналған сигарет есебінде жарнамаланды. Кейін бұл сигарет «тек қана Вирджиния темекісінен жасалған сигарет емес деп, нағыз ерлерге» арналғанын көрсете келе сигаретке жаңа «имидж» берді.

Шетелдік жарнамаларда «имидж» тек қана өнімнің сорттарына емес, сонымен қатар әлеуметтік процестерді ерекшелеуде және әр түрлі үгіт-насихат, білім алу салаларында да жиі қолданылады. Мысалы, жарнамаға арналған американдық әдебиеттерде сатып алған автомобильдеріне мінезін анықтау әдеті жөнінде де көп айтылады. Айталық, байлар өздерінің әлеуметтік жағдайларын көрсету үшін төбесі ашық, түсі қызыл, сары, ақ «кадиллак» автомобильдерін сатып алуға тырысады. Бұл процестер сонғы уақытта Қазақстанда да байқалуда. Мерседес, Вольво, БМВ автомобильдерін бізде тек қана тұрмыс жағдайы жоғары кәсіпкер, коммерсант адамдар ғана сатып алуға мүмкіндіктері бар. Сол сияқты көптеген қала дүкендерінің көпшілікке арналмағандығын сыртқы көріністерінен оңай байқауға болады. Мысалы: Акцепт, француз үйі, Бутя, Грапро, Райымбек, Азимут, т.б. фирмаларының дүкендері мен шетел дизайнерлерінің арнайы тігілген киімдерін сататын дүкендерге кез-келген адам кіріп, сауда жасай алмайды. Біздің елімізде де жарнаманың мұндай психологиялық аспектілерін ескерту керектігі дәлелдендей. Бірақ біздің қарастырып отырған мәселе жарнаманың психологиялық немесе экономикалық жақтары емес, лингвистикалық жағы, яғни мемлекеттік тілдің бұл салада жарнама тілі болу дәрежесіне жету мүмкіншіліктерін зерттеу.

Қазір не көп – ілінген жарнама көп. Олардың қаншалықты психологиялық немесе әсемдік көркемдеу жақтарына көңіл бөлгендігін, тек жарнама ісімен айналысушылар ғана емес, қарапайым қала тұрғындарының өздері-ақ байқауларына болады. Жарнаманың бүкіл өркениетті елдер зерттеген басты мәселесі мен оның негізгі қызметі тұтынушының назарын аудартып, жарнамаланып отырған өнімге немесе қызмет көрсету түрлеріне деген қызығушылығын туғызып, сатып алуға не басқадай іс-әрекет жасауға ынталандыру. Бұл жерде алдымен тұтынушылардың

қажеттілігін ескеру – басты назардағы мәселе. Жарнамаланып отырған өнім тұтынушыға ой туғызып, назарын аудартып, түсінікті етіп қабылдай алатын жағдайда жарнамаланатын болса, бұл жарнаманың басты, негізгі мақсатының орындалып, іске асқандығы.

Жарнаманың өз қызметін атқаруы үшін жарнама мәтінін құрастыру кезінде адам сана-сезімінің ерекшеліктерін ескеріп жасаған кезде ғана жетеді. Негізінген жарнаманың адам сана-сезіміне әсер етуінің мынадай езендері бар: назарды өзіне аударту, қызықтыру, ынталандыру, сатып алуға немесе басқа да іс-әрекет пайдасына нақтылы дәлелдеме жасау, сатып алуға немесе іс-әрекетті пайдалануға мәжбүр ету.

Міне, жарнама мәтіні адам психикасының осындай ерекшеліктерін ескерген кезде ғана мақсатына толық жетеді. Қазіргі кезде қазақ тілінде беріліп жүрген жарнамаларда көбінесе бұл жағдайлардың біріне де мән беріп, бірі де ескерілмеген, себебі, жарнамалардың бәрі де тікелей орыс тілінен сөзбе-сөз аударылып, тіпті қазақ тілінің заңдылықтары сақталмастан жарияланып жүр.

Жарнама мәтінінің пәрменділігін арттыру үшін көптеген тілдік құралдарды, әсіресе, салыстырулар, теңеулер, әр түрлі көрсем сөздерді тиімді, орынды пайдалана отырып жасалынған жарнамалардың әсері жақсы болып, тұтынушының тез, жылдам қабылдауына мүмкіндік береді. Тағы бір айта кететін мәселе – жарнама мәтіні қысқа әрі мәнді болуы тиіс. Бұл тұтынушының санасында тез қабылданып, ұзақ уақыт қалуына жақсы әсерін тигізеді.

Бір сөзбен айтқанда, жарнамада жалғыз сөздің өзі әсерлі болуы керек. Атақты орыс очеркисі В.Овечкин айтқандай: «В этом искусстве уметь единым словом, намеком вызвать у читателя много воспоминаний, ассоциаций, бурю чувств» жалғыз сөз арқылы сезім құйынын ояту, биіктерге шақыру, ойды өзгерту, әрине, бұл оңай нәрсе емес, сондықтан да жарнама өнер өзін осы жолға бағыштаған адамнан қажымас еңбекті, таудай талапты, көп ізденістерді талап етеді [4].

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, жарнама саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Ол мынадай қажеттіліктерден туындайды:

1. Жарнама саласындағы қазақ тілінің беделін көтеру;
2. Тіл заңын жүзеге асыруға байланысты, мемлекеттік тілдің жарнама саласында қолданылуын қадағалау;
3. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілдегі жарнама ісімен айналысатын мамандар даярлауды қолға алу;
4. Мемлекеттік тілде және басқа тілдерде берілген жарнамалардың әдеби тіл нормасына сәйкес келуін қадағалайтын орган ашу;
5. Мемлекеттік тілдегі жарнама жасаумен айналысатын жарнама агенттіктерін ашуды қолға алу;
6. Жарнама тілін жақсарту мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу т.б.

Қазіргі қоғам өмірінің бөлінбес бір бөлшегіне арналған жарнамалардың негізгі мақсаты тұтынушыға өнім туралы, оның қасиеттері, ерекше пайдасы туралы хабарлау, тұтынушының санасына әсер ету, жарнамаланған өнімді сатып алу қажеттілігін жасанды түрде қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдық санаға белгілі бір бағыттың саяси, әлеуметтік мінез-құлқын ынталандыру және оларды қолдауға бейімдейтін, қажетті психологиялық көзқарасты қалыптастыратын және олардың сипаты туралы белгілі бір идеяны бұқаралық санаға тез әрі оңай енгізу мақсатында ақпараттық әсер ету сияқты нақты прагматикалық мақсаттарды алға тарта отырып, жарнамалық хабарламалардың авторлары белгілі бір жарнама компаниясының тұжырымдамасын мұқият ойластырады. Сондай-ақ, жарнаманы тек экономистер мен саясаттанушылар нарықтық қатынастардың ажырамас бөлігі ретінде зерттеп қана қоймайды, сонымен қатар оның әртүрлі аспектілері ғылыми білімнің басқа салаларының да мамандарының назарын аударуда. Айталық тіл мамандары жарнама мәтіндерін тілдік сипаты мен тұтынушыға ықпал ету қызметі жағынан, жарнама тілін тіл білімінің жаңа бағыттары психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдары тұрғысынан зерттесе, психологтар жарнамалық хабарлама мазмұнын тұтынушы санасымен өзара әрекеттесуін қарастырды, психоллингвистер тұтынушы санасына жарнамалық мәтіннің әсерін, жарнамалық мәтіндерді

құрастыру мен оларды тұтынушылардың қабылдау және оларға әсер ету әсерін қарастырып зерттей бастады.

Шетелдік және отандық тіл білімінде жалпы жарнама саласы және жарнама тілі соңғы он бес-жиырма жылдың көлемінде ғана зерттеле бастады. Кеңестік кезеңде жарнаманың дәл қазіргідей формалары мүлдем болған жоқ, зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, ол кезде жоспарлы экономика мен коммунистік партия, кеңестік идеологияны насихаттауға бағытталған ұрандар ғана болған. Сондықтан арнайы саяси жарнама тақырыбын тоқсаныншы жылдарға дейін қозғаусыз жатқан тың тақырып болды деп айтуымызға әбден болады.

Нарық қоғамында жарнама ұғымының қамтитын мазмұны мен түрлері, көлемі ұлғайды. Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени өмірінде жарнаманың маңызы ерекше болып, кең қолданысқа түсіп отыр. Нарықтық еңбек қарым-қатынасындағы бәсекелестік артуы жарнамаға деген қажеттілікті күннен-күнге арттыруда. Жарнама ісі нарықтық экономиканың дамуына байланысты күн сайын біздің өмірімізді кеңінен қамтып, берік орын алуда. Сол себептен, жарнама мәселесінде айтылатын, жазылатын, зерттелетін мәселелері әлі де болса жеткілікті. Қазіргі қазақ қоғамында, қоғам нарықтық қарым-қатынастарға көшкен уақытқа жарнаманың рөлі жоғары, ол маңызды қызмет атқарады. Өйткені ол – нарықтық, әлеуметтік, саяси қарым-қатынастардың бір құрамдас бөлігі, қазіргі қоғамның негізгі бір атрибуты. Бұл қазіргі барлық қарым-қатынастағы қоғам дамуында жарнаманың ықпалы өлшеусіз деген сөз.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында лингвистиканың дамуы тілді жаңа парадигмалық білім, яғни когнитивтік, коммуникативтік, этномәдени тұрғыдан қарастырып, қазіргі заман лингвистикасында тілге функциональды-коммуникативті және тілдік қатынас тұрғысынан келуді және коммуникацияның дәстүрлі формасымен қоса жаңа үлгілерді де қарауды талап етеді. Бұл қазіргі жарнама тіліне тікелей қатысты. Себебі, жарнама тілінің ерекшелігі әлеуметтік факторларға, яғни ұлттық құндылықтарға және мәдени-аралық, яғни халықтардың бір-бірімен ықпалдастығына тікелей қатысты тілдік бірліктер арқылы қалыптасады. Қазіргі кезеңде жарнама: философия, әлеуметтану, экономика, маркетинг, мәдениеттану, психология, филология және т.б. әртүрлі ғылымдар аясында зерттелуде. Осыған байланысты «жарнама» термині көп астарлы құбылыстың барлық қырларын, қасиеттері мен ерекшеліктерін бейнелейтін біржақты түсіндірме аясына сыймайды. Анықтама көбінесе жарнаманың қай ғылым тұрғысынан және оның қызметтерінің: әлеуметтік, маркетингтік, экономикалық, білім беру, коммуникативті қайсысында басым болатынына байланысты қарастырылады. Жарнаманы медиамәтіннің ерекше бір түрі ретінде оны лингвистика тұрғысынан анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін жарнама тіліне айналдыру – қиын да күрделі іс. Оның лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психоллингвистикалық қырлары (аспектілері) арнайы зерттеуді қажет етеді. Қазіргі қазақ қоғамында жарнаманың әлеуметтік рөлінің артуы жарнама тілі мен жарнама мәтіндерінің ерекшеліктерін анықтауда әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, прагматика, стилистика, коммуникация теориясы тұрғысынан зерттеулер жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ал еліміздегі жарнама тілінің ахуалын ескерсек, бұл жарнама ғылымының дамуы мен жарнама туралы білімді жан-жақты жетілдіру үшін де аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Эдвардс Ч., Браун Р. Реклама в розничной торговле США. – М., 1967. – С.9.
2. Усов В.В Основы торговой рекламы. – М.: Экономика. 1976. – С.69-72.
3. Феофанов О.А. США: Реклама и общество. – М., Мысль, 1974. – С.19.
4. Овечкин В. Сила успеха. – М. – С. 41

К. СЕЙТБЕКҚЫЗЫ

*Қонаев қаласы Халықаралық
«Қазақ тілі» қоғамының Алматы
облыстық филиалының төрағасы,
Алматы облысы, Қазақстан*

САУАТТЫ ЖАРНАМА – ТІЛ АБЫРОЙЫ
(КӨРНЕКІ ЖОБАСЫ БОЙЫНША)

Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру-Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Осы Заң нормаларына сәйкес, хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыш және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде жазылады. Деректемелер мен көрнекі ақпараттың барлық мәтіні бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді, бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн», – деген сөзі бәрімізге ой салып, нәтижелі жұмыстарға жетелейді.

Алматы облыстық «Қазақ тілі» қоғамы ана тілімізді насихаттауда көпшілік арасындағы екеуара әңгімеден бастап, бұқаралық ақпарат құралдарының пәрменділігін пайдалана отырып, нәтиже береді деген заң аясындағы әдістердің бәрін қолданып келеміз. Тілді, ұлтжандылықты насихаттайтын, керек жерінде адамның намысына қозғау салып, ар-ұятын оятатын билбордтар мен плакаттар шығарып, оны көрнекі жерлерге ілуі мен таратуы, рейдтер жүргізіп, дөңгелек үстелдер өткізуі көпшілікке аз да болса ой тастайтыны анық.

Халықаралық қазақ тілі қоғамының ұйымдастыруымен Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы,

Алматы облыстық «Тіл» оқу – әдістемелік орталығы, Қонаев қаласының басшылары, Халықаралық қазақ тілі қоғамының мүшелері, тіл жанашырлары; «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, ассамблея мүшелері; Қонаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту, кәсіпкерлік бөлімі; Қонаев қаласындағы жарнама агенттіктері; баспасөз қызметкерлері арасында «Тілдік ахуал: көрнекі ақпарат, жарнама тілі» және «Сауатты жарнама – тіл абыройы» атты дөңгелек үстелдер өткізілді.

Осы жылдың ақпан айынан бастап қазақ тілі қоғамының бастауымен, Қонаев қаласы мен 9 ауданда «Көрнекілік» жобасы аясында біршама жұмыстар атқарылды.

Көрнекі ақпарат және жарнамаларға қазақ тілі қоғамының мүшелерімен үнемі рейдтар жүргізіліп Қонаев қаласы бойынша 154, аудан бойынша 2000 ға жуық нысаннан қате тауып, түзетілді. Тамақтану орындарында ас мәзірлерін мемлекеттік тілде болуын үнемі бақылауда ұстап отырамыз.

Ішкі саясат бөлімі қазақ тілі қоғамының араласуымен «Қазақтың тілі – қазақтың жаны», «Кәсіпкер кәсібінді мемлекеттік тілде жарнамала. Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» деген мағынадағы билбордтар аудандардың көрнекі жерлеріне ілінді. Бұл жердегі бір ерекшелік билбордтарды дайындауда суреттегі әдемі көрініске емес, сөзге, оның мағынасына қатты мән берілгендігі. Бірінде қатты айтылса, екіншісінде жайлап қана түсіндіреді, үшіншісінде жанама мағынаны да қолданады. Осындай мағынадағы билбордтар қаламызда ай сайын ауыстырылып ілініп тұратын болады.

Жарнама сауатты болуы тиіс, сауаттылық емле мен пунктуация ережелеріне ғана мән берілу емес, мазмұнға көңіл аудару да болып табылады. Алайда бұл тұрғыда қазақ тілінің

нормаларын бұзушылық, тіпті мемлекеттік тілде мүлде жазылмайтын немесе қате аударма түріндегі деректер көп кездеседі.

Көрнекі ақпарат пен маңдайшаларға тапсырыс беру барысында аталған талаптардың сақталуын жіті назарға алуымыз керек. Орналастырған жарнама қала келбеті мен тіл абыройы екенін естен шығармайық. Тауарлар мен өнімдерді, қызмет түрлерін сауатты жарнамалауды реттейтін жарнама агенттіктерінде мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ салт-дәстүріне, этномәдениетінен хабардар, маман еңбек етуі тиіс.

Сондықтан, сауаттылық мәселесімен қатар жарнама мәтінінің ішкі мазмұнына да мән беріп, әсіресе, ұлттық танымның тілдік көріністерін кеңінен көрсек игі болар еді. Көшелерде, сауда орындарындағы, қоғамдық тамақтану орындарындағы тек орыстілінде рәсімделген немесе сөзбе-сөз, мағынасыз аударылған көрнекі ақпараттар, баға көрсеткіштер, хабарландыру және басқа да жарнамалар тұрғындардың наразылығын туындатады. Кейбір азаматтар кітап оқымауы мүмкін, газет-журналға жазылмауы мүмкін, бірақ көшедегі жарнаманы міндетті түрде көреді, көрген соң оқиды. Визуал дүние адамның есінде міндетті түрде қалады. Сондықтан жарнама мәтінінің сауатты болуы өте маңызды екендігін атап айтар едік. Жарнама берушілер көрнекі құралдарындағы мәтінді сауатты қарап, қате кеткен жағдайда түзетуге дайын болып, бірлесе жұмыс істесек, мемлекеттілігіміздің мерейі артып, қателіктер азаяр еді.

Қорыта айтқанда, көрнекі ақпарат, жарнама жазулар – жаңалықтың негізгі жаршысы болуымен қатар, насихат пен тәрбие құралы, сондықтан жарнама тілін реттеуді қоғам болып қолға алуымыз қажет. Көрнекі ақпарат, жарнама – тілді қалыптастырушы негізгі құрал және жаһандағы жағымды жаңалықтың жаршысы. Ендеше, жалт еткен жарнамаға жайбарақаттықпен қарамайық, оның тілінің талапқа сай болуына мүдделілік танытайық. Сонда ғана жанға жайлы, жарасымды жарнама тілін қалыптастыра аламыз.

Г.Қ. ТЕМІРБЕКОВА

*Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Шымкент қ., Қазақстан*

ЖАРНАМА-БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ БІР ТАРМАҒЫ

Аңдатпа. Мақалада жарнама бұқаралық коммуникацияның бір тармағы ретінде танылып, жарнаманың шығу тарихы, жарнаманың негізгі ұғымдары, жарнаманың нормативтік-құқықтық негіздері, лингвистикалық ерекшелігі қарастырылады. Жарнама жылдан жылға қарқын алып, маркетингтің танымал түріне айналғаны белгілі.

Жарнамалық мәтінді құрастырудағы маңызды мәселе мәтінде қолданылатын тілдік құралдарды таңдау, емле ережелерін сақтау. Жарнамалық насихат аясында жарнамалық мәтін тілінің ерекшеліктерін анықтау әлеуметтік лингвистика, прагмалингвистика, функционалды стилистика және коммуникативті лингвистика теориясы аясында жүзеге асырылатындығы туралы айтылады.

Тірек сөздер: жарнама тілі, ақпарат көзі, бұқаралық ақпарат құралдары, жарнамалық мәтін, функционалды стилистика.

Аннотация. В статье реклама признается ветвью массовой коммуникации и рассматривается история происхождения рекламы, основные понятия рекламы, нормативно-правовые основы рекламы, лингвистическая специфика. Известно, что реклама набирает обороты из года в год и становится популярной формой маркетинга.

Важным вопросом при составлении рекламного текста является выбор языковых средств, используемых в тексте, соблюдение правил правописания. Отмечается, что в рамках рекламной пропаганды определение особенностей языка рекламного текста осуществляется в рамках

социолінгвістики, прагмалінгвістики, функціональнай стилистики и теорії коммунікативной лінгвістики.

Ключевое слово: язык рекламы, источник информации, средства массовой информации, рекламный текст, функциональная стилистика.

Annotation. The article recognizes advertising as a branch of mass communication and examines the history of the origin of advertising, the basic concepts of advertising, the regulatory framework of advertising, linguistic specificity. It is known that advertising is gaining momentum from year to year and is becoming a popular form of marketing.

An important issue in the preparation of an advertising text is the choice of language means used in the text, compliance with spelling rules. It is noted that within the framework of advertising propaganda, the definition of the features of the language of the advertising text is carried out within the framework of sociolinguistics, pragmalinguistics, functional stylistics and the theory of communicative linguistics.

Keyword: advertising language, information source, mass media, advertising text, functional style.

Қазіргі заманда жарнама мәселесі психология, мәдениеттану, журналистика, саясаттану, экономика, лінгвистика секілді түрлі білім салаларының назарын өзіне аударуда. Жарнама адам қызметінің барлық салаларына енген. Ол қоғам сұраныстары мен оның көңіл-күйімен үндеседі. Жарнама қажеттілігінің артуы оның экономиканың дамуында маңызды рөл атқаруына байланысты, себебі потенциалды сатып алушыға тиімді ықпал ету үшін жарнама басқа білім салаларының тәжірибесін пайдалануы керек.

Жаһандану кезінде бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдағы байланыс құралдарының күрт дамуы, сондай-ақ ақпараттың пайда болуы мен таралуы бірыңғай ақпараттық кеңістіктің, ерекше жақсы және дамыған ортаның, көптеген медиа салалардың пайда болуына әкелді. Бұл ақпарат құралдары тілді қолдану ерекшелігіне әсер етеді. Мұны жарнамалардан көруге болады. Жарнаманың мағынасын, оның қоғамдағы функциясын, жарнама тілін, оны қалыпқа келтіруді, әлемде анықтау үшін жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде [1, 55].

Сондай-ақ баспасөз жарнама жариялауға тиімді құрал, әсіресе қазақ газеттеріндегі жарнама тілінің ерекшеліктері жаңа сипатқа ие болуда. Ұлттық баспасөз бетіндегі жарнамалар мемлекеттік тілді дамытуда қарқын алып келеді. Жарнама процесі негізгі үш нысан арқылы жүзеге асырылады. Олар:

1. Жарнама беруші. 2. Жарнамалық агенттік. 3. Бұқаралық ақпарат құралдары. Бұл үш нысан жарнама процесінің басынан бастап жарнамалық ақпаратты сатып алушыға дейін жеткізу барысындағы барлық әрекеттерді жүргізеді.

Жарнама ақпарат көзі болғандықтан ол ақпараттың авторы, жасаушысы, таратушысы және тұтынушысы бар. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жарнама туралы» Заңы бойынша ақпарат авторлары – жарнама беруші және жарнама жасаушы ретінде анықталады. «Жарнама беруші жарнама жасау, тарату және орналастыру үшін жарнамалық ақпарат көзі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға» [2].

Бұқаралық ақпарат құралдары – жарнама берушінің хабарларын тыңдаушылар, көрушілер қауымына жеткізетін коммуникация арналары. Бұқаралық ақпарат құралдарының ұйымдары өздеріндегі баспа құралдарын немесе хабар тарататын құралдарын сатумен шұғылданады. Бұқаралық коммуникацияның жүйесінде әртүрлі мәтіндердің түрлерін олардың экстралингвистикалық ерекшеліктерне қарай, қызмет етуін және ұйымдасстырылуын зерттеу, қатынастың осы түрінің өзгешелігімен, яғни жоғары әсер ету функциясымен дәлелденеді [3, 85].

Бұқаралық коммуникацияның жүйесінде мәтіннің бірнеше түрі бар екендігі белгілі. Оның ішінде жарнама мәтіні ерекше бөлінеді: «...рекламный текст заслуживает пристального и доброжелательного рассмотрения в качестве случая уникального по своей интенсивности функционального использования языка» [4, 95].

Заманауи әлемде жарнаманың тек санаға мәліметтік әсерінің ғана емес, сондай-ақ, тұтынушы санасында шындықтың ерекше әсерінің (мәдени, қоғамдық, психологиялық, саяси, т.б.)

медиалық мықты потенциалы қалыптасқан. Жарнаманың өз тарату арналары бар, мәліметтік кеңістікте өзара қарым-қатынасқа түсетін қоғамдық-мәдени, мәліметтік және моделдеуші жүйе болып қалыптасты.

Жарнама коммуникациясының мақсаты – аудитория зейінін тауарға бағыттап, оған деген ынтасы мен қызығушылығын қалыптастырып, оны арттыра отырып, оның нарықтағы бағасын көтеру.

Жарнаманың барлық түрлерінің интеграциялануы жарнама коммуникациясы түрлерінің мақсаты (адам санасында белгілі бір әлем бейнесін қалыптастыра отырып, оның өзін-өзі ұстанымын өзгерту) мен қоғамның гуманизациясына бағытталған әлеуметтік жарнамаға еліктеуге мүмкіндік беретін қоғамдық бағытталуының ортақтығымен түсіндіріледі.

Мәтін көптеген жарнамалық хабарламалардың ажырамас бөлігі, себебі жарнамалық хабарламалардың негізгі мазмұнын ашатын басты элемент екендігі ақиқат. Жарнамалық мәтін – жарнама мазмұны мен оның формасының жиынтығы, яғни «ойлар» мен «сөздердің» қорытындысы. Кез-келген мәтінді жасағанда оны редакциялау кезеңінде «сөздер», яғни тіл биязылығы туралы сұрақ туындайды. Жарнама тілі – мазмұн жеткізілетін сөздік құралдар. Мәтін композициясын жасаудың, оны абзацтарға бөлудің, сөйлем құрудың, сөздер іріктеудің және оларды сөйлемде орналастырудың әр алуан жолдары бар. Мінсіз жарнамалық мәтінде «барлығы да керемет болуы керек»: адамның оқу және ұғуын жеңілдету үшін керемет рәсімделген тамаша тілмен мазмұндалған тамаша өтетін ойлар [3, 54].

Жарнама функциясының тиімділігі жарнама мәтінінің тілдік рәсімделуіне тікелей байланысты. Жарнама мәтінін құрастырғанда қолданылатын тілдік құралдардың іріктелуі, орфографиялық ережелерге сай болуы маңызды. Жарнама насихаты аясында жарнамалық мәтін тілінің ерекшеліктерін анықтау әлеуметтік лингвистика, прагмалингвистика, функционалдық стилистика, коммуникативтік лингвистика теориясы шеңберінде жүргізіледі.

Жарнама мәтініндегі әрбір сөз, сөз тіркесінің орфографиясы естен шығарылмауы тиіс. Жарнама сөзіне этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасағанда, оның халық өмірімен тығыз байланыстылығы анықталды. Жарнама терминінің анықтамасын зерттеушілер былай көрсетеді: жарнама – жар және нама сөздерінің бірігуі арқылы пайда болған. Жар деген сөз бұл жерде хабарлады, айтты, жариялады деген мағынада қолданса, нама сөзі парсы тілінде «дастан, бәйіт» деген мағынаны білдіреді. Жарнама дегеніміз - белгілі бір тауарды немесе қызмет түрін елге таныту, насихаттау және оларға деген сұранысты күшейту мақсатында жарияланған хабарлар жиынтығы. «Жарнама» «жарнамалау» сөздерінің түп-төркіні туралы сөз қозғағанда жарнаманың «жариялау» сөзімен мағыналас, мазмұндас екендігі бірден байқалады. Сөздердің жасалу жүйесі мен атауы ретінде қалыптасуы күрделі де ұзақ процесс. Жарнама тарихы да қазіргі таңда оны қолданушылар үшін танымдық құрал екені анық. Жарнама күнделікті өміріміздің құрамдас бөлігіне, өзіндік заңдылықтары бар қоғамдық құбылысқа айналды. Тұтынушы мен өндіруші арасындағы маңызды дәнекер буын бола отырып, жарнама экономиканың дамуын ынталандыратын, өндірістік үдерістер мен өнім сапасын жетілдіретін маңызды тұтқа ретінде көрінуде. Жарнама сауданы «жүргізетін» тетік қана емес, сондай-ақ тұтыну мәдениетін жаңа биіктерге көтеретін «өркениет үдеткіші» де болып отыр. Өркениетті тіршіліктің негізін құрайтын құралдардың біріне айналған жарнама төңірегінде зерттеушілер мен практик мамандар тарапынан түрлі пікірталастардың туындағанына куәміз. Зерттеушілердің көбі оны ғылымның арнайы бір саласына жатқызса, практиктер басқару, кәсіпкерлік пен іскерлік өрісінен іздегісі келеді, ал жарнамалық хабарландырулар әзірлеуге қатысы бар мамандар шығармашылық үдерістің өзіндік бір түрі деп санайды [1, 86].

Тілді тарихи аспектіде зерттеуге арналған «Тарихи сөзжасам» атты еңбегінде А. Салқынбай: «Сөз жасаудың негізгі мақсаты атау туғызу болса, атаудың тууы – заттар мен құбылыстардың адам санасында бейнеленген мүсінін таңбалау, сөйтіп танылған зат не құбылыс туралы хабар жеткізу, адам жадында белгілеу қажеттілігі. Яғни, сөз – шындық өмірдегі зат пен құбылыстың адам санасында бейнеленген таңбасы, осы таңбаның тілде сипат алып, сөз ретіндегі қалыптасу жүйесі сөзжасам саласының зерттеу объектісі»-деп жазады [5, 202].

Жарнама нышандары адамзаттың өзін-өзі танып, саналы тіршілікке көшкен уақытында пайда болды деуге негіз бар. Адамдардың алғашқы томаға-тұйық қауымдастықтарында өмірге келген

жарнама дами келе мәдени факторға айналып, тіл, діл, дін, әдет-ғұрып сияқты өзге де объективті алғышарттармен бірге адамзат дамуының өркениеттік ұғым-түсінігін қалыптастырды.

Жарнама теориясын зерттеуші ғалымдар Ч. Сэндидж, В. Фрайбургер, К. Ротцолл, Ф. Котлер, К. Картер «реклама» сөзінің шығу тегін латын тілінен енген «reklamare» етістігімен байланыстырады. Бірқатар батыс-европа тілдерінде сақталған бұл лексема («Reklamare») айғайлау мағынасын береді, орыс тіліне француз тілі арқылы енген. Бұл сөз жарнаманың көне заманда, ауызша тараған кезеңінде қалыптасқандығының бір көрінісі болса керек.

Бүгінгі таңдағы жарнама бірнеше тілде жарық көруде және оның мақсаты халықтың назарын аудару, әйтсе де жарнаманың адам психикасына әсер ететін тұстарының бар екенін жоққа шығармаймыз. Осыған байланысты көңіл бөлінетін тұсы – жарнама мәтіндері тілінің көркемдік әсерін мейлінше жақсарту.

Жарнама тілінің басты ерекшелігі – әдеби тілді ерекше жағдайлардағы нақты мәселелерді шешу құралы ретінде қолдану. Дей тұрғанмен, жарнама мәтнінде аз сөз қолдану арқылы көп мағына беру. Тұтынушы не көрермен аз қолданылған сөзден көп мәлімет алуы тиіс. Сөз арқылы жеткізілетін ой мен мазмұн арасында тығыз байланыстылық болуы тиіс.

Жарнаманың мемлекеттік тілдегі әлеуметтік өзекті мәселелерін сөз еткен тілші – ғалым Асанбаева Сауле зерттеу жұмысында жарнаманы қоғамдағы функциясына қарай мынадай бірнеше топтарға бөледі: жарнаманың бұқаралық ақпарат құралдарында берілуіне байланысты: газет, журнал, кино, радио, теледидар, телефон, почта т.б. жарнамалар болып бөлінеді [1, 29]. Жарнама мәтіні құрылымымен ерекшеленеді: онда тілдік таңба ретінде бір лексикалық бірліктен тұратын мәтін де, шағын форматты мәтін де пайдаланылады. Осыған байланысты жарнама мәтінінің құрылымдық сипаты, тілдегі қанатты сөздердің, мақал – мәтелдердің құрылымына жақын келеді. Жарнама мәтіні – қысқа, ықшам құрылымды болады, нақты бір мақал-мәтел қысқа, ықшам құрылымда болып, халықтың ұлттық мәдениетінен хабар беру, ұлттық өнегені насихаттау, жеке адамды тәрбиелеу міндетін көздесе, ықшам құрылымды жарнама мәтіні ақпаратты жеткізу, адресатқа прагматикалық тұрғыдан әсер ету, адресатты белгілі бір қызмет, іс - әрекет жасауға итермелеуі тиіс [1, 85].

Тәуелсіз Қазақстанда отандық ғылымның бір саласы ретінде жарнаманың танымдық сипаты және оны ғылыми тұрғыдан да қарастырылууда. Бұл жарнаманың қазіргі замандағы құндылығы мен қажеттілігін арттыра түсері анық. Жарнама мәтіні прагматикалық қызметі тұрғысынан қарағанда белгілі бір стильдік сипатқа ие, яғни ықпал ету қызметі үшін жарнама мәтнінде тілдің белгілі бір стильдік құралдары пайдаланылады. Осы аталған бойынша жарнама – шағын көлемді мәтін; көсемсөз стилінің ішкі шағын стилінің бірі; тілдік құрылымы ықшам әрі қысқа; тілдік және вербальды емес құралдарының жиынтығынан тұратын кешенді мәтін; ол ақпараттық және прагматикалық функциялар атқарады.

Қорытындылай келе, қазіргі кезде жарнама қоғамдық өмірдің ажырағысыз бір бөлшегіне айналды. Соған орай жарнамалардың қолданылу кеңістігі, аясы кеңейіп келеді. Жарнаманың тілдік феномен екендігі ондағы мәтіндерден байқалады. Жарнаманың мемлекеттік тілдің дамуына қосатын әсерлі ықпалы жарнаманың қажеттілігін арттырады. Жарнаманы прагматикалық тұрғыда зерттеу жарнамаға қатысты әлеуметтік, психологиялық, психофизиологиялық факторларды ескеруді, сондай-ақ, жарнама жасау мен оның қолданылуына қажетті экстралингвистикалық жағдайды да назардан тыс қалдырмаудың қажет екендігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асанбаева С.А. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолінгвистикалық өзекті мәселелері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 132 б.
2. Қазақстан Республикасының Жарнама туралы Заңы, 2003. – 167 б.
3. Солтанбекова Ғ.Ә. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және ықпал ету қызметі: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. – 138 б.
4. Бугенова Л.М. Рекламные тексты на казахском и русском языках в межкультурной парадигме: дис. канд. филол. наук. – Алматы, 2007. – 137 с.
5. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам.(семантикалық аспект). – Алматы, 1999. – 309 б.

Ә.СЕЙДАМАТ

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тіл тарихы бөлімінің кіші ғылыми қызметкері*

Қ.ДҮЙСЕН,

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Әлеуметтік лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкері*

А.МАХАМБЕТОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Әлеуметтік лингвистика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жүзеге асып жатқан іргелі жұмыстардың бірі – Қазақ тілінің Ұлттық корпусы, оның ішінде Жарнама корпусын әзірлеу барысында жинақталған қазақ тіліндегі көше жарнама мәтіндерінің бір-нешеуіне тілдік талдау жасалған. Сонымен бірге жарнама тілі мен стилистикасын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі талаптарға сүйене отырып, жарнама мәтіндеріндегі орфографиялық, стилистикалық және т.б. қателіктер көрсетілген. Жарнама нарығында калька аударманың көбейгенін, оның ұлттық танымға сай келмейтінін баса көрсетуге тырысқан.

Жарнама мәтіндерін зерделей отырып, тіл мәдениеті, ұлттық нормалардың сақталуы, стилистикалық ерекшеліктері, мәтіннің прагматикалық қуаты сы

Қазіргі кездегі жарнама мәтіні құрылымындағы трансформация, жарнама актуалдығы мерзімі мәселесі, жарнама нарығындағы өзгерістер де ішіанара айтылады. Қарқынды дамып жатқан салалардың бірі ретінде жарнаманың мәтіні, ақпарат беру формасы, ойды жеткізу тәсілдері, рәсімдеу форматтары жайлы да айтылады.

Тірек сөздер: жарнама, жарнама мәтіні, Қазақ тілінің ұлттық корпусы, Жарнама корпусы базасы, жарнама нарығы, көше жарнамасы, жарнама мәтіндерінің құрылымы, трансформация, жарнама актуалдығы, калька қолданыстар, қазақы таным.

Аннотация. В статье сделан языковой анализ нескольких текстовых редакций наружной рекламы на казахском языке, подобранных в ходе подготовки Национального корпуса казахского языка, в том числе Корпуса рекламы, одной из основополагающих работ, разрабатываемых Институтом языкознания им.А. Байтұрсынова. При этом, принимая во внимание требования, изложенных в работах ученых, занимающихся исследованием языковой формы и стилистики рекламы, указаны орфографические, стилистические и другие ошибки в рекламных текстах. В работе особое внимание уделено тенденции роста калькового перевода на рынке рекламы, что противоречит принципам национальной идентичности.

Авторы работы, изучив рекламные тексты, рассматривают ряд вопросов: культура языка, соблюдение национальных норм, стилистические особенности, прагматический потенциал текста.

Также рассмотрены вопросы трансформации в структуре современного рекламного текста, актуальности рекламы, изменения на рекламном рынке. А также затронуты вопросы, касающиеся текстового выражения рекламы, как одной из динамично развивающихся сфер, формы передачи информации, способов выражения идеи, формата оформления.

Ключевые слова: реклама, текстовая редакция рекламного объявления, Национальный корпус казахского языка, база Рекламного корпуса, рынок рекламы, наружная реклама, построенные рекламных текстов, трансформация, актуальность рекламы, калька, казахская национальная идентичность.

Annotation. The article makes a linguistic analysis of several text editions of outdoor advertising in the Kazakh language, selected during the preparation of the National Corpus of the Kazakh

language, including the Corpus of Advertising, one of the fundamental works being developed by the A. Baitursynov Institute of Linguistics. At the same time, taking into account the requirements set out in the works of scientists engaged in the study of the linguistic form and stylistics of advertising, spelling, stylistic and other errors in advertising texts are indicated.

The paper pays special attention to the growth trend of dwarf translation in the advertising market, which contradicts the principles of national identity.

The issues of transformation in the structure of modern advertising text, the relevance of advertising, changes in the advertising market are also considered. The issues related to the textual expression of advertising as one of the dynamically developing areas, the form of information transmission, ways of expressing ideas, and the format of design were also touched upon.

Keywords: advertising, text edition of an advertisement, the National corpus of the Kazakh language, the base of the Advertising corpus, the advertising market, outdoor advertising, the construction of advertising texts, transformation, the relevance of advertising, tracing paper, Kazakh national identity.

Бүгінгі таңда тілдің коммуникативтік әлеуетін танытатын ақпарат ағыны арналарының бірі – жарнама саласы. Өндірушілер мен тұтынушылар қатынасын сипаттайтын нарықтық экономика жағдайында жарнама саласының қоғамға ықпалы күннен күнге артуда. Жарнама – тауар немесе қызмет сатылымына әсер етуші, сатылым көлемін арттырушы негізгі құрал болып қана қоймай, қоғам психологиясын терең түсінуді қажет ететін күрделі ұғымға айналып отыр. Осыған орай, жарнама қызметі, құрылысы, әсіресе жарнама мәтіні түрлі ғылым салаларының аясында кеңінен қарастыруды, зерделеуді қажет етеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жарнама сөзіне келесідей анықтама берілген. «ЖАРНАМА [ир.] з а т. <франц. reclame> 1. Тұтынушылардың назарына іліктіру немесе қандайда бір сауалнама алу мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы кең таратылып жария етілетін хабарлама. 2. Тұтынушылардың назарына іліктіру мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы хабарламаны таратудың қағаз, радио хабарлама, бейнешығыршық, жазба мәтін т.б. түріндегі құралы. 3. Маңдайшаларда берілетін ұйым не мекеме туралы ақпарат. 4. Афиша спектакль, концерт, жиналыс, дәріс, спорттық жарыстар, ойынсауықтар туралы қағаз хабарлама. 5. Танымалдығын арттыру, жұрт назарына ілігу мақсатында біреу немесе бір нәрсе туралы таратылған мәліметтер» [1, 213]. Берілген анықтамада жарнама ұғымы терминдік ерекшелігіне сай барынша кеңінен қарастырылған. Жарнаманың негізгі қызметі ақпарат беру және әсер ету екенін ескерсек, жарнама мәтіні жоғарыдағы қызметті іске асыратын негізгі құрал болып табылады. Жарнама мәтіні ретінде көбіне жарнаманың вербалды мазмұны түсініледі [2, 5]. Жалпы тіл білімінде жарнама мәтіндері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең таралатын, тіл қолданушының сөз саптауына, сөздік қорына, сөйлеу мәдениетіне бірден-бір әсер етуші коммуникация түрі ретінде бағаланады. Олай болса, жарнама мәтіндерін зерделеуде бірінші кезекте тіл мәдениеті, ұлттық нормалардың сақталуы, стилистикалық ерекшеліктері, мәтіннің прагматикалық қуаты сынды бірқатар мәселелер өзектенеді.

Жарнама мәтінін тілдік тұрғыдан талдамас бұрын, сапалы әрі өтімді жарнама мәтініне зерттеушілер тарапынан қойылатын негізгі талаптарды айқындау маңызды. Жарнама тілі мен жарнама стилистикасын зерттеуші Д.Э. Розенталь [3, 5] мен Н.Н. Кохтевтің [4, 3], В.В. Ученова [5, 298], Л.Г. Фещенконың [6] еңбектерінде жарнама мәтінінің әсер ету қызметіне баса назар аударылады. Жарнама – аларманды тауар сатып алуға және тапсырыс беруге итермелейтін қуатты құрал. Жарнаманың өтімді болуы үшін тілдің барлық мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажеттілігі баяндалады. Жарнама мәтінінде адресатқа бағытталған коммуникацияның бірінші орынға шығуы байқалады. Олай болса, жарнама мәтініне қойылатын талаптардың қатарында адресаттың назарын аудару, әсер ету мақсатында тілдің көрнекі құралдарын, бейнелі орамдар, экспрессивті-эмоционалды лексикалық қорын және т.б. таңдау, іріктеу және ұтымды қолдану мәселесінің де маңыздылығы айқындалады.

Н.Г. Иншакова жарнама мәтінін құрастырушы мамандардың назарына жарнама қызметін терең түсіну және жарнамаланатын тауар немесе қызмет жайлы барынша мол ақпарат жинау

қажеттілігін ескертеді. Сондай-ақ, сапалы әрі өтімді жарнама мәтініне қойылатын келесідей талаптарды көрсетеді.

- Біріншіден, жарнама мәтінінің заңнамалық құқықтық талаптарға сай болуы («Жарнама туралы» заңның негізгі талаптарына қайшы келмеуі);

- Екіншіден, жарнама мәтінінің бірегей сауда ұсынысы талаптарына сәйкестігі (коммерциялық орындығы, тұтынушыға әсер ете алуы, тауарды немесе қызметті алуға қызығушылығын оята алуы);

- Үшіншіден, жарнама мәтінінің орфоэпиялық, орфографиялық, сөз мәдениеті нормаларына сәйкестігі (сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі т.б.) [7, 32].

Жарнамалық мәтіндерді жасау және түзету кезінде жоғарыдағы ережелерді сақтамау, сауатсыз әрі әсерлілігі төмен жарнама мәтіндерін тудырып қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық өмірдің этикалық және мәдени нормаларына қайшы келетін ақпараттың жаппай тарауына алып келуі мүмкін. Сол себепті, нарықтық бәсекелестік жағдайында жарнаманың тиімділігі үшін жарнама мәтініне қойылатын талаптардың қатандануы да заңды.

Ендігі кезекте қазіргі қазақтілді қоғамның ақпарат кеңістігінде жарнама мәтіндері көрсетілген талаптарға сай ма? Қазақтілді тұтынушыларға өзіне қажетті тауар жайында сапалы жарнама мәтіндері қолжетімді ме? деген орынды сұрақтар туындайды. Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» заңының 2-тарауының 6-бабында жарнамаға қойылатын жалпы талаптардың ішінде «Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады» [8] деп көрсетілген. Олай болса, кез келген жарнама беруші үшін (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) тауарларын немесе ақыға ұсынатын қызметтерін мемлекеттік тілде жарнамалау міндетті болып табылады. Осы талапқа сай әлемдік алпауыт өндіруші компаниялар тауарларының жарнамасын қазақ тіліне аударып жарнамалап жүр. Қазақ тіліндегі жарнама мәтіндерінің көптеген тілдік мәселелері де дәл осы аударманың дұрыс болмауынан, синтаксистік нормаға сай құрылмауына байланысты туындап отыр.

Өзге тілді жарнама мәтіндерін қазақ тіліне аудару барысында қазақы танымға сай мағына бере алмайтын, тілдік құрылысы қазақы сөзсаптамға жатпайтын /сай келмейтін жасанды калька қолданыстар көптеп қолданылады. Жарнама саласындағы мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты аталмыш мәселелер бұған дейін де тілші ғалымдар тарапынан ұдайы айтылып, тіпті бірнеше зерттеу жұмыстарының нысанына айналып үлгерді. Мемлекеттік тілдің жарнама саласына қатысты қолданылу аясын кеңейту қажеттігін және аударма тілін сапалы ету жөнінде: «Мемлекеттік тілде берілген қай жарнаманы алсақ та, талғамсыз, қазақ тілінің әдеби нормаларына қайшы келетін, не болмаса орыс тілінен қалай болса солай аударған жарнамаларға кез боламыз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін толығымен атқаруы үшін оның жарнама саласында кеңінен қолданылуын, өрісін кеңейту өзекті мәселе... Нарық қыспағына түскен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды жарнама тіліне айналдырудың тетігін (механизмін) жасауға шамасы келгенше күллі тілші қауым атсалысуы тиіс» [9, 13] деген ойлы пікірлер кездестіреміз.

Тұтынушылық қажеттілікті қанағаттандыру үшін күнделікті түрлі елдер арасында сауда байланысы өсуде. Жарнама тілінің ықпалы әлдеқашан артып, бүгінде жарнаманы бір тілден екінші тілге аудару арқылы өзге тілді мәдениет пен әр түрлі құндылықтарды, әдет-ғұрыптарды еркімізден тыс меңгеріп жүргеніміз айқын. Олай болса, жарнама аудармасын мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде тануымыз да орынды. Бұл жарнама мәтіні аудармасының сапалы әрі танымды болуын одан әрі өзектендіреді. Жарнама аудармасының сапалы болуы жарнаманың прагматикалық қызметіне де елеулі әсер етеді. Ғ.Ә. Солтанбекова қазақ жарнамасының прагматикалық қуаты жөнінде келесідей пікір білдіреді. «Басқа жазба мәтіндерге қарағанда, жарнама мәтінінде жаңа қолданыстарды қолданудың жауаптылығы жоғары. Жарнама мәтініндегі жаңа қолданыстың тосын екендігі прагматикалық қызметті төмендетеді. Сонымен қатар кейбір жаңа қолданыстар өзінің семантикасы жағынан орыс тіліндегі сөздердің мағынасына

сәйкес келмейді. Бұл да жарнаманың тілдік сипатындағы прагматикалық қызметіне әсер етеді [10, 99]. Олай болса, жарнаманы бұқаралық коммуникацияның бір түрі ретінде, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің артуына, бекуіне бірден-бір әсер етуші сала екенін ескере отырып, жарнама тілінің қазақылануы, жарнама аудармаларының сапалы әрі өтімді болуы – қазақ тілді қоғам үшін маңызды мәселе деп есептейміз. Осы тұрғыда қазақ тілді жарнама мәтінінің сауаттылығын, әдеби тілдің нормаларының сақталуын, аударма мәтінінің сапасын қадағалап отырудың маңызы зор. Бұл мәселе өз шешімін қазақ тілін цифрландыру жобасы толықтай іске асқанда таппақ. Қазақ тілінің ұлттық корпусы қазақ тілді жарнама мәтіндерімен толық түсуі қажет. Жарнама корпусы – қазақ тілді жарнама мәтіндерін жинақтау арқылы, келешекте жарнама мәтіндерін сапалы әрі өтімді етуге көмекші таптырмас құрал болмақ. 2023 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Қазақ тілінің ұлттық корпусына» жобасына жарнама корпусы материалдары да жинақтала бастады.

Жарнама корпусының базасын жинақтау барысында басқа кәсіп түрлеріне қарағанда ірі бизнес жарнама мәтіндерінің анағұрлым сауатты құрылатынын аңғардық. Өйткені жарнама маркетингін ірі бизнес қана жасай алады, сондықтан да оны сауатты етіп жасауға көбірек мән береді. Алайда сәтсіз жарнамалар да жоқ емес.

Бірнеше брендтің басын құрайтын алпауыт әлемдік Pepsi компаниясының «Празднуй по вкусу!» деген жарнамасы билбордта «Дәміне қарай тойла!» деп беріліпті. «Той» түсінігінің қазақтардың өмір салтында ерекше орын алатынын ескерсек, жарнама берушінің «той тойлау» тіркесін алуы өте сәтті шыққан. Бірақ бұл аударманы «Дәмін татып, той тойла» деп берсе болатындай. Өйткені «дәм тату» да халқымызға ғана тән дәмге қатысты жоралғы болып саналады.

Toyota Center Almaty ірі бизнес компаниясының «Большой выбор автомобилей с пробегом» дегеннің қазақ тіліндегі аудармасын «Жүрілген автокөліктердің үлкен таңдауы» деп беріпті. Мұндағы «үлкен таңдау» тіркесін алып қарайтын болсақ, сөздердің арасында заттық-логикалық байланыстың жоқтығы байқалады. Өйткені таңдаудың үлкен-кіші көлемде болмайтыны белгілі. Ал «кең таңдау» деп берсек, сөздердің мағыналық жағынан сәйкестігі, яғни зат есім мен сын есімнің үйлесімділігі негізінде тіркес жасалды деп айтуға әбден болады.

Қазақстандағы ұялы байланыс операторларының жарнамалары көптің назарын аудартпай қоймайды. Өйткені олардың қызметін халықтың барлығы дерлік тұтынады. Мәселен, Tele 2 ұялы байланыс операторының билбордтағы мына бір жарнамасына назар аударайық: «Дольше с нами – больше ГБ» деген сөйлемді «Қанша ұзақ болсаң – сонша көп ГБ береміз» деп аударыпты. Бір қарағаннан-ақ калька аударма екені көрініп тұр. «Біздің қызметті көбірек тұтынсаңыз, сізге көбірек ГБ береміз» деген ойды білдіргісі келгенге ұқсайды.

Кең танымал Dizzy club компаниясының «Балуем своих!» деген жарнамасының қазақша баламасы «Өзіміз ғой, еркелейік!» деп беріліпті. Т.Ф. Ефремованың «Современный толковый словарь русского языка» сөздігінде бұл сөздің мағынасын «близкие», «родные», «родственники» деген сөздермен аша түскен. Демек «Өз жақындарымызды еркелетеміз!» деу анағұрлым сәтті балама болар еді.

Тағам өндісінде кең танымал «Доширак» компаниясының мына жарнамасына назар аударайық: «Сенің үздік таңдауың корей халқының шынайы дәстүрімен және корейлік технологиямен жасалған. Премиум-класс раменының дәмін татып көріңіз». Тек тыныс белгісін ұмыт қалдырғаны болмаса, жарнама мәтінінің сапасы жаман емес. Алайда сөйлемнің ұзақтығы оны қабылдауға кедергі келтіретін сияқты. Бұған қоса «шынайы дәстүр» тіркесінен сөздің лексикалық тіркесімділігінің бұзылуы байқалады. Оны «ұлттық дәстүр» деген тіркеспен ауыстыруды ұсынар едік. Өйткені бұл жерде әңгіме корей халқына қатысты болып тұр.

Енді өзіміз күнделікті тапсырыс беретін Яндекс@еда жылдам тапсырыс беру қызметінің жарнамасына назар аударайық: «Тағы да көп жаңа мейрамханалар». Жарнама мәтіні, әдетте, атаулы сөйлем формасында, толымсыз формада келеді десек те, бұл жерде грамматикалық жағынан сөйлем құрылымының дұрыс еместігін байқаймыз. Оның орнына «Жаңа мейрамханалар» деп берсе болатын сияқты, өйткені әрі қарай сол жаңа мейрамханалардың ас мәзірімен танысуға мүмкіндік алады.

Ал түркиялық Ulker Laviva деген атпен танымал азық-түлік компаниясы «Насладись изысканным вкусом» дегенді «Таңдаулы дәмнен ауыз тиіңіз» деп беріпті. Орысшадағы «изысканный вкус» «сирек кездесетін», «жасалуы қиын», «тек жоғары тап өкілдеріне қолжетімді» деген мағынаны білдіреді. Бұл батыс мәдениетіне қатысты бірліктерді қазақ тілінің лексикалық қорына ендіру процесі болуы да мүмкін деп топшылаймыз. Жалпы тағамға қатысты бір мәселе: қазақ халқында технологиясы жағынан жасалуы қиын тағамдар жоқтың қасы, ал Еуропада бұл сәл басқаша. Мысалы, вино жасау технологиясы, атақты голландиялық ірімшіктердің жасалу технологиясы да көп уақытты, көп қол еңбегін және көп адамдардың күшін қажет етеді. «Изысканный» сөзінің шығу төркіні осыдан туындауы да әбден мүмкін. Ал қазақ халқында «таңсық ас» деген қолданыс бар. Оның мағынасы сәл басқа. Белгілі бір өңірдің адамдарына басқа елдердің тағамдарының бейтаныс болуы. Бұл жерде «таңдаулы» ұғымы қазақтың танымына сәйкес келмейтіндей көрінеді. Өйткені қазақ ежелден айналасына қамқор, қолындағы барымен бөлісуге асығып тұратын халық. Жанындағылардың жайын ойламай, өзінің «таңдаулы» ас ішіп отырмағаны анық.

Аты аңызға айналған Tissot сағат брендінің «Уақыт тарту етеміз» деген жарнамасына назар аударып көрейік. Бұл мәтін қазақтілді тұтынушыны еш қызықтыра алмайды әрі мұнда ешқандай логика байқалмайды. Өйткені қазақ халқында «сый тарту ету», «ән тарту ету» деген тіркестер бар, бірақ ешқашан уақытты тарту ету деп қолданбаған. Оның орнына «Уақыт алтыннан да қымбат», «Кешегі күннен алыс жоқ, Ертеңгі күннен жақын жоқ» немесе «Уақыт – көшкен керуен» деп келетін қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді қолданса, қазақтың лингвомәдени бірліктері қазақтың танымын айқындар еді.

Қазақстанның ірі сауда компаниясы, электроника мен тұрмыстық техниканы сатудағы көшбасшы Sulprak компаниясының жарнама мәтініне назар аударып көрейік: Выгода в каждой покупке! / Пайда әр сатып алуда! Орыс тілінен тікелей аударса салғаны байқалып тұр. Қазақ тілді тұтынушы үшін қазақы танымға сай қолданыстарды жұмсау әлдеқайда өтімді болады деп есептейміз.

Centercredit банкі мына бір жарнама мәтінін сәтті беріпті: Лучший курс в приложении BCC.KZ» / «Ең үздік бағам BCC.KZ қосымшасында.

«In Clinic» деген атаумен қызмет көрсететін тіс емдеу кликасы мынадай мәтінмен тұтынушыны өзіне тартуды мақсат қылыпты: Улётная улыбка!/Ұшыратын күлкі! Әрине, калька аударма. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде күлкінің бірнеше түрі берілген: наз күлкі, шат күлкі, жайраң күлкі, аппақ қардай ақ күлкі, т.б. Демек бұл сөздің мағынасын дәл беретін балама да қазақ тілінде өте көп екенін аңғарып отырмыз.

Жарнама – қазіргі таңда динамикалық тұрғыдан ең жылдам дамып жатқан салалардың бірі. Мәтіні, ақпарат беру формасы, ойды жеткізу тәсілдері, рәсімдеу форматтары тұрғысынан әралуандыққа ие құралдардың жиынтығы жарнама саласында бар. Соның арқасында жарнама күнделікті тіршілігіміздің түрлі аспектілеріне еніп кетті. Жарнама мәтіні – өз бойында белгілі бір уақыт пен кеңістік, әлеуметтік формация, қоғамның құрылысы, қоғамның стратификациясы, даму деңгейі, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік үдерістер, жергілікті құбылыстар, жаһандық үдерістер, мәдени код, қоғамда қалыптасқан идеологиялық көзқарастар, діни таңдау және өзге көптеген ақпаратты қамтитын күрделі контент түрі. Сол себепті жарнама мәтіндеріне қатысты екі түрлі тенденцияны байқаймыз. Бірінші тенденция – жарнама ақпараттық кеңістігіміздегі ең көп тараған контент түрі. Жарнама адам баласы туғаннан бастап, өмір бойы айналасында болатын ақпарат түрі. Бұл ақпарат ол адамның таңдауына әсер етіп, белгілі дәрежеде тіршілігіне ықпалын тигізеді. Оның үстіне әлем бойынша үдеуі артып, жаңаша күшке ие болған жаһандану мен цифрландыру үдерістері жарнаманың цифрлық кеңістікке агрессивті түрде енуіне себеп болып жатыр. Бұл тұрғыдан жарнаманың алдағы уақытта адам тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналатынын көрсетіп отыр. Екінші тенденция – жарнама актуалдылығы мерзімінің қысқаруы. Ақпаратты жеткізу технологияларының жылдамдауы жарнама мәтіндеріне де өз ықпалын тигізді. Мысалы, осыдан жүз жыл бұрын Жетісу тұрғыны жаңадан шыққан тауар туралы орта есеппен екі мен жарты жыл аралығында хабар алатын болған. Жарты ғасыр бұрын теледидар, радио және баспасөздің қарқынды дамуы арқасында бұл уақыт мөлшері бірнеше сағатқа

дейін қысқарды. Цифрландыру заманында бұл көрсеткіш бірнеше минутқа дейін қысқарды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқасында ақпаратты тарату, соның ішінде жарнаманы тарату әжептәуір жылдамдады. Бұл өз кезегінде жарнама актуалдығы уақытының тез қысқаруына әкелді.

Қазіргі кезде жарнама мәтіндерінің құрылымында да трансформация басталғанын байқауға болады. «Дәстүрлі медиа» деген термин шеңберінде қарастырылатын ақпарат тарату құралдарының мәтінінде көпшілік танып білетін «жарнама» элементтері көрініс беріп жатқанымен, «дәстүрлі емес медиада» мәтін трансформациясы жылдам жүріп жатқанын байқаймыз. Аталған трансформацияны түсіндіру үшін қос жарнамаға тән айырым белгілерін қарастырайық. «Дәстүрлі медиаға» жататын жарнама мәтіндерінде ақпаратты жүйелі беру басты орында болса, «дәстүрлі емес медиаға» жататын мәтіндерде ақпараттың эмоция тудыру аспектісіне ден қояды. «Дәстүрлі медиа» жарнама мәтінінде тауар немесе қызметке тән ерекшеліктер сипатталады. Ал «дәстүрлі емес медиада» тауар немесе қызмет көрсету түріне тән ерекшеліктерін сипаттаумен қатар тұтынушының талғамына, қажеттіліктеріне қарай бағдарланады. «Дәстүрлі медиаға» тән мәтіндерде ақпарат бейтарап түрде жеткізілетін болса, «дәстүрлі емес медиа» мәтіндері тұтынушыны өзінше бір диалогқа шақырады. «Дәстүрлі медиа» жарнама мәтіндерінде эмоцияны білдіретін символдарды пайдаланбай, эмоцияны сөз арқылы жеткізуге тырысса, «дәстүрлі емес медиа» эмоция білдіретін символдарды қолданудан еш қашпайды. Керісінше, «дәстүрлі емес» медиа тұтынушыда эмоциялардың тууына ықпал ететін құралдарды барынша қолдануға мүдделі. «Дәстүрлі медиада» тұтынушымен кері байланыс көпшілікке танымал коммуникация құралдарын (телефон, сайт, мекенжай) пайдаланса, «дәстүрлі емес медиада» кері байланыстың үлкен таңдауын ұсына алады. «Дәстүрлі емес медиадағы» жарнама мәтіндерінде кері байланыс мүмкіндіктері нарықта бар технологиялық шешімдермен шектелген.

Жоғарыда аталған құбылыстар қазіргі замандағы жарнама нарығында жүріп жатқан өзгерістерді сипаттайды. Бұл құбылыстар еліміздегі қазақтілді жарнама нарығында байқалады. Қазақтілді жарнама мәтіндеріне жаһандық құбылыстардың едәуір әсері болып жатыр. Алайда қазақ тіліндегі жарнамаға қатысты мәселелердің де бар екендігін мойындаған жөн. Атап айтқанда қазіргі кезде қазақ тіліндегі жарнама көп жағдайда аударма жарнама түрінде көрініс тауып келеді. Мысалдарымыз көрсеткендей жарнама мәтіндерінің көбі түпнұсқа күйінде қазақша әзірленбейді. Көп жағдайда дәнекер тіл арқылы аударма түрінде, жиірек түпнұсқа тілден аударма түрінде, сирек жағдайларда қазақтілді тұтынушыға бейімдеген жарнама түрінде жарнама мәтіндерін кездестіреміз. Бұл қазақ тіліндегі жарнаманың сапасына кері әсер етіп келеді. Сонымен қатар қазақтілді тұтынушының санасында белгілі бір бренд немесе өнімге қатысты теріс түсініктің тууына себепші болып жатқанын мойындау керек. Басқа жағынан аударылған жарнама мәтіндерінің тұтынушыға қате ақпарат беруі әбден мүмкін екенін ескерсек, қазіргі таңда қазақ тіліндегі қате жарнама мәтіндері қоғам үшін өзекті мәселеге айналды. Осы ретте 2021 жылы ҚР Президенті қазақ тіліндегі жарнама мәселесін, атап айтқанда қазақша аударма жарнамасын ретке келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңға өзгертулер енгізген болатын. Заңның 1-бабына «теңтүпнұсқалы аударма» ұғымын енгізді. Аталған бап түпнұсқа тілден немесе дәнекер тілден қазақ тіліне тікелей аудару, сөзбе сөз аудару, сөздің мағынасын сақтамай аудару секілді мәселелердің алдын алуға бағытталған. Алайда бұл норманың жарнама нарығында толық жұмыс жасай бастауы үшін уақыт қажет екенін және сала мамандарының дайындықтан өтуі қажет екенін ұғып отырмыз. Осы жағдайды ескере отырып, қазақ тіліндегі жарнама мәтіндерінің корпусын жасақтау жобасын бастаған едік. Бұл жоба қазақ тіліндегі жарнаманың тұтынушылары үшін көмекші құрал болады деген ойдамыз. Сонымен қатар жарнама саласы мамандары үшін қазақтілді тұтынушылармен тиімді коммуникация құруға жол ашатын, көп мәселенің шешімін табатын қабілеті бар жоба деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
2. Булатова Э.В. Стилистика текстов рекламного дискурса: [учеб. пособие] – Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2012. – 264 с.
3. Розенталь Д.Э., Кохтев Н.Н. Язык рекламных текстов. – М., 1981.
4. Кохтев Н.Н. Стилистика рекламы. – М., 1991.
5. Ученова В.В., Старых Н.В. История рекламы. – СПб., 2002.
6. Фещенко Л.Г. Структура рекламного текста. – СПб., 2003.
7. Иншакова Н.Г. Особенности редактирование рекламных текстов // Вестн. Моск. Ун-та. Сер. 10. Журналистика. 2011. № 2. – С. 28-37.
8. «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 508 Заңы.
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000508_
9. Асанбаева С.А. Жарнама саласындағы мемлекеттік тілді қолданудың социолінгвистикалық өзекті мәселелері: фил.ғыл.канд. дисс. – Алматы, 1999. – 132 б.
10. Солтанбекова Ғ.Ә. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және ықпал ету қызметі: фил.ғыл.канд. дисс. – Алматы, 2001. – 138 б.

С. БЕЙСЕНХАН

*Гуманитарлық ғылымдар магистрі
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: samalbeisenkhan@gmail.com*

ИНФОБИЗНЕСТЕГІ ЖАРНАМА ЖАЗУ МОДЕЛЬДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі нарықта қарқынды дамыған инфобизнеске түсініктеме беріледі. Жарнама мәтіндерінде кеңінен қолданылатын 4 U, AIDA модельдеріне анықтама беріліп, нақты мысалдармен түсіндіріледі.

Тірек сөздер: жарнама, жарнама жазу модельдері, инфобизнес, Инстаграм.

Аннотация. В статье дается объяснение бурно развивающегося информационного бизнеса на современном рынке. 4 U, модели AIDA, которые широко используются в рекламных текстах, определяются и поясняются на конкретных примерах.

Ключевые слова: реклама, модели рекламного написания, инфобизнес, Инстаграм.

Abstract. The article provides an explanation of the intensively developed info business in the current market. 4 U, AIDA models, which are widely used in advertising texts, are defined and explained with concrete examples.

Keywords: advertising, advertising writing models, info business, Instagram.

Жалпыадамзаттық дамудың соңғы жылдарында қалыптасқан қарқынды технократияның бағыты қоғам өмірінде әртүрлі жаңа мамандықтардың, жаңа кәсіптің қалыптасуына себепкер болды. Ақпарат көздеріне сенетін болсақ, «Forbes», «Popular Science» басылымдары болашақта қажеттілік туатын 162 мамандықтың тізімін жасады. Бұл тізімде бұқара бұрын-соңды естімеген робоэтика бойынша адвокат, қоршаған ортаны қалпына келтіру менеджері, криптовалюта банкирі, IT-генетик, интеллектуалды жекеменшікті бағалау, нейрорпсихолог, медициналық роботтехник, виртуалды өмір архитекторы секілді мамандықтар бар [1].

Осылайша заман талабына сай әр кезеңде жаңа мамандықтар мен жаңаша кәсіп түрлері пайда болып, қолданысқа енеді. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер арқылы да кәсіппен айналысуға мүмкіндік бар. Әлем нарығында қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі инфобизнес. Информациондық монетизация (инфобизнес) - белгілі бір саладағы маманның жинаған білімімен, тәжірибесімен бөлісу арқылы табыс табуы. Анықтамадан-ақ инфобизнесің ауқымы кең екенін түсіне аламыз. Мысалы, ғалымдар, кәсіби психолог, таргетолог, мобилограф, инженер, макетолог т.б. тіпті етікші де өз білімі мен тәжірибесін басқаларға үйрете алады. Әрине инфобизнеспен айналысып табысты болу әр маманның өзіне байланысты. Бұл кәсіпте тек маман өз саласы бойынша білімді болуы жеткіліксіз, сонымен қатар маркетинг бойынша білім алуы қажет. Маманның өз білімін табысқа айналдыра білуі жоғарыда аталған маркетинг жүйесін дұрыс қолдана білуінде.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» жобасы аясында жарнама тілінің ішкорпусын әзірледі. Негізгі 5 түрлі нысан бойынша жарнама мәтіндерін жинап, зерттеу жұмысын жүргізуде. Атап айтсақ, көліктегі, көшедегі, сауда орталықтары, БАҚ-тағы жарнамалар мен қатар инфобизнесітегі жарнама мәтіндері сұрыпталып, жиналды.

Жарнама - маркетингің, бизнес жүргізудің ғана емес, лингвистиканың да маңызды элементтерінің бірі, онсыз бүгінгі қоғамды елестету мүмкін емес. Жарнама индустриясы - бүгінгі қоғамдағы этномәдени кеңістікті қалыптастыратын аса қуатты құрал [2, 35]. Жарнаманың мәтін ретіндегі өзіндік ерекшелігі:

- Ақпарат беру және ықпал ету қызметі үшін тілдік құралдарды мақсатты түрде пайдалану;

- Қарым-қатынас орнатуға бағыттау;
- Әлеуметтік мазмұндағы қызметті атқару [3, 45];

Жарнама мақсатына, объектісіне, орналасуына байланысты әртүрге бөлінеді. Бұл мақалада, Инстаграм әлеуметтік желісіндегі коммерциялық жарнамалардың жазылу модельдеріне тоқталамыз.


Жарнама мәтінінің мінсіз болуы сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысып, дұрыс құрылуына, айтылатын ойдың логикалық байланысына, мағынаның түсінікті болуына байланысты және жарнама тартымды, үйлесімділікпен безендірілуі қажет. Бұлардың барлығы оқырманның жарнаманы түсінуін жеңілдететі түседі. Жарнама мәтіндерінің тағы басқа ерекшелігі, олардың есте сақталып қаларлықтай қысқа болуы, тұтынушының сатып алуға деген қызығушылығын оятуы. [4, 74]

Қазіргі инфобизнес жарнамасында оффер кеңінен қолданылады. Оффер дегеніміз - бас тарта алмайтын ұсыныс жасау, тұтынушының жанды жерін анықтай отырып, сол мәселенің шешімі бар екеніне көзін жеткізетін сөздер жиынтығы. Төмендегі жарнаманы оқып көрейік: «Кез келген қыз-келіншек келіндік өміріне қарамастан, өз сүйікті ісін тауып, мақсатына жете алады. Оған менен білім алған 30 қазақ қызы дәлел. Солардың қатарына қосылғың келсе, *подробнее* батырмасын бас!». Байқағанымыздай жарнама барлығына бірдей арналмаған. Келіндік қызметпен қатар, кәсіппен айналысуды қалайтын қыз-келіншектердің назарын аудартып, нақты нәтижені көрсету арқылы тұтынушыны шешім қабылдауға итермелейді. Оффер жазудің түрлі модельдері бар. Біз 4 U моделі мен AIDA моделіне тоқталамыз.




1-сурет. 4 U моделі

4 U моделі бойынша жарнама мәтінінде 4 нәрсенің болуы аса маңызды. Пайдасы: сатып алатын адамның көретін пайдасын анықтау. Ерекшелігі: тұтынушы не үшін дәл сізден осы қызметті немесе тауарды сатып алу керектігін түсіндіру. Нақтылығы: пайданың түрін, түсін, бағасын ашып айту. Жылдамдығы: нақты уақытты көрсету.



2-сурет. 4 U моделіне мысал

AIDA моделі өнімді/қызметті жарнамалау барысында әр әлеуметтік топтағы адамдардың мәселесін шешу жолын көрсетіп жазу. Ол үшін «менен алуы мүмкін адамдарды» анықтап алып, сол топтағы адамдардың мәселесінің шешімін ұсыну қажет. Мысалы, кәсіпкерлер, жалақыға жұмыс жасайтындар, үйде отырған аналар, мұғалімдер т.б.



3-сурет. AIDA моделі [5]

«Экспертсің, холодныйға шығуға қорқасың. 1 запуск жасадың, бірақ результат жоқ. Мен Ақтұйғын Мақұлбекова 1 проектпен, 275.000мың вложениемен 1 айда 20.000.000 оборотқа шықтық. Егер сенің де маркетингің қирап жатса, масштабқа шыға алмай жатсаң, мен саған

көмектесе аламын. Ол үшін төмендегі сілтемеге өт!» деген жарнама аталған модельдің тамаша мысалы.

Қорыта айтқанда, тілдегі сөздерді жарнама жазу модельдеріне сай қолдану арқылы жарнама өз қызметін толықтай атқарады. Қоғамның ажырамас бөлігіне айналған жарнама мәтіндері халыққа өтімді болу үшін модельдермен қатар, жарнаманың сауатты жазылуы, қабылдауға жеңіл, когнитивтік санаға қонымды болуы шарт. Сондай-ақ этномәдени бірліктердің қолданылуы жарнама өтімділігін одан сайын арттыра түсуге үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.facebook.com/100001929608352/>
2. «Тіл және қоғам» №2 (44) /2016. Қыздархан Рысберген
3. «Talqu» Амангелді Шүрентаев
4. Филология,лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму тенденциялары -Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 216 б.
5. <https://www.smartinsights.com/traffic-building>

Г. ТАЛҒАТҚЫЗЫ

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің
кіші ғылыми қызметкері,
Алматы, Қазақстан*

ЖАРНАМАДАҒЫ ТЕРМИНДІК ТІРКЕСТЕР

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жарнама тілінде пайда болған терминдердің семантикасын және жарнама тілінің ерекшеліктері сөз болады. Жарнама ерте кезден қоғамда маңызды рөл алатын, әлеуметтік мәселе. Жарнаманың қазақ даласында пайда болған кезеңін, оны алғаш коммерциялық мақсатта қолданған «Қазақ» газетінің жарнама мәтіндерін мысал ретінде, жазылу формасын, стилін, мақсатын салыстырып қарастырамыз. Республикалық терминология комиссиясы беткіткен терминдерді жариялайтын «Терминком.кз» сайтына сүйене отырып терминдердің аудармасын салыстырып, калька терминдер мен тіркестерді қарастырдық.

Мақаланың негізгі мақсаты – жарнамада қолданылатын терминдер жүйелі, аудармасы тікелей емес, қазақ танымына сай, түсінікті тілмен жазылған жарнамалардың көбейгенін, калька тіркес, вирус сөздердің азаюына ықпал ету. Жаңа пайда болған термин тіркестердің ерекшеліктеріне талдау жасау. Мақалада жарнаманың бүгінгі қолданыстарынан мысалдар алынды.

Тірек сөздер. жарнама мәтіні, термин, тіркестер, лингвистика.

Аннотация. В статье речь пойдет о семантике терминов, появившихся в современном языке рекламы, и особенностях языка рекламы. Реклама - это социальная проблема, которая с незапамятных времен играет важную роль в обществе. В качестве примера рассмотрим период появления рекламы в казахской степи, рекламные тексты газеты «Қазақ», впервые использовавшей ее в коммерческих целях, сравним форму, стиль, назначение подписки. Республиканская терминологическая комиссия, публикующая обобщенные термины «Терминком.КЗ», сравним перевод терминов и рассмотрев кальку термины и выражения.

Основная цель статьи-способствовать систематическому, а не прямолинейному переводу терминов, используемых в рекламе, увеличению количества рекламы, написанной понятным языком, уменьшению количества слов, словосочетаний, вирусных. Анализ особенностей вновь возникших терминовых выражений. В статье взяты примеры из сегодняшнего использования рекламы.

Ключевые слова. рекламный текст, термин, фразы, лингвистика.

Abstract. The article will focus on the semantics of terms that have appeared in the modern advertising language, and the features of the advertising language. Advertising is a social problem that has played an important role in society since time immemorial. As an example, consider the period of the appearance of advertising in the Kazakh steppe, the advertising texts of the newspaper «Kazakh», which first used it for commercial purposes, compare the form, style, purpose of subscription. The Republican Terminological Commission, which publishes generalized terms « Term.KZ», comparing the translation of terms and examining the tracing paper of terms and expressions.

The main purpose of the article is to contribute to the systematic, rather than straightforward translation of terms used in advertising, to increase the number of advertisements written in understandable language, to reduce the number of words, phrases, viruses. Analysis of the features of newly emerged terms of expressions. The article takes examples from today's use of advertising.

Keywords. advertising text, term, phrases, linguistics.

ЖАРНАМА [ир.] з а т. <франц. reclame> 1. Тұтынушылардың назарына іліктіру немесе қандайда бір сауалнама алу мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы кең таратылып жария етілетін хабарлама. 2. Тұтынушылардың назарына іліктіру мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы хабарламаны таратудың қағаз, радио хабарлама, бейнешығыршық, жазба мәтін т.б. түріндегі құралы. 3. Маңдайшаларда берілетін ұйым не мекеме туралы ақпарат. 4. Афиша спектакль, концерт, жиналыс, дәріс, спорттық жарыстар, ойын-сауықтар туралы қағаз хабарлама. 5. Танымалдығын арттыру, жұрт назарына ілігу мақсатында біреу немесе бір нәрсе туралы таратылған мәліметтер» [1, 213]. Жарнама алғаш қазақ даласына 1900 жылдары газет-журнал беттерінде жазыла бастады. Ол кезеңде жарнама мәтіндерінің берілуі форматы өзгеше болды. Алғашқы мәтіндері қарапайым болды, оқушының түсінуін басты орынға қойды. Алдымен жарнама жасайтын тауардың неге керек екені, оның артықшылығын жаза келіп, оқушының қызығушылығын оятып барып, сатылатын заттың не екенін айтады. Ол кездегі жарнамалардың тек мәтіні болғандықтан, жарнама мәтіні ерекше рөл атқарды. Осы кездегі жарнамалар бір ауыз сөз, бірнеше тіркестермен түрлі түсті бейнелер негізгі ойды білдіреді. Қазіргі жарнамалардың бейбервальды амалы негізгі орынға шыққан. Жарнама сөзі ертеде дефис арқылы берілген. «Қазақ» газетіне жарияланған бір жарнаманы мысал ретінде ұсынсақ:

Жар-нама

Феврал басынан газетамызға жазылған алты айлық падписшиктеріміздің мөлшерлі уақыты осы 24 нші номырмен толды. Енді оларға газета жіберілмейді [2,91]

Осы жерде назар аударарлық тағы бір мәселе жарнама мәтінінің ішінде орыс, араб, парсы сөздерінің қатар қолданысы. Төте әліпбиі мен қатар кирилл жазулары бір жарнама мәтінінде қатар жазылуы. Олай болғаны қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің әсерінен жиі қолданыстағы сөздермен жазылса, екінші бір тұсы «падписшик», «прауа», «гражданский» т.б. сөздерін әдейі жазылған болуы мүмкін деп те ойлаймыз. Ол кезеңде қазақ даласын толықтай сауаттандыру жұмысы қарқынды жүріп жатқанмен, толығымен халық сауатты болып кетпеді. Әр аймақты дикциясы жақсы, әріптерді жақсы танитын, оқығанда күмілжімей, тоқтамай оқитын оқып берушілер болды. Мұсылманша сауатынан бөлек жаңа оқу жүйесін меңгерген, шала сауатты болса да орысша білетін газет оқушылар, осындай кірме сөздерді түсіндіріп, кейбір мақалаларды ауызша айтып беру жоғары мансап болды. Сондықтан қоғамға енді кіріп жатқан шет тілдерін қолданудың маңызы осы болса керек пайымдаймыз.

Жанарма тілі нақты лингвистикалық стилдерді талғамай, еркін мәтінде жазылады. Сөйлемдер толымсыз, кейде бір сөзбен я тіркеспен де беріледі. Бұл жарнама стиліне сай десекте, сол екі үш сөздердің өзі калька аударма немесе лексикалық мағынасы үйлеспейтін тіркестер. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары жарнама тіліне байланысты «Мәдени-репрезентивті және жарнама мәтіндерінің ішкорпустарын әзірлеу» атты іргелі зерттеу жасады. Жарнама мәтіндерін корпусқа салып, зерттеу негізгі мақсатымыз болғанымен, ондағы қателіктерге тілші ретінде бейжай қарамай өз пікірімізді мақала ретінде ұсынып отырмыз.

Жарнама тілін зерттеу ерте кезеңнен бастау алып жатқанымен қазақ тіліндегі мәтіндерді зерттеу материалдар көп емес. Жалпы жарнама тілі аз болады, кейде толық мәтінде болмайды дегенмен, оның қолданыс аясының кеңдігінен тез жатталып, адамдар арасында қолданысқа түсіп кетеді. Мысалы, Теле 2 байланыс жүйесінің безлимитсіз деген жарнамасы жалпы халықтық қолданыста, сатушылар, жастар арасында актив қолданысқа шықты. Себебі, бірінші мәтіннің өзгешелігі әсер етсе, екіншіден байланыс жүйесінің сол кезде алғаш тиімді шарттарды ұсынып жатқан кезі болатын. Яғни сол кезге дейін байланыстың қымбат болып, лимитсіз сөйлесу мен интернетті лимитсіз беруі сенсациялық жаңалық болды. Соны алу үшін «безлимитсіз нөмерлер» деп айтатын тіркес жалпытілдік қолданысқа еніп кетті. Яғни жарнама тілі кез келген жерден табылатын, үйде теледидардан, сыртта билбордтардан көрінетіндіктен жадымызда сақталып қалады.

Көшелерде ілулі тұрған жарнама мәтіндерінің тікелей аудармасы кейде семантикасы, кейде стилі өзгеріп түсініксіз болу жағдайлары да кездеседі. Мысалы, Жомарт жұмада не істеу керек екенін білесің (Ты знаешь, чем заняться в щедрую пятницу) сөйлеміндегі жомарт сөзі алғаш көзге түскенде зат есім адамға байланысты айтып тұрғандай сезілді, ал шын мәнісінде щедрая пятница сөзінің аудармасы ретінде берілген. Біздің ойымызша щедрая сөзінің гуглдегі тура аудармасымен берілген. Оның орнына актив қолданыстағы «қайырымды жұма» тіркесі, «жұма күннің шарапаты», «демалыс алдында» сөздеріде қолдануға болады деп ойлаймыз. Демалыс алды деп айтуымыздың негізі, өзге елдерде жұма демалыс күндердің алдында болғандықтан демалуға, көңілді өткізуге ыңғайлы деп есептеледі. Ал мұсылман елдерде жұма пітір садақа беріп, қайтыс болған адамдарға құран бағыштайтын күн. Сондықтан жомарт жұма тіркесін халық танымына сай аудармамен бергені сәтті болар еді. Дегенмен, жомарт жұма туралы зерттеу жұмыстары жазыла бастады: «Әлем бойынша «Қара жұма» деген атауға ие жеңілдіктер күнін білмейтіндер кемде-кем. Қазақстанда жұма күнін қара түспен байланыстырмас үшін «Жасыл жұма», «Жомарт жұма» сынды өзге атаулар ұсынып, ритейлер жеңілдігін жасады» [3].

Терминдер қазақ тілінде ғана емес барлық тілде жаңарып отыратын процесс. Термин сөздер бір жолда қалыптасып, бекітілмейді. Тіпті бекітілген терминдер уақыт өте келе келе өзгеріске ұшырауы да қалыпты құбылыс. Ал нақты қолданыста бар, терминком бекіткен сөздерді өзгертіп қолданатын жағдайлар да болады. Мысалы, Күздік жеңілдік/ күзгі жеңілдік қазір интернет саудасы қарқынды болғандықтан негізгі сатып алатын заттарды инстаграм, тик-ток желісінен іздейміз. Сонда күздік және күзгі сөздері қатар қолданылады. Қайсы дұрыс, осы сөздерді ауыстырып қолдануға бола ма? Күзгі мен күздік сөздерінің айырмасы қандай деген сұрақтарды қарастырып, екі сөздің семантикасын ажыратуға талпынамыз. Күзгі сөзі табиғатқа байланысты айтылып, күзге тән атрибуттары, детальдары болады. Жаңбыры, бұлттың ауысуын баяндау кезінде күзгі сөзі қолданылады. Ол әр кез болып отыратын жайттар болады.

Күзгі жаңбыр, күзгі суық, күзгі мұң оны күздік суық, күздік мұң деп айтуға келмейді.

Күздік белгілі уақыттың мөлшерінде ғана айтылып, алдағы уақытта қайталанбайтын процесстер, ал күзгі болатын мұң, жаңбыр, суық әр күз келгенде қайталанып отыратын әрекеттер. Сондықтан жарнама тілінде күзгі жеңілдіктер, күзгі топтамалар тіркесі семантикалық жағынан үйлесімге келмейді.

Сезонный – күз айларына, уақытқа байланысты, мезгіл (сезон) мағынасында қолданылады. Жарнама тілінде күздік тіркесімен дұрыс кездеседі, бірақ оны күзгі тіркесімен де қосып қолданады. Ресми терминком сайтының бекіткен термині бойыншы күздік жеңілдік, күзгі рапс тіркесі.

Ауылшаруашылығында күзгі рапс деген өсімдік атауы кездеседі. Ол әр жылы дақылдармен бірге жиналады. Рапс майлары туралы да көптеген жарнама мәтіндері кездеседі. Мәселе терминком сайты бекіткен күзгі рапс термині бірізді қолданбайды. Күздік рапс тіркесімен бірдей қолданыста. Жалпы алғанда жарнама беруші жарнаманы аудармаға сүйеніп ұсынады. Оның күнделікті қолданысын сөздік, анықтағышқа қарап негіздемей бере береді.

Келесі жиі қолданыстағы терминдік тіркес «Атаулы жеңілдіктер» термині. Бұл сөзде тікелей аудармадан пайда болған сөз. Ол орыстың «точечный льготы» тіркесін тікелей калька

аударған. Мұндағы аудармасы точечный скидка калька түрінде қолданыста кездеседі. «Мейрамханалар, кафелер, дүкендер мен демалыс орындары Халықаралық Жастар күніне орай 14 пен 35 жас аралығындағы адамдарға арнайы жеңілдіктер ұсынады» [4]. Атаулыға балама арнайы жеңілдік қолданып жүр. Атаулы сөзіне қарағанда арнайы жеңілдік деп алса дұрыс қолданыс болар еді деп ойлаймыз.

Жарнама туралы заңда сөздің мәтініне байланысты «Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс» [5], ал тіліне байланысты «Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады» [5]. деп көрсетеді. Осы заң аясында жарнаманың екі тілде қатар қолдануы кездеседі. Бірақ «Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс» [5]. Солардың бірі апат комиссары // Аварийный комиссар (бекітілген терминдер жинағы) немесе Авариялық комиссар // Аварийный комиссар Терминком бекіткен Аварийный комиссар тіркесінің нақты аудармасы апат комиссары немесе авариялық комиссар деп аталғанымен, барлық сақтандыру компанияларының жарнама мәтіндерінде апаттық комиссар деп берілген. Терминкомның шешімін қарамай орыс тілінен тіке аударма жасалған тіркестерді қолданған болуы мүмкін. Олай дейтін себебіміз, гугл, яндекс аудармаларда апаттық комиссар деп айтылған нұсқаны ұсынады.

Г. Н. Чиршева отмечает сходство «ядерных» («окказиональных») заимствований и переключения кодов: «„Ядерные« заимствования и ПК при речепроизводстве подчиняются одним и тем же ограничениям и проходят одинаковые морфосинтаксические процессы» [5, 103]. Она выделяет следующие критерии сходства и отличия «окказиональных» («ядерных») заимствований (ОЗ) и переключений кодов (ПК):

- появление окказиональных заимствований, так же как и ПК, непредсказуемо; - и те и другие могут выступать в качестве «голых» форм, но ПК – гораздо чаще;
- случаи дублированной морфологии в заимствованиях встречаются реже, чем при переключениях кодов;
- заимствования входят в ментальный лексикон МЯ, а ПК – нет;
- ПК может подчиняться многим или всем морфосинтаксическим процессам МЯ, которые действуют и на заимствования, но ПК не входит в ментальный лексикон МЯ;
- заимствования предсказуемы и часто повторяются, а ПК непредсказуемы и обычно появляются один раз и т.д. [5, 107-109].

Исходя из данных критериев можно сделать вывод, что между окказиональными/ядерными заимствованиями и переключениями кодов больше аналогий, чем различий. Основные отличия ПК сводятся к тому, что они менее частотны (обычно 1 раз) и не входят в ментальный лексикон матричного языка.

Таким образом, вышеуказанные лексические заимствования в башкирском языке типа *вис, вапиши / вапишы, уже / ужы, туже / тоже, абизәтелне / әбизәтелнә* и др. не могут быть рассмотрены как ПК, так как они неединичны и употребляются в речи практически у каждого башкира-билингва, даже в речи старшего поколения, плохо владеющего русским языком. Их можно отнести к категории «окказиональных (ядерных)» заимствований, так как они, хоть и не входят в лексическую систему литературного языка, существуют в ментальном сознании билингов. Башкирско-русские билингвы часто не знают (либо знают, но редко употребляют или вспоминают с трудом) их эквиваленты в родном башкирском языке.

Таким образом, иноязычные вкрапления в башкирском языке, которые активно употребляются в неофициальной живой речи у многих билингов, являющиеся *варваризмами*, по определению Н. К. Дмитриева [1], можно условно отнести к окказиональным заимствованиям, так как по определению Г. Н. Чиршевой они должны быть менее частотны, чем культурные заимствования. «У «культурных» заимствований в этом плане очень высокая частотность, так как эквивалентов для них в МЯ не существует. У «ядерных» заимствований – более низкая частотность, но выше, чем у ПК» [5, 110]. Однако, как показывает практика башкирско-русского билингвизма, ядерные заимствования весьма частотны в живой речи наравне с культурными заимствованиями, входящими в литературный язык.

Переключениями кодов в башкирском языке, следовательно, необходимо считать иноязычные вкрапления или целые фразы (островные переключения), встречающиеся менее трех раз

и преимущественно в речи одного информанта, например, *атказ итеу* – лит. *Баи тартыу, утамәу* ‘отказывать’, *атвишат итеу* – лит. *Яуап биреу* ‘отвечать’, *шутник былған* – лит. *Шаян булған* ‘был шутником’, *атлишатся итә* – лит. *Айырыла* ‘отличается’ и т. д.

Список литературы:

1. Дмитриев Н.К. Варваризмы в башкирской речи // Записки Коллегии востоковедов при Азиатском музее АН СССР. Т. IV. Л.: Изд-во АН СССР, 1930. – С. 73-105.
2. Muysken P. Bilingual Speech: A Typology of Code-Mixing. Cambridge: Cambridge University Press, 2000. – 306 p.
3. Muysken P. Code-switching and grammatical theory // In One speaker, two languages: Cross-disciplinary perspectives on code-switching / L. Milroy, P. Muysken (eds). – Cambridge: CUP, 1995. – Pp. 177-198.
4. Myers-Scotton C. Duelling languages: Grammatical structure in codeswitching / 2nd ed. – Oxford: Clarendon Press, 1997. – 285 p.
5. Чиршева Г.Н. Двухязычная коммуникация. Череповец: ГОУ ВПО ЧГУ, 2004. – 189 с.

Список информантов:

- Инф. 1 – Габдуллина Фларида Ульфатовна, 1962 г.р., д. Старые Багазы, пенсионерка, образование – средне-специальное.
- Инф. 2 – Валеева Роза Вагизьяновна, 1957 г.р., д. Нижние Балмазы Караидельского р-на РБ, пенсионерка, образование – 11 кл.
- Инф. 3 – Нуриахметова Далира Габдулфаязовна, 1958 г.р., д. Нижние Балмазы Караидельского р-на РБ, пенсионерка, образование – среднетехническое.
- Инф. 4 – Давлетгареева Хамида Габдулфаязовна, 1962 г.р., д. Нижние Балмазы Караидельского р-на РБ, образование – 10 кл., работает заведующим клубом.

Г.МАМЫРБЕК

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты, ф.ғ.к.
Алматы, Қазақстан*

В.РАДЛОВ СӨЗДІГІНДЕГІ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР

Аңдатпа. Мақалада В.Радловтың 1888-1911 жылдар аралығында шығарған «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігіндегі фонетикалық параметрлер талданған. Сөздіктегі әліпби, графика, емле мәселелерінің берілуі баяндалып, ерекшеліктері айтылған.

Тірек сөздер: сөздік, әліпби, графика, емле, лексикография, параметр.

Аннотация. В статье рассматриваются фонетические параметры в словаре В.Радлова «Опыт словаря тюркских наречий», изданном в период с 1888 по 1911 год. В словаре изложена передача вопросов алфавита, графики, правописания и особенности.

Ключевые слова: словарь, алфавит, графика, орфография, лексикография, параметр.

Abstract. The article discusses phonetic parameters in V. Radlov's dictionary «The experience of the dictionary of Turkic dialects», published in the period from 1888 to 1911. The dictionary describes the transfer of questions of the alphabet, graphics, spelling and features.

Keywords: dictionary, alphabet, graphics, spelling, lexicography, parameter.

Мақала ЖТНАР19677715 «В.В.Радлов сөздігі: ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Орыс лингвисті Ю.Караулов лексикография теориясына «лексикографиялық параметр» терминін енгізіп, оны сөздіктегі лексикографиялық ақпаратты сипаттау мен жіктеуге қатысты қолданды. Ғалым «параметр» сөзінің лингвистикада «жүйе» ұғымына сәйкес қолданылып жүргенін, алайда ол лексикографиялық еңбектерде сөздіктің мақсатына және ондағы тілдік құрылымның ерекшелігіне байланысты сөздіктердегі әртүрлі өрнектерді анықтайтынын, соның негізінде сөздіктердің өзін жіктей алатынын ескертеді [1, 44]. Қазақ түсіндірме сөздігіндегі сөздік мақала құрылымына алғаш рет параметрлік талдау жасаған лексикограф ғалым, профессор М.Малбақов: «Параметрлік талдау сөздікте қамтылған деректердің көлемін анықтауға, лексиканың лексикографиялық өңделу дәрежесін айқындауға, сөздіктің құрылымын жетілдірудің жолдарын белгілеуге мүмкіндік тудырады» – дей отырып, сөздіктердің әр түрінде параметрлердің түрлері де, сан мөлшері де алуан түрлі болатынын айтады [2]. Ғалым М.Малбақов лексикографиялық параметрлерді үлкен екі топқа бөлген: 1) Жалпы сөздіктік параметрлер (сөздікті библиографиялық бірлік ретінде сипаттау); 2) Тілдік параметрлер (фонетикалық, грамматикалық, лексикалық).

Біз бүгінгі мақаламызда В.Радлов сөздігіндегі фонетикалық параметрлерді талдамақпыз. Лексикограф ғалымдар фонетикалық параметр сөздікте берілген лексикалық бірліктің жазылу емлесін, айтылу және буынға бөліну ерекшелігін көрсететінін айтады.

В.Радловтың 1888-1911 жылдар аралығында шығарған төрт томдық, сегіз кітаптан тұратын «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігі күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоғалтпаған дүние. Түркология саласындағы бұл классикалық еңбекте сол кезеңдегі түркі тілдері мен диалектілері барынша қамтылған. Бұл сөздікті аяқтағанға дейін В.Радлов көлемді лексикалық материал жинауды мақсат еткенін алғысөзде айтып өтеді: «Приступив в 1859 году к исследованию тюркских наречий собственного Алтая, я с самого начала стал собирать не только произведения народного творчества, но и по возможности объемистый лексический материал. Каждое слово, встреченное мною во время исследований, я внес в алфавитный порядок, чтобы таким образом облегчить себе понимание собранных текстов. Основанием для словаря послужили, понятно, те наречия, которые я исследовал сперва... В список слов, собранных в 1859-1860 годах в собственном Алтае, постепенно вносились слова наречий, исследованных мною впоследствии (т.е. Киргизского, Кара-Киргизского, Тубинского, Шорского и наречий Таранчей и Абаканских Татар), притом у слов, общих различным наречиям, приводилось каждое наречие, в котором они встречены мною...» [3, 1-2].

В.Радловтың сөздікті толықтыру үшін тынбай еңбек етіп, орасан зор лексикалық материалдарды үздіксіз жүйелеумен болғанын мына сөзінен аңғарамыз: ««Во время моего пребывания в городе Казани я, понятно, имел возможности изучать Волжские наречия и опять должен был внести в словарь мои слова, записанные мною... Начав уже в Казани изучение наречия Крымских Караимов, я был принужден внести много слов османских...» [3, 3]. Радлов еңбегін зерттеушілердің мәліметінше, бұл сөздікте мынадай лексикалық бірліктер қамтылған: «В итоге в словарь В.В.Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» вошли лексические материалы Абаканского, Азербейджанского, Алтайского, Барабинского, Башкирского, Джагатайского, Якутского, Караимского, Карагаского, Казанского, Киргизского, Кара Киргизского, Куманского, Койбалского, Крымского, Качинского, Чулымского, Кызылского, Лебединского, Сагайского, Шорского, Симбирского, Саянского, Таранчинского, Телеутского, Тоболского, Черновских Татар, Туралинского, Уйгурского наречий» [4, 346].

Жалпы сөздіктерде тілдік бірліктерді дұрыс оқып, айтуға, сөздің дыбыстық құрамын мейлінше дәл жеткізуге қатысты мәліметтерді қамтитын ақпараттың болуы маңызды. В.Радлов өз сөздігінде әр фонеманың акустикалық-артикуляциялық ерекшелігін мейлінше дұрыс анықтағандықтан, түркі тілдеріндегі ұқсас сөздердің мағынасын да дұрыс аша білген. Енді В.Радлов сөздігіндегі фонетикалық параметрлердің берілу ерекшелігіне тоқталайық.

1) Әліпби, графика. Радлов сөздігінің әліпби құрамы кирилл, латын әріптерінен, әріп емес таңбалардан және диакритикалық қосымша белгілерден тұрады, сонымен қатар, сөздердің транскрипциясын жақшаның ішінде арнайы араб жазуымен берген. Яғни автор тек кирилл

таңбаларын ғана қолданбаған. Автор сөздікке алынған бірліктерді дұрыс транскрипциялау үшін 51 әріптен тұратын «Радлов әліпбиін» ұсынған:

"РАДЛОВСКИЙ" АЛФАВИТ

А а	Кк	Т т
Ѡ ѡ	Кк	Д д
Ä ä	Х х	Ч ч
ö	Б б	Ц ц
Е е	Г г	Ц ц
Э э	Г г	З з
О о	Б б	С с
Ö ö	Һ һ	З з
Ө ө	Һ һ	Ш ш
Ө ө	Ң ң	Ж ж
Ы ы	Ј ј	П п
Ы ы	Ј ј	Б б
І і	Ј ј	б
І і	Н н	Ф ф
У у	Р р	В в
У у	Л л	W w
У у	Л л	М м

Автор алғысөзде: «Для обозначения звуков, встречающихся в исследованных мною тюркских наречиях, я употребляю следующие буквы» – дей отырып, дыбыстар таңбасын дауысты және дауыссыз деп екіге бөліп көрсеткен. Дауыстыларға 17, дауыссыздарға 34 таңба арнаған. В.Радлов еңбектеріндегі қазақ тілі мәселесін тереңінен зерттеген ғалым К.Хұсайынов В.Радловтың түркі тілдеріндегі вокализм жүйесін салыстырмалы талдау негізінде, қазақ тілінде тоғыз дауысты бар деп анықтағанын атап көрсетеді [5, 67].

<p>Ѡ звукъ лежащій между а и о, какъ а въ английскомъ словѣ all.</p> <p>ä есть русское ѣ, въ словахъ бѣгати (бѣгати) мѣра (мѣра). Долгое ä звучитъ какъ французское è въ frère, père. У Алтайцевъ почти какъ ää.</p> <p>ö звукъ, лежащій между ä и ö, почти какъ английскій ea въ словѣ learn.</p>	<p>Ѡ ist der zwischen a und o liegende Laut, der dem a im englischen Worte all sehr nah liegt.</p> <p>ä ist das kurze deutsche e in <i>Berg, retten</i>; ä lautet wie è im französischen Worte frère, père. Die Altajer sprechen es noch breiter fast wie ää.</p> <p>ö ist der zwischen ä und ö liegende Laut, etwa wie das ea im englischen Worte learn.</p>
--	---

Кестеден көріп отырғанымыздай, әліпбиге кирилл, диакритикалық кирилл, латын әріптері және әріпке жатпайтын таңбалар мен әріп үсті диакритикалық белгілер алынған. Автор бұл әріптер мен таңбалардың әрқайсысына сипаттама берген. Мәселен, мына таңбалардың мәнін былайша түсіндіреді:

В.Радлов сөздіктің алғысөзінде түркі тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін орыс, француз, неміс, ағылшын тілдерімен салыстыра отырып талдап шыққан. Мәселен, а дыбысын алтайлықтар созылыққы айтады; тараншы, оңтүстік қырғыз бірінші буындағы а-ны а мен о-ның ортасында айтады; Абакан татарлары е-ні и-ге жақын дыбыстайды; о барлық түркілерде бірдей дыбысталмайды, солтүстік Алтайда ол а-ға жақын айтылады - деген тәрізді өз тұжырымдарын ұсынған [3, 10-11].

<p>Взятый мною тогда порядокъ буквъ былъ слѣдующій:</p> <p>а, ä, е, о, ö, у, ў, ы, і — к, к, б, г, ц, ј, ј, ј, л, л, р, т, д, ч, ц, ц, з, н, с, з, ш, ж, ц, б, м, һ, һ.</p>	<p>Die damals angewendete Reihenfolge der Buchstaben war:</p>
---	---

В.Радлов әріптер ретін де сөздіктің алғысөзінде көрсеткен:

ÿ обозначает звук палатальный, соответствующий гуттуральному у. Его нетъ въ русскомъ языкѣ. Этотъ почти тотъ самый звукъ какъ немецкое *ü* въ словѣ *Küche*. Въ Волжескихъ нарѣчiяхъ ÿ выговаривается энергичнѣе и болѣе соответствуетъ французскому *ü*. Долгое ÿ есть немецкое *ü* въ *Bücher, Tücher*; ÿ выговаривается бѣгло и при слабой артикуляціи губъ.

ÿ встрѣчается только у Таранчей въ концѣ словъ. Во время выговора этого звука нижняя губа поднимается постепенно до полного закрытія, чрезъ это полость рта наполняется воздухомъ и это ÿ получаетъ полный глухой оттѣнокъ, звучащій почти какъ *ou* и рекурсивующій въ согласный *w*.

ÿ der dem *y* entsprechende Palatal-Vocal klingt in den meisten Dialecten wie das deutsche *ü* in *Küche*; in den Wolga-Dialecten ist bei der Aussprache des ÿ die Lippenarticulation energischer und daher die Lippenöffnung kleiner; das lange ÿ entspricht dem deutschen *ü* in *Bücher, Tücher*; ÿ wird mit schlaffer Lippenarticulation gesprochen, woher auch der Ton unbestimmt ist.

ÿ ist ein bei den Tarantschi im Auslaute auftretender Vocal. Während seiner Aussprache hebt sich die Unterlippe allmählich fast bis zum festen Lippenverschluss, dadurch füllt sich die Mundhöhle stark mit Luft und der *u*-Laut erhält einen vollen, dumpfen Ton, der fast wie *ou* klingt, und sich in einen Consonanten *w* absetzt.

В.Радлов түркі тілдеріндегі дыбыстардың акустика-артикуляциялық ерекшелігін терең меңгергендігі сонша, әліпбиге алынған әр әріптің фонеманы берудегі қасиетін тереңінен талдап түсіндіріп отырған. Мысалы, диакритикамен алынған мына әріптердің қандай дыбысты бейнелейтінін былайша түсіндіреді:

Осылайша В.Радлов сөздікке алынған әртүрлі түркі сөздерінің дыбыстық ерекшелігін дәл беру мақсатында әліпби құрамына 51 таңба енгізген және әр таңбаның қандай фонеманы беретінін де жүйелеп, көрсетіп отырған. Бұдан ғалымның түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерін сөздігінде барынша қамтуға талпынғанын аңғарамыз. Дегенмен сөздікте қазақ тіліндегі қ дыбысы *к*, *ұ*, *ү* дыбыстары у таңбасымен берілгенін айта кеткен орынды.

2) Емле. Радлов сөздікте орфографиялық нормалар мен пунктуациялық белгілердің жүйелі түрде сақталуына назар аударған. Мәселен, В.Радлов реестрге алынған сөздің қай түркі тіліне тиесілі екенін көрсете отырып, оның басқа түркі тілдеріндегі фонетикалық варианттарын да қоса беріп отырған. Мәселен, көңіл-күй одағайын білдіретін төмендегі сөздің қазан және қырғыз диалектілеріндегі айтылымын және басқа түркі тілдеріндегі мағынасын жеке-жеке көрсетеді:

1) *ai* - восклицание удивления. *ai-hai* (Kas.); *ai-çai* (Kir.).

2) (Alt.) крик, когда гоняты скот.

3) (Ad.) восклицание при вспоминаний прошлого хорошего (2 бетте).

Бұл сөздік мақалада *ай* деген одағайдың, қазан (Kas.), қырғыз (Kir.) диалектілеріндегі фонетикалық варианттары мен семантикасы, алтай (Alt.) және азербайжан (Ad.) диалектілеріндегі мағынасы туралы толыққанды ақпарат берілген.

Сөздікте кейбір қазақ сөздерінің орфоэпиялық норма бойынша, яғни айтылымы бойынша таңбаланғанын байқауға болады. Мәселен, *сол үйдө* (13 бетте); *қыркүйөк* (8 бетте), *аурулұ* (73 бетте) т.б. (мысалдарды кирилге транскрипцияладық). Бұлайша берілуінің басты бір себебі, XX ғасырға дейінгі түркі жазба тілінде қысаңдардың еріндікпен таңбалануы жазу нормасындағы бұрыннан қалыптасқан жүйе болатын. Радлов сөздігінде сол жазу нормасы сақталған деп болжауға болады.

Сөздіктің тағы бір емлелік ерекшелігі реестрге алынған сөздің сол кезеңдегі түркілер пайдаланған араб жазуындағы орфографиясын да тік жақшаның ішінде қоса беріп отыруы. Мысалы, «у» деген мағынаны білдіретін көне түркі *агу* сөзінің араб жазуымен жазылған екі вариантын да сөздікте көрсеткен:

³агу [أغو, اغو, *ագու* (Osm. Ad. Kas. Krm. Dsch.), *سمنی* (Uig.), *vergl. ay, ū, аба* (Jak.)]

Радловтың көрсеткен арабша екі нұсқасы да дұрыс. Себебі түркі жазу нормасында а дыбысынан басталатын сөздер кейде мәт белгісімен, кейде мәт белгісі жоқ алифпен, екі түрлі

таңбаланып отырған. Ғалым түркі (араб) жазу жүйесіндегі сол ерекшелікті қалт жібермей, екі вариантты да сөздігінде көрсеткен. Бұл В.Радловтың сол кезеңдегі түркі халықтарының жазу нормасын терең меңгергенін аңғартады.

Қорыта айтқанда, Радлов сөздігіндегі фонетикалық параметрлердің берілу жүйесінен ғалымның сол кезеңдегі түркі халықтарының ауызекі тілінен де, жазуынан да хабары мол болғандығын көреміз. Радлов сөздігі түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеген ірі классикалық лексикографиялық еңбек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М.: Наука, 1981. – 367 с.
2. Малбақов М.М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2003.
3. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1893. Т. 1. Ч. 1. – 968 с.
4. Мусаев С.Ж., Садықова С.З. Лексика кыргызского языка в словаре В.В.Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» / Журнал «Филологические науки. Вопросы теории и практики». – Тамбов: Грамота, 2018. № 1(79). Ч. 2. – С. 345-348.
5. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 172 с.


С.Ш. АҚЫМБЕК
Шанхай шетел тілдері
университеті, ф.ғ.к.
ҚХР

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАР СӘЙКЕСТІГІНІҢ МОДЕЛІ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы приемов и методов артикуляционной модели образования согласных звуков в казахском языке, теоретические проблемы группировки звуков. А также обсуждается проблемы чередования согласных звуков.

Abstract. In article questions of receptions and methods of articulation model of formation of consonants in the Kazakh language, theoretical problems of grouping of sounds are considered. And also it is discussed problems of alternation of consonants.

Дауыссыз дыбыстардың алмасуы жайын зерттеу нысаны ретінде алғанда қазақ тіл біліміндегі диалектологтар әдеби тіл мен жергілікті сөз арасындағы дыбыс сәйкестіктерін тілге тиек етіп келеді. Оның үстіне сөз басында кездесетін алмасуларды қоспағанда сөз ортасындағы, сөз соңындағы алмасуларды ілгерінді ықпал, кейінді ықпал заңына сай түсіндіру жағы басым болып келеді. Шынында сөз басында алмасатын дауыссыздар жайын сөз еткенде себепсіз салдар жоқ дегенге сүйеніп, кей ғалымдар тайпа тілінің қалдықтарына сілтеме жасайды. Егер бәріне бірдей осылай себеп іздейтін болсақ, «тағам» сөзінің тілімізде жаппай қолданылуымен бірге ықшамдалған варианты «дәмнің» т дыбысынан басталмай д дыбысынан басталуын қалай түсіндіреміз? Немесе тән сөзінің дене болып айтылуы және олардың тілімізде жарыса қолданылуы да түсіндіруге келе бермейді. Мұндай түсіндіру сәті келе бермейтін дыбыс алмасулардың тек сөз басында ғана емес сөз ортасында да, сөз аяғында да болатынын саралай отырып, фонетикалық жағдайдың ғана емес, морфонологиялық құбылыстардың да тіл дамуында нормаға айналатын тұстарын айта кету керек. Енді осы мәселелерге арнайы тоқталып өтейік [1, 49-51].




1-сурет. Дауыссыз дыбыстардың алмасу пирамидасы

Қазіргі қазақ тілінің жасалым фонетикасында проф. Ә.Жүнісбектің дыбыстардың жасалым теориясы негізінде біршама зерттеу әдістерінің негізі қаланды. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған дауыссыздардың дауыс қатынасына байланысты топтарының моделі (1-сурет) бірнеше әдістемелік қасиетке ие [2, 99]. Аталған модель бойынша дауыс немесе үн қатынасына байланысты дауыссыз топтары мен дыбыс құрамы, жасалу орны, қандай дыбыстармен ортақ және алшақ белгілері бар екені жайлы мәліметтер ала аламыз. Мысалы, тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстар үш топта да бар: Т қатаң топта, Д ұяң топта, Н үнді топта.

Аталған кесте дауыссыз дыбыстардың жасалым табиғатынан мәлімет беріп қана қоймайды. Сонымен бірге дыбыстардың алмасуы мен дыбыстардың сәйкестігін зерттеуде белгілі бір дәрежеде негіз ретінде алуға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі көптік жалғаудың *-лар/лер*, *-дар/дер*, *-тар/тер* тұлғалары тіл ұшы дауыссыз дыбыстарына басталып тұр. Яғни бұл парадигмалық түрленіс аталған дыбыстардың жасалым сапасынан келіп шығады екен. Ілік септігінің *-ның/нің*, *-дың/дың*, *-тың/тің* тұлғалары тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстардан тұратындығы аталған кестенің толық дәлел бола алады.

Ал дауыссыз дыбыстардың тарихи тұрғыдан сәйкестігі туралы зерттеулерде де осы кестедегі дыбыстардың ортақ немесе алшақ белгілері бойынша жұптасуын, топтасуын, ұқсастығын негізге алуға болады. Сөзіміз дәйекті болу үшін 2-сурет бойынша бірнеше мысалдар келтіре кеткенді жөн санаймыз. Қазақ тілін диахронды тұрғыдан зерттеген еңбектерде келтірілген дәлелдердің басым көпшілігін осы суретте келтірілген тұстас жолақтар арқылы өрнектеп шығуға болады.



2-сурет. Дауыссыздардың дауыс қатынасына байланысты топтарының моделі

С-Ш дыбыс алмасуы. Фонетикалық жағынан ш дыбысы өзімен бірге келген с дыбысына айтылуда әсер етіп, өзіне ұқсатады. Мысалы: ашша (ашса), қашша (қашса) т.б. Алайда бұл дыбыстар қатар келмеген кезде де морфонологиялық тұрғыдан алмасады. Мысалы, есек – ешек, жетпіс – жетпіш, самал – шамал, содыр – шодыр, мысық – мышық деген сөздерде с-ш алмасуы олар жасалу жағынан бір-біріне әсер етпейді. Мұндай сөздерді А.Айғабылов «сөйлеушінің психикасына байланысты қалыптасқан құбылыс» ретінде морфонологияның объектісінде қарастырады [3, 60].

Ғалымдар сөз басында с дыбысы мен ш дыбысының алмасуын түркі негіз тілінің соңғы дәуірлеріне қатысты құбылыс деген пікір айтады. Сондай-ақ тілімізде сүйінші – шүйінші, содыр – шодыр, қоста – қошта, қыста – қышта деген сөздер жарыса айтылады. Мұндай с-ш алмасуы негізінен жергілікті ерекшеліктерде кездесетіндігін байқаймыз. Ш-с дыбыс алмасуы. Ш-с дыбыс алмасуы түркі тілдерінде тіл аралық белгі ретінде қаралып, қазақ тілі с-шыл топ болып есептелетіні белгілі. Сондықтан да мысық-мышық, есек-ешек, бес-беш сияқты қолданыстардың соңғы сыңары диалектіге жатады. Бірақ с-ш алмасуы әрқашан дәл осылай жіктеле бермейді. Қазақ тілінде бұған қайшы келетін, ш-мен айтылса әдеби тіл болып, с-мен келген нұсқа диалектіге ауысатын сөздердің белгілі-аймақтарда мұрса, секер, келесек, дұспан болып айтылатыны атап өтеді.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, ш-с дыбыстары сөздің әр позициясында тұрып алмаса береді. А. Айғабылұлы жұмысшы – жұмышшы, басшы – башшы деген сөздерінің дыбысталуында ешқандай ауытқу болмайтындығын, таза артикуляциялық мүмкіндікке байланысты, оларды басқаша дыбыстау мүмкін еместігін, сондықтан оның фонетикалық дыбыс алмасу екендігін атап өтеді. Ал сүйінші – шүйінші, басқыш – башқыш варианттарындағы дыбыс алмасуын морфонологиялық дейді. Себебі: «Мұнда тек сөйлеушінің санасындағы кейінгі дыбыстарды айтуға психологиялық дайындық кезінде соған ұқсас дыбысты алмастырып айту ғана» [4, 33].

Бұл процестің бір себебін сөз ішінде тіл арты дыбыстарын бұрын айтып, одан кейін тіл алды дыбысын айтудың оңайлығымен түсіндіруге болады.

Қ-ғ және к-г дыбыстарының алмасуы. Қ, к, п дыбыстарының морфемалар жігінде дауысты, үнді, ұяң дыбыстармен қатар келгенде ұяңданып кететіні белгілі: ай қабақ – айғабақ, көп жер – көбжер, ақ нан – ағнан т.б. Ал шақ етті, сақ дегізді, күмп етті деген сияқты көптеген еліктеуіш сөздерде ұяңданбайды. Бірізділік жоқ болғандықтан, А.Айғабылұлы бұл құбылысты да морфонологиялық деуді ұсынады. Ғалым қ-ғ, к-г дыбыстарының алмасуын морфонологиялық алмасуға жатқызып, бұл жайындағы ойын былайша тұжырымдайды: «... алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесінің нәтижесінде ғ, г дыбыстары морфонологиялық құбылыс ретінде пайда болған деуге болады. Сондықтан ғ, г дыбыстарының жай-жапсары дауысты дыбысқа, үнді дыбыстарға қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айтқанда, артикуляциялық шеп, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін, сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек» [3, 54-56]. Ғалым бұл дыбыс алмасудың себебін қатаң шұғыл қ, к, п дыбыстарын айтудан ұяң ғ, г, б, у дыбыстарын айтудың жеңілдігімен түсіндіреді.

Қазақ тілінде қ-ғ, к-г дыбыстарының алмасу жайы өте жиі кездесетін құбылыс. Бұл екі жұптың жиі алмасатыны соншалықты, тіпті қ мен ғ-ның, к мен г-нің фонологиялық қызмет-жүгіне күмән келтіріп, бір фонеманың аллофоны ретінде танушылар да бар. Шынында, Ғабдікәрім-Қабдікәрім, Ғайша-Қайша, Гүлжан-Күлжан сияқты кісі аттары мен гүл-күл, гәп-кәп, гәусар-кәусар сияқты шеттен кірген сөздерде алма-кезек қолданыла беретіні бар. Бірақ бұл кісі аттары мен басқа да сөздердің бакта ғ, г дыбыстарынан басталатын сөздер екенін, қазақ тіліне енгенде басқы дыбыстары қ және к дыбыстарына алмаса бастағанын сонымен бірге бұрынғы дыбыстық құрылымы да сақталып жарыса қолданылатын болғанын түсіну қиын емес. Өйткені ғ, г дыбыстары қазақ сөздерінің басында кездеспейтіні белгілі.

Қазіргі қазақ тіл білімінде қ, к, ғ, г дыбыстарына артикуляциялық-акустикалық сипаттама толық берілген деуге болады. Аталған дыбыстардың жұмсалымдық ерекшелігін аңғарған А. Байтұрсынұлы: «Қ хәм ғ дыбыстары һеш уақытта жіңішкермейді. К хәм г дыбыстары һеш

уақытта жуандамайды, яғни жуан айтылмайды. Сондықтан бұл дыбыстар тоң дыбыстар деп аталады», – деген сипаттама береді [5, 154]. Ғалым қ, ғ, к, г дыбыстарының басқа дыбыстарға қарағанда дыбыстарды таңдап тіркесетіндігін ашып көрсетеді.

Сонымен ғ-г, қ-к дыбыстарының тілімізде алмасу жайы туралы қорыта айтқанда, алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесі нәтижесінде ғ, г дыбыстары қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айтқанда, артикуляциялық шек, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек. Г-қ, г-к дыбыстарының алмасу аналогиясы басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Бірақ бірінде жиі, бірінде сирек дегендей, әр тілде әр түрлі көрініс тапқан. Ал түркі тілдерінің өзінде бірыңғайлық танытпай, әрқалай ұшырасуының өзі морфонологиялық құбылыс екенін шегелей түседі. Түркітануда қ, к дыбыстарынан ғ, г дыбыстарынан пайда болуы туралы мынадай жорамал бар: «Тіл арты қ дыбысының айтылуы қиынырақ. Сондықтан түркі тілдерінде сөйлеу барысында күшсізденуіне (ұяңдануына) тура келеді» дейтін де пікір бар [4, 53].

Бірақ физиологиялық жағынан түсіндірілген бұл себептің өзі дәлелденген күнде де қ-ғ, к-г дыбыстарының алмасуы артикуляциямен байланысты емес.

Қ, ғ-у-й дыбыстарының алмасуы. Бұл дыбыстардың алмасуы сирек кездеседі, бірақ тіліміздің дыбыстық құрылымын айқындауда маңызы да жоқ емес. Мысалы, бақ-бау, қыстақ-қыстау, санақ-санау сияқты сөздер әдеби тілге жарыса қолданылса, жамау, бояу сөздерінің бақ/дағ сөздерінен қ/ғ дыбыстарының у, й дыбыстарымен алмасып жасалғаны дәлелденген жағдай.

Қ-ғ дыбыстарының й дыбысымен алмасуы тоқ-той (тоғаю-тойыну дегенде) соғым-сойым, жақ-жай сияқты сөздерде кездеседі. Кей сөздердің құрамындағы алмасулардың ертеде жүзеге асып, көнелене бастауына байланысты мағыналары алшақтай бастаған. Мысалы, жүгір деген сөз бен жүйрік-тің түбір сөзден өрбігенін аңғара қою қиын. Жүгір сөзіне ік жұрнағы (сын-ық, жырық, түр-ік сияқты сын есім тудыратын) жалғанып жүгірік-жүйі(і)рік болып қалыптасқан.

Тіл арты қ, к, ғ, г дыбыстарының ң дыбысымен алмасуы. Тілдің адам қолданысындағы «жанды» қасиетін есепке алар болсақ, онда қандай да бір өзгерістердің болмауы мүмкін емес-тігін аңғарамыз.

Тіліміздегі бадырақ – бадыраң, мегзеу – меңзеу, шоғайна – шоңайна сияқты біраз сөздермен қатар, дедекте – деденде, жортақта – жортаңда, кегжекте – кегженде, қайқалақта – қайқалаңда, өкіректе – өкіренде, тайқақта – тайқаңда, тарбақта – тарбаңда, тепекте – тепенде, жалтақта – жалтаңда, жалпақта – жалпаңда, талтақта – талтаңда, салпақта – салпаңда деген бейнелеуіш сөздерден жасалған етістіктер құрамында қ, к, ғ, г дыбыстарының ң-мен алмасуы кездеседі. А. Айғабылұлы мұндай құбылыс етістік тудырушы жұрнақтар жалғанғанда байқалатынын айтады [3, 38]. Профессор Б. Сағындықұлының пікірінше, н дыбысынан ң дыбысы қалыптасқан. Ғалым н дыбысының ң-ға айналуының бірнеше себептерін дәлелдей отырып, «аса ежелгі дәуірде н фонемасына қ, к фонемаларының тигізген әсерінен ң аллофоны, б, п фонемаларының тигізген әсерінен м аллофоны пайда болған. Кейіннен бұл аллофондар фонологиялық жүк арқалаудың салдарынан тұрақтанып, белсенді фонемалардың қатарына қосылған» [6, 50], – дейді. Б. Сағындықұлы қ, к, ғ, г дыбыстарына басталатын сөздердің түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде өте көп болуы екі сөз арасы және түбір мен қосымша жігінде н дыбысының ң-ға айналуында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Біздің жоғарыда келтіріп отырған мысалдарымыздағы қ, к, ғ, г дыбыстарының ң-мен алмасуына да ң-ның осы қасиеті әсер еткен тәрізді, себебі талтақта – талтаңда, салпақта – салпаңда т.б. мысалдарындағы бірінші нұсқаларынан гөрі ң-мен айтылғанда қимылдың созылық болып, экспрессивтік мәні күшейе түсетіндігін байқаймыз.

Ғ-г-ң дыбыстарының алмасуы. Г-ң, ғ-г дыбыстарының алмасуы. Профессор С. Омарбеков қазақ ауызекі тілінде ң-г және г-ң дыбыс алмасуларына мынадай мысалдар келтіреді: негізі – неңізі, негізінде – неңізінде; маңыз – мағыз, төңүрәк – төгүрөк (Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақ говоруы) [109, 120]. Ғалым кейбір жағдайларда кездесетін н-у дыбыс алмасуларына мынадай мысалдар келтіреді: оңаша – ауаша (Орынбор облысы), көңіл – кеуіл.

Ғ, г дыбыстарының ң дыбысымен алмасуы әдеби тілдегі мегзе-меңзе, шоғайна-шоңайна сияқты бірлі-жарым сөздер ғана кездеседі. С. Омарбеков бұл дыбыстардың алмасуын жер-

гілікті сөздерден тауып: «Қазақстанның шығысы мен солтүстігінің кей жерінде негіз, негізгі, негізінде деген бір түбірден өрбіген сөздердің бәрінде де г тіл арты мұрын дыбысы ң-мен айтылады:неңіз, неңізгі, неңізінде. Дәл осының керісінше шығыс говорының кей жерінде маңыз сөзі мағыз түрінде дыбысталады» дейді. С.Омарбеков ғ, г дыбыстарының ң дыбысымен алмасуының түркі тектес халықтар арасында да кездесетініне батыс говорындағы 2-жақ жіктік жалғауының **-сыңыз, -сіңіз** түрінде айтылуы башқұрт, татар тілдеріндегі -сығыз (барасығыз) жалғауымен салыстырылады. Бұған өзбек тіліндегі тоғарак, қарақалпақ тіліндегі тегорок сөздерінің қазақ тілінде төңірек болып айтылуын да жатқызуға болады [7, 103-105].

Б-п дауыссыздарының алмасуы. Бұл шұғыл дауыссыздардан тұратын жұптардың алмасып қолданылуы қазақ тілінде өте жиі кездеседі. Мысалы: бұт, бұтақ, балуан, бесін, бенде, бәкі, болат, бал, бақыр сияқты сөздердің тілімізде пұт, пұтақ, палуан, песін, пенде, пәкі, полат, пақыр сияқты варианттары бар. Бұлардың қайсысы әдеби тілге жатады дегенде, әрине, б дыбысынан басталатындары ауызға әуелі ілінеді. Дегенмен, әдеби тілге қатысты сөздердің жазылу нормасын көрсететін емле сөздігіне жүгінсек, бұлардың ішінен бұтақ бесін, бәкі, болат сөздерінің әдеби тілден толық орын алып, пұтақ, пәкі, полат, песін сөздері диалект сөздер қатарында қалғанын көреміз де, балуан-палуан сөзінің жарыса қолдануға құқы барын, ал пенде сөзі әдеби тілге еніп бендесі қатардан шыққанын көруге болады. Бұлайша салыстырудан әдеби тіл мен диалект деп бөлудің өзі б-п алмасуларына шартты түрде ғана қатысы бар екендігін көрсетеді. Сондықтан әлі де жігі ажырамай, бәле-пәле, байымдау-пайымдау сияқты сөздер әдеби тілде жарыса қолданылып келеді [7, 98-102].

Профессор Б. Сағындықұлы у~у(тау)~у(w)~п~б~в сәйкестігінің көне түркі ескерткіштерінде кездесетінін, у~в сәйкестігінің орта ғасырлардағы қыпшақтар мен оғыздардың тілін бір-бірінен ажырататын фонетикалық белгілердің қатарына жатқызылатынын айтқан [6, 35].

С. Мырзабеков сөз басында б мен п алмасуы жергілікті ерекшеліктерде ғана көрініп қоймай, тіпті орфографиялық сөздікте де «жарысып жүретіндігін» айтады, мысалы, байым – пайым, балуан – палуан, барабар – парпар, бәле – пәле, пенде – бенде т.б. Ғалым мұндай құбылысты көрші дыбыстардың әсерінен болмайтын «экстралингвистикалық (бөгде тілдік) жағдайдан туған сәйкестік» [8, 126], – деп түсіндіреді.

П-м дыбыстарының алмасуы. Мысалдар: башпақ – башмақ; Мақсұт бұрынғы киімін сонда қалдырып, жаңадан аяғына башпақ, үстіне шапан сияқты ұзын киім кигізді (Б. Шалабаев). Етік, кебіс, мәсіден басқа башмақ, былғарымен жұлықтаған киіз етіктер жасалады (С. Қасиманов). Жанапайла – жанамайла: Дәрігер әйел мұны жанапайлап, сөзді от алғандай лыпылдатып келеді (С. Шаймерденов). Шал мал қайырған адам боп жанамайлап, ақботаның қасынан өте берді де, құрықты сілтеп кеп қалды (З. Шашкин). Пұрсат – мұрсат: – Пұрсат берсеңіз бірер күннен кейін жауап берейін, – деді (С. Омаров).

Сонымен қазақ тілінде шұғыл дауыссыз дыбыстардың айтылуда ызыңға жуықтайды. Д-л, л-д дыбыстарының алмасуына ңд дыбыстық тіркесінен гөрі ңл дыбыстық тіркесінің өнімді қолданылуының әсері болуы мүмкін. Ал б-м және п-м дыбыстарының алмасуы «дағды факторына» байланысты қалыптасқан морфонологиялық құбылыс деуге болады.

П-б-у дыбыстарының алмасуы. Еріндік п және б дыбыстарының еріндің у дыбысымен алмасу жайы қазақ тілінде сөз басында кездеспейді, тек сөз арасында морфемалар жігінде байқалады. Мысалы, дыбыс-дауыс, қабақ-қауақ (жемісінен ыдыс жасалатын есімдік) қапсыр-қаусыр, кепсен-кеусен т.б. сөздерден байқауға болады [9, 104].

Бір қызықты жағдай, қазақ тілінде қобыз сөзі жеке тұрғанда ешқандай өзгеріссіз айтылады. Ал осы сөз шаң сөзімен бірігіп айтылғанда, шаңғобыз болып дыбысталуымен бірге шаңғауыз (оңтүстікте) түрінде де айтыла береді. Қобыз сөзіндегі о дыбысының а-ға алмасуы алдындағы, сөздің әсерімен іске асса, б дыбысының у-ға айналуына ондай себеп жоқ [10, 154].

Ал морфемалар жігінде п дыбысының у-ға айналуы бір жағдайда ғана іске асады. Ол п дыбысына аяқталған түбір етістіктерге көсемшенің ып, -іп жұрнақтарының жалғануынан пайда болатын құбылыс. Мысалы: жап-жауып, тап-тауып, теп-теуіп, қап-қауып, сеп-сеуіп, т.б. Бұл мысалдардағы п-у дыбыстарының алмасуына алды*артындағы дыбыстардың әсерінің жоқтығын былай қойғанда, тек көсемшенің бір ғана жұрнағына қатысты іске асудың

өзі морфологияға тікелей қатысты. Морфонологияның дыбыс алмасулардың бірыңғай келе бермей, тіл деректеріне қайшылығымен көзге түсіп отыратынын еске алсақ, бұл жерде де алмасудың барлық етістікті қамти алмайтынына көзіміз жетеді. Мысалы, оп, өп етістіктерге көсемшенің -ып, -іп жұрнағы жалғанған да түбір соңындағы п дыбысы у-ға айналмайды. Оп-обып, өп-өбіп, болып, тек ұяңдану процесі ғана пайда болады. Мысалы, Обырдай обып, үнін шығармай жұтып тұр. (М.Әуезов) [11, 47-49].

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» қатаң п-ның ұяң б-мен алмаспай, үнді у-мен алмасуының себебі былай түсіндіріледі: «Бұл үшеуі (п, б, у) де қос ерін дауыссыздар, ал -ып, -іп жұрнағындағы дауыстылар (ы, і) – езулік. Сонда әлгі сөзформалардың екінші буындары -бып, -біп болмай, -уып, -уіп (айтылуы -уұп, -уұп) болатыны қос еріндіктің (б және п) арасында езулік дауыстыны айту қиындыққа түседі де, ал у езулік қысаң дауыстыларды (ы, і) еріндікке айналдырады (жоғарыда айтылды), сөйтіп айтуды жеңілдетеді. Бұған мынадан да көз жеткізуге болады, етістік оп, өп көсемше формада об-үп (оп-ып), өб-үп (өп-іп) болады да п ұяң б-мен алмасады. Өйткені мұнда түбірдегі еріндіктер қосымшадағы қысандарды еріндік етеді, сондықтан у-дың қажеті жоқ» [12, 88].

Көрсетілген кескіндегі дыбыстарды дауыс немесе үннің қатысымы мен жасалымы тұрғысын жіктелуін кестелі түрде де көрсетуге болады (1-кесте).

1-кесте

Дауыссыздардың жасалым жағынан жіктелуі

	Ерін		Тіл ұшы		Тіл ортасы	Тілшік	
	тоғысыңқы	жуысыңқы	тоғысыңқы	Жуысыңқы	тоғысыңқы	тоғысыңқы	жуысыңқы
Қатаңдар	П	-	Т	Ш-С	К	Қ	-
Ұяңдар	Б	-	Д	Ж-З	Г	-	Ғ
Үнділер	М	У (w)	Н	Р-Л	-	Ң	Й

Ал дауыссыз дыбыстардың тарихи тұрғыдан сәйкестігі туралы зерттеулерде де осы кестедегі дыбыстардың ортақ немесе алшақ белгілері бойынша жұптасуын, топтасуын, ұқсастығын негізге алуға болады.

Жоғарыда баяндалған дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары жасалым сипатымен тікелей байланысты. Дыбыстар бір-біріне ықпалдасып, жымдасып бірін-бірі игереді немесе алмасады, сәйкестенеді. Сонда дыбыстар табиғаты, жасалымы бойынша ортақ белгілері ең жақын дыбыстар бірін-біріне алмасып сәйкестенуге бейім болады екен. Мұның өзі фонологиядағы зерттеу нәтижелерін, түркологиядағы шешімін күтіп тұрған мәселелерді шешуге болатынын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 49-56, 98-106 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312.
3. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы. (Диссертация) – Алматы, 1991. – 92 б.
4. Қазақ тіліндегі диссимилициялық құбылыстар //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999, №2. – 82-87 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
6. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасының дамуының этимологиялық негіздері (монография). – Алматы: «Санат», 1994. – 168 б.
7. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 208 б.
8. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 200 б.
9. Дыбыс алмасу. Қазақ тілі энцикл., 1998. – 104 б.
10. Игерусіз өзгерістер. Қазақ тілі энцикл., 1998. – 154 б.
11. Дыбыстар сәйкестігі //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998, №3. – 47-49 б.
12. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПРОТЕКЦИОНИЗМ ӘДЕБИ НОРМАНЫ САҚТАУ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада автор бүгінгі күнгі қазақ тілінің өз әдеби нормасынан ауытқуының мысалдарын 3 түрлі топтамаға бөліп қарастырады. 1-топтамада қате екені танылатын ауытқулар, 2-топтамада қате екені танылмай кеткен ауытқулар, 3-топтамада морфологиялық құрамында қате бар екені соңғы кезде ғана анықталған қолданыстар қарастырылады. Ауытқулардың барлығының дерлік орыс және ағылшын тілдерінің әсерінен орын алып жатқаны түсіндіріледі және оларды өз қазақи грамматикалық нормасына қайтару керек деген қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: әдеби норма, узус, лингвистикалық протекционизм, варваризмдер, орфография, орфоэпия, грамматика.

Аннотация. В статье автор делит примеры отклонений современного казахского языка от его литературных норм на 3 разные группы. Таблица 1 касается узнаваемого ошибочного использования, Таблица 2 касается уже неузнаваемого ошибочного использования, а в Таблице 3 рассматриваются некоторые слова, которые только недавно были идентифицированы как имеющие ошибки в морфологической структуре. Объясняется, что почти все отклонения вызваны влиянием русского и английского языков, и делается вывод о необходимости возвращения их казахской грамматической нормы.

Ключевые слова: литературная норма, узус, языковой протекционизм, варваризмы, орфография, орфоэпия, грамматика.

Abstract. In this research paper, the author divides the examples of deviations of the modern Kazakh language from its literary norms into 3 different groups. Table 1 deals with recognizable misuse, Table 2 deals with no longer recognizable misuse, and Table 3 looks at some words that have only recently been identified as having errors in morphological structure. It is explained that almost all deviations occur under the influence of the Russian and English languages. It is explained that almost all deviations are caused by the influence of the Russian and English languages, and a conclusion is made about the need to return their Kazakh grammatical norms.

Keywords: literary norm, *uzus* (lat. *usus*), linguistic protectionism, barbarism, spelling, orthoepy, grammar.

Жаһандану үдерісінің қарқыны тілдердің де бір-біріне ықпалын жеделдетті. Бұрын ғасырлар бойы тұрып келетін өзгерістер қазір болып жатқан бір оқиға іспетті көз алдымызда өтетін болды. Мәселен, осыдан 15 жыл бұрын қазақ тілінде «Мен ойлаймын» деп сөз бастайтын адам болмаған, ал қазір бұл тіркесті қолданбайтын адам табу оңайға түспейді. Бұл тек қазақ тілінің тарихында орын алып жатқан жайт емес, әлемде өмір сүріп отырған барлық тілде қарқынды жүріп жатқан құбылыс. Соған орай, бүгінгі ғаламда лингвистикалық протекционизм, тілді қорғау саясаты деген мәселе алға қойылған. Бұл саясат дамыған мемлекеттерде де қолға алынған. Мысалы, француздар компьютер терминдерін ағылшын нұсқасында ала бермейді. Жапондар ағылшын сөздерін шамадан тыс қолданып қойған БАҚ құралдарына айыппұл салады. Бұл тілдердің өміріне төніп тұрған қандай да бір қауіп жоқ сияқты көрінгенмен, оларда сөйлейтін халықтар сақтық шараларын қамдамаған жағдайда не болатынын бағамдайды.

Зерттеулерге сүйенсек, кей деректер қазіргі өмір сүріп отырған 6000-нан астам тілдің 600-іне төніп тұрған қауіп жоқ деп көрсетсе, кей деректер әрбір екі аптада бір тілдің жойылып кетіп жатқанын көрсетеді де, осы қарқынмен кете берсе, шамамен бір ғасырға жуық уақыт ішінде тіл саны 200-ге дейін азаяды деген қауіп бар. Бұл тілдердің соғысынан аман шығатындар –

ағылшын, француз, португал, испан сияқты отаршыл державалардың тілдері, Жапон, Қытай тәрізді ірі өнеркәсіптік державалардың тілдері, миллиондаған жергілікті сөйлеушісі бар араб, хинди, бенгал сияқты тілдер және аймақтық лингва франка (қарым-қатынас құралы) қызметін атқаратын тілдер деген болжамдар бар.

Мұндай дабыл қағу әрекеттері ХХ ғ. аяғынан басталып, бүгінгі күнге дейін толассыз жалғасып жатыр. Зерттеулерде жойылып кететін тілдердің алғашқы белгісі «тіл өкілдері өз тілінде бола тұра, сөз арасына үстем тілдердің сөздері мен сөз тіркестерін қосып сөйлейді» делінсе, соңғы белгісі «тілде сөйлейтін ұрпақ өз қоғамында өз тілінде сөйлеуге ұялатын, намыстанатын халге жетеді» деп көрсетіледі. Біздің қоғамда бүгінгі күні бұл белгілердің біріншісі «асқынған» күйде тұрса, соңғысының да арагидік белең беріп отыратынын жоққа шығара алмаймыз. Бұл екі белгіден де бөлек, соңғы 10-15 жылдың көлемінде орыс және ағылшын тілдерінің әсерінен қазақ тілінің әдеби нормасына едәуір салмақты залал келгені тіл жанашырларын аландатып отыр.

Тілдік норманы бұзып-жарып белсенді қолданысқа шығатын, узус деп аталатын тілдік бірліктер болады. Академик Р. Сыздық оларды уәжді, уәжсіз деп бөледі. Уәждісі өз контекстінде қабылдауға болатын ауытқу болса, уәжсізін «ақтап алуға» келмейтін ауытқу деп түсіндірейік. Біздің сөз еткелі отырғанымыз осы уәжсіз ауытқулар. Оларды өз қазақи қалпына келтіруге талпыныс жасап көрсек деген үмітпен тілде белсенді қолданыста жүрген ауытқуларды бірнеше топтамаға бөле қарастырдық. Талдауларға зер салайық.

1-топтама. Қате екені танылатын ауытқулар

Бірінші кезекте көзге көрініп, құлаққа түрпідей тиіп тұрған нормадан (уәжсіз) ауытқулардың мысалдарын береміз, қазір кері қайтарылмаса, қазақ тілінің төл болмысын ығыстырып, сіңісіп кету қаупі бар.

Нормадан ауытқыған нұсқалар	Дұрысы	Түсіндірме
Мен ойлаймын	Меніңше, ... Менің ойымша, ... Мен... деп ойлаймын	Ағ. т.-гі «I think», орыс т.-гі «Я думаю»-дың әсерінен сөйлем құрылысының бұзылуы
3 санаттар бар Бір топ студенттер Бірнеше мақалалар	3 санат бар Бір топ студент Бірнеше мақала	Ағ. т.-гі заттың көпше түрін -s жалғау арқылы жасаудың әсері
Қазақ тіліне оқыту Шетел тілдеріне оқыту Аспазшы мамандығына оқып жүр	Қазақ тілін оқыту Шеттілдерін оқыту Аспаз мамандығын оқып жүр	Нені оқу? (неге емес) Нені оқыту? (неге емес) «На что учиться?», «На кого пойти учиться?» деген орыс т.-нің әсері
Шындықпен жанаспайды	Шындыққа жанаспайды	Неге жанасу? «Немен жанасу?» емес
Осы сәтпен пайдаланып Телефонмен қолданып	Осы сәтті пайдаланып Телефонды қолданып	Нені пайдалану? Нені қолдану? «Немен пайдалану/ қолдану?» емес.
директормен бекітілген мамандармен тексеріледі	директор бекіткен Мамандар тексереді	Кем утвржден? Кем будет проверяться? Орыс т.-нің әсері.
А әрпіне біткен сөз А әрпіне аяқталатын сөз	А әрпімен біткен сөз А әрпімен аяқталатын сөз	Немен бітеді? Немен аяқталады? «Неге бітеді?», «неге аяқталады?» емес. «Бойыңа біткен қуатың» десек, ол басқа сөз. «Неден басталып, немен аяқталады/ бітеді?» деп сұрақты дұрыс қою арқылы тексеру керек.
жетекшіңізге хабарласыңыз Оған, ол кісіге хабарлас	жетекшіңізбен хабарласыңыз Онымен, ол кісімен хабарлас	Хабарласу кіммен? Кімге емес.

Мексикалық боксшыға жеңіліп қалды	Мексикалық боксшыдан жеңіліп қалды	Кімнен жеңілді? Кімге емес. «Проиграл мексиканскому боксёру» деген орыс т.-нен алынған калька
бару керекпіз алу керексіздер	баруымыз керек алуларыңыз керек	Керек көмекші етістігі жіктік жалғауын қабылдамайды, жалғау негізгі етістікке жалғанады.
Кім М.Жұмабаев шығармаларымен қызықса	Кім М.Жұмабаев шығармаларына қызықса Кімнің М.Жұмабаев шығармаларына қызығушылығы болса	«интересоваться кем, чем?» ‘to pursue a special interest with’ орыс және ағ. т.-нің әсері
Оқушылармен сауалнама алынды	Оқушылардан сауалнама алынды	«Со студентами была проведена анкета» – орыс т.-нің әсері
Мына күшіктермен не болған?	Мына күшіктерге не болған?	Орыс т.-гі с предлогының әсері («Что случилось с этими щенками?»)
Жобаның Мақсаты	Жобаның мақсаты	Тақырып жазуда ағ. т.-нің негізі сөздерді бас әріппен беру тәртібі
Барлық түсте, барлық өлшемде табылады.	Барлық түсі, барлық өлшемі бар/ табылады.	(әсіресе) жарнама мәтіндерінде кездестіп жүрген «во всех размерах, в разных цветах...» деген орыс т. грамматикасының әсері.
Бізге 5 жыл Маған 18	Біз беске толдық. Мен 18-ге келдім.	Нам 5 лет /We are 5 Мне 18 лет /I am 18
Менде шар. Сенде қуыршақ.	Менде шар бар. Сенде қуыршақ бар.	I have a balloon. You have a doll. У меня (есть) шарик. Ағ. және орыс т.-нің бала тіліне әсері.
2020 – жиырма жиырма 2030 – жиырма отыз	Екі мың жиырмасыншы жыл Екі мың отызыншы жыл	Twenty twenty Twenty thirty
Үлкен рақмет!	Көп рақмет	Орыс т.-гі «большое спасибо»-ның сөзбе-сөз аудармасы, калька

Мысалдар ресми дереккөздерден: құжаттардан, мінберлерден, зум форматында өткен жиындардан, телеарналардан жазылып алынды.

Түсіндірмелерден көріп отырғанымыздай, мұндай қателерді болдырмаудың бірден-бір жолы – сұрақ қою, сұрақ қою арқылы сөзқолданыстың дұрыс-бұрыстығын тексеруге болады, бірақ сұрақты да дұрыс қоя білу керек. Мектеп және жоғарғы мектеп қабырғаларында (тек қана қазақ тілі мен әдебиеті пәндері сабақтарында емес) мәселеге атүсті қарамай, тілдің грамматикасына осы кестеде көрсетілгендей басқа тілдерден келіп тұрған «залалды» көрсетіп, «дұрысы мынау» деп, оны жаттығулармен, тест сұрақтарымен бекіту қажет.

2-топтама. Қате екені танылмай кеткен ауытқулар

Бұрмаланған нұсқасында сіңісіп, (жаңсақтықпен) әдеби норма ретінде танылып жүрген тілдік бірліктерді (қиын да болса) кері қалпына қайтару жөн болар еді. Олардың мысалы:

Нормадан ауытқып, сіңісіп кеткен тілдік бірліктер	Дұрысы	Түсіндірме
Мейрамыңмен! Мейрам(дар)ыңызбен!	Мейрамың құтты болсын! Мейрам(дар)ыңыз құтты болсын!	Қазақ үшін «құтты болсын» деген сөзде (ғана) құт-береке бар.
Туған күніңмен!	Туған күнің құтты болсын! Туған күніңмен құттықтаймын.	Құттықтау сөзін айтқанда «Құтты болсын» деген сөзді қолданбау тек сөз шығыны деуге болады.
Жаңа жылыңмен!	Жаңа жылың құтты болсын!	Бірнәрсенің құтты, қайырлы болуын тілеген кісі сол сөздерді қолдануы керек.

Көріскенше!	Көріскенше күн жақсы болсын!	«Күн жақсы» немесе басқа бір амандық тілейтін сөз айтылмаса көріскенше не болатынын кім білсін?!
Кездескенше!	Кездескенше ел аман, жұрт тыныш болсын!	«Ел аман, жұрт тыныш» немесе сондай басқа бір амандық тілейтін сөз айтылмаса келесі кездескенше не болатынын кім білсін?!
Сау-саламатта болыңыздар!	Сау-саламат болыңыздар	«-та» жатыс септігі сын есімге жалғанбайды, зат есімге тіркеседі.

Бұл топтамадағы мысалдарды «Бұрмаланған нұсқасында сіңісіп кеткен сөздер мен сөз тіркестері» деп атап отырған себебіміз, бұлар сөйлеу тіліндегі қолданысты айтпағанның өзінде ресми қолданыста да жиі кезігетін, тіпті әдебиет көздерінен, қазақ тілінің оқулықтарынан да орын алып үлгерген узустар болып отыр. Кері қарай дұрыс қалпына қайтару оңайға соқпайтыны белгілі. Алайда, қажетті амал-тәсілдер арқылы бұл қолданыстағы қателерді де түзетуге болады.

«Бұлай айтуға болмайды!» деп, қанша ескертіліп жатса да «Сау-саламатта болыңыздар!» тіркесін қолданатын журналистер осы бір ғана қатенің өзімен өзінің маман ретіндегі беделіне қаншама нұқсан келтіріп алатынын білмейтін сыңайлы.

3-топтама. Морфологиялық құрамында қате бар екені соңғы кезде анықталған ауытқулар

Бүгінгі күнге дейін әдеби нормаға сай болып саналып келген, оның нормаға сай екеніне тіпті ешқандай күмән болмаған кейбір сөздеріміздің морфологиялық құрылымын қайта қарауымызға тура келеді.

Нормадан ауытқыған нұсқалар	Дұрысы	Түсіндірме
италияндық	Италиялық	Ағылшын тілінде: Italy + сөз тудыратын -ian жұрнағы = Italian. Орыс тілінде: Италия – итальянец (-ян- + -ец) итальянка (-ян- + -ка), италянец (-ян- + -цы), итальянский (-ян- + -ск- + -ий) сөздері (түпнұсқасы итал. т. Italia, italiani, italiano) қандай сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалып тұрғаны көрінеді.
американдық	Америкалық	Ағылшын тілінде: America + сөз тудыратын -n жұрнағы = American Орыс тілінде: Америка – американец (америка + -н + -ец), американка (америка + -н- + -ка), американцы (америка + -н- + -цы) американский (америка + -н- + -ск- + -ий) Екі үстем тілдің сөзжасам тәртібінен шыға алмай «американдықдық» деген мазмұнда қолданып келіпті.
африкандық	африкалық	Ағылшын тілінде: Africa + сөз тудыратын -n жұрнағы = African Орыс тілінде: Африка – африканец (африка + -н- + -ец), африканка (африка + -н- + -ка), африканцы (африка + -н- + -цы), африканский (африка + -н- + -ск- + -ий) Екі үстем тілдің сөзжасам тәртібінен шыға алмай «африкандықдық» деген мазмұнда қолданылып келген.
Азиат азиаттар	азиялық азиялықтар	Ағылшын тілінде: Asia + сөз тудыратын -n жұрнағы = Asian. Орыс тілінде: Азия – азиат (азия + -ат), азиатты (азия + -ат- + -ы), азиатский (азия + -ат- + -ск- + -ий). Сонда орыс т.-гі сөз тудырушы жұрнақпен (азия + -ат) азиат болып, соған қазақ т.-гі -тар көптік жалғауының жалғануы арқылы азиаттар кейпіне келіп тұр екен.

Ал бұл талдаудан кейін қазақ тілінің өз табиғи сөзжасамы жолымен түбір сөзге тікелей -лық, -лік, -тық, -тік, -дық, -дік жұрнақтарының сәйкесін жалғасак, сөздің дұрысы: италиандық емес, италиялық американдық емес, америкалық африкандық емес, африкалық азиат емес, азиялық, (тиісінше) азиаттар емес, азиялықтар екеніне көз жеткіземіз.

Бұл топтамада келтірілген уәждер қазіргі уақытта терминжасам үдерісінде де «абсолютті ме, абсолюттік пе?», «нормативті ме? нормативтік пе?» деген сияқты екіұшты сұрақтардың да шешімін біріздендіре абсолют, норматив нұсқаларында орнықтыруға негіз болады.

Мысалға алынған нормадан ауытқулардың қай-қайсысын алып қарасак та, олардың себеп-салдарында орыс және ағылшын тілдерінің әсері жатқанын анық көреміз. Біз көрсетіп отырған топтамалардың 1 және 3-іншісін өз атымен грамматикалық қателер деуіміз керек. 2-топтаманы узустар деп қарастырсақ, Р. Сыздық: «Тегінде, норма мен узусты айырып таныған жөн,...узустың бір айырым белгісі – оның тілдік жүйеге қайшы келетіндігі деп танимыз» деп көрсеткен болатын [1]. Демек, 2-топтаманы да «узус қой» деп, қабылдап ала беруге болмайды, бұл тілдік жүйені бұзады деген сөз.

Алайда, бұл ауытқулардың қай-қайсысын да тілдің өз нормасына қайтару оңай тимейді. Арнайы бір әзірленген стратегия іске қосылмаса, жағдайдың одан әрі қарай ушыға беретіні белгілі. Әсіресе тілдің ауызша сөйлеу формасы бой бермей кетуі мүмкін, өйткені оны әрбір сөйлеушінің аузынан қадағалау мүмкін болмайды.

Бір қызығы, жоғарыдағы кестелерде берілген қателердің түзетіліп жатуы – өте сирек жағдай. Түзетілмеу себептерінің ішінде немкеттілік, немқұрайлық, нақ сол сәтінде мүмкіндіктің болмауы деген сияқты факторлармен қатар, мамандардың өзінің нормадан жаңылуы бар, ең қиыны – ненің норма, ненің ауытқу екенін ажырата алмай бара жатқанымыз.

Мектеп, театр, теле-радио атаулы жоғарыдағыдай қателерді қайталап, ертелі-кеш «екпіндеп» тұрса, бұл айтылғанға варваризмдерді (енді ағылшын тілінің сөздерін араластырып сөйлеуді) қосыңыз, шала-жансар аударманы қосыңыз, өз бетімен бара жатқан әлеуметтік желіні қосыңыз, BilimLand, Digital Утрақ сияқты гибридтерді қосыңыз, «Happy Birthday to you» деп қосыла әндетіп, шырақ сөндіруді қосыңыз... Не болмақ?

Тіл тілді фонетикасынан да, лексикасынан да, грамматикасынан да алатыны белгілі. Осының ішінде «ең қауіптісі – грамматиканың қозғалуы» деп көрсетеді батыс ғалымдары. Ең өкініштісі, біздің қазір бастан кешіп отырғанымыз – нақ осы грамматиканың қозғалуы болып отыр. Мысалы, жоғарыдағы келтірілген мысалдардың 1-топтамасына берілген талдаудан көретініміз, қазақ тіліндегі бірқатар үйрену, қолдану, пайдалану сияқты т.б. сабақты етістіктер салт етістікке айналған. Олар бұрын «кімді, нені?» деген табыс септігінің сұрақтарын талап ететін болса, енді «жаңа» қолданыстарында «неге, немен?» деген сұрақтарға жауап беретін болған. Тағы бір қызығы, өзгерістің дені «кіммен, немен?» деген сұрақпен келетін көсектес септігіне қарай ойысады: «Мына күшіктермен не болған?», «Директормен бекітілген құжат», «Шындықпен жанаспайды», «Оқушылармен сауалнама алынды», т.б. Мұның бәрі – әрине, грамматиканың қозғалуы.

Мәселенің тағы бір алаңдататын тұсы бар. Батыс зерттеушілерінің ішінде ерекше орын алатын уэльстік Давид Кристал мынадай тұжырым жасайды: «Грамматикаға келетін өзгерістің бүкіл қоғамға таралуы үшін біраз уақыт қажет. Өзгерісті алдымен бірнеше ғана адам бастайды, содан кейін тағы бірнеше адам қосылады, одан кейін бұл «жаңалық» бірте-бірте сөйлеу мен жазудың жаңа үлгісіне айналады. Бірақ кез келген жаңалыққа әртүрлі көзқарастың болатыны сияқты, оны жұрттың бәрі бірдей ұната бермейді. Ескі сөйлеу әдісіне үйренген адамдар жаңа қолданысты жақтырмай, қынжылып, қарсылық көрсетеді. Оны қолданбауға шақырады; газеттерге мақала жазып, радио-теледидардан жаңа қолданыстарды естіген сайын хабар тарату компаниясына шағымданады. Бірақ, өкінішке орай, оның бәрі бекер әурешілік болады, шағымданушылардың уақыты зая кетеді. Себебі, жаңа қолданыс қоғамдағы адамдардың көпшілігі солай қолдануды қалап, шешім қабылдап қойған кезде пайда болады. Телеарнаға

шағым хат жазу (түпнұсқада ВВС-ге деп беріледі – Н.Р.) өзіңізге жағымды әсер қалдыруы мүмкін, бірақ бұл болып жатқан өзгерісті тоқтата алмайды» (ағ. т.-нен аударған – автор Н.Р.) [2,3]. Д. Кристал – тілдің пайда болуынан бастап, жойылып кетуіне дейінгі аралықты қамтитын 100-ден астам кітап жазған, ағылшындардың өздері «аңыз адам» деп танитын белгілі ғалым. «Тіл өлімі» ('Language Death' 2000), «Ағылшын ғаламдық тіл ретінде» ('English as a global language' 2003, 2012, 2017) т.б. еңбектері көпке таныс.

Жалпы осы тақырыпқа зерттеу арнаған ғалымдардың көбі осылай «бір тіл бір тілді жейді» деген қорытындыға келеді. Ал Чикаго университетінің профессоры Саликоко Муфвененің ойынша, «Ағылшын, француз сияқты «алпауыт» тілдерді өлтіруші тілдер деп қарау қате түсінік, тілдерді тілдер өлтірмейді, сөйлеушілер өлтіреді. Тіл қоғамда үздіксіз қолданылу арқылы өмір сүреді. Сөйлеушілер одан бас тартқан кезде тіл өледі. Бұл тұрғындары ұрпақ беруден бас тартқан қоғам іспетті» [4]. Ал біздің бүгінгі қазақ тіліміз қоғамда ресми тіл ретінде танылатын орыс тілі мен халықаралық қатынас құралы саналатын ағылшын тілінің әсерінен «шала-жансар» күйге түсіп тұрғаны өз алдына, сөйлеушілері тарапынан да жанашырлық сыңай көре алмай отыр. Мәселенің өздігінен тұрып тек қана ушыға беретіні белгілі, ал оған бірден-бір шешім – лингвистикалық протекционизмді қолға алу деген ой түйеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: «Ел-шежіре», 2014.
2. Crystal D. David Crystal on Language Change. <https://www.visualthesaurus.com/cm/dogear/david-crystal-on-language-change/>
3. Crystal D. A language changes to reflect society. <https://termcoord.eu/2016/10/david-crystal-a-language-changes-to-reflect-society>
4. Salikoko Mufwene. Languages don't kill languages; speakers do. <https://magazine.uchicago.edu/0012/features/mufwene.html>

Ж.Т. ЖҰМАБАЕВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының жетекші
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.,
Алматы қаласы, Қазақстан*

ЕРІН ҮНДЕСІМІНІҢ АУЫЗША СӨЗДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа: Мақалада ауызша сөз бен жазба сөздің нормалары мен жүйесі зерттеушілердің еңбектері негізінде қысқаша сипатталады. Ерін үндесімінің қазақ тіліндегі ерекшелігі мысалдар мен тілдік деректер негізінде анықталады. Сонымен қатар қазіргі уақытта еріндік дауыстылардың әсерінен кейінгі езулік дауыстылардың еріндікке айналуы қай буынға дейін жетеді деген мәселені анықтау мақсатында жазба мәтіннің ауызша формасына талдау жасалады.

Тірек сөздер: ауызша сөз, жазба сөз, ерін үндесімі, сингармонизм.

Аннотация: В статье описываются нормы и системы устной и письменной речи на основе трудов исследователей. Выявляются особенности огубленных звуков на основе примеров. А также анализируются устные формы письменного текста с целью выяснения проблемы, до какого слога достигается превращение в губчатых гласных после воздействия губных гласных.

Ключевые слова: устная речь, письменная речь, огубленные звуки, сингармонизм.

Abstract: The article describes the norms and systems of oral and written speech based on the works of researchers. The features of bitten sounds on the basis of examples are revealed. And also

analyzed oral forms of written text in order to clarify the problem, to what syllable is achieved in the transformation of spongy vowels after exposure to labial vowels.

Keywords: Speaking, writing, labialized sounds, synharmonism.

Қазіргі уақытта жастардың тілінде орфоэпиялық норманы бұзып, жазба мәтінде сөздер қалай жазылып тұрса солай ауызша айту басым болып бара жатқаны белгілі. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы және оның маңызы туралы мәселе көтерген ғалымдардың бірі – проф. М. Балақаев. Ғалымның пікірінше, ... сөздердің айтылу нормасы және сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондықтан да бізде бұл мәселе жөнінде күні бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді. Сөздердің айтылуы мен жазылуында бірлестік болуы мүмкін де емес [1]. Осымен байланысты ғалым Р. Сыздықтың айтуынша, сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бірдей түсе бермейді екен, яғни сөз қалай таңбаланса, сол таңбаларды ғана сақтап айту әрдайым шарт та емес, мүмкін де емес. Әрине, қазақ тілінде жазылуы бойынша айтылатын сөздер де аз емес. Мысалы, ара, ала, алау, аламан, алмақ, алғы, алғашқы деген сияқты сөздердің жеке тұрғандағы айтылуы олардың таңбалауымен бірдей [2]. Жазба сөз бен ауызша сөздің әрқайсысының өзіне тән жүйесі бар екенін де зерттеуші Н. Уәли өз еңбегінде айтып өтеді: «Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты қиындықтың бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар. Сондықтан жазба мәтінді оқығанда жазба сөзге тән кодты ауызша сөзге тән кодқа көшіре білу қажет. Жазғанды оқу дегеніміз – жазба кодты ауызша кодқа көшіру» [3]. Зерттеушілердің пікіріне келетін болсақ, әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрде қызмет ететінін және олардың әрқайсысының өзіне тән нормасы бар екенін көруге болады. Р. Сыздықтың пікірінше, жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына қатысты болғандықтан, ол көркем әдебиет пен баспасөзде, ғылыми әдебиет пен оқу-тәрбие кітаптарында, ресми құжаттар мен кеңсе қағаздары беттерінде көрініс табады. Ауызша әдеби тіл – бұл әдеби тілдің бір түрі. Ауызша әдеби тілге қойылатын басты талап – сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстау, дұрыс айту [2].

Шындығында көркем мәтін болсын, ғылыми мәтін болсын жазылған мәліметті сол қалпында айта алмаймыз, оқи алмаймыз. Ол үшін алдымен жазылған мәтінді ауызша сөздің нормасына келтіріп барып айтамыз. Жазылған мәтін ауызша сөздің нормасына түскенде ғана тыңдарманға түсінікті болады, құлаққа жағымды естіледі. Осымен байланысты С. Мырзабековтың пікірінше, сөздердің бірізді айтылуы тілдік қатынасты жеңілдетеді. Керісінше, белгілі бір мағынада қолданылатын сөздің (сөзформаның) дыбыстық құрамының бірдей болмауы түсінікті ауырлатып, көңілді алаңдатады. Мысалы, жергілікті: құлдану, әдеби: қолдану; жергілікті: құрытынды, әдеби: қорытынды. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылып отыр. Оны ғалым сөздердің дыбыстық құрамының бірдей болмауынан сөзді түсіну қиындыққа әкелетінімен байланыстырады. Шынында сөзді дұрыс түсіну үшін оның дұрыс айтылуы да қажет. Сонымен қатар ғалым сөздерді, сөз тіркестерді жазылуынша айту да құлаққа жағымсыз естілетінін төмендегідей мысалдармен келтіреді. Жазылуы: өлең, өзенге, қонған, қонбады, көзсіз, тазша, басшы, көкөніс. Айтылуы: өлең, өзөңгө, қоңған, қомбады, көссүз, ташша, башшы, көгөнүс [4]. Дыбыстардың үндесіп, бір-бірімен жымдасып барып айтылуы әрі естілуі туралы профессор Н. Уәли төмендегідей келтіреді: «Әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар» [3].

Дыбысталған сөздердің өзіндік үйлесімі мен үндесітігі сақталуы керектігін І. Кеңесбаев та өз еңбегінде айтып өтеді. Дыбыстардың үндесуі дегеніміз – артикуляция жағынан жуық (үйірлес) дыбыстардың біркелкі келуі. Басқаша айтқанда, сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы

дыбыстардың айтылуына қарай (дауыс қатысы, жасалу орнына қарай) ішінара жапсарласып, жанасуын дыбыстардың үндесуі дейміз. І.Кеңесбаевтың зерттеуінде дыбыстардың үндесуі төмендегідей көрсетіледі:

- бір сөздің құрамында бірыңғай жуан дауысты дыбыстар болады;
- бір сөзде бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстар болады;

– қазақ тілінде дауыстылар жуанды-жіңішкелі болып үндесумен қатар, кейде, ерінді, езулі болып та үндеседі [5]. І.Кеңесбаевтың еңбегінен үндесім заңдылығы қазақ әдеби тілінің ауызша әрі жазбаша формасының негізі, өзегі екенін көруге болады. Үндесім заңдылығы жазуда агглютинативтік элементтерді тарқатпай матастырып тұрса, ал ауызшада сөздердің өзара үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуын қамтиды.

Н.Уәлидің зерттеулерінде де үндесім заңдылығы ауызша сөзде қамтылатыны айтылады. Ғалымның айтуынша, біріншіден, қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы үндесім заңы (сингармонизм заңы). Ол – тілдегі дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуы. Үндесім заңының екі жағы бар. Оның біріншісі және негізгісі – бір сөз бойындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын тіл үндесімі. Екінші жағы – ерін үндесімі. Бұл – бірінші буындағы ерін дауыстыларының әсерінен (о, ө, ұ, ү) екінші-үшінші буындағы езуліктердің (ы, і, е) еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы [3]. Ал осы езуліктердің қай буынға дейін еріндікке айналуы мүмкін деген сұраққа ғалымдар екінші буыннан аспайды деп жауап береді. Айталық, І.Кеңесбаев ерін үндестігі қазақ тілінде езу үндестігіне қарағанда өте сирек кездесетінін және әдеби тілде (жазу нормасын еске алғанда) ерін үндестігі тіпті еленбейтінін айта келіп ерін үндестігінің күші үш буыннан аспайды: әсіресе екі буынды сөздерде ерін дауыстысымен келген алғашқы буынның еріндік ықпалы анық сезіліп тұрады, үшінші буында солғындай сезіледі [5] деп қорытады. Қазақ тілінде ерін үндестігі сөздің екінші буынынан әрі қарай сақталмайды немесе әлсірей береді деген дәстүрлі көзқарас орфоэпиялық норманы, орфографиялық норманы кодификациялауда М.Дүйсебаеваның зерттеуінде (1973), Қ.Неталиева құрастырған «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» (1977), Р.Сыздықованың «Сөз сазы» анықтағышында (1985, 1995) негізге алынды. Р.Сыздықтың айтуынша, сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы ұ, ү, о, ө дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген у дыбысы (тауық, бауыр сияқты сөздерде) келесі буындағы ы, і дыбыстарын өзгертіп, ұ, ү-лерге жуықтатып естіртеді. Еріндік дыбыстардың ықпалы үшінші, төртінші буындарда біртіндеп әлсірей береді [6]. Ал профессор Н.Уәлидің пікірінше, «ұ, ү ерін дауыстылары алғашқы буында естіліп, айтылады да, ары қарай солғындайды. Мысалы: сүйініш – сүйінүш, сүйініш – сүйінүшшіз, түскіліктің – түскүлүктің, құбылыс – құбүлүс. Ал ө дыбысымен айтылған екінші буыннан кейінгі і дыбысы ү дыбысына ұқсап, айтылып барып, ерін үндестігі солғындайды. Мысалы: төбесінің – төбесүнің, көгершін – көгершүн. Сондай-ақ көбөлөк, дөңгөлөк сияқты үш буынға дейін ө-мен айтылатын сөздерде ерін үндестігі төрт буынға да барады: көбелектің – көбөлөктүн, дөңгелекті – дөңгөлөктү, бірақ көбелекке – көбөлөкке, дөңгелекке – дөңгөлөкке» [3].

Бірінші буындағы ерін дауыстыларының әсерінен кейінгі буындағы е, ы, і дауыстылары айтылуда о, ө, ұ, ү дыбыстарына айналатыны жоғарыда айтылды. Алайда бұдан бөлек ерін үндесіміне сәйкес айтылатын сөздер де қазақ тілінде жеткілікті. Ол үу және үу дыбыс тіркесін білдіретін у дыбысымен байланысты сөздер. Н.Уәлидің сөзімен айтатын болсақ: «Бірінші буындағы ұ, ү дауыстыларының әсерінен екінші-үшінші буында жазылатын езулік дыбыстар еріндікке айналады. Мысалы: қуғын – құуғұн, қуқыл – құуқұл, құжындау – құуқұндау, қулық – құулық, шулы – шүүлү, тумыс – тұумұс, туылу – тұуұллу, туырлық – тұуұрлұқ, туыс – тұуұс, тумыш – тұумұш» [3]. С.Мырзабековтың пікіріне келер болсақ: «у – қос ерін, ызың, үнді дауыссыз. У-дың еріндік кші тіпті еріндік дауыстылардан да басым. Сондықтан да ол өзінен кейін ы, і е сияқты езуліктерді айтқызыдырмайды: аұул (ауыл), даұус (дауыс), дәуұр (дәуір), сәуұр (сәуір) әуө (әуе), әуөз (әуез), дәурөн (дәурен).

Сонымен қатар С.Мырзабеков езулік дауысты а дыбысының да о-ға жуықтап айтылатын кездері болатынын көрсетеді. Мысалы, ойбай – ойбой, айхай – ойқой, ойпыр-ай – ойпырой, ойпырым-ай – ойпұрмой, сонау – соноу, осынау – осұноу.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған ерін үндестігі байқалатын сөздерді жазылуынша айту көбейіп барады. Осымен байланысты С.Мырзабеков фонетика үшін сөздің жазылуы емес, айтылуы, естілуі маңызды дей келе, сингармонизмнің мәні мен сәнін құрауға тіл және ерін үндестігі тең қатысатынын және ерін үндестігінің күші екі буынмен шектелмей, бірінші буында дөңгеленіп, сүйірленіп алған ерін екінші буында тез жайылып өз қалпына келмейтінін және ол үшінші буында да аяқтала қойматынын айтады.

Қ.Неталиева алғашқы буындағы еріндіктің әсерінен кейінгі буындағы езуліктердің айтылуы еріндікке айналатынын айта келе, қос сөздер мен біріккен сөздерде үшінші, төртінші буындардағы дауыстылар толық өзгеріске ұшырайтынын мысалдар арқылы келтіреді. Мысалы, жазылуы: түйдек-түйдек, ұңғыл-шұңғыл, қорлық-зорлық, үшті-күйлі, тоқты-торым, шұп-шұңқыр, түр-түсі, уақ-түйек, ұйқы-тұйқы, төсек-орын, жол-жөнекей, күмбір-күмбір, күйініш-сүйініш, көрінер-көрінбес, көптеп-көмектеп. Айтылуы: түйдөк-түйдөк, ұңғұл-шұңғұл, қорлұқ-зорлұқ, үштү-күйлү, тоқтү-торұм, шұп-шұңқұр, түр-түсү, уақ-түйөк, ұйқұ-тұйқұ, төсөк-өрұн, жол-жөнекей, күмбүр-күмбүр, күйүніш-сүйүніш, көрүнер-көрүнбес, көптеп-көмөктеп.

Жоғарыда айтылғандай, о, ө, ұ, ү еріндік дауыстылары сөз басында немесе сөздің бірінші буынында келіп, өзінен кейінгі езулік е дыбысын еріндікке айналдырады. Мысалы, көбелек – көбөлөк, көмей – көмөй, бөрене – бөрөнө, бөлме – бөлмө, көрме – көрмө, дөңес – дөңөс, көрпе – көрпө, күрес – күрөс, құрмет – құрмөт, қорек – қорөк. Езуліктердің еріндікке жуық айтылуы қазіргі ауызша сөзде солғындап бара жатыр. Бұл процесс әсіресе еріндіктерден кейін келетін дауысты е дыбысының айтылуында байқалады. Ереже бойынша дауысты е дыбысы алғашқы буында келетін еріндіктерден кейін еріндікке жуық айтылуы керек, алайда қазіргі ауызша сөзде дауысты е дыбысы сол қалпы езулік болып айтылып жүр. Айталық, сахнада, театрда, арнайы өлең оқитындардың сөзінде болмаса, жалпы күнделікті қарым-қатынаста көрөрмен емес көрермен, өнөр емес өнер деп айтылып, орфоэпияның нормасы сақталмай отыр. Еріндіктерден кейін келетін езулік ы, і дыбыстары мен е дыбысының еріндік болып айтылуының арасында біраз айырмашылық бар. Ауызша сөзде дауысты е дыбысына қарағанда, дауысты ы, і дыбыстары еріндікке жуық айтылғанда, емін-еркін дыбысталады. Оны ауызша сөз мәтіндерін тыңдау барысында байқауға болады. Айталық, орындық деген сөзді айтқанда, автоматты түрде орұндүк болып дыбысталады. Оның бір себебі дауысты ы, і дыбыстары қысаңға, ал е дыбысы жартылай ашық дыбысқа жататындықтан болар.

Жалпы қазіргі уақытта еріндік дауыстылардың әсерінен кейінгі езулік дауыстылардың еріндікке айналуы қай буынға дейін жетеді деген мәселе әлі де қарастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
2. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2007.
4. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Алматы, 1997.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1975.
6. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000.

Г.Қ. ТЕМІРБЕКОВА
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Д. САИМКУЛОВА
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы
Шымкент, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдердің мәселелері талданады. Атаулы сөйлемнің предикативтілігі мен модальділігі бірлікте ұштасып, интонациялық-синтаксистік тәсіл аясында айқындалады. Атау септік тұлғалы зат есім немесе зат есім мәнді сөздердің нақтылы сөйлеу ситуациясына, басқа сөйлемдер контексіне қарай айрықша синтаксистік қызметте абстракцияланып қолданылуы, біртұтас баяндау интонациясымен айтылу өзгешеліктеріне байланысты екендігі айтылады, атаулы сөйлемнің мағыналық-құрылымдық белгілері қазақ тіліндегі деректерге сүйеніп, анықталған.

Тірек сөздер. Атаулы сөйлем, предикативтілік, модальдық, контекст, баяндау, мағыналық-құрылымдық белгі.

Аннотация. В статье анализируются проблемы именных предложений в казахском языке. Предикативность и модальность именного предложения в единстве сочетаются и определяют в рамках интонационно-синтаксического подхода. Отмечается, что именные падежные существительные или существительные абстрагируются в особой синтаксической деятельности в зависимости от конкретной речевой ситуации, контекста других предложений, зависят от специфики произношения с единой повествовательной интонацией, семантико-структурные признаки именного предложения опираются на данные казахского языка.

Ключевые слова. Именное предложение, предикативность, модальность, контекст, повествование, семантико-структурный признак.

Abstract. The article analyzes the problems of nominal sentences in the Kazakh language. The predicativity and modality of a nominal sentence are combined in unity and determined within the intonation-syntactic approach. It is noted that nominative case nouns or nouns are abstracted in a special syntactic activity depending on the specific speech situation, the context of other sentences, depend on the specifics of pronunciation with a single narrative intonation, semantic and structural features of the nominal sentence are based on the data of the Kazakh language.

Keywords. Nominal sentence, predicativity, modality, context, narrative, semantic and structural feature

Бір құрамды есімді сөйлемдердің «мағынасына қарай» классификациясы әр түрлі синтаксистік құбылысты бір қатарға біріктіріп, зерттеушілердің «мағына» терминін әртүрлі түсінуіне байланысты бір-бірінен өзгешеленеді. Бір құрамды есімді синтаксистік бірліктің ең алғашқы ғылыми классификациясын жасаған А.А. Шахматов болды. Классификацияның негізіне екі түрлі грамматикалық белгіні алады: екі құрамды сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің қызметін ұйымдастырушының синтаксистік қызметінің ұқсастығы және ұйымдастырушының морфологиялық құрылымының тәсілі (қабілеті). А.А.Шахматовтың классификациясын қазіргі зерттеушілер толығымен құптамаса да, материалдарының көптігіне байланысты негізгі нысана етіп алады. Ғалымдар бұл жіктеуде ішкі грамматикалық негіз, тұтастық, синтаксистік критерий бірлігі негізге алынбаған[1, 19] – деп көрсетеді.

Орыс ғалымы А.М. Пешковский атаулы сөйлемдерге тек баяндауыштық мағына жүзеге асырылу, тұрмыстық мағына беретін бір құрамды есімді конструкцияларды жатқызады. Зерттеушінің пікірінше, тек тұрмыстық мағына «атау септігіне жеке ой, жеке пікір мағынасын бере алады» [2, 26] –дейді.

Бұдан кейінгі жіктеуді Ф.К. Буженик зерттеулерінен көреміз. Атаулы деп тек тұрмыстық емес, әртүрлі мағына-грамматикалық қызмет атқаратын, тұрлаулы мүшесі атау септігінде тұрған барлық бір құрамды сөйлемдерді айтамыз.

Бір құрамды есімді синтаксистік құрылымның атаулы қатарының көлемінің шектелуі зерттеушілерді есімді бір құрамды сөйлемдердің әртүрлі топтары арасында грамматикалық айырмашылықтар жоқ деуге дейін барады. Кейбір зерттеушілер грамматикалық негізде классификация мүмкін емес [3, 21] – дейді.

Ғалым В.П. Шутовтың жасаған классификациясында сөйлемнің логика-мағыналық белгісі негізге алынады. Мұнда бір құрамды есімді құрылымды білдіретін ойына қарай пікірді білдіретін сөйлем және пікір білдіре алмайтын сөйлем деп бөледі. В.П.Шутов сұраулы сөйлем және болжалды сөйлемдерге болжал мәнді модаль сөздермен берілетін бір құрамды сөйлемдерді бір түр ретінде қарастырады. Мұндай кезде қолданылатын кіріспе мәніндегі модаль сөздер атаулы сөйлем құрылымының бөлігі ретінде бағаланады [4, 56].

Б.П. Ардентов атаулы сөйлемдерді тілдік қызметі бойынша екі түрге бөледі: 1) коммуникативтік қызмет атқаратын сөйлемдер. 2) адамның өзін-өзі тану қызметін атқаратын сөйлемдер. Бұл екі топтағы сөйлемдер тілдік бірлік ретінде коммуникативтік қызмет атқаруға бейімдігін байқатады, егер сөйлеу деңгейінде тікелей пікір алмасу мақсатына қызмет етсе, басқаларға берілетін хабар айтушының өзі үшін арналған, тілдік қатынаста олар әртүрлі жағдайда қолданылады. Тілде олар бірдей, олардың бірдей хабарлау мүмкіндіктері әртүрлі іске асырылады, себебі айтушы мен сөйлеу адресатының арасындағы қатынас әртүрлі қалыптасқан [5, 36].

Атаулы сөйлемдерді мағынасына қарай бөлуге байланысты кейбір зерттеушілер бір құрамды есімді сөйлемдерді грамматикалық (модальділік) мағынасына қарай, екінші біреулер бір құрамды есімді сөйлемдерді ұйымдастырушы бас мүшеге байланысты бөледі:

Модальділік мағынасына қарай бір құрамды сөйлемдерді Ф.К.Буженик бөледі. Интонация арқылы атаулы сөйлемдер екі түрлі модальдік мағына береді: Шындық фактының модальділігі және қатынастың модальділігі.

Бір құрамды есімді сөйлемдердің (басты мүшесі) ұйымдастырушысына байланысты П.А. Лекант номинативті және генетивті деп бөледі [6, 28].

Бір құрамды есімді сөйлемдерді грамматикалық классификациялау тәжірбиесі көрсеткендей, мағыналық-грамматикалық, құрылымдық сипаттамасы бұл күрделі синтаксистік құбылыстың табиғаты туралы толық түсінік бере алмады. Олай болса жоғарыда көрсетілген бір жақтылықты болдырмау үшін, бір құрамды есімді сөйлемдерді әр түрлі деңгейде құрылымдық, мағыналық негіздері ескерілуі тиіс. Бұдан басқа, ол зат есімнің атау септігі орындайтын құрылымдық-ұйымдастырушы қызметімен шектелмей, зерттеу объектісін толық көлемде қамтуы тиіс.

Бір құрамды есімді сөйлемдерді грамматикалық жағынан топтау тәжірбиесіне сүйенсек, оларға берілген мағыналық-грамматикалық, құрылымдық сипаттамасы бұл күрделі синтаксистік құбылыстың табиғатын толық таныта алмады. Бір құрамды есімді сөйлемдерді әр түрлі деңгейде зерттеуде оның құрылымдық, мағыналық негіздері ескерілуі тиіс. Бұдан басқа, ол зат есімнің атау септігі орындайтын құрылымдық-ұйымдастырушы қызметпен шектелмей, зерттеу нысанын толық көлемде қамтуы қажет. Сондықтан қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер атаулы және вокатив сөйлемдер деп екіге бөліп қарастырамыз.

Түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттеуші ғалымдардың қайсысы да түркі тілінде есімді (номинативті) сөйлемдер қолданылғанын жоққа шығармайды. Мұндай пікір есімді сөйлемдер қалыптасқан құбылыс ретінде қолданылатын көне түркі жазба ескерткіштері арқылы дәлелденді. Осы айтылған пікірді бір құрамды сөйлемдер үшін де қолдануға әбден болатынын ғалым Е.Ағмановтың мына сөзінен байқауға болады: «Сөйлемдер жүйесінің тарихын айтқанда мына мәселені есте сақтау керек; біздің тіліміз де тілдік элементтердің номинативтік және коммуникативтік қызметтердің сараланбаған көне бір кезеңін бастан өткізсе керек» [7, 102].

Атаулы сөйлем негізгі бас мүшеге атрибуттың қатысуымен жасалады. Атрибуттық амалдағы компонент жеке тұрғанда сөйлемдік мазмұнның өзегі бола алмайды.

Атаулы сөйлем арқылы тұрмыстық, жаратылыстың мезгілдік көріністердің, заттардың, түсініктердің ішкі маңызына, жалпы көрінісіне лайық баға беруді, оны атап көрсету және

атаумен байланысты мәселелерді сіңіре отырып, қысқаша болған информацияны құруды көздейді. Атаулы сөйлемнің бұл түрінде тілдік жүйедегі элементтерді үнемдеп қолдану ерекшелігі көрінеді. Екіншіден, суреттеліп отырған объектілер, көріністер адамның ішкі сезіміне әсер етердей көркем елестер түзейді. Осыған байланысты сөйлемдік мазмұн автордың субъективті сипаттауынан тұрады және олардың шындық екендігін қамтиды.

Атаулы сөйлем күнделікті тұрмыста кездесетін заттарды, бұйымдарды, оқиғаны және жаратылыс көріністерінің атауын белгілеп, оларды сипаттап көрсететін бір құрамды сөйлемнің бір түрі. Сондықтан да оның мағынасы белгі-мәндерден тұрады. Оларды білдіру үшін тілдік жүйедегі элементтердің кез-келгені қатыса бермей, атауы таңдалады.

Атаулы сөйлем бастауыш-баяндауыштық қатынастан тұрмайтын, бірақ зат есімді не есімді тіркестерді атау арқылы білдіретін, айрықша интонациямен айтылатын бір құрамды сөйлем. Атаулы сөйлем өзінен кейін айтылатын сөйлеммен байланысты болады, істі, уақиғаны баяндамайды, тек осы шақта зат, құбылысты, заттың бейнелі қалпын, мезгілді, мекенді атап білдіреді. Көркем әдебиетте стильдік тәсіл ретінде қолданылады.

Құрамында атау ретінде жұмсалған негізгі, тірек мүше болады: Жаз. Тымырсық ыстық.

Негізгі мүше құбылыстың, заттың атын білдіріп, сөйлемнің іргесіне тірек болады. Негізгі мүше ретінде жұмсалатындар: зат есім, есімше (-ған/ -ген, -қан/-кен, -тын/-тін), тұйық рай етістік.

Атаулы сөйлем құрамында осы негізгі мүшеге бағыныңқылық қатынаста тұратын басқа мүшелер де болады: Жаздың ыстығы-ай! Күтпеген жерден жолығуы-ай!

Атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі ретінде сын есім, есімше жұмсалғанда, олар субстантивтеніп тұрады, сондықтан септік тұлғаға ие болады.

Негізгі мүше, көбіне, атау тұлғада тұрады, бірақ сын есім, тұйық етістік негізгі мүше қызметін табыс септік формасында тұрып та атқара алады. Жаздың ыстығын! Күтпеген жерден келуін!

Атаулы сөйлемде бастауыш-баяндауыш болып құрылатын предикативтік қатынас жоқ, бірақ предикативтіктің өзі бар. Бұл сөйлем де тиянақты пікірді білдіреді, ол ойды болмысқа шақ, жақ тұрғысынан қатыстырып білдіреді. Атаулы сөйлемдерге тиянақты синтаксистік форма беретін – интонация, контекст. Сөйлемге тән интонация алып, атаулы сөйлем дара тиянақты форма алады. Шақтық мағынасы мағына жағынан жуық көрші сөйлемдер арқылы білдіріледі. Таңертең келе жатыр едім, алдымнан шыға келгені!

Атаулы сөйлем жұмсалыуына қарай бөлінеді:

1. Бейнелеу мағыналы сөйлемдер: Түн. Шалқыған ай.
2. Эмоциялы атаулы сөйлемдер: Күлуін!
3. Сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер: Қағынған неме! Өркенің өскір!

Атаулы сөйлемдер грамматикалық түр-түрпатына қарай былай топтастырылады:

1. Негізгі мүшесі атау тұлғалы зат есімнен болған атаулы сөйлем.
2. Негізгі мүшесі сын есімнен болған атаулы сөйлем.
3. Негізгі мүшесі -ған, -ген, -тын, -тін тұлғалы есімшеден болған атаулы сөйлем.
4. Негізгі мүшесі тұйық етістіктен болған атаулы сөйлем.
5. Негізгі мүшесі табыс септіктегі сөзден болған атаулы сөйлем.

Атаулы сөйлемдер мен екі бас мүшелі сөйлемдер функция жағынан да, структура жағынан да тығыз байланысты. Мезгіл жаз еді. Ай жарқырап тұрған. – Жаз. Жарқыраған ай. – Мағына бірдей.

Жаз ыстық. – Жаздың ыстығы-ай! – Құрылым бір түрден екінші түрге ауысып тұр.

Атаулы сөйлемдердің грамматикалық сипаты – жайылуы, кеңеюі, морфологиялық түрпаты – негізгі мүшенің қай сөз табынан болуына, қай формадағы сөз болуына байланысты. Тасадан шыға келгенім! Шыжыған ыстық.

Сөз-сөйлем – құрамы тек бір сөзден немесе біртұтас сөз тіркесінен тұратын сөйлем. Оған жататындар: бір сөзден тұратын сұраулы сөйлем. Бардың ба? Қашан? Модаль-жауап-түріндегі бір сөзді сөйлем: Әрине. Мақұл. Бастауыш ыңғайындағы сөзден тұратын атаулы сөйлем. Түн. Айдала. Бір сөзден тұратын толымсыз сөйлемдер. Қоясың ба, жоқ па? – Қойдым.

Атаулы сөйлемдердің құрылымдық негізі көбіне атау септік тұлғасындағы дара зат есімдер мен зат есімді тіркестер болып келеді. Бұл сөздер сөйлеу ситуациясына қарасты қолданылып, екі бас мүше-құрамды не етістік бір бас мүше-құрамды сөйлемдермен жалпылай мағыналық қатынасқа түсіп әрі интонациясы жағынан ұштаса айтылып дербес сөйлем қызметін атқарады. Олардың мазмұны зат, құбылыстардың байланысына емес, тек сөйлеу уақытындағы жалпыланған ақиқат мәніне негізделеді. Осыған орай, атаулы сөйлемдер мағынасы жағынан оқиға, болмыс туралы баяндауды білдіретін өзге сөйлемдерге қатысты болып тұрады. Атаулы сөйлемнің предикативтілігі мен модальділігі бірлікте ұштасып, интонациялық-синтаксистік тәсіл аясында айқындалады. Бұл-атау септік тұлғалы зат есім немесе зат есім мәнді сөздердің нақтылы сөйлеу ситуациясына, басқа сөйлемдер контекстіне қарай айрықша синтаксистік қызметте абстракцияланып қолданылу, біртұтас баяндау интонациясымен айтылу өзгешеліктеріне байланысты. Атаулы сөйлемнің мағына-құрылымдық белгілері қазақ тіліндегі деректерге сүйеніп, анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шахматов А.А. Синтаксис русского языка. – Ленинград, 1941. – 620 с.
2. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – Москва, 1956. – 511 с.
3. Буженик Ф.К. Типы номинативных предложений в современном русском языке. – Ленинград, 1958. – 33 с.
4. Шутов В.П. Семантические типы номинативных предложений в современном русском языке//Ученые записки Саратовского пед.инстиута. – Саратов, 1955, Вып.ХІІ, 273 с.
5. Ардентов Б.П. Номинативные предложения в современном русском языке// Ученые записки, т. 55 (филологический). – Кишинев, 1959. – С. 154
6. Лекант П.А. Синтаксис простого предложения в современном русском языке. – Москва, 1974. – 152 с.
7. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі//Сөз тіркесі мен жай сөйлемнің дамуы. – Алматы, 1991. – 229 б.

А.Қ.ҚОЖАХМЕТОВА

*РМК «Ғылым ордасы» базасында
ҚР БҒМ ҒК Ғылыми-зерттеу институттары мен
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің бірлескен оқу бағдарламасы,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
3-курс PhD-докторанты,
Алматы, Қазақстан*

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДІ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада синергетика жаңа ғылыми бағыт ретінде қарастырылып отыр. Қазіргі ғылым үшін маңызды болып табылатын синергетика ұғымының парадигмалық мәнін ашу маңызды болып табылады. Сонымен қатар, қашанда лингвопоэтикада мәтінді қабылдау және оны түсіндіру үшін «күрделілігін, жеңілдігін, қиындығын» анықтау тұрды. Синергетикалық талдау осы мәселені шешуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: Синергетика, лингвосинергетика, ашық жүйе, диссипативтілік, өзін-өзі ұйымдастырушылық.

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению синергетики как нового научного направления. Раскрытие парадигмальной сущности понятия синергетики, являющегося важным для современной науки, представляется весьма актуальной проблемой. В лингвопоэтике всегда необходимо было определить «сложность, легкость, трудность» текста, чтобы его воспринять и интерпретировать. Синергетический анализ позволяет решить эту проблему.

Ключевые слова: Синергетика, лингвосинергетика, открытость, диссипативность, самоорганизация.

Соңғы жылдары жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарды жақындастыру үрдісі байқалады, лингвистердің синергетика идеялары мен әдістеріне деген қызығушылығы артып келеді. Синергетиканың жаңа пәнаралық зерттеу бағыты реттелмеген құрылымдардың реттелген құрылымдарының қалыптасу үрдістерін талдай отырып, қоғам, табиғат, адам сияқты күрделі-дамушы жүйелердің заңдылықтарын білуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Синергетиканың бірқатар идеялары қазіргі тіл білімінде өз қолданысын тапты. Мұндай идеяларға тіл құрылымының ашықтығы, сызықтық еместігі және динамикалығы жатады.

Ғалым И.Р. Пригожинаның пайымдауынша: «Синергетика – бұл неғұрлым идеаландырылған және жеңілдетілген жағдаяттармен шектелмеген, ал шынайы өмір, ғылымның барлық күрделілігін көрсететін бізге және біздің әрекетімізге табиғаттың барлық деңгейінде фундаментальды «трендтің» ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырады» [1].

Сондай-ақ Данилов: «Синергетика (грек тілінен аударғанда – бірге әрекеттесу, өзара әрекеттесу) – бұл қазіргі ғылымдағы жаңа пәнаралық бағыт, яғни хаос теориясын, өзін-өзі ұйымдастыру теориясын, күрделі жүйелер теориясын, катастрофа теориясын, бейсызық тербелістер және толқындар теориясын біріктіреді» [2].

Қолданбалы лингвистикада тілдің синергетикалық дамуында «жасырын механизмдер» деп аталатын дамуымен Р.Г.Пиотровский айналысқан. Ғалым үнді-еуропалық тілдерінен жиналған көлемді мәтіндерді талдау барысында «синергетикалық механизмдер жұмысының ішкі белгілерінің сапасы ретінде қарастыруға болатын» белгілі бір тәуелді модельдер екенін айқындайды. Бұл механизмдерге (тетіктерге) «диахрониялық секіріс, яғни тілдің бір типологиялық күйден екінші күйге ауысуы кезінде кейбір лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданысының артуы (Пиотровский заңы), сондай-ақ мәтін энтропиясы және оның сол немесе басқа сөйлеу стиліне жататын деңгейлерінің арасындағы тәуелділікті жатқызуға болады» [3].

Лингвосинергетика мәтіндегі/дискурстағы мағына туындаты мен мағынаны қабылдау үдерістерінде басқаша көзқараспен қарауды жөн санайды. И.А. Герман мен В.А.Пищальникова атап көрсеткендей, «синергетикалық тәсіл лингвистикалық және психолингвистикалық объектілерді зерттеудің дискретті-құрылымдық пен континуалды-құрылымдық принциптерді біріктіретін және тілдің қасиеті/сөйлеу әрекеті объектінің өзіне тән, оның өмір сүруі мен сипаттамасына қарай қасиеттерінің қалыптасу тәсіліне байланысты құрылып, тілдің тұтас концепциясын құрайды» [4].

Синергетиканың негізгі ұғымдарына ашық жүйе, өзін-өзі ұйымдастырушылық, диссипативтілік т.б. жатады.

Бұл ұғымдарға жеке-жеке тоқталар болсақ:

Ашық жүйе. Жүйе иерархиялық ұйымдасқан компоненттерден (элементтер, бөліктер, ішкі жүйелер т.б.) жиынтығын құрайды және олардың байланыстары кеңістіктік және уақыт шектеулері бар, белгілі бір ортада өмір сүреді. Жүйелердің және олардың компоненттері сыртқы ортамен өзара әрекеттері ол жүйені ашық етеді. Ашық жүйелердің қызметі ішкі ортадан түскен ақпараттардан (энергиялар) пайда болады [5].

Тіл жаңа ұғымдарды бере отырып, оларды өзінің лексикалық ішкі жүйесінде сақтайды. Жүйе өзінің қалпы мен қызметін сақтау үшін ішкі және сыртқы тербеліске, компоненттерінің динамикада ауытқуына, тіпті кейбір хаостика тууына жол берсе де, олар компоненттердің тұтастыққа бағынушылығын сақтап қалады.

Пиотровскийдің пайымдауынша, жүйелердің қай жаққа қарай өзгеретінін алдын ала болжай алмаймыз. Жүйе бастапқыда көптеген жолдардың бірімен бұзылуы немесе дамуы мүмкін. Соңғы жағдаятта хаостың ішінде жаңа жүйелі тәртіп туындауы мүмкін [3]. Яғни көптеген жүйелер ашық және үнемі өзгеріп отырады.

Өзін-өзі ұйымдастырушылық (самоорганизация). Күрделі жүйелердің өзін-өзі реттеуде кезеңдеріндегі реттілік сол жүйелердің динамикасын, оның дамуын құрайды. Синергетикада өзін-өзі ұйымдастырушылық бір уақытта көптеген компоненттері мен осы жүйенің ішкі құрылымын реттеуге бағытталған жүйе бөліктерінің дәйекті өзара әрекеттерінің үдеріс пен нәтижесі болып табылады. Сыртқы ортаның араласуынсыз ішкі үдерістердің нәтижесінде функ-

ционалды ауысымын мен кеңістіктік-уақытқа ұшыраған жүйелерді өзін-өзі ұйымдастырушы жүйелер деп атайды [6].

Диссипативтілік. Н.Ф.Алефиренко диссипативтілікті «ашық тепе-теңсіздік жүйелердің белсенді өзара әрекеттерінің нәтижесіндегі лингвомәдениеттің ерекше динамикалық күйі ретінде» қарастырады. Ғалым: «динамика кездейсоқ, ішкі факторлардың өзара әрекеттесу жолдарымен олардың дамуында бифуркация барысында жаңа сапалы құрылымдардың пайда болуындағы өзін-өзі ұйымдастырушы күрделі ашық тепе-теңсіз, тұрақсыз, бейсызық жүйелер» екендігін көрсетеді [7].

Ғылымның заманауи кезеңінде пәнаралық тәсілді қолдану қажеттілік етеді. Пәнаралық қағидалар ғылыми зерттеулерге сәтті енуде және тәсілдің «жүйелілігі, кешендігі» туралы нұсқаулар міндетті болып табылады. Сондықтан қазіргі тіл білімінде тіл, сөйлеу және дискурс сияқты лингвистикалық зерттеу нысандарын талдауға жаңа (синергетикалық) көзқарас пайда болды. Лингвосинергетика «таңдалған ғылыми мүмкіншілікке байланысты түрленетін лингвистикалық білім және басқа да тиісті білім эволюциялық-синергетикалық қағидалар негізінде біріктірілетін ғылымның пәнаралық желілік құрылымы» болып табылады [8]. Осылайша, бұл зерттеудің өзектілігі өлеңсөз дискурсының күрделі жүйесін зерделеу, оның синергетикалық категорияларын анықтау қажеттілігіне байланысты. Бұл аталмыш түсініктің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю.Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың механизмдеріне жаңаша қарауға жол ашды. Ғалым Е.Муратова мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: $СК = A/N$, мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны [9]. Поэтикалық мәтін синергетикалылығын анықтау үшін жоғарыда көрсетілген формулаға сүйеніп, есептелуі шарт.

Мысалы Мұқағали ақынның «Жас жүрек» деген өлеңін алар болсақ:

Өмір деп, тіршілік деп, келешек деп,
Соғады әлсін-әлі қатты үлпілдеп.
Жаралып **жас жүректің толқынынан**,
Еседі бетті аймалап нәзік леп.

Жас жүрек, асықпағын, жиі соқпа,
Өмірдің тайғағында тұрғам жоқ па?
Аңдаусыз аяғымды түртіп қалып,
Лаулаған өрт жалыны түсірме отқа.

Жас жүрек, бақыт іздеп **ұлы өмірден**,
Тіршілік түрткісіне көне білген.
Аяулы жас өмірдің ең қымбатты,
Алтынды **ұмытылмас сағаты** – сен!

Жас жүрек, сөйле сен де, тілің шықты,
Жас талап сенің құпия сырынды ұқты.
Тұр, қане, төсегіңнен, **сәби жүрек**,
Тұр енді бетің басқан шымылдықты!

Жоғарыда берілген өлең 16 жолдан тұрады, 8 маркерден тұрады: *жас жүректің толқынынан*, *жас жүрек (3)*, *өмірдің тайғағында*, *ұлы өмірден*, *тіршілік түрткісіне*, *аяулы жас өмірдің*, *ұмытылмас сағаты*, *сәби жүрек*. Жол саны – 16, мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 0,5-ке тең. Е.Муратова зерттеу еңбегінде: «синергетикалық мәтін деген – 0,25-тен кем емес синергетикалық коэффициенті бар мәтін. Бұл коэффициент неғұрлым жоғары болса, мәтіннің де синергетикалығы соғұрлым жоғары» деп атап өтеді [9]. Демек, бұл мәтін синергетикалық мәтін болып табылады.

Қорыта айтар болсақ, М. Мақатаев өлеңдеріндегі тілдік қолданысындағы өзіндік ерекшеліктерін, ондағы кездескен дүниетанымдық лексикасы, сол қолданыстардың негізінде қалыптасқан поэтикалық дискурсы ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін талдаулар арқылы өлеңдерінің рухтандырушы, көркемдік маңыздылығын, оның синергетикалық сипатының күштілігі дәйектеледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пригожин, И. Р. Конец определенности. Время, хаос и новые законы природы. / И. Р. Пригожин – Ижевск: НИЦ «Регулярная и хаотическая динамика», 2000. – 208 с.
2. Данилов, Ю. А. Роль и место синергетики в современной науке [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://spkurdyumov.ru/what/rol-i-mesto-sinergetiki-v-sovremennoj-nauke/>
3. Пиотровский, Р. Г. Лингвистическая синергетика: исходные положения, первые результаты, перспективы. СПбГУ, 2006. – 216 с.
4. Герман, И.А., Пищальникова, В.А. Введение в лингвосинергетику [Текст]: Монография / И.А. Герман, В.А. Пищальникова. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 1999. – 130 с. 9].
5. Малахова В.Л. Динамико-системные принципы синергетики в функциональной лингвистике. // Филологические науки в МГИМО Том 7. №3 стр. 28.
6. Haken H. Information and self-organization: A macroscopic approach to complex systems. 2nd enlarged edition /H.Haken. – Berlin: Springer, 2000. 222 p.
7. Алефиренко, Н. Ф. Понятие синергетического пространства лингвокультуры. // Вестник МГОУ. Серия: Русская филология. – М.: Изд. МГОУ, 2009. – №3 – С. 7-12.
8. Бронник Л.В. Языковая динамика в дискурсе: когнитивно-синергетический подход: автореф. дис. на соиск. учен. док. филол. наук. – М.: 2012. – 42 стр.
9. Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2012, №2.
10. М.Мақатаев шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. Құраст. Оразақын Асқар. 3-басылым – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. I-том: Өлеңдері мен дастандары. – 320 б.

С.И. КОНИСБАЕВА

Филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ ДЫБЫСТАРДЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. Казахский язык испытал сильнейшее влияние со стороны русского языка. Результатом явилось несметное число заимствованных слов. Начавшись с уровня лексического, заимствования распространились на уровень фонетики, морфологии, синтаксиса и т.д.

Summary. The Kazakh language has been undergoing the influence of the Russian language for along time. The result of this influence is the great amount of borrowings. The latter began with lexical level, then spread to the level of pronunciation, morphology, syntax, etc.

Тарихта әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдаяттарға байланысты бір тіл басым, ал екінші тіл бағынышты жағдаятты басынан кешіретін сәттері болатыны белгілі. Кеңес шдағының құрамында болған қазақ тілі де осындай жағдаятты басынан еешті. Ондаған жылдарға созылған орыс тілінің ықпалы қазақ тіліне де әсер етпей қалған жоқ. Қазақ тіліне орыс тілінің ықпалы екі бағытта жүрді: 1. Қоғамы-саяси, 2. Ғылыми-мәдени салада. Осымен байланысты көптеген жаңа сөздер қабылданып, жаңа ұғымдар пайда болды. Олардың біразы жазбаша да ауызша да орынды сіңісіп кетіп жатса енді біразы.бірте-бірте дағдыға айналып Енді бірі күнделікті тұрмыс тіршілік үстінде қабылданып, кетіп жатқан қарапайым сөз үлгілері мен сөз оралымдары ретінде өзақ тіліне көбінесе орынсыз еніп кетті. Олар қазақ тіліне орынсыз сіңісіп жатты.

Орыс тілінің о бастағы лексикалық деңгейде көріне бастаған әсері бертін келе фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейге ауыса бастады. Фонетикалық деңгейде кірме дыбыстардың есебінен қазақ тілінің дыбыс құрамы күрделеніп, дыбыстардың артикуляциясы өзгере бастады, дыбыс тіркесінің желісі сөгіліп, жаңа үлгідегі дыбыс тіркестері қалыптасты. Морфологиялық деңгейде, қосымшалардың үндесім-үйлесім тіркесі бұзылып, орыс тілімен еркін жалғаса беретін болды. Атап айтқанда, түбірі орысша, қосымшасы қазақша сөздердің қатары көбейе бастады. Тіптен аудармасы бола тұрса да туынды орыс сөздерінің үстіне қазақша қосымшалар үстемеленді. Ал, сөз тіркесі деңгейінде, орыс тіліндегі «қиысу» ықпалымен кез келген қазақы тіркес атаулардың сыңарларына қосымша жалғану, қазіргі кезде жазба да, ауызша да нормаға айналды.

Жоғарыда көрсетілген «экстралингвистикалық» жайттарды бәрі сөз жоқ тілдік жүйеге, соның ішінде оның дыбыстық жүйесіне де теріс әсерін тигізді. Мұндай кемшіліктердің жүйелі тілдік құбылысқа айналуы оларды анықтап арнайы зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Сол зерттеулердің нәтижесіне сүйеніп барып, ғылыми және методикалық ұсыныс-шаралар жасалуы қажет.

Үстем тілдің ықпал әсері тілдің барлық деңгейіне тән болғандықтан, одан дыбыстық жүйе де сырт қала алмайды. Соның ішінде тілге еніп жатқан немесе орнығып алған кірме дыбыстық құбылыстар өз алдына зерттелді.

Қазақ және орыс тілдерінің әртекті тілдер тобына жататындығы әлеми лингвистикадан белгілі. Қазақ тілі жалғамалы және сингармонизмді тілдер тобына жатады. Сондықтан да олардың арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ондай айырмашылықтар фонетикалық деңгейде де жақсы байқалады.

Соңғы бір-екі ғасырлар бойы, әсіресе кейінгі 60-70 жыл ішінде, орыс тілінің қазақ тіліне деген ықпалы аса зор болды. Соның нәтижесінде қазақ тіліне көптеген орыс сөздері енді. Сөздер екі бағытта еніп жатты: бірі – саяси-қоғам-ғылыми байланыстың нәтижесі болса, екіншісі – күнделікті тұрмыстық қатынастың нәтижесі еді. Кірме сөздердің қазақ тілінде орнығып қалуына сыңаржақты орфографиялық ережелер де себеп болды. Мысалы, орыс тілінен енген сөздер сол тілде қалай жазылса солай жазылу керек, сол тілде қалай айтылса солай айтылу керек деген ереже әлі күнге дейін сақталып келеді. Мұның өзі орыс тілінің әсерін фонетикалық деңгейде қатты күшейтіп жіберді: өйткені бөгде халық бөгде тілдің фонетикалық ерекшеліктерін бәрі бірдей тең меңгеріп кете алмайды. Бір тобы шала меңгереді, ал қалған бір тобы өте жақсы меңгереді. Соның нәтижесінде орыс тілінің фонетикалық нормасын меңгеру деңгейі әртүрлі қазақтар шығады.

Қазақ тілінің айтылым, яғни орфоэпиялық нормасына қаншалықты кері әсерін тигізіп жатқанын педагог мамандар күнделікті сабақ үстінде көріп келеді. Орыс тілінің фонетикалық әсері жеке дыбыс деңгейінде, дыбыс тіркесі деңгейінде, сөз деңгейінде, сөз тіркесі, тіптен сөйлем деңгейінде байқалады.

Орыс тілінен енген дыбыстарды талдағанда ерекше көңіл бөлетін фонетикалық жайт – қазақ және орыс тілдеріндегі жуан-жіңішкелік. Дауыссыздардың жуан және жіңішкелік белгілері екі тілде де бар. Бірақ олардың айтылым үлгілерінде үлкен айырмашылық бар. Кірме дыбыстардың икемделуіне ықпал ететін фонетикалық факторлардың бастыларының бірі осы болып табылады.

Дәстүрлі араб жазуымен келген х әрпіне сай дыбыстың қазақ тіліндегі айтылым үлгісі не тіл ортасы жуысыңқы, не тілшік жуысыңқы болып айтылады. Оның икемделу үлгісі орыс тілінің тіл арты жуысыңқы х дыбысының икемделу үлгісімен бірдей. Қазақ тіліндегі көмей дыбыстар дегеннің өзі шартты болып табылады. Өйткені қазақ тілінде көмейден айтылатын дауыссыз дыбыстар жоқ. Тек қана кірме әріптер бар-х,һ. Осы әріптерге таңылып жүрген дыбыстар да жасанды болып табылады. Проф. Ә.Жүнісбек былай деп жазады: «Қазақ тілінде көмейден айтылатын дыбыс жоқ. Ендеше кірме х,һ әріптерін қ таңбасымен алмастырса жетіп жатыр. Тіптен болмаса олардың орнына бір ғана kh тіркесін пайдалануға болады».

Жалпы фонетика тұрғысынан тіл дыбыстарының жасалу орны болатын сөйлеу мүшелері белгілі. Олар ерін, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тілшік және көмей. Дауыссыздарға

қатысты қазақ тілінің артикуляциялық базасына енетін сөйлеу мүшелері бір тілдің құрамында түгел кездеспейді. Әр тілдің артикуляциялық базасының ерекшеліктері де осыған байланысты.

Сонымен қазақ тіліндегі кірме дыбыстар көмеймен айтылып жүрген жоқ. Олар жасалу орнына қарай тілшік дыбыстар болып айтылады. Сондықтан да *хат* десек те, *қат* десек те, *жиһаз* десек те, *жиқаз* десек те бірдей. Қатаң тоғысыңқы қ дауыссызының дауысты-дауысты аралық шеп түрленімі жуысыңқы болып айтыла береді. Қазақ тіліндегі кірме дыбыстардың икемделуі осы айырмашылықтарға байланысты. Кірме дыбыстардың артикуляциялық икемделуі қазақтардың орыс тілін меңгеру дәрежесіне байланысты. Жастардың арасынан да білімділердің арасынан да кірме дыбыстардың артикуляциясын әртүрлі меңгерген қазақтарды кездестіре беруге болады. Кірме дауыссыз дыбыстардың игерілу үлгілерінің алты-жеті артикуляциялық варианттары кездеседі. Кірме дыбыстар құрамында бар сөздердің саны шектеулі келеді, әртүрлі сөздіктерден 100-150 шамалы сөз кездестіруге болады. Олар ғылыми, қоғам, кәсіби тұрмыстық сөздер. Күнделікті ғылыми, қоғам, кәсіби және тұрмыстық сөйлеу үстінде құрамында кірме дыбыстар варваризмдердің шегі жоқ.

Қазақ және орыс тілінің арасындағы өзара байланыстың арқасында қазақ тіліне көптеген кірме сөздер енді. Сол кірме сөздердің құрамында кірме дыбыстар қоса келді. Кірме дыбыстар деп сингармонизм заңына бағынбайтын, барлық қазақтардың тілінде жаппай кездеспейтін, сондықтан да іртүрлі икемделуге бейім тұратын, тек кірме сөздердің ғана құрамында ұшырасатын дыбыстарды айтуға болады. Қазақ тіліне енген кірме дыбыстардың саны баршылық, тек дауыссыздардың қатарында сегіз дауыссыз дыбыс бар. Олардың бесеуі жалаң дауыссыздар, үшеуі аффрикат дауыссыздар. Қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы айырмашылық олардың әрқайсысына тән дыбыс санынан көрінеді. Сондай-ақ дыбыстардың жасалу орнына байланысты ерекшеліктері бар. Жасалу тәсіліне қатысты да өзіндік белгілер байқалады.

Екі тілдің артикуляциялық базасын өзара салыстыра келгенде көзге түскен ерекшеліктер нақты фонетикалық жағдаяттарға байланысты және оларды тізімдеп шығуға болады. Жалпы фонетикалық тұрғыдан дыбыстардың жасалу орнын жетіге бөліп, көрсетуге болады. (ерін, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы тіл арты, тілшік, көмей). Мысалы, ерін дауыссыздар қазақ тілі мен орыс тілінде бар, ал ерін-тіс дауыссыздар орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ; қазақ тілінде тіл ортасы арқылы жасалатын дауыссыздар бар, ал тіл арты арқылы жасалатын дауыссыздар жоқ, қазақ тіліндегі көмей дауыссыз деп жүрген дыбыс тектарихи қалыптасқан әріп таңба болып саналады, орыс тіліндегі жеке фонема ретіндегі аффрикаттар бар, қазақ тілінде позициялық немесе жергілікті ерекшелік ретінде ғана кездесетін аффрикаттар бар, қазақ тілінде ерін-еріндік тоғысыңқы дауыссыздардың ерін-еріндік жуысыңқы аллофоны бар, ол әдеби норма болып айтыла береді, кірме дыбыстар дауыс қатысына да байланысты түрлене береді. Қазақ тіліндегі кірме дыбыстардың икемделуі осы айырмашылықтарға байланысты. Кірме дыбыстардың артикуляциялық икемделуі қазақтардың орыс тілін меңгеруіне байланысты.

Сонымен жоғарыда айтылғандай, екі тілдің базасын өзара салыстыра келгенде көзге түскен ерекшеліктер нақты фонетикалық жағдаяттарға байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 1988. – 400 б.
2. Исаев М.К. Динамика фонетической интерференции при формировании казахско-английского билингвизма. – Алматы, 1990. – с. 98.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.
4. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына // Қазақстан – Заман, 10.09.04.
5. Жүнісбек Ә., Бейімбетова Ә. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық базасы. – Алматы, 1999.
6. Конисбаева С.И. Қазақ тіліндегі кірме дауыссыз дыбыстардың фонетикалық сипаты. Афтореферат. – Алматы, 2005.

С.Ж. АХМЕТОВА

Торайғыров университетінің магистранты,

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

Торайғыров университеті, ф.ғ.д., профессор

Павлодар, Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ ЖӘНЕ «ЖЕТІ» САНЫНЫҢ МӘДЕНИ БЕЙНЕ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Тіл адамзаттың қатынас құралы ғана емес, ол символдық, эстетикалық мәні зор таным құралы. Сондықтан да тілдің адамның танымдық қызметіне мейлінше әсер етіп, оның тұлға ретінде қалыптасуында атқаратын қызметін зерттеуді қолға алудың өзектілігі жоғары. Әсіресе, ұлттық тәрбие беруде оның атқарар қызметі мол. Себебі, ұлт тілі – халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, дәстүр-салты негізінде қалыптасқан тарихи мұра. Кешегі өткен бабаларымыздың ел қорғау және бала тәрбиесіндегі өнеге-үлгісі – бәрі-бәрі тілде сақталған. Мәдени лексиканы зерттеу – тарихи сананы айқындап, бала бойында елжандылық сезімнің оянып, қалыптасуына ықпал ететін танымдық білім жүйесіне қол жетізетін еңбек.

Этносты танып-білуге тұс-тұсынан ат салысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым, – дейді академик Ә.Қайдар. Ғалым: «Ал этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілермен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады», – деген пікір айтады [1, 18-22].

Этномәдениет этносты танып-білуге тұс-тұсынан ат салысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым, – дейді академик Ә.Қайдар [1, 36].

Тіл мен мәдениет байланысын бейнелейтін шығармалардың бірі – Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы». Этномәдени лексиканың танымдық негіздері мына бір үзінділерден көрінеді. 1) Апасы жылтырағанды Күнікейдің үстіне жапсырады, шашын жылтыратып тарайды, өреді, омырауын қызыл-жасыл жіппен кестелейді, тана моншақты қамзолына тағады, уақ күмістен сылдырмақай шашбау да істейді, Құлтуманың тыққыштап әкелген пұшпақжабағысына бақалшыдан айна, тарақ, жұпар сабын, шаш мойын әперді [2, 237]. 2) Күнікей қызылшаң белбеуімен, қыпшасын қылдай қып буынып, қызыл тақиясының үкісін дөңгелете сілкіп, желпілдетіп, кебісін тазалап киіп, атын жетелеп байдың жұртына барды [2, 244]. 3) Күнікей атын көп атқа матастырып, жұртта таранып, сыланып жатқан Шәмши, Шәлкендердің жанына келді. Шәмшиден жылы сөз естігенге ме, кім білсін жердегі белбеуін, сәлісін әперіп, шолпысын сыртын шығарып жылпылдаған болды [2, 245]. 4) Күнікей түйені тіркеп, тақиясын түзеп киіп, оң жағына қарағанда Ордабай айналасының барлық шаңырағына да үлкен, күлімдеген, үлкен қызыл жақұт күн көктің бір өңірін сары алтынға малып, екі түйенің арасынан абажадай боп адырдан суырылып келе жатыр екен [2, 249].

Осы бір мысалдарда автор Күнікейдің образын беруде ұлттық этномәдени лексиканы ұтымды қолданады. Ұлттық мәдениеттің ерекше бір көрініс беретін саласы – киім-кешекке байланысты атаулары. Киім – адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі. Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы іспетті. Қазақтың ұлттық киімінде халықтың

ұлттық эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс табады. Киім атаулары халықтың тарихи, қоғамдық, әлеуметтік болмысынан бағалы деректер беретін мол қазына, мәдениеттің жарқын көрінісі болып табылады. Ал соны бейнелеуіш тілдік атаулар ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бұл ерекшеліктер киіммен бірге тағатын зергерлік бұйымдардан да айқын сезіледі. Қазақ тіліндегі зергерлік өнер саласындағы лексиканың зерттелуіне қатысты оны халықтың тарихымен, рухани мәдениетімен сабақтастыра қарап, ұлттық мәдениет тұрғысынан бағалап, орасан мол тілдік материал жинап, жан-жақты талдап түсіндірген Р.Шойбековтің еңбегінің орны ерекше. Зергерлік, әсемдік бұйымдар, тұрмысқа қажет түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектері мен сан қырлы, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, оларды рухани қажетімізге айналдыра білу – ұлт санасын жаңғыртатын ұлттық қазына.

Этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексика қарастырылып, лингвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалы ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі.

Этнолексика, мәдени лексика жайлы құнды пікірлер ғалым Ж.А. Манкеева еңбектерінде қарастырылып, дәлелді тұжырымдар берілген. Ғалым этнолексикаға былайша баға береді: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені рухани байлығымыздың негізі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атаушылық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал, олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [3, 7]. Ғалым пікірінде атап өтілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салауы болып келеді.

Белгілі ғалым Ә.Т. Қайдар этнолингвистиканың мақсаты мен міндеттері жөнінде айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Этнолингвистика, егер оның түп-тамырына тереңірек үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние емес, этнолингвистиканың объектісі – этнос және тіл, тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүруі мүмкін емес» [1, 18] – дей келе, академик Ә.Қайдардың «Ана тіліміздің бай қоры – ұлттық болмыс-бітімді танытатын тілдік этнодеректердің қазынасы» деген пікірі қазақ этнолингвистикасының негізін салып, аталмыш ғылым жайында: «этнолингвистика – этностың (одан ұлыс, халық, ұлт) инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қолданып, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі құнарлы саласы» [1].

Халық даналары сөздің құдірет-күшін танып, оның адам танымының жоғары деңгейін таңбалау қабілетіне ие екенін сезініп, оны ұрпақтарына мұра етті. Сөздің даналар тілінде құбылуы мен «тіл қаруы» ретіндегі құдіреті сөз семантикасының тереңдігінде.

Қазақ – ырымшыл халық. Кей кездері ырымдары дәл кеп жатса, ал кейде қырын кететін тұстары да жоқ емес. Ал ырымдарының өзін былай қойғанда, қасиетті деп саналатын сандар қатарына «үш», «төрт», «бес», «жеті», «тоғыз», «он үш», «қырықты» жатқызып жүрміз, тіпті «бір» санын да осы қатарға енгізіп жүргендер бар. Бұл сандардың «қасиетін» білмейтін адам жоқ шығар. Кездейсоқ құлап, сүрініп қалсақ, әжелеріміздің жерге үш рет ұшықтап, садақаға жеті теңге лақтырып жататыны бала кезімізден бәрімізге белгілі жайт. Ал жұма сайын пісірілетін жеті шелпек өз алдына бір бөлек. Нәрестені «қырық қасық суға шомылдыру», «қызды қырық үйден тыю» сияқты тіркестердің мағынасы мүлдем әр басқа, бірақ қолданылып тұрған сан есім бірдей. Бірақ біз осылардың бәрін жастайымыздан құлағымызға сіңіріп өссек те, олардың шығу тегіне, қолданылу ерекшеліктеріне тереңірек үңіліп көрген емеспіз. Сондықтан осы «киелі» деп ат қойып, айдар тағылып жүрген кейбір сандардың, оның ішінде «жеті» санының «сиқырына» тоқталғанды жөн санадық.

Жеті саны – бүкіл әлем халықтарында символдық, сакральдік мәнге ие сан болып табылады. Кез келген мифтің, ертегінің сюжеттерінде жеті сөзі үнемі белгілі бір циклдік, инициациялық ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде жеті сөзімен келетін көптеген тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, бейнелі сөздер бар. Жеті ата, жеті атасынан қара көк (бай), жеті ғалам (бүкіл дүние жүзі), жеті кентті құртты (жою, жалмау), жеті қабат жер астында (тым тереңде), жеті қараңғы түнде (тастай қараңғы беймезгіл уақыт), жеті қырдың астында (адам жетуі қиын, алыс жер), наурыз көжеге жеті тағам қосу, адам өлгенде жеті рет айналу, т.б. сөздердің астарынан жеті сөзінің ерекше мәні бар екенін ұғуға болады. Жеті тек қазақ халқында емес, барлық ұлтта қасиетке ие сан болып табылады. Осы сөздің этимологиясы жайында белгілі тілтанушы М.Томанов былай деп жазады: «Алты», «жеті» сан есімдерінің арғы негізі «ал» және «же» байырғы етістіктер болуы керек, жеті жейтін, ұстайтын саусақ мағынасында жұмсалса керек» деп жеті сөзінің пайда болу табиғатын саусақтың қызметіне байланысты туындаған деп есептейді [4]. Бірақ бұл жеті сөзінің табиғатын толық түсінуге мүмкіндік бермейді.

Осы сөздің шығу табиғаты жайлы ерекше талант иесі С.Қондыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын кітабының 1-томында дүниенің алты күнде жаратылу схемасымен түсіндірген. Мысалы Құран Кәрімде әлемнің пайда болуы былайша сипатталады: «*Ол сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратып, сосын гарышты игерді. Ол жерге кірген нәрсені әрі одан шыққан нәрсені және көктен түскен нәрсені, оған көтерілген нәрсені біледі. Сондай-ақ, Ол, қайда болсаңдар да сендермен бірге. Алла не істегендеріңді толық көруші*» (Хаид 57:3). Ғаламдық алты күнде жарату Тауратта да бар. С.Қондыбай бұны шоғым таңба арқылы көрсеткен. Бұл нүктеден алты сәуленің таралу схемасы болып келеді. Тоғысу нүктесі – бірінші күн болып та, жаратылудан кейінгі жетінші күн болып табылады.

Жеті сөзі әу баста санды емес, белгілі бір ұғымды білдірген. Мәселен, ғалым С.Қондыбай «жет» сөзін жетпек, яғни инициациямен байланыстырған. Адам баласының ер жетуі, бой жетуі – белгілі бір уақыт межесіне жетіп, организмдегі түбегейлі өзгерісті көрсетеді. Сонымен қатар «арманға жету», мұратына жету деген сөздерден де әлдебір межені, соңғы шекті, нүктені көруге болады» деп жазады [5, 176].

«Жеті» немесе «жет» сөзі от сөзімен де байланысты екенін темірді үйді өртеу, адам өлгенде, оның күлін жеті рет айналу секілді детальдардан байқауға болады.

Ғ.Ақпанбек сандардың болмысын зерттей келе, жеті санының құпиясын айдың фазасы және аусымдарымен байланыстырады. Ал Н.Уәлиұлы жеті санына байланысты келесідей тұжырым жасайды: «Жеті ғалам, жеті дүние, жеті жұрт, жеті жұрттың тілін біл – жеті түрлі білім біл» – дейді. Тіліміздегі сандармен жасалған фразеологизмдердің ішінде ең көп кездесетіні жеті санына байланысты. Мысалы, жұрттан алып жеп жетіспейді деген мағынада «алып алты, жеп жеті болмайды», табан астынан болған жақсылыққа қуану деген мағына.

- Жеті өлшеп бір кес;
- Жеті түрлі бояу;
- Жеті қат көк;
- Жеті ғалам;
- Жеті ғылым;

Бұл санның тұрмыс-тіршілікте, халық фольклорында, діни ұғымдардағы маңызы ерекше. Оған дәлел, аптада неше күн бар – *жеті*, аспан неше қабат – *жеті*, жер неше қабат – *жеті*. Міне, қызық, бәрі де жеті. Нәсерден кейінгі жаратушының жаршысындай жауынмен жарысып шығатын кемпірқосақтың түсі – *жеті*, осыған қоса жинақтау сандары да жетімен шектеледі: *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу*. «Сегізеу», «тоғызау» болып айтылмайды. Міне, айта берсек «жеті» санының «сиқырын» сипаттайтын құбылыстар жетерлік.

Қазақ халқының салт-дәстүрінде де жеті санының орны бөлек. «*Жеті атасын білмеген – жетесіз*», «*жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жән айтар*», «*жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл*» немесе «*жеті атадан әрі ғана қыз алысу заңы*», яғни араға жеті атаны салып құда түсу әдеті ғасырлар бойы сақталып келеді.

Жеті санына байланысты культтік фразеологизмдер басқа сандарға қарағанда жұмсалу өрісі кең. Оларға: *жеті гашық, жеті шәріп (әулие); жеті қазына, жеті галам, жеті күн, жеті жұт, жеті жоқ, жеті қат көк* т.б. жатқызады.

Сондай-ақ қазақ салтында қайтыс болған адамның жетісі деген ұғым бар. *Жетісі* – шыбын жанның о дүние есігін алғаш ашып, ақыреттің тозақ оты алдында жауап беруі. Ғылымда бұл өлі денедегі қанның ұйып, ал ұйымағаны денеден әр түрлі жолдармен сыртқа бөліну кезеңі деп аталады.

«...Жеті шелпектен ауыз тиген соң бұл алақанын жайып Құран оқыды. Сосын орнынан тұрып, жайқала басып кухняға беттеді. Соңынан келіні де ерді. Ақ шайнек пеш үстінде шырт-шырт түкіріп тұр. Тас құманнан бір хош иісті бу бұрқырайды. Әлгі таңсық иіс тағы бар. Әншейіндегі құбақай кухняға бүгін бір бөлекше берекет дарығандай (Ә.Кекілбаев). Мәтіндегі жеті шелпек, алақан жаю, құран оқу – діни мағынадағы бірліктер ғана емес, этномәдени мазмұнды бірліктер. Атауыштық қызметі жағынан екіншілік, үшіншілік номинация, себебі осы салт-дәстүрлердің халық мәдениетінде қалыптасуына қарай пайда болған. Бұларға негіз болып тұрған – бастапқы атау сөздер. Қазақ дүниетанымында «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұстаным бар, Аруақтарды еске алып, алақан жайып құран оқу, садақа беру, жеті шелпек әзірлеу үлкен сый-құрметті білдіреді, адамның өз сенімін нығайтады. Күнделікті қарапайым тіршілікке ерекше берекет дарытып, қуаныш ұялатып тұрған сол – өткенге деген құрмет пен содан қуат алатын ақыл-ойдағы жақсылық бейнесі, сенім.

Сонымен байқап отырғанымыздай жай ғана «жеті» санының өзі бойына қаншама мән-мағына жинақтаған. Қарапайым «жеті» саны этномәдени тұрғыдан болсын, лингвомәдени сипатта болсын кең етек жайған. Аталған санның этномәдени және танымдық сипаты қазіргі күні назар аударуға тұрарлық, ерекше, мәдени құбылыс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә.Қайдар. – Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
3. Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері \ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 1997. – 235 б.
4. Томанов М. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1988. – 202 б.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.

Г.К. МЫРЗАХАНОВА
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, магистр
email: gulzhan.myrzahanova@mail.ru
Алматы, Қазақстан

SOCIAL AND LINGUISTIC PARAMETERS OF THE SPHERE OF COMMUNICATION

Аңдатпа. Мақалада өзекті және аз зерттелген мәселе қарастырылған, яғни гуманитарлық ғылымдар мен басқа да әлеуметтік ғылымдардың пәнаралық саласы арасындағы байланыс. Автор ғылыми салалар арасындағы айырмашылықты атап көрсетіп, нәтижесінде әлеуметтік құрылымды зерттеу, ең алдымен, санақ деректерін түсіндіру кезінде әлеуметтанушылардың, саясаттанушылар мен этнологтардың құзыретіне енеді. Бұл байланыс салаларын ғылыми жіктеуге әкеледі. Әлеуметтік лингвистиканың алдында байланысты салалардың ашылуын, атап айтқанда коммуникацияны қоршаған тіл параметрлерін қолдана отырып, өз болашағыңызды анықтау міндеті тұр. Автор коммуникацияның әр саласына функционалды стильдер немесе олардың бейімделуі ретінде ерекшеленетін және жіктелетін өзіндік лингвистикалық салаға сәйкес келеді деп мәлімдейді. Олар байланыс салалары ретінде жіктеледі. Қарым-қатынас салаларының тағы бір тобына аморфты сфералар кіреді. Оларда нақты стильдер немесе ішкі стильдер жоқ, тек белгілі бір лингвистикалық ерекшеліктерімен ерекшеленеді, мысалы, кәсіби лексика және әлеуметтік жаңартылған терминология. Автор әлеуметтану саласын зерттеу өте маңызды деп санайды. Өйткені ол коммуникацияның әртүрлі салаларындағы және олардың микроәлеуметтік қауымдастықтарындағы тілдік вариация механизмдеріне жарық түсіріп, осылайша әлеуметтік лингвистиканың дамуына ықпал етеді.

Тірек сөздер: коммуникация салалары, әртүрлі әлеуметтік функциялар, Функционалды стильдер, тілдік салалар, кәсібилік, әлеуметтік қысым, әлеуметтану, елдің лингвистикалық өмірбаяны, әлеуметтік дифференциация.

Аннотация. В статье рассматривается актуальный и малоизученный вопрос – соотношение между междисциплинарной областью гуманитарных наук и другими социальными науками. Автор подчеркивает различие между научными областями, в результате чего изучение социальной структуры в первую очередь попадает в сферу компетенции социологов, политологов и этнологов при интерпретации данных переписи населения. Это приводит к научной классификации сфер коммуникации. Перед социальной лингвистикой стоит задача определить свою перспективу, используя открытия смежных областей, в частности языковые параметры, окружающие коммуникацию. Автор утверждает, что каждой сфере коммуникации соответствует своя лингвистическая область, выделяемая или классифицируемая как функциональные стили или их адаптации. Они классифицируются как сферы общения. Другая группа сфер общения включает в себя аморфные сферы, в которых отсутствуют четкие стили или подстиле различающиеся только определенными лингвистическими особенностями, такими как профессиональная лексика и социально актуализированная терминология. Автор утверждает, что изучение социолектов жизненно важно, поскольку оно проливает свет на механизмы языковых вариаций в различных сферах коммуникации и их микро социальных сообществах, тем самым способствуя развитию социальной лингвистики.

Ключевые слова: сферы коммуникации, различные социальные функции, функциональные стили, языковые области, профессионализмы, социальное давление, социолект, лингвистическая биография страны, социальная дифференциация.

Abstract. The article examines a significant and under-researched issue - the correlation between the interdisciplinary field of the humanities and other social sciences. The author highlights the distinction between scientific fields, which results in the study of social structure primarily falling

under the purview of sociologists, political scientists, and ethnologists when interpreting population census information. This leads to a scientific classification of communication spheres. Social linguistics faces the task of identifying its perspective by using the discoveries of related fields, specifically the language parameters surrounding communication. The author asserts that every realm of communication has its corresponding linguistic domain, distinguished or classified as functional styles or their adaptations. These are categorized as spheres of communication. Another group of communication spheres comprises amorphous spheres that lack distinct styles or sub-styles, varying only in certain linguistic features such as professional vocabulary and socially updated terminology. The author argues that the study of sociolects is vital, as it sheds light on the mechanisms of language variation across different communication spheres and their microsocial communities, thereby contributing to the advancement of social linguistics.

Keywords: spheres of communication, various social functions, functional styles, linguistic areas, professionalisms, social pressure, sociolect, linguistic biography of the country, social differentiation.

Sociolinguistics is a recent interdisciplinary branch of linguistics that requires clarification of its relationship with other disciplines. Sociolinguistics should use data from various branches of knowledge about society, such as sociology, ethnology, and psycholinguistics, only as necessary. However, the pressing issue of differentiating its specifics from other branches of humanities cannot be disregarded. Sociolinguistics cannot be reduced to a mere analysis of social parameters of language, nor can it transform into ethnolinguistics, which predominantly focuses on the analysis of ethnic parameters of language. In other words, it should encompass a broader perspective than solely examining the social aspect of language. Sociolinguistic research is based on a rational blend of social and linguistic indicators and their respective roles in both society as a whole and individual linguistic community. As it strives to fulfill its scientific objectives, sociolinguistics can leverage the insights, generalizations and conclusions of other scientific disciplines in order to enhance its own findings and conclusions. However, presenting conclusions and generalizations without a linguistic parameter fails to produce sociolinguistic results. Conversely, excessive socialization of research, relying solely on social parameters and overemphasizing their relevance for language advancements, can lead to simplistic and vulgar sociolinguistics. This is observed in certain Russian scientific works on sociolinguistics during the earlier period in which social parameters of language prevailed without their combination with language parameters. This lack of alignment with the linguistic parameters of the sphere of communication was most evident in U.D. Desheriev's work in the fourth volume of a multi-volume series dedicated to the study of people's languages. The author focused greatly on the development of different sectors of the nation's economy, establishing a clear connection between them and the evolution of language. However, no discussion of the specific mechanisms of this influence was provided. The simplification of sociolinguistic descriptions was primarily due to inadequate exploration of sociolinguistic issues during the early stages of interdisciplinary science development [1].

More consideration must be given to the linguistic aspects of language's social functions. The focus of sociolinguistic research should be the sociolinguist rather than the social system, as stated by the Dictionary (2066:198). Addressing this challenge is often a difficult task for micro sociolinguistics, with success usually only coming through micro sociolinguistics when examining specific ethnic languages or the language used within individual linguistic communities. A comprehensive theoretical formulation of the language-society relationship demands a broad perspective encompassing these interconnected phenomena. Past works on this subject have been explored [2]. It is strictly recommended that statisticians, Sociologists, and Ethnographers interpret population censuses for the accurate categorization of the spheres of communication and division of scientific work. Sociolinguists, accepting their conclusions, refine the classification by introducing their language parameters and exploring the role of language in the functioning of the sphere of communication. Two categories of communication spheres have been distinguished. The first group consists of differentiated communication spheres with distinct linguistic characteristics in the form of functional styles (e.g. scientific, business, mass media, artistic and conversational styles), as identified

by Shmelev in 1977 [3]. The second group encompasses amorphous communication spheres lacking separate functional styles.

Many scientists of the early period of the formation of social linguistics were convinced that functional styles are the linguistic shell of the sphere of communication (V.V. Vinogradov, L.V. Shcherba, A.D. Schweitzer, L.B. Nikolsky, U.D. Desheriev, I.F. Protchenko etc.). On the other hand, the functional style is directly conditioned by the social function, since the functional features of the language are formed in direct dependence on the purpose of communication. There are many spheres of communication, a maximum of -40. It has convergent functional styles that unite several areas of the language. This style has several divergent varieties, which are the linguistic shells of related spheres of communication derived from it. These are the following transformations of the scientific style: the language of higher education, the language of school education, and popular science under the style. These functional varieties differ in the type of connection with the convergent style, the level of complexity of the presentation, as well as the volumes of terminology. In addition, they serve as a linguistic shell of the spheres of communication-related to the scientific sphere.

Another model connecting functional styles with communication spheres is convergent mass communication - journalism [4]. Divergent versions of this style, such as oral versions like radio and television, and written versions such as print, have yet to be formed. These divergent functional formations develop with varying intensities in different languages. V.V. Vinogradov has addressed this issue: «The development and standardization of the literary language raise questions about its functional styles which are assigned to specific public spheres of usage.» [5]. When discussing progress in the standardization and advancement of the literary language, the scholar highlights the significance of society's influence on language.

There is a unique model linking functional styles to communication spheres, shaped by regional culture and reflected in its local language. It is no surprise that ethnic languages are predominantly used in ethnic culture spheres, such as the national press, radio, television, and theatre. The language employed by different cultures necessitates the use of unique sets of vocabulary, reflecting their specific ethnicities. An intriguing question is about the social parameters of the disparate communication spheres. Part of the social construct of society is reflected in the diverse repertoire of linguistic communities within these spheres. Thus, the sphere of science and its subsidiary sub-spheres comprise various social groups, such as the innovative community of scientists, researchers, university lecturers, students, instructors, learners, and other groups included within the sphere and its sub-spheres.

The amorphous group of spheres of communication is represented by spheres of communication with a limited degree of linguistic marking. The spheres of communication do not have their functional styles or their transformations. In the spheres of this type, only certain features of speech are observed: 1) professionalism; and 2) socially actualized vocabulary, which usually does not differ in meaning from the vocabulary of a literary language. The main difference is the frequency of use in a particular area of communication. The scientific analysis of the socially actualized vocabulary was carried out on the material of the linguistic life of the labor collective of builders [6]. Of course, there are many such spheres of communication, and science needs to study them.

The study of the language features of different amorphous spheres of communication is very important for sociolinguistics and its further development. By studying the variation of language in different social communities, their socially actualized vocabulary, and finding out the general patterns of language variation depending on the nature of the work of the language community, we can learn a lot through the medium of language about the language life of the whole society and the patterns of its development in society and in individual language communities. That is why we believe that the study of bright language formations assigned to a certain social group, such as youth jargon, and the language of IT specialists, is interesting for sociolinguistic research. However, such studies should be extended to other linguistic communities of amorphous spheres of communication and proceed to the study of sociolects, i.e., social dialects.

Sociolect, or social dialect, social jargon, or social variant of a language, is «a kind of language characterized by its use within a certain social group – class, professional, age» [Dictionary, 2006:

205-206]. The term is used as a general name for a variety of linguistic formations based on the social isolation of people, for example, youth jargon, drug addicts' jargon, etc. This group includes professional jargon and various group jargon. The isolation of these groups of jargon, and the formation of their lexical and phraseological features perform various social functions: separation from the rest of the mass of people (youth jargon), the function of taboo (argot, drug addicts' jargon) etc. It should be noted that most social groups do not form their jargon and differ only in vocabulary (professionalism, socially actualized vocabulary) and phraseological units. It should be taken into account that their research can give interesting results about the social parameters of language variation, language interaction, and social factors affecting the formation of language in the sphere of communication. In the social aspect, amorphous spheres of communication include all social communities operating outside of differentiated spheres of communication. There are a lot of them, and they are not much different from each other. However, it should be noted that while recognizing the linguistic expressiveness of social jargon, we still believe that it is equally important to study the linguistic life of all other sociolects.

Such an approach would help to avoid vulgar socialization of science and would contribute to the creation of both a general picture of the relationship between language and society, and its details. The science of sociolects could become a very important branch of sociolinguistics, whose role in the further development of social linguistics could become as fundamentally important as the study of territorial dialects for dialectology and, more broadly, linguistics.

References:

1. Desheriyev, U.D. (1976) Razvitiye obshchestvennykh funktsiy literaturnykh yazykov [Development of social functions of literary languages] p. 431.
2. Mikhalchenko, V.U. (2022) Klassifikatsiya sfer obshcheniya i yazykovaya reforma [Classification of spheres of communication and language reform]. // Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya. No.2 (93) p. 354–357. Slovar' sotsiolingvisticheskikh terminov (2006) [Dictionary of Sociolinguistic Terms] / Ed. by V.U. Mikhalchenko. – M., 2006. 312 p.
3. Shmelev, D.N. (1977) Russkiyazyk v yego funktsional'nykh raznovidnostyakh: K postanovke problem [Russian language in its functional varieties: Problem definition]. – M.: Nauka. p. 168.
4. Treskova, S.I. (1976) Funktsionirovaniye yazyka massovoy kommunikatsii v usloviyakh mnogoyazychnoy auditorii: Sotsiolingvisticheskiy aspekt [Functioning of the language of mass communication in a multilingual audience: a sociolinguistic aspect]. Avtoref. dis. ...kand. filol. nauk. – M. p. 23
5. Vinogradov, V.V. (1955) O ponyatii «stilya yazyka» (primenitel'no k istorii russkogo literaturnogo yazyka) [On the concept of «language style»: (In relation to the history of the Russian literary language)]. Volume 14. Issue 4. p.305–320.
6. Trifonovas Ya.S. (1978) Funktsionirovaniye i vzaimodeystviye russkogo i litovskogo yazykov v Litovskoy: (Na materiale konkretnogo sotsiolingvisticheskogo issledovaniya) [Functioning and interaction of the Russian and Lithuanian languages in the Lithuanian (based on a specific sociolinguistic study)]. Avtoref. dis. kand. filol. nauk. – M. 20 p.

КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ УӘЖДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының этнолингвистикалық, этномәдениеттанымдық нақты көрінісінің тілдік дәйектелуіне мән беріле отырып, киім атауларының этномәдени уәжі жан- жақты талданады.

Тірек сөздер: ұлттық мәдениет, киім атаулары, этномәдени уәжділігі, әлеуметтік уәжділік, эстетикалық уәжділік.

Аннотация. В статье всесторонне анализируется этнокультурная мотивация наименований одежды, уделяя особое внимание языковому обоснованию этнолингвистической, этнокультурной специфики наименований одежды как части казахской национальной культуры.

Ключевые слова: национальная культура, названия одежды, этнокультурная мотивация, социальная мотивация, эстетическая мотивация.

Abstract. The article comprehensively analyzes the ethno-cultural motivation of clothing names, paying special attention to the linguistic justification of the ethno-linguistic, ethno-cultural specifics of clothing names as part of the Kazakh national culture.

Keywords: national culture, clothing names, ethno-cultural motivation, social motivation, aesthetic motivation.

Қазақ ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын ашудағы негізгі уәжділіктің бірі - этномәдениеттанымдық уәжділік. Этностың өткен жолы тілдің этномәдени қорында сақтаулы. Сондықтан да, қазақ халқы туғанда «ит көйлектен» бастап, елгенде «ақыретке» дейін денесін киім-кешекпен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің жасалуына үлкен мән берген. Оны қажетіне тұтына білуінде этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған. Осыған байланысты, ұлт өмірінде үлкен мәнге ие болған бірнеше киім атауларының этномәдени уәжін ашуға тырыстық. Мысалы, тымақтың қазақ тіліндегі қолданысының мәнін ғалымдар: «Тымақ – очень своеобразный и оригинальный головной убор, характерный, пожалуй, только для казахской одежды. У соседних народов такая форма меховой шапки известна только юго-восточном башкирам (колаксын) и кундровским татарам» деп көрсеткен.

Нақтырақ, тымақ – әртүрлі аңдар мен мал терілерінен жасалатын ерлердің қысқы бас киімі. Осыған орай сеңсең, қарсақ, сусар, жекей, бұлғын, елтірі, түлкі, сәлде, кедей, үкілі, қайырма, шошақ төбе, әлім, адай, арғын, қыпшақ төбе, найман, үйсін т.б. Тымақтың жасалу үлгісі әр жердің ерекшелігіне қарай әртүрлі болады. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап тани берген.

Қазақ ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының, оның ішінде «тымақтың» этнолингвистикалық, этномәдениеттанымдық нақты көрінісінің тілдік дәйектелуін ғалым Е.Жанпейісовтің еңбегінен кәре аламыз. Мысалы, тәрт сай қарақаралы тымағы; алты сай сыр-ма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы; сегіз сай уақ тымағы; тәрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; апты сай тобықты тымағы т.б.». (Е.Жанпейісов. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі.). Мысалы, «Тобықты тымағы Қарақаралынікіндей тәрт сай емес, алты сай болатын» (М.Ә. «А.Ж.»).

Сонымен, тымақ қасиетті бас киім саналады. Оны айырбастауға, аяқ, тигізуге болмайды. Жақсы, белгілі кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалдырылып отырған. Ертеде халқымызда «тымаққа салу» деген ғұрып болған: «Ел арасында шала туып тымаққа салып өсірген екен» деген сөздер жиі естіледі.

Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге ыңғайлы болады. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем болса, керегенің қырқыншы басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Айталық, ат қою, бесікке салу т.б. (Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына бірнеше жерге шеге қағылып ілінеді).

Сонымен қатар, ұлт өміріндегі үлкен мәнге ие салт-дәстүрімізде киім-кешектің қызметі өте жоғары тұрады. Мысалы, бас тон – жоғары сортты жібекпен тысталған, қалыңдық жасауына енетін аса қымбат тон.

Ілімтон – құдалыққа барғанда китке кигізетін бастоннан кейінгі екінші жағалы киім.

Киіт (дәстүр) – құдалықтың белгісі және олардың арасында жүретін, соған ғана лайықталған сый, сияпат. Ол құдалар дәрежесіне, дәулетіне байланысты әртүрлі болып келеді. Мысалы, құндыз жағалы тон, қасқыр ішік.

Иткөйлек (ғұрып). Ырымшыл халқымызда баланы «қырқынан» (туғанына қырық күн толған күн) шығарылғаннан кейін оның көйлегіне тәтті түйіп, оны иттің мойнына байлап жіберетін дәстүр бар. Итті балалар қуып жетіп, мойнындағы «иткөйлекті» шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Көйлекті баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады. Иткөйлектің шығуы ит мойнына байлағанында емес, оны жеті қазынаның бірі деп, әрі баламыз көп болсын деген ырыммен астасып жатыр.

Киім атауларындағы әлеуметтік уәжділік. Ата-бабаларымыздың көшпелілер мәдениетінен бастау алып бүгінгі ұрпаққа қанық бояуымен ұлттық бедерін сақтап келген қазақ киімі әр қоғамның талабына сай әлеуметтік қызметін сақтай білді. Сонымен қатар әрбір әлеуметтік топтың ұлттық киімдерді тұтыну қажеттілігіне сай талғамы да өсіп отырды. Мысалы, Б.Қыдырбекұлы «Түгел сөздің түбі бір» деген еңбегінде бақсылар мен серілердің, диуана мен әулиенің, хан мен уәзірдің киімдеріне байланысты көптеген деректер келтіреді:

«Женде – Бақсылар мен серілердің сыртынан киетін, түрлі-түсті кездемеден құрап тігілген киімі. Осы мақаланың авторы 1946 жылы Жетісудағы атақты Қалдыбек Қалендар – бақсының жендесін көргенді. Екі жеңі қысқа, жағасыз, екі иығыша үкі тағып, омырауына неше түрлі жартысына күміс қапталған домалақ моншақ-түймелермен шеттіктеп тастаған, түрлі әлем-жәлем жапсырған, шекпен тәріздес киім... «басында күле, үстінде женде, қолында аса» (Батырлар жыры).

Әсіресе, әлеуметтік уәжділік сал-серілердің киімдерінде ерекше байқалады. Сал-серілердің шапандары ерекше жібек, парша сияқты маталардан тігіледі. Ерте кезде олар киім тігуге Бұқарадан әкелінген маталарды пайдаланды. Шапандарының екі өңіріне алтын жіптен жасалған оқа салып әшекейлеген. Сал-серілер болса, өздерінің талғамы бойынша тапсырыс беріп, әртүрлі ою-өрнектер салып кестелеткен.

Киімдері кең етіп, жағасыз, түймесіз, астарсыз етіп тігілген. Ә.Диваевтың көрсетуінше, сал-серілер киген кейбір шапандардың оң жақ жеңінің астынан үлкен жырық немесе қол сыятындай дөңгелек тесік қалдырып тігілген, әрі бір жеңінен екінші жеңі ұзын. Бұл домбыра тартуға ыңғайлы болуы үшін керек. Демек, ақын, әнші, жыршы сияқты өнер иелерінен олардың өзгешелігі – олардың киім киісі. Этнос тарихында бақсылардың ерекше тоя кигенін де тілдік деректерден көруге болады.

Киім атауларындағы эстетикалық уәжділік. Қазақ халқының қай кезеңде болмасын өмір сүрген ортасының тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін, табиғатының байлығын, ұлтының ұлылығын танытатын, сұлулық пен сезімталдыққа деген құштарлығын ұлттық киімдерінен көруге болады. Қазақтың ұлттық киімдерінің қай түрін алсақ та, оның өн бойында өзіне ғана тән эстетикалық, этикалық талғамы мен рухани ерекшеліктері көрініс тапқан. Мысалы, киім атауларындағы эстетикалық уәжділіктің белгісін мына контекстен көре аламыз: Басында құндыз бөркі бар, үстінде көк мауыты бешпет, омыраулары толған күміс түйме. Белінде алтын жалатқан қымбат тасты, кәмәр белдік. Шапқылап бара жатқан баланың киім, тұрман сәні аса бір ардақты, жалғыз қыз сәніндей» (М.Ә. «А.Ж.»).

Осымен байланысты, қазақ әйелдері бас киімінің ішінде ең керіктісі де, ең ежелгілерінің бірі, көп әшекейлі, қымбат бағалы, қалыңдық киімінің салтанаттысы болып табылатын –

сәукеле. Сәукеленің өн бойына зергерлік әшекейлер мен асыл тастар қадағанда, тіл көзден сақтау үшін, ал, өте биік бас киім – қыз мәртебесін асқақтатып, қазақтардың дүниетанымының жоғары екенін танытқан. Сәукелені өте шебер әйелдер ғана тіккен оның жасалуындағы эстетикалық, этникалық ерекшелікке аса мән берілген. Мұндай бағалы сәукелені байлар мен ауқатты адамдардың ғана қыздары киген. Сол сияқты, қазақтың сәнді бас киімінің бір түрі – қарқара. Тілдік деректерде қарқара атауына байланысты мынадай өлең жолдары кездеседі:

Сол Айбас тоқтамады тағы шапты,

Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.

Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,

Қарқаралы тау атын қоя сапты \Қозы көрпеш – Баян сұлу\.

Бірақ, Қарқара деген бас киімнің аталуына негіз болған Н.Уәлиев еңбегінде көрсетілген мынадай этномәдени этнолингвистикалық уәждің біздіңше негізі бар. «Қарқара – қыздар киетін бас киім. Бірақ бас киімге ұқсас болғандықтан, Қарқаралы аталған десек, жаңсақтық болар еді. Бас киімнің қарқара деп аталуының мынадай себебі бар. Ерте кезде ырым етіп қыздардың, балалардың киімдеріне үкі тағатын. Қарқара – құстың аты.

Бұл құсты да бұрынғы кезде қасиетті көріп, бас киімге қауырсынын тағатын болған. Қарқара қауырсыны кейініректе, әшекей ретінде қолданыла келіп, бас киім атауына айналған. Сонымен, қарқараның (құстың) мекен еткен жерлері Қарқаралы, Қарқара деп аталғандығы белгілі».

Киім атауларындағы жасалу материалына байланысты уәжділік. Әр нәрсені зерделей білген ата-бабаларымыз маусымдық, аймақтық, әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне байланысты, сонымен қатар күнделікті тұрмыстық және сән-салтанаттық сияқты түрлеріне қарай киім-кешектің жасалу материалына үлкен мән берген. Мықшима аяғымда былғары етік, Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп (Абай). Мысалы, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ең әдемі де кеделі, қымбат бағалы, жылы тонының бірі – қамқа тон. Жұмыста осы бағыттағы талдауға арқау болатын айшықты тілдік деректер берілді.

Киім атауларындағы жасалу технологиясына байланысты уәжділік. Қазақ халқы киім-кешек түрлерін жасауда асқан талғампаздық пен ұлттық мәнерді сақтай отырып, қай киім түрлері болмасын оны ықшамды да сәнді жүріс-тұрысқа қолайлы етіп шебер тіге білген. Киім атаулары қалыптасуының сыртқы экстралингвистикалық қағидаларының бірі – заттың жасалу технологиясына байланысты. Мысалы, кестелі орамал, оқалы бөрік, әдіпті ішік, сырма қалпақ, оюлы шалбар т.б. Бешпетті тастап Мағаш қынай бел кемзал киіпті, сырғыш іренді жібекке аса өсем үйлескен қоңырқай, қызғылт мақпал кемзал, оқалы жиегі мен көп бүрмелі ұзын көйлекке әдемі құйыла қоныпты (М.Ә. «А.Ж»).

Қазақ тілінің диалектілік лексикасында киім-кешек түрлерінің аталуына негіз болған жасалу технологиясына байланысты уәжділік көптеп кездеседі. Мысалы, айырқалпақ, адай шалбар, өміркен етік, әлім көйлек, бастама етік, бестақа, жадағай, жақы, жалаңқат, жатақ бөрік, жекей табан, жейде, желпей, желең, шапан, жұрынды тон, кәжекей, күпсер, қақпа шекпен, қаптал жейде, қалеті киім, қималы тон, қыжым орамал, құлынжақы, қос етекті көйлек т.б. (ҚТДС). Түйе, қой жүнінен, терісінен жасалған кейбір диалектілік сипаттағы киім атауларына тілдік емес белгілер негіз болған. Мысалы, има шекпен – түйенің биязы жүнінен жіңішке етіп иіріліп, сәндеп тоқылған, ер кісілерге арналған жеңіл киім (ҚТДС). Аталымға уәж болған зат има – түйенің жүнінен жасалған материал.

Киім атауларындағы түсіне байланысты уәжділік. Киім-кешек түрлерін жасауда ата-бабаларымыз әлеуметтік, рулық т.б. да ерекшеліктерге байланысты оның түр-түсіне ерекше мән берген. Мысалы, «Көксауыр. Осындай былғарыдан тігілген етікті бояу түсіне қарай көк етік, көксауыр етік деп айту қалыптасқан. Ертеде қазақы тондардың бас тон, қызыл тон, көк тон, қара тон, ақ тон деп аталатын түрлері болды. Тонды белгілі бір түске бояудың салттық мәні болды. Мәселен тонның көк кездемемен тысталып, еңіріне, етегіне құндыз ұстаған тері көк тон аталады. Мұндай тонды ертеде тек белгілі, атақты кісілер ғана киген.

Академик Ә.Қайдар түске байланысты туындаған мынадай деректерді келтіреді: «Зерттеуші А.Диваевтың еңбектерінде қазақ дәстүрі бойынша қара, ақ, қызыл түстердің қазаға байла-

нысты синкретикалық қолданысының болғанын көреміз. Бұл түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, осы түстерге боялған мата, киім-кешек, үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символика атрибуттары болып саналған. А.Диваевтың жазуына қарағанда ертеректе күйеуі өлген қазақ әйелдері бастарына қара және қызыл түсті орамал, желек жамылған.

Қайғылы қаза символы ретінде кейбір жерлерде ақ түсті де пайдаланған. Мәселен, күйеуі, не жақын туыстары өлген әйел үстіне қара түсті көйлек киіп, басына қара орамал жамылған, ал кей жерлерде ақ жамылу салты да болған.

Осыған орай Ғ.Мүсірепов өзінің «Жат қолында» деген романында: «Қара күйік пештер қара жамылған әйелдерді еске түсіреді. Игіліктің әйелі Айғаншаның осындай бір кезеңін көрген бар еді. Мына қара жамылғандардың бірі – сол Айғанша болып шыға келмесін ...» деп суреттесе, осы шығарманың енді бір жерінде: «Назыкеш басына ақ жамылып отыр. Қазақ әйелінің басына қара жамылғаны осы: ақ жамылады ...» – деп жазады. Қазақ халқының этномәдени болмысындағы түс көру және оны жоруға байланысты киімдердің, оның түстерінің ерекше рөл атқаратынын төменде келтірілген деректерден көруге болады: Егер кісі түсінде ақ түсті киім киетін болса, онда жақсылық пен, егер кісі түсінде сары түсті киім кесе, аурумен, егер кісі түсінде қара түсті киім кесе, қайғымен т.б. байланыстырылып жорылады.

Киім атауларындағы қызметіне байланысты уәжділік. Қазақ киімдері қай дәуірде болмасын заман талабына сай халықтың эстетикалық талғамын қанағаттандыратын, сонымен қатар әлеуметтік, маусымдық ерекшеліктеріне қарай сәнді де әдемі, тиімді де ықшам, жылы да жеңіл етіліп тігіліп, әртүрлі қызмет атқарады.

Қазақ киімінің осындай қасиеті мен құндылығын бағалай келе этнограф-ғалым Ө.Жәнібеков былай дейді: «Қазақы киімді қастерлеу әрі құрмет тұту елдің есейгенін, оның өскелең өмірін танытады. Оның қазақтану ісінде де, халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде де елеулі орын алатыны сөзсіз. Өйткені қазақ киім-кешегі – ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңірген құбылыс.

Осындай ерекшеліктерінің бірі ретінде киімнің алғашқы міндеті де – адам денесін суықтан қорғау болғаны белгілі. Мысалы, тонның жасалу ерекшелігіне және қызметіне байланысты жылы да жеңіл, сәнді болып тігілуіне қарай жарғақ тон, жабағы тон, атлас тон, былғары тон, таутеке тон, тұлып тон, зерлі тон, оқалы тон, кестелі тон, тысталған тон, қызыл тон, бешпент тон, бояулы тон, берен тон, шолақ тон т.б. болып бөлінеді. Қазақ халқы үшін тон өте жылы және киіп жүруге ыңғайлы киім саналады. Тонның қолданылу ерекшелігіне яғни, қызметіне байланысты, қаптама, қамзалша деген де түрлері бар. Қаптама қысқы боранда малшылар киетін тонның түрі болған. Махамбеттің «Қаптай соққан боранда, қаптама киген тоңар ма?» – дейтіні осы. Ал, қамзолша – жүріп-тұруға ыңғайлы етіп жасалған, етегі тізеден жоғары келетін қысқа тон. Осыған байланысты, тілімізде тонның қызметіне қатысты мынадай мақалдар кездеседі: «Тонының жылылығын иесі біледі, Көсеуі қысқаның қолы күйеді», «Жаураған үйде қалған тонын, Адасқан жоғалтып алған жолын мақтайды», «Ақымақ жылынса, тон киместей, Тойса, нан жеместей», «Азынаған аязда, Шапаныңнан тон артық Шала оқыған сабаздан Көпті түйген көне артық «. Тонның екінші бір қызметі – «Ас – аттынікі, той – тондынікі» деуімізге қарағанда, тон сәндік киіміне де жатады. Яғни, қазақ халқының әдет-ғұрпына байланысты киіт беру дәстүрінде де тонның мәдени құндылық ретіндегі мәні – тағы да бір қызметін айғақтайды. Оның дәлелі мына тілдік деректерден көрінеді:

Атлас тон базарында қымбат өтер

Сум елдің базарында сауда бекер (БҒ);

Оқалы тон беріпті Бөйткік сізге

Ел жақсысы жиылып айтты бізге (БҒ).

Сонымен, адам өмірі үшін бірден-бір қажеттілік болып табылатын ұлттық киім түрлерінің сан түрлі қызметі бар екендігіне көз жеткіздік. Мысалы, жеңіл бөрік, сәлде бөрік, кеуде көйлек, іш көйлек, тер көйлек, қаттама етік, саптама етік, суға салма етік, іш етік, жеңіл етік, сәлде

тымақ, тебетей (тебесіне киетін қызметіне байланысты) т.б. да киім түрлерінің барлығы дерлік адам баласы тұтынуы үшін жасалынған, өзіндік ұлттық нақыш пен талғамға ие дүниелер.

Фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың құрамындағы киім атауларының этнолингвистикалық мәні. Академик Ә.Қайдардың «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасак, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» – деген тұжырымы тілді зерттеудің этнолингвистикалық негізін белгілеген.

Себебі, «фонетикалық, морфологиялық бірліктерге қарағанда лексикалық бірліктердің экстралингвистикалық мәнділікпен байланысы әлдеқайда күшті. Сондай-ақ фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтел, афоризмдер өмір шындығына тікелей бейнелейді, тілді сыртқы дүниемен (денотатпен), ойлаумен (сигнификат) байланыстырып тұрады. Сонымен тілдің лексикалық жүйесі белгілі бір тілдік ұжымның объективті ақиқат туралы таным-білігін, болмыстың әрқилы қыр-сырын бейнелейді. Бірақ ақиқат дүниенің, болмыстың өзі қаншалықты күрделі әрі қайшылығы көп болса, тілдің лексика жүйесі де аса күрделі әрі қайшылыққа толы». Сондықтан, тіл мәселелерін сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірімен байланыстыра зертеудің маңызы ерекше екендігі «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағиданы ұстанған қазақ тіл білімінің жаңа бағытының негізін құрайды. (Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева т.б.).

Осыған байланысты, ұлтымыздың этникалық мәдениетінің бір бөлігін құрайтын киім-кешек атаулары – халқымыздың рухани мәдениетінің ең құнды деректерінің бірі. Небір тарихи дәуірлердің куәгері іспетті халықпен бірге жасап келе жатқан, халқымыздың материалдық мәдениетін бейнелейтін тіліміздегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын оларға байланысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден айқын көруге болады. Фразеологияны зерттеуші Н.И.Толстойдың, В.А.Маслованың, Ә.Қайдардың, Н.Уәлиұлының, С.Сотенованың, Г.Смағұлованың т.б. оларды ұлттың ұғым-түсінігін, адамның іс-әрекетін, сын-сипатын, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз бұлақтары деп анықтайды.

Киім атауларына қатысты фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің және жұмбақтардың тілдік-танымдық мәнін ашу арқылы тіліміздің ұлттық мазмұнға бай көркемдік таным әлемін философиялық түсінігін, рухани болымысын этнолингвистикалық зерттеу жүргізу арқылы ғана тани аламыз. Ендеше тілдік оралымның (тұрақты тіркестер) прессуппозиция мен астарлы мағынасын түсіну үшін білім аясының болуы заңды. Фразеологиялық тұлғалардың ерекшелігі әр ұлттың өзіне ғана тән ұғымын бейнелеуінде. Тілімізде ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымызды көрсететін киім атауларына қатысты тұрақты тіркестер өте көп. Мысалы, тон жамылды (арам, бұзық ниетін бүркемеледі), тонның ішкі бауындай (өте жақын); байпағынан басқа сүйенері жоқ (ешбір арқа сүйері жоқ); қардан кебіс, мұздан құрсау (қатты тарығу); көн етіктіге құрым шұлғау (әркім өз теңімен); кебіс басы қар (халықтық өлшем); ақ көйлек (ақ көңіл); кебініңді жалмағыр (қарғыс); малма тымақ (ынжық кісі туралы); шен алып, шекпен киді (атаққа ие болды); ақ жаулық (әйел, жұбай); ат-шапан, ат-тон (айып); «Бөріктінің намысы бір»; «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді»; «Шақырусыз тойға барғанша, шарығыңды ки де, қойға бар»; «Қасқыр ішік киген, Қасындағы жолдасының тонғанын білмес»; «Бөрікті тастап, бөріден құтылды» т.б. осы тәрізді тіліміздегі киім атауларына қатысты тілдік бірліктердің әлеуметтік мәнділік деңгейін көрсететін, халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан этностың психологиясынан хабардар ететін осындай тілдік оралымдардың табиғатын этнолингвистикалық уәждері арқылы анықтауға болады.

Әрине, бұл тіркестердің тууы заңды, өйткені халқымыздың дүниетанымына, оның мәдениетінің жоғары екенін дәлелдейтін философиялық астарлы мазмұнға бай, ғажап тіл екендігінің көрінісі. Осындай көркем тіркестер адамға қатысты оның көңіл-күйін, мінезін, іс-әрекетін бейнелеп, кейінгі ұрпаққа тілдің куммулятивтік қызметі арқылы жетіп отыр. Сайып келгенде, тілімізде дүниеге келуі о баста киім атауларына қатысты туындаған тұрақты тіркестердің астарына үңілсеңіз, адамның болмысына (мінез-құлқы, жүріс-тұрысы) байланысты танымдық

ассоциацияға құралған. Мысалы, Көн етіктіге бармай жүр, Көк етікті алмай жүр – деген сөз бар.

Фразеологиялық сөздікте: «Көн етікті» – кедей – деп берілген. Ертеде ауқатты, дәулетті адамдар, яғни, «мырза атанғандар»: сал-серілер т.б. етіктің қара, көк түстісін киген. Сол себепті, көп ерге шықпай, отырып қалған қызға «көк етікті келмейді, көн етіктіге бармайды» – деген мақал туған. Мысалы, Бедері кеткен торқадан. Бек тоқыған бөз артық. Тура мағынасы: Торқа – қымбат мата, ал бөз – арзан мата есебінде жұмсалады. Яғни, тығыз етіп, бек тоқылған бөз – бедері кеткен торқадан артық деген мағынада жұмсалған. Ал, оның астарлы мағынасына келсек, өзі қандай әдемі, келбетті, ажарлы, сұлу адам болғанымен, істеген ісінің бәрі келеңсіз, ыждағатсыз, тиянақсыз, опасыз адамның мінез-құлқын бедері кеткен торқаға теңестірсе, ал сұлу болмаса да өзі қарапайым, кішіпейіл кісінің істеген ісі көңілге қонымды, тиянақты болса, бек тоқыған бөз артық дегені осы мағынада қолданылады. Мысалы, «Бедері кеткен торқадан, бек тоқыған бөз игі, «қалқайған қара бөркімді, шарқ-шұрқ болғанда сен көрдің» дегендей, қазақ жерінен сәби кезімде-ақ, ұяда қолды болған балапандай, ауған елдің көшімен кетіп, енді басым жерге жеткен шағымда қайта оралғалы отырмын атамекенге». (Т. Рыскелдиев). Кебін киген келмейді, Кебенек киген келеді – деген сөз ерте кезде жорыққа кеткен жауынгерлер дұшпандарын жеңіп, аман-есен елге оралады деген ел-жұртының үмітінен туған. «Кебін киген» деген тіркес «ақ кебінге оранды» деген мағынамен пара-пар, яғни, өлген адам туралы айтылады. Сонымен, кебенекті тек тірі адам ғана киеді. Осы мақалмен мәндес Ерді кебенек ішінде таны деген де сөз бар. Бұл мақалдың мағынасы – ел басына ауыртпалық түскенде жанын аямай, елін-жұртын қорғау үшін ерлігі мен батылдығын көрсете білер азамат туралы айтылады.

Ат тонын ала қашу. Бұл фразеологизм туралы академик Ә. Қайдар өз еңбегінде төмендегідей түсініктеме береді: «Тұрмыстық фразеологизм, яғни адам бір нәрсені орындауға, жасауға құлқы болмағанда, не болмаса жалпы біреумен қарым-қатынас жасағысы келмегенде қолданылады». Мысалы: Менің жолдасым жаман әдеттен ат тонын ала қашып безек қағатын.

Сондай-ақ, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін тұрақты тіркестер сияқты танымдық мәні зор бұлақтардың бірі-қазақ жұмбақтары. «Жұмбақталған объектіге (яғни сөзге, ұғымға) сәйкес сайланған баламаның мотивін тек ұлттық менталитет, этностық таным негізінде ғана айқындап түсіндіруге болады». Ендеше, біз қарастырып отырған киім атаулары жұмбақ құрамында белгілі бір зат не құбылыстың баламасы ретінде қолданылып, оны шешу үшін адамның дүниетанымдық, тапқырлық қасиеттерін дамытуға негізделеді. Мысалы, Ашамайды арта салдым

Айыл-жібін тарта салдым (Тымақ).

Бұл жұмбақтағы ашамай – «балаға арналып жасалған ер» – дегенді білдіреді. Қазақта «Нар сәулетті – ашамай» – деген мақал кездеседі. Демек, тымақтың пішінін ашамайға ұқсату, ал оның айыл-жібін тымақтың байлайтын бауына теңеу – өте ұтымды табылған уәж сияқты.

Сұлу-сұлу құнаным,

Сылдырлаған жүгенім,

Аяз күнде мінбеген,

Аяғы жерге тимеген (Сәукеле).

Бұл жұмбақта сәукеленің әшекейлі де сәнді етіп жасалуына байланысты оны сұлу-сұлу құнаным деп құнанға теңей суреттейді. Ал сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды яғни сәукеленің бетмоншағын құнанның жүгеніне теңесе, аяз күнде мінбеген дегені, сәукеленің күнделікті тұрмыста киілетін жай киім емес екендігі, оны тек ұзатылатын қыздың киетін той киімі екендігін көрсетеді. Сонымен қатар қазақ халқы үшін ең қасиетті бас киімнің түрі ретінде сәукеленің құндылығын аяғы жерге тимеген деп суреттеуінде үлкен мән бар.

Зерттеу барысы қазақ тілінің лексикасында ерекше топ ретінде орын алатын киім-атауларына тек тілдік тұрғыдан ғана емес, «ақиқат» өмірмен байланыста (экстралингвистикалық қырынан) ономазиологиялық тұрғыдан уәжділік қасиеттерін анықтау арқылы және «ұлт пен тіл» біртұтас деген қағидаға сай оларды этнолингвистикалық негізде кешенді түрде анықтала алатынын көрсетеді.

- көне түркі ескерткіштерінде кездесетін киім атауларын қазіргі қазақ тіліндегі атаулармен морфо-семантикалық жағынан салыстырғанда, біз тоқталған көне түркі тіліндегі лексемалардың біршамасы қазіргі тілімізде бар, кейбір сөздердің мағынасы тарылып, ия релик-тілік құбылыс ретінде диалектілік лексикада ғана кездеседі, ал кейбіреуі тілдік қолданыстан мүлдем шығып қалғаны байқалады.

- киім атауларына «ғаламның тілдік бейнесі» тұрғысынан зерттеу жүргізу – жұмысымыздың алға қойған негізгі мақсаттарының бірі. Мысалы, ұлттық ерекшелікке аса бай лексиканың қатарына жататын ұлттық киім түрлеріне қатысты: түр-түс атаулары және халықтың лиигвомәдени бірліктерді ашуда ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына байланысты туған этномәдени талдаулар, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестердің, этнолингвистикалық мәніне байланысты т.б. зерттеулер тіл қызметінің когнитивтік қызметін айқындауда «әлемнің тұтас бейнесі тілде сақталған» деген қағидаға орай кешенді түрде қарастырылды.

- қазақ тіліндегі киім-кешек түрлерінің этнолингвистикалық сипаты, оның ұлттық бояуы ұлттық киім атаулары қалыптасуының сүбелі қабатын құрайтын аналитикалық тәсіл арқылы жасалған тілдік бірліктерден (киім атаулары) анық байқалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақ Т. Ш. Уалиханов еңбектеріндегі этнонимдердің лексика-семантикалық сипаты // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, «Арыс», 2004. – 117 б.
2. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 180 б.
3. Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – А., «Арыс», 2005. – с. 267.

Д. ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі:
Ф.Қ. ИМАНАЛИЕВА
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Лексикалық тақырыптардың танымдық маңызы оқушылардың тіл білімі туралы ұғымының кеңейуіне, тілдік ең кіші бөлшегі – сөздің фонетикасымен, морфологиясы, синтаксисі және стилистикасымен қатынасын түсінуіне, сөйтіп бүкіл тілдің жүйесі тұтас ұғынуына мүмкіндік береді. Сол себепті, лексикалық минимумдардың тілдік құзіреттерді қалыптастырудағы маңыздылығы жоғары. Мақалада лексикалық тақырыптар білім мазмұнында қамтылу мәселелері талданған. Сонымен қатар, бағдарлама мазмұнымен, оқулықтармен жұмыс жасау барысында ескерілуі қажет принциптер жүйеленген. Бұл ретте, оқытушы мен оқушы арасындағы түсіністік, оқытушының әдістемелік сауаттылығы жетекші рөлге шығатындығы дәлелденді.

Тірек сөздер: лексика, білім беру, бағдарлама, әдістеме, жаттығу, мағына

Аннотация. Познавательное значение лексических тем позволяет расширить представление учащихся о языкознании, понять отношение к наименьшей частице языка – фонетике, морфологии, синтаксису и стилистике слова, тем самым осмыслить всю систему языка в целом. Поэтому лексические минимумы имеют высокую значимость в формировании языковых компетенций. В статье проанализированы вопросы охвата лексических тем содержания

ем образования. Кроме того, систематизированы принципы, которые необходимо учитывать при работе с содержанием программы, учебниками. При этом было доказано, что на ведущую роль выходит понимание между преподавателем и учеником, методическая грамотность преподавателя.

Ключевые слова: лексика, образование, программа, методика, упражнение, значение

Abstract. The cognitive meaning of lexical topics allows students to expand their understanding of linguistics, to understand the attitude to the smallest particle of language – phonetics, morphology, syntax and stylistics of the word, thereby comprehending the entire language system as a whole. Therefore, lexical minima are of high importance in the formation of language competencies. The article analyzes the issues of coverage of lexical topics by the content of education. In addition, the principles that must be taken into account when working with the content of the program, textbooks, are systematized. At the same time, it was proved that the understanding between the teacher and the student, the methodical literacy of the teacher comes to the leading role.

Keywords: vocabulary, education, program, methodology, exercise, meaning.

Лексикалық минимумдарды қалыптастыру тілді меңгерудің негізгі алғышарты болып есептеледі. Өйткені, лексиканы меңгеру арқылы білім алушының танымы қалыптасады. Ал, таным – кез келген білімнің қайнар көзі.

Бүгінгі таңда білім беру бағдарламалары жаңа ғылыми парадигмаларда жүзеге асырылып жатыр. Бұл ретте, лексикалық тақырыптардың да оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып құрылуының да өзектілігі жоғары. Сол себепті орта мектепте меңгерілуге тиісті лексиканың көлемі лексикалық білім берумен анықталады.

Мысалы, білім беру бағдарламаларында төмендегідей талаптар негізге алынады:

– Мәтін мазмұнын айтқызу немесе оған пікір білдіру.

– Баяндау, сипаттау, пікір айту.

– Түрлі стильде ауызша, жазбаша ойын жеткізе білуге дағдыландыру.

Білім беру бағдарламалары аталмыш талаптарға байланысты лексиканы оқыту барысындағы икемділік пен дағдыларды анықтайды. Мысалы, 5-10-сыныптардағы лексикалық тақырыптар оқушылардың сөздік қорын молайту, сөздерді, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құрай білуге үйрету сынды дағдыларды қалыптастыруды көздейді.

Осы ретте бірқатар ғалымдар сөйлеуге үйрету үдерісінде ең маңызды орын алатын материал – лексика деп есептейді [1].

В.А.Бухбиндер «Основы обучения лексике в средней школе» еңбегінде: «Лексикалық дағдының әрбір түріндегі жүйедегі лексикалық қор қызметі тағы бір қызмет түрімен толығуы тиіс. Ол – интеллектуалдық қызмет, яғни мидағы әрекет» – деген пікір білдіреді [2].

Тілді меңгеру үшін лексиканы оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Адам қай тілде сөйлегісі келсе де, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын түсінбейді. Яғни, тілдік қарым-қатынасты туындату үшін, әуелі лексикалық минимумның қалыптасуы шарт.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте «тілдік қарым-қатынас, бір адамның екінші адамға ақпарат беруі, өзара әрекеттестіктің ерекше формасы», – деп түсіндірілген [3]. Демек, адам сөйлесу, пікірлесу үшін тілдік қолданысқа керекті лексикалық минимумды меңгермесе, тілдік қатынас та жүзеге аспайды. Өйткені адам сөйлей білу үшін айтайын деген ұғымға қатысты сөздерді және сол сөздерді дұрыс жұмсаудың амалдарын меңгеруі керек.

Дегенмен, лингвистикалық негізін ажыратып алмай, лексиканы тіліміздегі жалпы сөздердің жиынтығы деп түсіндіре салсақ, оқушылар лексикалық талдау кезінде, жаттығу үстінде шатасады да, сабақтың негізгі мақсаты орындалмайды. Мұғалімдер көп жағдайда оқулықты өздеріне тірек етеді. Алайда оқулық оқушы үшін жазылғанын, онда мұғалім үшін көп нәрсенің жасырын сыр болып қалып қоятынын әр кез есте сақтау керек. Егер мұғалім оқулықтағыны ғана білсе, оқушыға берер білімнің түпкі мақсатын, одан шығар нәтижені өзге (грамматикалық) мағынадан жақсы ажырата алуы керек.

И.Ә.Абеуова «Педагогикалық психология» атты оқу-әдістемелік құралында: «...оқыту – білімгерлер мен оқытушылардың бірлескен оқу ісәрекеті, ол білім, біліктіліктер мен дағдыларды беру процессін сипаттайды, кеңірек мағынада оқытушының өмірлік тәжірибесін оқушыға беру» [4] – деп, білім алушылардың әлеуметтенуі үшін білім берушінің әлеуметтік тәжірибе үлгісінің маңыздылығына баса мән береді.

Мысалы, лексикалық мағынасы бар сөздердің өзі түрлі қосымшалар жалғану арқылы дыбысталу қауызын өзгертіп отырады: адам, адамдар, адамдары, адамдарымыздың, адамдық, адамсу және т.б. Ал олар сол қосымша арқылы грамматикалық мағына қабылдады ма, жоқ лексикалық мағына қабылдады ма деген мәселені ерекше ажырату керек. Өйткені атауыш сөздердің ішінде туынды түбір сөздер өте көп кездеседі. Оларды лексикалық мағынасы сақталып түрлі формаға енген сөздерден (адамдар, адамдармыз) бөле білмей тұрып, лексиканың лингвистикалық негізін де толық түсіну қиын болады.

Сондықтан оқушыларға лексикалық мағынаны әр түрлі мысалдармен саналы түсіндіру арқылы ғана, оны грамматикалық мағынадан ажырататын болады. Мысалы, дейін, шейін, гөрі, сияқты, туралы т.б. шылаулар мен кітап, қар, аяз, жел, жаңбыр сияқты сөздерді салыстырып, оқушылардың өзіне мағыналарын түсіндір десек, тек кітап, қар, аяз, жел, жаңбыр сөздерінің ғана лексикалық мағынасын түсіндіреді де, шылаулардың лексикалық мағынасының жоқтығына көзі жетеді.

Сондай-ақ лексикалық мағынасы бар атауыш сөздердің өзін бір ғана мағынасымен шектеуге де болмайды. Өйткені тіліміздегі сөздердің әрқайсысы сан түрлі мәнге ие. Олар – белгілі бір ұғымды аңғарта отырып, айтушының (не жазушының) көзқарасын, ой-күйін де байқатуы мүмкін.

Мысалы, жуас, момақан, көнбіс десек, үш сөздің де лексикалық мағынасы бір немесе жақын болғанымен, қолданушының жақсы немесе жек көріп, әлде сүйсініп айтқанын байқауға болады. Сондықтан сөз мағынасын ашып түсіну оқушылардың лексикалық ұғым туралы білімінің сөйлеу, жазуды қолданып, стилистикадан хабардар болуға мүмкіндік береді. Оқушыларға сөз және оның мағынасы туралы түсінік бергенде олардың (сөздердің) әр түрлі мағынасы контексте, сөйлемде ғана ашылатынын, жеке тұрғанда ондай көп мағынасының аңғарыла бермейтінін ескеріп, жаттығу жұмысын контекспен байланыстыра жүргізу керек.

Мысалы, ақиық сөзінің оқушы бүркіт тұқымдас құс маржасын аңғартатынын контекссіз түсінсе де, ауыспалы мағынада шаршамайтын, шалдықпайтын адам деген мәнін ұға бермейді.

Көл сөзінің теңізден кіші суды аңғартатынын білгенмен, көп, мол дегенді білдіруі тек мітін ішінде ғана ашылады. Сондай-ақ сөз кейде өз мағынасында да, ауыспалы мағынада да қолданылмай, екі не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы басқа мағына беретін кезі де болады. Мұндай тіркестер айтушы немесе жазған кісінің құрастырумен емес, дайын, бұрыннан тіркесіп қалыптасқан күйінде жеке сөз орнына пайдаланылады. Мысалы, ашық ауыз, төбе шашы тік тұрды сияқты тіркестер жеке бір ғана атауыш сөз мағынасын береді.

Сол себепті, сөз мағынасын, оның лингвистикалық негізін түсіндіруде оқушылар сөздердің бір-бірімен мағыналық жағынан әр түрлі себептермен тығыз байланыста болатынын, белгілі бір жүйеде бағынып, бірін-бірі толықтырып не мағынасын ашып тұратынын ескеру керек.

Білім беру бағдарламасы мазмұнында синонимдер, омонимдер, антонимдердің оқылуы осы мәселеге қарай бағытталған. Мысалы, синонимдес сөздер бірін-бірі толықтырып, мағынасын ашуға себеп болады. Айталық, сұлу сөзінің мағынасын аша түсу үшін келбетті, келісті, көркем, әдемі сөздерін пайдаланамыз. Сондықтан да түсіндірме сөздікте белгілі бір сөздің мағынасын түсіндіру үшін оның синонимін келтіру (егер синонимі болса) тәсілі кездеседі. Мысалы, сызды – ылғалды, дымқыл; сый – құрмет, қошамет; сыйлы құрметті, қадірлі; сымбат – нұсқа, мүсін, тұлға; сынау – тексеру, байқау.

Ал қарсы мәндес сөздер (ұзын – қысқа, ақ – қара) біріне-бірі қарама-қарсы мағынаны аңғарту арқылы мағынаны дәлелдей түседі. Сондықтан біз кейде сөздің мағынасын түсіндіру үшін антонимін табуға, сол арқылы түсіндіруге әрекет жасаймыз. Мысалы, қара – аққа қарама-қарсы түс.

Сондай-ақ сөздің бір-бірімен байланысы тақырыптық топтарға қарай (спорт терминдері: футбол, волейбол; география терминдері: тау, қырат, ойпат т.б.) бүтін мен бөлшектің өзара

қатысына қарай (адам – қол, аяқ, көз, мұрын, құлақ т.б.) сондай-ақ түбірлестігіне қарай (ақшыл, ақтау, ақтық; түрлі, түрсіз, түрлілік т.б.) анықталады.

Білім беру мазмұнында оқушыларға лексикалық тақырыптардан нәтижелі білім беру үшін бағдарламаға енген тақырыптардың теориялық және тәжірибелік жағынан мәні анықталуы керек. Сабакты түсіндіруші мұғалім де осы ізбен жеке тақырыпты бөліп-бөліп түсіндірумен қанағаттанса, олардың бір-біріне қатысты топтарын ашып түсіндіруді немесе өзі ұғуды мақсат етпесе, лексикалық тақырыптарды оқыту мазмұны толық ашылмауы әбден мүмкін.

Сондықтан лексикалық тақырыптарды оқытуда мына ұғымдар негізге алынуы қажет:

1. Сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары (тура мағына, ауыспалы мағына, көп мағыналылық), синоним, омоним, антоним.

2. Әр түрлі қолданылу аясына қарай бөлінетін жалпыға бірдей, белгілі аяда қолданылатын сөздер (терминдер, диалект және кәсіби сөздер), көнерген сөздер мен неологизмдер.

3. Шығу тегіне қарай қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздер. Осы үш топқа бөлінген тақырыптар бүкіл лексика бөлімін камтиды да, олардың әрқайсысы мұғалімдерге материалды түсіндіруге белгілі міндет жүктейді.

Сөздің мағыналық топтары 4-сыныпта оқытылатыны белгілі. 4-сынып оқушылары сөз мағыналарының әр түрлі қолданыс жолдарын (тура, ауыспалы), синонимдердің, омонимдердің, антонимдердің тіліміздегі көркемдік, стильдік мәнін түсініп, мәтіндерден ажыратуға, тіл ұстарту бағдарламасы бойынша, ресми кеңсе стилінде, ауызекі сөйлеу стилінде, көркемдік әдебиет стилінде қолдану жолынан хабардар болады. Олардың түсіндірме сөздікте берілу тәртібімен танысып, сан түрлі сырын ұғады. Сөйтіп оқушылар сөйлеу, жазу нормаларына жаттығады.

Ал, сөздердің қолданылу аясына қарай бөлінуі және шығу тегіне қарай байырғы сөздер мен кірме сөздер 5-сыныпта оқытылады да тіліміздегі сөздердің даму, қалыптасу жолымен және олардың әдеби тілдің стильдік тармақтарында қолдану аясын аңғартады. Мысалы, қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздерді оқу арқылы тілдің баю, даму жолын түсінсе, терминдер мен диалект, кәсіби сөздердің, көнерген сөздер мен неологизмдердің мәнін білу арқылы тілдің сан-саласы стильдік тармақтары болатынын, әрқайсысы да қажетіне қарай тілімізге қызмет ететінін ұғады.

Білім беру бағдарламаларындағы лексикалық тақырыптардың өзектілігі, лексикалық тақырыптар арқылы тілдік құзіреттіліктерді қалыптастырудың маңыздылығы тек бағдарлама мазмұнымен шектелмейді. Оқушыларға лексикалық тақырыптарды меңгертуде лексикалық жаттығулардың да мәні жоғары. Лексикалық жаттығулар қазақ тілі лексика жүйесін белгілі бір ұғымдық мәліметтермен танысуға, сөздерді қолдана білуге дағдылануға бағытталады. Сондай-ақ лексикалық жаттығу оқушылардың сөз байлығын арттырады, сөзді қолдануға бейімдіктерін дамытады, оқушыларды әрбір сөзге көңіл бөлуге, мағынасын анық аңғартуға жетелеп, логикалық ойлау жүйесін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» оқулықтарында лексикалық жаттығулар тек қана лексикалық ұғымдарды (тура және ауыспалы мағына көп мағыналылық, синоним, омоним, антоним, басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен жаңа сөздер, диалектілер мен кәсіби сөздер, фразеологизмдер) пысықтауға және олардың қолданылуын үйренуге жетелейді. Бірақ қолданылуы жайында тапсырма аз берілген. Демек, лексиканы игеру үшін грамматикамен, орфографиямен және стилистикамен байланысты жаттығу жұмыстары жүргізілуі керек. Өйткені лексикалық ұғымдарды үйрену мен оның қолданылу аясын толық игеру тілдің басқа салаларымен байланыстырылмай, толық мәнге ие бола алмайды. Сондықтан оқулыққа жаттығу жұмыстарын беру үстінде қай материал грамматиканың, орфографияның қай тақырыбымен байланысты екенін айрықша ескеріп, олардың жүйелі берілуіне көңіл аударған жөн. Бұл жерде үлкен шеберлік, оқушылардың жас ерекшелігі мен қабылдау, орындау мүмкіндігін айқын аңғаратын педагогикалық, психологиялық білік қажет. Сондықтан әуелі лексика саласы бойынша берілетін жаттығулардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай классификациялап алған жөн. Берілетін жаттығу жұмыстарының бірінші тобы, сөз жоқ, лексикалық жаттығу болып табылады. Мұнда негізінен оқушылардың лексикадан алған теориялық мәліметтері пысықталып, сөз қолданысқа үйретіп, дағдыландыру, сөздікті

пайдалану ісі игерілуі керек. Дұрысында, сөздіктермен танысу, оларды пайдалану жұмысы әрбір тиісті лексикалық ұғымдармен бірге жүргізілуі керек. Мысалы, түсіндірме сөздікпен танысу, оны пайдалану сөз мағыналарын өткенде (тура және ауыспалы мағына, көп мағыналық, омоним, синоним, антоним) қажет болады. Оқушылар сөздің лексикалық мағынасын сөздікте қалай түсіндірілетінін немесе өздері мағынасын анық аша алмаған сөздердің мәнін ұғу үшін пайдаланады; көп мағыналы сөздердің, омоним сөздердің берілу тәртібін үйренеді.

Көп мағыналы сөздердің әр түрлі синонимі, әр түрлі антонимі болатынын түсіндіріп, оған сай жаттығу жұмысын жасау – сөзді толық түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, асау ат, асау өткел деген тіркестерде асау сөзіне бірде жуас, бірде оңай сөзі антоним болады (жуас ат, оңай өткел). Ал синонимі де әр түрлі, айталық, бастықпаған ат, қиын өткел.

Ал лексикалық жаттығулардың екінші тобы тілдің басқа салаларымен байланыстырылып жүргізілетін синтетикалық жаттығу болып есептеледі. Анығырақ айтсақ, лексикалық тақырыптан алған білімін бұрын өткен грамматика, орфография, стилистика тарауларының материалдарымен байланыстырып жаттығу. Мұның өзі оқушылардың лексикадан алған білімін жалпы тіл жүйесінде түсінуге, тіліміздегі орнын, қолданысын ұғуға, сондай-ақ өзге материалдарды еске түсіріп, қайталап отыруға мүмкіндік береді.

Ол үшін төмендегідей жаттығулар жүргізілгені абзал:

1. Берілген сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын таптыру:

- а) адам, өсімдік, жануар, алтын, су;
- ә) қызық, жазық, әдемі, үлкен;
- б) ойлану, жүру, сөйлеу, кебу.

Оқушылар сөздердің лексикалық мағынасын аша отырып, бірінші топтағы сөздердің зат атауы екенін, екінші топтағы сөздердің заттың белгісін, сынын білдіретінін, үшінші топтағылар қимылды білдіретінін анықтап, зат есім, сын есім, етістікке жататынын түсіндіру тиіс. Сол сияқты лексикалық мағынаны сөздің жасалу жолына, қолданылуына, шығу тегіне қарай ажырату да грамматикамен тығыз байланысты жүргізіледі.

2. Түбірлес сөздердің қай сөз табына жататынын анықтату:

- а) келісім, келісті, келіншек;
- ә) орын, орынша, орындық, орынды;
- б) адам, адамдық, адамгершілік, адамды.

3. Грамматикамен байланысты жүргізілетін жаттығудың тағы бір түрі сөздің түрлену барысын немесе сөз жасау барысындағы айырмашылықтарын ажырату болып табылады. Мысалы, белгілі бір сөзге септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғау арқылы лексикалық мағыналарын салыстырып көруге болады. Оқушылар түрленген сөздердің лексикалық мағынасы сақталып, грамматикалық мағынасында өзгерістер пайда болғанына көз жеткізе алады.

Бұл айтылған жаттығу түрлері оқушылардың лексикалық мағынаны грамматикалық мағынадан ажыратуға көмектеседі, сөйтіп, сөздің қолданыс аясын жақсы меңгеріп, тәжірибелік дағдысы артады, жазу мәдениеті жетіледі.

Ал стилистика саласымен байланысты лексикалық жаттығулар сөзді таңдап қолдануға, айтылатын ойға лайық сөйлем құруға үйретеді. Бұған байланысты жүргізілетін жаттығу жұмыстары:

1) берілген сөздер мен сөз тіркестері қандай лексика-семантикалық топтарға, қайсысы қандай стильдік тармақтарға жатады. Мысалы, балалар – балдар, қыз – нашар бала, тыныш тиыш, бала – балақай, қыз – қызалақ т.б.

2) стилистика туралы ұғымды оқушыларға кеңінен түсіндіріп, ғылыми, көркем әдебиет, сөйлеу стильдерімен таныстыру.

Ал орфографиямен байланысты жүргізілген жаттығулардың да өзіндік орны, ерекшелігі бар. Өйткені оқушылар сөз байлығын игерумен бірге оның дұрыс жазылу жолын да саналы түсінуі керек. Ол үшін оқушылардың сөз қолдану, жазу дағдысын қалыптастырып, әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізген жөн:

1) сөздердің түбірлес варианттарын жазып, түсіріліп жазылатын дауысты дыбыстар ережесін түсіндіру: ұры (ұрлық), орын (орны), құлып (құлпы), көрік (көркі).

2) сөздерді сыңарларымен салыстырып, мағыналас немесе өзге сөз екенін түсіндіру: қан – хан, қат – хат, кәрі – қария, ары – әрі, білік – пілік, қас – хас.

3) Берілген сөздерге түбірлес сөз тауып, дауыссыз дыбыстардың өзгеруін түсіндіру: жап – жауып, тап – тауып, тек – теуіп, көбік – көбігі, парақ – парағым, тарақ – тарағым.

4) Түбірлес сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшелікті түсіндіру, түбірлес сөздердің лексикалық мағынасын ажырату. Жұмыс – жұмысшы, ас – асшы, дос – досжан.

5) Омонимдес сөздердің түбірін тауып, әрқайсысының мағыналарын аштыру: түстік (тамақ) – түспек, түн – түнек.

Әр сөзді қатыстырып, жеке-жеке сөйлемдер құрастыру. Қысқасы, лексиканы пысықтау үшін берілетін жаттығулар жоғарыда келтірілгендей әр түрлі тақырыппен байланыстырыла жүргізілсе, оқушылардың лексикалық тарау теориялық білімі мен қолдану дағдысын қалыптастыруға, жалпы тіл заңдылығын толық игеріп, өздігінен ойлануына, сөз қолдану шеберлігін арттыруына үлкен ықпал жасайды.

Мұның өзі оқушының лексикалық тақырыптар, қаншалықты теориялық білім, қандай көлемде дағды алу керек деген сұрақтың да шешуін бере алады. Мысалы, 4-сыныпта оқушылар түсіндірме сөздікпен жұмыс істеп, тура және ауыспалы мағыналарды сөздіктен тауып, олардың берілу тәртібін түсінеді, синоним – зат есімдерді ауызекі, жазбаша түрде қолдану арқылы орынсыз сөз қайталаудан арылады, сондай-ақ синоним – сын есімдер мен синоним – етістіктерді қолдану жолын үйренеді.

Ал 5-сыныпта сөздіктер арқылы қай сөздің қай тілден ауысқанын, көнерген сөз бе, неологизм бе, диалектизм бе, әлде кәсіби сөз бе деген сұрауларға жауап беріп, олардың қолданылу орнын, көркем әдебиеттегі ролін түсінеді.

Қорыта келгенде, қазақ тілі – оқушының өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы. Сол себепті, мектептерде қазақ тілін арнаулы әрі негізгі пән ретінде оқытуға ерекше мән беріледі.

Тілден алатын білім көбінесе абстрациялы ережелер мен тілдік заңдарға негізделген мәселелерге сүйенеді. Мәселелердің көлемі, балаларға берілетін білім мөлшері олардың жас ерекшеліктерімен, мәселелерді қабылдай білу қабілетімен тығыз байланысты болады. Осы тұрғыдан, грамматикалық, лексикалық, орфографиялық және тіл дамыту материалдарын меңгерудің дұрыс әдісін табуда көп мән бар.

Білім беру бағдарламаларындағы жүйелі білім беру жұмысы оқулықтағы тиісті ережелермен шектелмейді, баланы сол ереже, түсініктерге қарай жетектейтін тілдік материалдардан басталады. Оқушы білім мазмұнындағы дидактикалық материалдарлы ұғына, тапсырмаларды орындай келе, солардай өздері қорытынды шығаратындай кезең басталғанда, жинақталған ережелер беріледі. Сонда олар тосыннан айтылған қағидалар болмай, өздеріне бұрыннан түсінікті, өздері қорыта алатындай болады.

Сол себепті де, қазақ тілін оқытудың мақсаты – тек баланың сауатын ашу, пәннің ғылыми негізін білдіру ғана емес, сондай-ақ оларды игі қасиеттерге, тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге тәрбиелеу болып есептеледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жолшаева М. Функционалды грамматика: оқу құрал. – Алматы: Print Word, 2016. – 137 б.
2. Бухбиндер В.А. Основы обучения лексике в средней школе (на материале немецкого языка): дисс. ... д-ра пед. наук. Киев, 1971. – 170 с.
3. Большой энциклопедический словарь / ред. А.М. Прохоров. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2000. – 1456 с.
4. Абеуова И.Ә., Ағыбаева С.Е., Токтағұлов Г.Б. Педагогикалық психология: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2017. – 132 б.

Б.М. ИСАТАЙ

*Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Филология: қазақ филологиясы
3-курс студенті*

Ғылыми жетекшісі:

А.З. САЛИХОВА

*Филология ғылымдарының кандидаты
Атырау, Қазақстан*

ТІЛІМІЗДЕГІ СЛЕНГТІҢ ТІЛДІК НОРМАҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі кезде жастар сленгісі көп қолданылады және қоғамдағы жастардың бір-бірімен байланысы кезінде көп кездеседі. Өкінішке орай, сленгтің қолданыс аясының қарқынды дамуы тіл тазалығына нұқсан келтіреді. Сленгтің жиі қолданылуы тілдік норма талаптарын сақтамауға бейімделуге алып келіп отыр. Тілдік заңдылықтардың бұзылуына септігін тигізуде. Осы тұрғыда зерттеу жүргізу өзектілігі артып отыр.

Тірек сөздер: тіл тазалығы, сленг, норма, заңдылық, зерттеу өзектілігі.

Аннотация: В настоящее время молодежный сленг широко используется и часто встречается при общении молодых друг с другом в обществе. К сожалению, стремительное развитие сферы сленга вредит чистоте языка. Частое употребление сленга приводит к адаптации к несоблюдению требований языковой нормы, содействует нарушению языковых законов. В связи с этим возрастает актуальность проведения исследований.

Ключевые слова: языковая чистота, сленг, норма, законность, исследовательская актуальность.

Abstract: Currently, youth slang is widely used and often found when young people communicate with each other in society. Unfortunately, the rapid development of the sphere of slang harms the purity of the language. Frequent use of slang leads to adaptation to non-compliance with the requirements of the language norm, contributing to the violation of language laws. In this regard, the relevance of research is increasing.

Keywords: linguistic purity, slang, norm, legality, research relevance.

Қоғамның қазіргі кездегі индустриалды дамуы серпінді жылдам өзгеретін қоғам болғандықтан, тіл де соған байланысты жылжымалы болып келеді. Соның нәтижесінде бір ұрпақтың өмір сүруі кезінде оның сөздік қоры оның көлемінің өсіп немесе кемуімен ғана емес, сөздердің топтары, олардың басқа мағынасы ұқсас сөздермен ауысып айтылуы сияқты қатаң өзгерістер болуда. Сонымен қатар, қазіргі кездегі мәдени-тарихи кезеңдегі қоғам әрқайсысының өзіндік лексикасы, өзіндік сленгі болатын көптеген мәдениетті білімді қозғалмалы жүйе екені мәлім. Қазіргі кездегі мәдени-тарихи кезеңнің сипатты ерекшелігі – жастардың әлеуметтік-демографиялық топтарының бар болуы.

Жастардың екі жүзді әлеуметтік күйлері – олар бала болғылары келмейді, ал үлкендер оларды ешқайда жібермейді – бұл жастарда жастық мәдениеттің тууына және олардың барлығына ортақ болатын өздерінің ана тілінің негізінде өзіндік тілдерін ойлап табады. Бұл ерекше жастар тілі – жастар сленгісі. Егер ертеде сленгизімді қолдануға болмайды деп ойласа, онда қазір бұл шектеулер ешқайда кездеспейді. Одан бөлек олар көп жерлерде көрініс табады: көркем әдебиеттер де, интернет желісінде де, сонымен қатар теледидар мен фильмдерде де қолданылады. Тіл құндылығы биігінен аласармас үшін таңғы шықтай тұнық тазалығына кір жұғып кетпеуі тиіс. Ал, біз сөйлеу мәдениетімізді нағыз қазақтың қалыпты тілі деп айта аламыз ба? «Қазақ бауырмал халық» деп ұрандатқандар елдің ділі ғана емес, тілі де бауырмал болып бара жатқанын сезсе керек. Себебі «тіліміз түрлі неологизмдерді өзіне тез ен-

гізсе, архаизмдеріміз рухани езгінің астында ұмытылып қалып жатыр» десек жалған емес. Сөздік қорымызға еніп жатқан түрлі терминдер де қазақшаға аударылмай, бірден қолданысқа енуі де қазақ тілінің аясын біртіндеп тарылтып келе жатыр. Әдетте бұрынғымен салыстырып жатамыз. Орыс тіліне иммунитеті бар кезде, бір жағы тілге құрметі болар, өткен ғасыр басында бабаларымыз тілге жаңа орыс сөзі енетін болса, оны сол күйінде бүгінгідей сайрай жөнелмей, қазақшаға аударып, «тіл сындырып», қазақша нақышқа келтіріп қолданған. Мысалы, «бәтеңке», «самаурын», «тәрелке», «кереует», «жәшік», «мәшік», «бөтелке» деу арқылы тіл тазалығын сақтауға тырысқан.

Бүгінде тілімізде жаргон сөздердің де қолданысы басым. Негізі, жаргон әлеуметтік диалект болып саналады. «Айналымдарды ерекше лексикамен және фразеологиямен, экспрессиялылықты әңгіме аралық тілден және сөз жасау құралдардың ерекше қолдануымен айырмашылықтары болады, алайда меншікті фонетикалық және грамматикалық жүйеге ие болмайды» [1, 5] – деп, ғылыми түрде түсініктеме беріліп жүр. Бірақ, жаргон сөздер – жастар арасында ауызекі сөйлеуде жиі тараған әдеби мән-мағынасы жоқ үйлесімсіз сөздер. Кейбірі құлаққа түрпідей тиіп, кейбірі тіпті дөрекі естіледі. Қынжылтарлығы, қазақ жастары жаргон қосып сөйлеуді сән қылып алған. Өздерінің тілінде айтқанда, жаргон қосып сөйлесен «колхозсың», қосып сөйлесен қазақтың қара сөзі ала шұбарланады. Бұл ғана емес, осы секілді сөздер барлық сала өкілдерін дендеп келеді. Нақтырақ болу үшін жаргон сөздерді мынадай топтарға бөліп қарастырдым. «Әскери жаргон», «Журналистік жаргон», «Компьютер сленгі», «Жастар сленгі», «Радиоәуесқой жаргоны», «Сленг нашакор», «Футбол бұзақыларының сленгі», «Қылмыстық жаргон». Осылардың ең көп таралғаны – жастар сленгі.

Жастар арасында сәнге айналған сленг атауы ағылшынның «slang, jargon» сөздерінен шыққан. Былайша айтқанда, әлеуметтік диалект. Мағынасы қарап тұрсақ, тұрақты сөз тіркесіне теңеуге болады, бірақ, бұл сөздер не сөздердің жиынтығы ретінде ешқандай фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайды. Тек лексикалық мағынасы ғана болады. Әдетте сленгтер өзге тілден енген сөздер, не ешбір грамматикалық заңдылықсыз қысқартылған сөздер болып келеді. Ағылшын не орыс тілдерінде сленгтер бұрыннан қолданылатын болса, қазақ тілінде мұндай сөздердің дамуына әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің көптеп қолданылуы серпін берді. Мұны жастар «сәнді сөйлеймін» деп мақтаныш көрсе, аға буын «қазақ тілінің шұбарлануы» деп айыптайды. Мәңке би бабамыз: «Шұбарланған тілің болады, дүдәмалдау дінің болады» депті. Жастар арасындағы қарым-қатынаста тұрмыстық, көше тілі кеңінен қолданылады. Бұл әдет біздің тіліміздің тазалығына, сөздік қорымызға зиянын тигізіп жатыр. Мәселен, «маяк таста», «базар жоқ», «супер», «пахан», «матушка», «батя», «прикол ұстама», «тема», «ажека-атака», «доча-сына» сынды сөздер. Бір өкініштісі, осындай сөздерді үлкендердің де қолданып жүргені. «Тәрбие тал бесіктен» демекші, сөз төркінін, мақал-мәтелдің астарын түсінетін ұрпақ тәрбиелегеміз келсе, мәдениетті сөйлеуге үйрету керек. Көркем әдебиет оқу дәстүрін қалыптастыру керек. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру керек. Теледидарға шығатын хабарларға саралау жүргізу керек. Тіліміздің шұрайын, көркемдігін көрсететін танымдық хабарлар жасау керек. Бағдарламаларды жүргізуге тілі шұрайлы, дикциясы анық, кәсіби біліктілігі жоғары деңгейдегі тілшілерді тарту керек.

Ахмет Байтұрсыновтың «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген анықтама әр ұлттың берік ұстанар ұстанымы болуы шарт. Тіліміздің деңгейі биік, сөзіміздің қадірі болсын десек, ұлттық намысты, рухты көтеруіміз қажет. Тіліміз жоғалса, ұлтымыздың да жоғалатыны белгілі. Өйткені тіл ұлтты тәрбиелейді».

Талапбек ақын: «Ұлтымыз әлемдегі сөздік қоры ең бай халықтардың бірі болғандығына қарамастан бүгінгі ұрпақ тіл жұтандығына ұшырап отыр. Әсіресе қалалық жерлерде бұл анық байқалады. Бұның басты себептерінің бірі ақпараттық ағынның дендеп енуі болса, екінші жағынан ұлт ретінде жадымыздың өзгеруінен болса керек», – дейді.

Сленгті не үшін қолданады? – деген сұрақ аясында қарастырсақ. Біріншіден, жастар арасында сөйлеу кезінде жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шектен тыс көп пайдаланып, оның үстіне тағы қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендері бар.

Жастар дағдысына қарай бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда қолдана береді. Қазақ жастары арасында кеңінен қолданылатын сленгтер қатарына: «жынды», «базар жоқ», «өшіп қал», «раха», «братуха», т.б. сөздер қатары жатады. Сонымен қатар, мағынасы әртүрлі сленг қатары да бар. Мысалы, «тусовка» сөзін жастар арасында «мерекелік кеш» деп түсінсе, қылмыстық ортада «ұрылардың жиналысы» деген мағынаны береді. Аталмыш сөздер уақыт өткен сайын ескіріп, жаңарып отырады. Сленг сөздерге жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жігіттердің 50 пайызы, қыздардың 33 пайызы күнделікті өмірде қолданады екен. Онымен күресудің еш пайдасы жоқ. Жас шамасына қарай доғару процесі өздігінен жүзеге асады. Жұмыс барысында сленг сөздер қолданысын саралай отырып, жастар арасындағы тренд сленгтерді де қарастырдық.

Трендтегі сөздер жастардың көретін, оқитын мәлімет, ақпараттарына байланысты қалыптасады. Өзіл-сықақтан, пікір қалыптастыратын тұлғалардан үлгі ала отырып заманауи сөздер пайда болады. Әр жаргон сөз өзінің түпкі мағынасынан ауытқып, басқа мағына беріп тұрады. Өз-өзін түсіндіріп тұратындары бірен-саран. Сол себепті кейбір жаргон сөздерді сіздерге ұсынып отырмын. Тек өзін ғана емес, жастардың көбі тез түсініп қоятын түпкі мағынасымен бірге. Мысал келтіретін болсақ, қазіргі таңдағы жастар арасында ең көп кездесетін, белең алып тұрған сленг сөздер:

«Жиза» –	орысша «жизнь», яғни «өмір» деген сөздің қысқарған түрі;
«Изи» –	ағылшынша «easy» деген сөзді оқылуы бойынша қолдану, аудармасы «оңай» дегенді білдіреді;
«Краш» –	ағылшынның crush деген сөзінен шыққан. Біреуді сыртынан ұнату, жауапсыз жақсы көру;
«ЛП» –	орысша «лучшая подруга» дегеннің қысқарған нұсқасы. МЧ – қыздың кездесіп жүрген жігіті (молодой человек), ЛЧ – сүйікті адам (любимый человек). Қазір мессенджерлерде жиі сөйлесетін болғандықтан, ұзақ жазуға ерініп, сөзді қысқартып жазу сән;
«Хейт» –	біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, оның қаншалық жаман, нашар екенін ауызша немесе жазбаша хабарлау;
«Гоу» –	ағылшынның «go» деген сөзі, «кеттік» деген мағынада қолданылады. Бұл сленгіні қолданатындар «гоу» дегеннің өзін ұзақ көріп, оны «го» деп жазады;
«Сорян» –	«sorry» сөзінің қысқартылған нұсқасы, кешір деген мағынада;
«Ауф» –	кайф, керемет;

Тілдегі табиғаты тұрпайылау жаргон сөздерге айтылуына қарай мағынасын ашуды мақсат еттік. Нәтижесінде, бұл сөздердің айтылуы басқаша, мағынасы басқа екендігі аңғарылды.

Қорытындылай келе, нормаға түскен, жүйеленген көркем әдеби тіліміздің көпшілік қолданысында шұбарланып, желі қолданушыларың сауатсыз түрде қолдануы өзекті мәселе екендігін бағамдадық. Тілдік норманың, тіл мәдениетінің сақталмауы тіл жүйесіне кері әсер беретіндігі сөзсіз. Жастар қолданысындағы жаргон сөздер заманауи тұрақты сөз тіркестері секілді. Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер екені тіл теориясынан белгілі. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді. Жаргон сөздер де солай. Тек айырмашылықтары тұрақты сөз тіркесі міндетті түрде екі сөзден кем болмайды. Ал, жаргон сөз дара күйде келе береді. Тұрақты тіркестер тілге әдемі, ойлы, кейбірі астарлы, көркем күйде келсе, заманауи тұрақты тіркестер тым құнарсыз, қанықтық жоқ, өзге елдің тілдері шұбарланған, көбінесе ауызекі сөйлеуде ғана кездеседі. Әрине, қазақтың алтынға бергісіз, бабасынан қалған тұрақты сөз тіркесі жаргон сөздермен

салыстыруға да тұрмайды дерсіз, бірақ әр дәуірдің өз әдебиеті болады. Бүгінгі күннің әдебиеті болашақта жаргон сөздермен былғанып кетпеуімен күресуіміз керек.

«Осының бәрі ойландырып, «паразит» сөздер ел арасына қалай тез таралып кетіп жүр?» деген сұрақ туындайды. Жаргон сөздер, жастар тіліндегі «сленг» сөздер әзіл-оспақ қойылымдары арқылы активтілігін арттыруда. Мысал ретінде. әзілкеш Нұржан Төлендивтің әр әзілі ел ішінде жаргон ретінде айтылып жүр. Жайдарман жастары қойылымдарындағы жаргон сөздердің қолданысының қаншалықты тіл бұрмалаушылыққа кері әсері бар екендігін байқадық. Әсіресе, сахналық қойылымдарда «басымды кетірмеш», «сушняк», «маяк таста» деген сөздері көп қолданады. Арнайы филолог мамандар ақпарат көпшілікке арналған бағдарламалардағы тілдік қолданыс пен тіл тазалығына мән берсе, мұндай оқылықтарға жол берілмес еді.

Жалпы алғанда, қазіргі таңда жастар арасында ауызекі сөйлеу стилінде ағылшын тілінен енген сленгтерді пайдалану және әлеуметтік желілерде де жазбаша түрде қолдану аясы кеңейген. Сленгтердің табиғатын зерттеген лингвист-зерттеушілер оның стилистикалық ерекшелігіне, құрылымына, қолданыс аясына қарай топтастыра отырып, оның тілді шұбарлау жағын емес, сөздерді дұрыс дыбыстай отырып, олардың пайдалы тұстарын айқындау қажеттілігін қарастыруда.

Қорыта айтқанда, бабадан қалған ана тілімізді Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, мінсіз, таза, терең, кең қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. [<https://informburo.kz/kaz/masele/trendke-ainalghan-sleng-zastar-tilinin-subarlanuynan-qazaq-tili-qagazu-korip-otyрма>] (5 бет)
2. [<https://youtu.be/GyCh2LHRwGI>] (1 бет)
3. Никитина Т. Г. Толковый словарь молодёжного сленга. – АСТ, Астрель, Хранитель, 2007. – 256 с. – 10 000 экз. – ISBN 5-17-022262-9, ISBN 5-271-08297-0, ISBN 5-9762-2082-7.
4. [<https://informburo.kz/pikir/aedilbek-khaba/ate-zhazua-yalmaysyz-ba.html>] (1-2 бет)

А.Б.НҰСТАЕВА
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
Этнолингвистика бөлімінің қызметкері,
«Қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Қандай тарихи дәуірде болмасын халықтар тілінің қоғамдық даму барысындағы атқаратын қызметі өте зор, өйткені ұлттық мәдени дүниенің даму деңгейі тілдің даму шеңберімен тығыз байланысты. Ал осы әдеби тілдің байлығын, мәдениетін, оның көркемдігін, бейнелілігін артыратын лексикалық категория – бұл мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер – бірнеше ғасырлар бойы атадан балаға мирас ретінде беріліп келе жатқан халық даналығы. Кез келген халық мақал-мәтелдерді үнемі естерінде сақталған, даяр тұрған мұра ретінде ұстап, өзінің күнделікті тұрмысында, бір-бірімен қарым-қатынас кезінде пайдалануға, сол арқылы өз ойларын, танымдарын құнарлы да тұшымды, көрікті жеткізуге тырысады. Мақал-мәтелдер халықтың рухани мәдениеті негізінде қалыптасып, өмірдегі көрініс тапқан жайттарды бейнелейтіндіктен олардың этнолингвистикалық сипатын ашудың мәні зор. Өйткені мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық сипатта зерделеу олардың қалыптасу тарихын, мағыналарының даму, бейнелеу мен шығу заңдылықтарын көрсетуде, олардың этностың өмірімен, мәдениетімен, дүниетанымымен тығыз байланыстылығын анықтауда өте зор мәні бар екендігінде дау жоқ. Этномәдени танымдағы мақал-мәтелдер қай ұлттың болмасын ұлттық ерекшелігін бейнелейтін ерекше бір жарқын, мәнді де маңызды өрнегі болып табылады. Олар халық өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен хабар беріп тұрғандықтан «этнос» ұғымымен тікелей байланысты болып келеді.

Тірек сөздер: тіл, мақал-мәтел, лексикалық категория, тарихи категория, этномәдени таным.

Аннотация. В какую бы историческую эпоху ни существовала функция языка народов в процессе общественного развития, так как уровень развития национального культурного мира тесно связан с рамками развития языка. А лексическая категория, подчеркивающая богатство, культуру этого литературного языка, его художественность, образность, – это пословицы и поговорки.

Пословицы-это народная мудрость, которая передавалась от отца к сыну в течение нескольких столетий. Любой народ постоянно старается держать пословицы в памяти, в качестве готового наследия, использовать их в своей повседневной жизни, во время общения друг с другом, тем самым передавая свои мысли, познания. Важно раскрыть их этнолингвистический характер, поскольку пословицы формируются на основе духовной культуры народа и отражают то, что отражено в жизни. Ведь нет никаких сомнений в том, что изучение пословиц этнолингвистического характера имеет огромное значение в отражении истории их становления, закономерностей развития, отражения и происхождения их значений, в определении их тесной связи с жизнью, культурой, мировоззрением этноса. Пословицы и поговорки в этнокультурном познании являются одним ярким, значимым и значимым выражением, отражающим национальную самобытность какой бы национальности она ни была. Они напрямую связаны с понятием «этнос», поскольку передают информацию о жизни, быте народа.

Ключевые слова: язык, пословица, лексическая категория, историческая категория, этнокультурное познание.

Annotation. In whatever historical epoch the function of the language of peoples in the process of social development may exist, since the level of development of the national cultural world is closely related to the framework of language development. And the lexical category that emphasizes the richness, culture of this literary language, its artistry, imagery, are proverbs and sayings.

Proverbs are folk wisdom that has been passed down from father to son for several centuries. Any nation constantly tries to keep proverbs in memory, as a ready-made heritage, to use them in their daily life, while communicating with each other, thereby transmitting their thoughts, knowledge. It is important to reveal their ethno-linguistic character, since proverbs are formed on the basis of the spiritual culture of the people and reflect what is reflected in life. After all, there is no doubt that the study of ethno-linguistic proverbs is of great importance in reflecting the history of their formation, patterns of development, reflection and origin of their meanings, in determining their close connection with the life, culture, worldview of an ethnic group. Proverbs and sayings in ethnocultural cognition are one bright, meaningful and meaningful expression reflecting the national identity of whatever nationality it may be. They are directly related to the concept of «ethnos», since they transmit information about the life and way of life of the people.

Keywords: language, proverb, lexical category, historical category, ethnocultural cognition.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында тілтанымдық ІТ ресурс – «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» әзірленіп, көпшілікке ұсынылды. Қазақ тілінің ұлттық корпусында қазақ тілінің 40 миллион сөзқолданыстан тұратын электронды мәтіндер қоры жинақталған (<https://qazcorpus.kz/>). Оған енгізілген мәтіндер қорына морфологиялық, лексикалық, семантикалық, фонетика-фонологиялық белгіленімдер қойылған. Сонымен қатар Қазақ тілінің ұлттық корпусының құрамына енетін негізгі корпуспен қатар диалектологиялық, тарихи, ауызша, параллель, Ахмет Байтұрсынұлы, ономастикалық, мақал-мәтелдер, жарнама және лингвомәдени ішкорпустар да әзірленіп жатыр.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының (әрі қарай ҚТҰК) құрамындағы Мақал-мәтелдер ішкорпусына академик Әбдуәли Қайдардың «Халық даналығы» еңбегіндегі мақал-мәтелдер, сондай-ақ басқа да паремиологизмдердің мәдени семантикасы ашылып, енгізілді. Мақал-мәтелдер тірек сөздер арқылы қолданушыларға қол жетімді.

Мақал-мәтелдер ішкорпусы қазақ тіліндегі паремиологизмдердің мағынасы ашылып, оқырманға түсінікті, ыңғайлы жүйеге салынады.

Сөйлер сөзге, тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән берген. Ғасырдан-ғасырға жетіп, бірден-бірге ұласып жатқан ел аузындағы небір ғажайып аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жазба деректер осының айғағы. Қай халықтың тарихына үңілсек те, өнер алды саналатын қызыл тілге, шешендік өнерге байланысты керемет асыл сөздерді табамыз. Сол асылдардың бірі – мақал мен мәтелдер.

Мақал-мәтелдер – халықтың белгілі бір өмір тәжірибесінен жинақталған, айқын ойды үлгі-өнеге, өсиет ретінде көркем бейнелеп, жеткізетін халықтың көне де рухани қазынасы. Ел аузында «Ер қазынасы – ескі сөз, ел қазынасы – ескі сөз, тіл қазынасы – ескі сөз» деген мақал бар. Бұл мақал әшейін әлдеқалай айтыла салған сөз емес, өмір жүзінде ел аузындағы ескі де мәнді сөздер.

Мақал-мәтелдер халықтың атам заманғы өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын алтын арқау; олар рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, адамдардың санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден бір кепілі. Бұл қазына байлықтан айрылған этникалық қауым өзінің өткен өмірінен айрылды деген сөз, ондай қауымның болашағы да жоқ [1, 7]. Олардың қалыптасу тарихы тым ерте басталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халықтың өткен өмірі, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасы өзгеріп, білімі, мәдениеті артқан сайын өзіне терең де мазмұнды, дұрыс идеялық мағынаны талап ете бастайды. Соған орай мақал-мәтелдердің тақырыптары да уақыт өте келе молыға түседі.

Мақал-мәтелдердің тарихи категория екендігі «Қазақ әдебиеті тарихы» атты еңбекте де айқын көрсетілген: «Қазақ мақал-мәтелдерінде қазақ елінің басынан кешкен тарихи кезеңдердің із-сүрлеуі айқын көрінеді. Арғы көне заманнан бергі күні бүгінге шейінгі еліміздің тарихи даму жолында кездескен үлкенді-кішілі оқиғалардың бәріне де белгілі мөлшерде мақал-мәтел қазынасы өзінше енші қосқандығы байқалады» [2, 483]. Бұл ойды Ә.Диваевтың: «Мақал-мәтелдер халық творчествосының ең көне түрі. Сонымен қатар олар көне заманда туған күйі қатып-семіп қалған емес, дәуір өзгерген сайын молайып, толығып отырған, халық

тұрмысындағы әрбір елеулі кезең, жаугершілік, шапқыншылық болсын, той-думан болсын, шаруашылыққа байланысты жағдайлар, қуаныш-реніш, мұң-шер, азап пен рахатты сәттер түрлі айтушылардың өңдеулерінен өтіп қалыптасқан, мақалға айналған», – деген пікірі құптай түседі [3, 13]. Әрі мақал-мәтелдердің заман дамуына орай өзгеретіндігін және көбейіп отыратындығын айтады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ерекше байқалатын құбылыс – белгілі бір ұлтқа тән өзіндік ерекшеліктердің азайып бара жатқандығын адамзат өкілдерінің мойындауы. Әрине, мұндай өзгерістер өмірдің бір саласында тым жылдам көрінсе, енді бір саласында баяу орын алу-да. Сондықтан ғылымда «этникалық мәдениет» және «этнос мәдениеті» деген түсініктер қалыптасқан. Қазір жер бетінде басқа халықтар мәдениетінің әсерін сезінбеген этникалық қоғамдастықты табу мүмкін емес. Мұндай жағдай ұлтаралық қарым-қатынастардың тереңдігі мен жан-жақтылығынан байқалады. Өйткені әрбір ұлт өз бетінше жеке өмір сүре алмайды, олардың қазіргі тіршілігі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Кез келген адам өз өмірінде бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа, бір мемлекеттен басқа мемлекетке ауысуы мүмкін, бірақ өз бойында қалыптасқан этникалық тамырларынан мүлде ажырап кете алмайды. Әрбір этностың ұлттық-этникалық көзқарасын, салт-санасын берік сақтап, атадан балаға мирас ретінде жеткізетін ол – халық мақал-мәтелдері. Академик Ә.Қайдар айтқандай: «Мәдениет жеке адам басынан тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым», – деуі мәдениетті тілмен байланыстыра зерттеудің маңыздылығын аша түседі [4, 21].

Тіл мен мәдениет арақатынасы туралы мәселе өте күрделі әрі жан-жақты. Тіл мен мәдениет байланысы бір бағыттағы қозғалыс болып табылады, өйткені тіл өмір шындығын бейнелейді, ал мәдениет – сол шындықтың ажырамас бөлігі. Ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этикалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, рухани, тұрмыстық қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізу үлгісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы және халықтың рухани байлығының, менталитетінің, шығармашылығының бір-бірімен байланысын зерделейтін этнолингвистика ғылымы бір-бірімен астарласып, сабақтасып жатыр. Кез келген тілдік құбылыстың табиғатын тек тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына да қатысты қарастыру этнолингвистика мен лингвомәдениеттану пәндерінің ортақ заңдылығы деуге болады.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері – этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының өзегі. Осы мақал-мәтелдерде халықтың ғасырлар бойы жинақталған заттық рухани байлықтарында терең білімі, тәжірибесі, көзқарастары мен талғам дағдылары көрініс табады. Осы құндылықтарды зерттей отыра, өсіп келе жатқан жаңа ұрпақ олардың мол тәжірибесінен үлгі алады, керегіне жаратады. Осынау ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мол мұралар арқылы ертеде өмір сүрген ата-бабаларымызбен рухани байланысымыз сақталады. Болмыстағы құндылықтарды танып, біліп, олардың қыр-сырын анықтау, жалпы заңдылықтарын ашып, олар туралы ойы мен түсінігін тұжырымдап айту, тағлым етіп ұсынуда адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықты бағалау да объективті заңдылыққа жатады. Әрбір этностың өзіне ғана тән рухани мүмкіншілігінен, өзіндік ұлттық логика мен ойлау жүйесінен туындаған, өз тілінің болмысына сәйкес айтылған даналық қорының қалыптасуы заңды. Мақал-мәтелдерді дүниеге келтіру, объективті болмыс туралы логикалық, философиялық пайымын, ой-толғаныстарын, ұлттың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімі сияқты құндылықтарын ментальдық тұрғыдан қабылдап, бейнелі түрде, қысқа да нұсқа етіп айта білу тек сол ұлт өкілдеріне байланысты ерекше құбылыс. Сондықтан тіл деректері, оның ішінде мақал-мәтелдер тұла бойы тұнып тұрған шежіре саналады. Этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын алдымен солардан іздеген жөн. Тілдің шексіз қазынасын, жылдар бойы толассыз толығып, ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріліп келе жатқан ұшан-теңіз байлығын мүмкіндігінше молынан игеріп, оны халық пайдасына жаратуды көздеген ғылым саласының бірі этнолингвистика десе де болады. Ол этнос тілінің шежіресін, мұра ретінде қалдырған тіл нұсқаларын қамти отырып, оның ішкі жүйесіне тереңірек бойлап, мән-жайын анықтай түсуге септігін тигізеді.

Кез келген этнолингвистикалық және мәдени-танымдық тұрғыдан зерттеу – белгілі бір халыққа тән ерекшеліктерді жан-жақты қарастырады. Ал әр халықтың өзіндік ерекшелігін танытатын тарихы, өмір сүру ортасы, дүниені тану көзқарасы мен наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы сол халықтың тіліндегі тілдік бірліктерде, оның ішінде мақал мен мәтелдерінде ізін қалдырады.

Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық және мәдени-танымдық табиғатын ашу үшін Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты еңбегінде мақал-мәтелдердің мағынасын ашу үшін қолданған әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, біз Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Қазақ филологиясы» мамандығының магистранттарына өткізілген «Ұлттық паремиологиялық қор: генезис және прагматика» пәні барысында профессор А.Жаңабекованың тапсырмасымен жүзтомдық «Бабалар сөзінің» 69 томындағы мақал-мәтелдерді негізгі нысанымыз ретінде алып, мағынасын ашуға талпындық.

Ә.Қайдар екі мыңнан астам мақал-мәтелдердің о бастағы жасалу мотивтері (уәжділігі) мен даму барысында қалыптасатын тура және ауыспалы мағыналары, тарихи-әлеуметтік ортаға, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімге байланысты ментальдық ерекшеліктеріне қарай тура және ауыспалы мағыналарын көрсеткен. Мақал-мәтелдердің мағыналарын ашу барысында осы екі мағынасын ықшам, дәл және көпшілікке ұғынықты болатындай етіп беруге тырыстық. Кейде бір мақалдарда негізгі ой бірден түсінікті, тура мағынасында беріліп тұрады. Мәселен, «Сауытың қалың болса, жараң аз болар» деген мақалдың мағынасы – Сауыт – садақ, қылыш, найза, т.б. қарулардан қорғануға арналған киім. Сондықтан қаншалықты сауыт қалың болса, соншалықты сауыттан оқтың өтуі де қиын болады. «Батырсыған жігітті – жау келгенде көрерміз, шешенсіген жігітті – дау келгенде көрерміз» деген мақалдың мағынасы – адам басына іс түскенде сыналады демекші, дана халқымыз батыр болсын, шешен болсын іс үстінде оны сынап, төрелігін айтқан. Мақалда жігіттің батырлығы жау келгенде сыналады, ал жігіттің шешендігі даудың кесімін айтқанда сыналады дегенді айтып тұр. «Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын жеккен білер» деген мақалдың мағынасы – Әрбір істің ебін білген ғана сол істі нәтижелі ете алады. Сол себепті, мақалда егін егуді еккен адам білсе, арбаның жайын арбаны жеккен адам біледі деп тура мағынасында айтып тұр. «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген мақалдың мағынасы – Сенің жаныңда сенің сөзіңді сөйлер, тілеуіңді тілейтін достарың барда сені сырттан келген қасың сені сындыра алмайды. Сондай-ақ ақылыңмен көрегендігің болса, сені еш дау ала алмайды. «Еңбегі қаттының наны тәтті» деген мақалдың мағынасы – «Еңбектің наны тәтті» демекші, таза адал жолмен келген еңбектің жемісі әрқашанда ыстық. Себебі, еңбек еткен адам ғана оның қандай жолмен келгенін біліп, қанағат етіп, қадірін біледі. Мақал еңбекпен келген нанның қадірін тек еңбек еткен адам ғана білетінін айтып тұр. Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдердің тура мағынасы айқын көрініп тұр. Кейде мақалдардың мән-мағынасын ашуда логикалық ойлау мен түйсікке жүгінуге тура келетін тұстар болады. Себебі, мақалдар ықшам түрде болғандықтан ондағы кейбір сөздерді немесе сөз тіркестерін түсінбей немесе мағынасы толық түсінікті емес кезде негізгі үстеп тұрған мағынаны табуға ойланудың қажеттігі туындап жатады. Мәселен, «Бұзау ұрлаған өгізді де ұрлайды» деген мақалдың мағынасы – Ұрлыққа түскен адам үшін ұрлықтың үлкен-кішісі болмайды. Мақал ұрлық қылатын адам кішіден үлкен дүниелерге дейін ұрлайтынын меңзеп тұр. Ұры-қара үшін ұрламақтың үлкен-кішісі жоқ. «Алыссаң, атаңды жық, аясаң, тұрғызып жібер» деген мақалдың мағынасы – Бір іске бел буғаннан кейін оны не болса да аяғына дейін жеткізу керек. Мақал егер алысып жығам десек соңына дейін, ал егер аяп қалсаң, демеп, көмектесіп жібер дегенді меңзеп тұр. «Есектің артын жу да мал тап» деген мақалдың мағынасы – Бұл сөз қазақ халқының танымында баласына ызасы келіп, қарғап-сілеген кезде айтылатын мақал. Мақал еш еңбектенбей тек жатып ішер болып, жалқауланып кеткен адамға ұнамсыз жұмыс болса да жасау керектігін айтып тұр. «Балығы жоқ көл қысыр, Балы жоқ гүл қысыр» деген мақалдың мағынасы – Қысыр – қашпай төлдемей қалған бойдақ мал. Мақал көлінде балығы жоқ су жетім, балы болмаған гүл жетім дегендей, суында балықтың шабақтары болмаса, гүл ашып тұрып берер балы болмаса онда оның қысыр болғанын айтып тұр. «Көрпе салғанға көрпе сал, Атаңнан қалған құл да болса» деген мақалдың мағынасы – «Сыйға – сый, сыраға –

бал» демекші, сыйлаған адамға сізде сый-құрмет көрсетуіңіз керек. Мақал сені сыйлаған адам қандай болса да, сен оған ол көрсеткен сыйды көрсет дегенді меңзеп тұр.

Қорыта айтқанда, халқымыздың ұлан-ғайыр мәдени мұрасының бір мәйегі – рухани мұра десек, сол мұраның қайнар бұлағы, халық даналығының ұйытқысы – мақал-мәтелдер. Мәдени рухани өміріміздің бүгінгі талабына сай жинақталып, терең зерттелуге тиісті қазына-байлығымыз да – осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер ұлт мәдениетінің бояулары анық көрінетін бағалы қор. Сондықтан қазақ тіл білімінің бір арнасы болған паремиология саласы болашақта кемелдене түсіп, өскелең ұрпаққа сөз дәлдігін, сөз анықтығын танытатын жәдігер есебінде ұлт санасында сақтала берсін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай, 2004. – 558 б.
2. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: 1948. – 440 б.
3. Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.
4. Мирза М. Қазақ-ұйғыр паремиологиялық жүйесінің тіларалық сәйкестігі. – Алматы, 2007.

Қ.ҚУРБАНБЕКОВА

*SDU University магистранты
Қаскелең қаласы, Қазақстан*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Тіл білімінде сөздердің белгілі бір жүйе арқылы қалыптасқан грамматикалық топтар сөз таптарын құрайтыны белгілі. Қазақ тілінде күрделі сөз табының бірі-етістік. Ол туралы алғашқы зерттеу А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. XX ғасырда етістіктің атқаратын қызметіне, грамматикалық сипатына қарай түрлі пікір-таластар көп кездескен. Кейін келе, зерттеу нәтижелері талданып, дәстүрлі жүйеге түсті. Етістіктің күрделі категория екені анықталып, оның ішінде көсемше категориясына көптеген зерттеулер жүргізілді.

Мақаланың негізгі бөлімінде етістіктің категорияларына, оның ішінде көсемше категориясына тоқталып, бірнеше ғалымдардың пікірлеріне толқталып, талдаулар жасалынды. Етістіктің көсемше категориясын тіл біліміне тұңғыш енгізген ғалым А.Байтұрсынұлының еңбегіне тоқталып, көсемше формаларының қызметтеріне шолу жасалынды. Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездескен көсемше формалары аталып, қазіргі қазақ тіліндегі көсемше формаларының сөйлемдегі қызметі аталып, мысалдар арқылы көрсетілді. Ғалымдардың еңбектерінен көсемше формаларының қандай мақсатта жұмсалатындығы және қандай қызмет атқаратынан талдаулар жасалынды. Профессор Б.Қапалбековтың еңбегіне байланысты қазіргі қазақ тіліндегі көсемше формаларының алуан түрлі қызметтері аталып өтілді.

Қорытынды бөлімде ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, көсемше формаларының сөйлемде алатын орны, қызметі ерекше екенін өзіндік тұжырым жасау арқылы ұсынылды. Көсемше формаларының қалыптасуы мен қазіргі қазақ тіліндегі маңыздылығына баға берілді.

Тірек сөздер: Тіл білімі, морфология, етістік категориялары, көсемше категориясы, көсемше формалары.

Аннотация. В языкознании известно, что грамматические группы слов, образованные определенной системой, образуют классы слов. Глаголы – один из сложных классов слов казахского языка. Первые исследования о нем берут начало в работах А. Байтұрсынұлы. В XX веке было много споров о функции глагола и его грамматической природе. В дальнейшем результаты исследований были проанализированы и введены в традиционную систему. Опреде-

лено, что глагол является сложной категорией, и проведено множество исследований по категории предлогов.

В основной части статьи рассмотрены категории глагола, в том числе категория предлога, обсуждены мнения ряда ученых, проведен анализ. Рассмотрены работы ученого А. Байтурсынулы, который первым ввел в лингвистику предложную категорию глагола, а также рассмотрены функции предложных форм. Названы формы предлогов, встречающиеся в древнетюркских письменных памятниках, упомянуты функции предложных форм в современном казахском языке в предложениях, приведены примеры. Из работ ученых был сделан анализ того, для какой цели и функции используются предложные формы. Благодаря работам профессора Б. Капалбекова были отмечены разнообразные функции предложных форм в современном казахском языке.

В заключительной части на основе исследований ученых было высказано предположение, что место и функция предложных форм в предложении особенные. Оценено образование предложных форм и их значение в современном казахском языке.

Ключевые слова: языкознание, морфология, глагольные категории, предложная категория, предложные формы.

Abstract. In linguistics it is known that grammatical groups of words formed by a certain system form classes of words. Verbs are one of the complex classes of words in the Kazakh language. The first studies about it originate in the works of A. Baitursynuly. In the 20th century there was much debate about the function of the verb and its grammatical nature. Subsequently, the research results were analyzed and entered into the traditional system. It has been determined that the verb is a complex category, and many studies have been carried out on the category of prepositions.

In the main part of the article, the categories of the verb are considered, including the category of the preposition, the opinions of a number of scientists are discussed, and an analysis is carried out. The work of the scientist A. Baitursynuly, who was the first to introduce the prepositional category of the verb into linguistics, is considered, and the functions of prepositional forms are also considered. The forms of prepositions found in ancient Turkic written monuments are named, the functions of prepositional forms in modern Kazakh language in sentences are mentioned, and examples are given. From the works of scientists, an analysis was made of the purpose and function for which prepositional forms are used. Thanks to the work of Professor B. Kapalbekov, the various functions of prepositional forms in the modern Kazakh language were noted.

In the final part, based on research by scientists, it was suggested that the place and function of prepositional forms in a sentence are special. The formation of prepositional forms and their meaning in the modern Kazakh language is assessed.

Keywords: linguistics, morphology, verbal categories, prepositional category, prepositional forms.

Тіл білімінің зерттеу нысаны – тіл екені сонау ғасырлардан бері белгілі. Жалпы тіл білімінің салаларына: фонетика, лексика, грамматика, стилистика. Осылардың ішінде бүгінгі күнге дейін көп зерттеулер жасалынған саланың бірі – грамматика. Грамматика саласы өз ішінде үлкен екі топқа бөлінеді. Морфология және синтаксис болып. Морфология жалпы сөздердің құрамын, жасалу жолдарын зерттесе, синтаксис – сол сөздердің байланысып, күрделі сөйлемдердің, жай сөйлемдердің жасалу жолдарын қарастырады.

Сөздердің белгілі бір жүйе арқылы қалыптасқан грамматикалық топтар сөз таптарын құрайды. Сөз таптарын бөлуге сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз болады. Тілдегі сөздерді топтастыру мәселесі тіл білімі ғылымында алғашқы грамматикалардан бастау алған. Оған дәлел адамзаттың бірінші ұстазы саналған Аристотель өзінің еңбегінде сөздерді есім сөздер және етістікті сөздер деп бөлген. Қазақ тіліндегі сөз таптарын тұңғыш бөліп қарастырған қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ғалым А. Байтұрсынұлы болды. Ол өзінің 1914 жылы басылып шыққан «Тіл құрал» атты еңбегінде сөз таптарын екі топқа бөліп қарастырады [1]. Олар: атауыш сөздер және шылау сөздер. Ата-

уыш сөздерге: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті жатқызса, шылау сөздерге: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөздерді жатқызады. Кейін 1915 жылғы басылымда осы топтарға өзгерістер енгізіп, тоғыз сөз табына бөліп қарастырады және оларға анықтама беріп өтеді.

Ғалым, профессор Қ.Жұбановтың ғылыми ой-тұжырымдамаларының басым бөлігі қазақ тілінің сөз таптарына арналған болатын. Ғалым сөздерді таптастыру қағидатына қатысты маңызды пікірлерді алғаш рет былайша қозғайды: «Біздің тілімізде 3 түрлі өлшеуді қабат алып отырған дұрыс. Үшеуінің бірдей сынына толса, сонда ғана бұл пәлендей сөз табы деуіміз керек. Ол үшеудің бірі – мағына, екіншісі – морфология, үшіншісі – синтаксис» [2, 140], – деп, қазіргі қазақ тіл білімінде орныққан сөз таптастырудың үш принципін атап көрсетеді. Сонымен қатар ғалым «Жалғыз мәнмен мәселе шешілмейді. Бұл – тіл, логика емес. Сөз табын ашу үшін әр тілдің өзінде әр мағына қалай формаланған? Осыны тиек қылу керек», – деп, сөздерді таптастырудың семантикалық қағидатымен қатар морфологиялық принциптің маңызды екендігін дәп басып айта білген.

Жоғарғы оқу орындарына арналған А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында сөз таптарын: атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағайлар болып жіктеген [3]. Ғалым сөз таптарының жіктемесінде одағай деп өз атымен ғана атап, оны атауыш сөздер мен көмекші сөздерден бөліп көрсетеді. Одағай сөздер басқа сөз таптарынан құрам-құрылысы жағынан ерекшеленіп, оқшау сөздердің қатарында қарастырады [3].

XX ғасырда қазақ тілінің сөз таптарының бөлінуі, олардың атқаратын қызметі, грамматикалық мағыналарына қарай көптеген ғалымдар зерттеп, ебектер жазған болатын. Жоғарыда аталып өткен ғалымдардан бөлек Ы.Маманов, Т.Сайрамбаев, М.Балақаев, М.Томанов, Т.Қордабаев т.б. ғалымдарда қазақ тілінің сөз таптары мен лексика-грамматикалық мағыналарына байланысты еңбектер жазған. Қазақ тіліндегі ең күрделі, көлемді грамматикалық категория, сөз табы ретінде етістік екені мәлім. Олай дейтініміз, етістіктің күрделілігі лексика-семантикалық сипатынан, грамматикалық формалары мен категорияларының көптігінен, синтаксистік қызметінен айқын көрінеді. Етістіктің осындай сан кырларын зерттеуге арналған еңбектер аз жазылмаса да, оның грамматикалық категория ретіндегі барлық ерекшелігі танылып, толық зерттелді деуге бола қоймас. Өйткені, етістіктің лексика-семантикалық сипатын, грамматикалық ерекшеліктерін толықтыра кететін тұстары кездеседі.

Ғалым А.Байтұрсынұлы етістікке қатысты былайша анықтама береді:

«Етістік-заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөз табы. Оны болған-болмаған істі көрсететіндіктен екіге бөліп қарастырады: болымды және болымсыз, мұнан бөлек оның ерекше екі түрін есімше және көсемшені атап көрсетеді [1, 142]. Осылардың ішінде ең алғаш көсемшеге анықтама беріп, оның атқаратын қызметі мен мағыналарына қарай топтап өтеді.

Тілімізде етістік түбірдің грамматикалық сипатын айқындауда кездесетін пікір-таластар өте көп кездеседі. Мысалы: А.Ысқақов етістіктің грамматикалық категорияларына: 1) қимыл атау категориясы, 2) сабақтылық және салттылық категориясы, 3) етіс категориясы, 4) болымдылық және болымсыздық категория, 5) амалдың өту сипаты категориясы, 6) есімшелер категориясы, 7) көсемшелер категориясы, 8) рай категориясы, 9) шақ категориясы, 10) жіктік, көптік жалғауының шаққа қатынасы [3, 286-287], – деп бөлген болатын. Осыған байланысты көптеген ғалымдар, атап айтқанда: Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтардың бастауымен «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында, сонымен қатар бұл еңбектерге дейін жарық көрген Қ.Жұбанов (1936), С.Аманжолов (1938), І.Кеңесбаев пен С.Жиенбаевтың «Грамматикаларында» (1942) етістік бөлімі сабақты етістік пен салт етістік, болымды және болымсыз етістік, етіс категориясы, рай, шақ, жақ категориялары, есімше мен көсемше формалары үзілмей берілумен бірге, кейбір толықтырулар мен лингвистикалық атаулар тиянақталып, өзгерістер енгізіліп отырса да, белгілі бір дәстүрлі жүйе берік сақталып келеді деуге әбден болады.

Етістік категорияларының көсемше категориясына байланысты көптеген А.Байтұрсынұлы, Ы.Маманов, Н.Т.Сауранбаев, М.Томанов, Б.Қасым, С.Исаев, А.Төлеуов сынды ғалымдар зерттеп, еңбектер жазған. Қазақ тіл білімінде тұңғыш көсемшені енгізіп және оған анықтама берген ғалым А.Байтұрсынұлы. Ол «Тіл құрал» атты еңбегінде көсемше мен есімшені жеке дара қарастырып, «Көсемше дегеніміз – екі етістік қосарынан сөйлегенде алдында айтылатын

етістіктің қысқа түрі. Мысалы: жүріп келді, қарап тұр, жаза бер т.б.» [1,166], – деп анықтама береді. Сол себепті көсемшені көсем түбірінен шыққан, яғни үнемі сөйлегенде алдында келетін етістіктің қысқа түрі деп атап өтеді. Ғалым көсемшенің айтылу мақсатына қарай үш түрге бөліп қарастырады. Олар:

- 1) Үнемді
- 2) Ниетті
- 3) Үнемсіз [1,166]

Созылымды істі көрсету үшін айтылатын көсемшені үнемді көсемше деп атаған. Мысалы, айта бердім, айта бердің, айта берді [1,167] Яғни, іс-әрекеттің ұзақ түрде жалғасқан түрі десек қателеспейміз. Істеуге ниеттеніп тұрған сөз түрін – ниетті көсемше деп атаған. Мысалы, барғалы тұрмын, барғалы тұрсың [1,167]. Сөйлемдегі іс-әрекеттің енді орындалу мақсатына қарай айтылған көсемше деп қарастырсақ та болады. Байқап отырғанымыздай, әр көсемшенің түрлерінде көсемшенің әр түрлі формалары қамтылған. Мысалы, үнемді көсемшеде -а,-е,-й формаларын, ниетті көсемшеге -ғалы, -гелі, -қалы, -келі формаларын ал, үнемсіз көсемшеге -ып,-іп,-п формаларын қамтыған. Ғалым А.Төлеуов болса есімшен мен көсемшені шақ түрлерімен байланысты қарастырып, үнемді, үнемсіз, мақсатты деп бөліп қарастырады [4, 84-94]. Оны 1-кестеден көре аламыз.

1-кесте

1. Үнемді көсемше	-п, -ып, -іп
2. Үнемсіз көсемше	-а, -е, -й
3. Мақсатты көсемше	-ғалы, -гелі

Сонымен қатар ғалым «Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категориялары» (1975) атты еңбегінде көсемшеге мынадай сипаттама береді: «Көсемше басқа етістікті сипаттайтын болғандықтан, оның мағынасы тиянақты болмай, жанама болып негізгі етістіктегі істі толықтыратын форма» [5, 36].

Бұдан өзге Ы.Мамановта көсемшені мағынасына және сыртқы тұлғасына қарай үш түрге бөліп, оған мынадай анықтама беріп өтеді. Ғалым көсемшеге мынадай анықтама беріп, оның сөйлемде атқаратын қызметіне де тоқталып өтеді: «Іс-әрекеттің, қимылдың себебін, амалын көрсететін қосымша қимылды білдіретін етістіктің формасы көсемше деп аталады» [5]. «...-а, -п тұлғалы етістіктердің күрделі етістік жасауы; пысықтауыш және бірыңғай баяндауыш жасау қызметі; құрмалас сөйлем жасауға қатысы және шақ жасаушылық қызметі. -Ғалы формалы мақсатты көсемшені қазақ тілі және басқа түркі тілі грамматикаларында келер шақ етістіктің бір түрі деп көрсетіледі. Әрине, бұл форманың келер шақ мағына білдіретіні рас, бірақ ол грамматикалық шақ емес. Оқығалы отырмын. Оқығалы отырдым.

Оқығалы отырармын дегенде, бұл үш сөйлемнің біріншісі – осы шақ, екіншісі – өткен шақ, үшіншісі – болжалды келер шақ формасында... Яғни ол етістіктің шақ категориясына жатпайды, қимылдың басталар кезеңін немесе бір заттың өзгеру күйін, қалпын білдіретін күрделі етістік формасы болып саналады» [5, 96-97].

Көсемшелер сөйлемде іс-әрекеттің себебін, амалын көрсететін категория екені белгілі. Жоғарыда аталып өткен зерттеулер арқылы көсемшенің сөйлемде арнаулы формалар арқылы жасалатынын анықтадық. Олар: -а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі, -ғанша, -қанша, -кенше. Бұдан бөлек, көсемшелердің мағыналары мен атқаратын қызметіне, оның жұмсалымдық өрісіне байланысты жазған профессор Б.Қапалбековтың 1999 жылы «Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері» атты диссертациясында көсемшенің жұмсалымдық қасиеттеріне тоқталып өтеді. Ғалым «Көсемшелердің жұмсалыу өрісі» атты еңбегінде қазіргі қазақ тілінде көсемшелердің алуан түрлі қызметі бар екенін атап өтеді. Олар:

1) Көсемшелер формалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан қысқа қайырылып, өзінен кейін тиянақтаушы етістікті қажет етіп тұрады да, кем дегенде екі

сыңардан құрылып, жаңа мағына түзетін күрделі етістіктердің көптеген түрін жасауға негіз болады.

2) Көсемшелер сөйлемде етістік арқылы айтылған іс-әрекеттің сынын, тәсілін, мекенін, мезгілін білдіріп, пысықтауыштық та қызмет атқарады.

3) Көсемшелер барлығы бір дәрежеде бәр мүшеге қатысты болатын және салаласа байланысып, бір-біріне бағынбай тұратын бірыңғай баяндауыштарды жасауға да қатысады.

4) Күрделенген сөйлемдерді жасауға көсемшелер де қатынасады.

5) Көсемше жұрнақтары құрмалас сөйлем жасауға актив қатынасады. Олар осы қызметте бір қалыпты тұрып-ақ қос қызметті бір-ақ атқарады: бірі-бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола тұра, сол сөйлемді басыңқы сөйлемге тәуелді етіп тұрады, екіншісі – құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдерді ешқандай қосымша тәсілдердің керекгінсіз-ақ байланыстырып тұрады [6, 13-15].

Жалпы көсемшелер көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап кездеседі. Оған дәлел Профессор Б.Қапалбековтың еңбегінде [6, 17] көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін көсемшенің мынадай формаларын келтіреді:

1) -ып, -іп, -дп, -ұп, -п

2) -пан, -пен, -ыпан, -іпен

3) -а, -е,

4) -у, -ү, -йу, -иү

5) -ғалы, -гелі, -қалы, -келі

Осы формалардың ішінде біздің тілімізде тек 1-3-5 формалары ғана сақталған. Яғни, көсемшені жалпы ортақ түркі тілдерінде де кездесетін категория десек қателеспегеніміз.

Түркологияда көсемшенің атқаратын қызметіне қарай тұтастырушы және біріктіруші деп бөліп қарастырады [7]. Тұтастырушы көсемшелер сөйлемде етістіктің алдында пысықтауыш қызметін атқарып, ол сөйлемді толықтырып, нақытлап көрсетеді. Ал, біріктіруші көсемшелер жалпы сөйлемді құрауға қызмет атқарады, яғни, сөйлемде жәй және құрмалас сөйлемдердің арасын біріктіріп, байланыстырып тұрады [7].

Көсемшелердің сөйлемдегі қызметі өте кең және етістіктің ерекше категорияларының бірі деп айта аламыз. Сөйлемнің толық жеткізілуінде, тиянақты ойды білдіруде көсемшенің орны бөлек.

Қорытындылай келе, қазақ тіл білімінде етістіктің күрделі сөз табы екені анықталып, оның бірнеше категорияларға бөлініп, түрлі қызметтер атқаратыны айтылды. Олардың ішінде жоғарыда айтылған «Көсемшенің – сөйлегенде алдында тұрып айтылатын, етістіктің кең мағыналы категориясы» деген тұжырымдамаға толық тай келісе аламыз. Себебі, оның сөйлемдегі атқаратын қызметі, айтылатын ойды толық жеткізуі, сөйлем мен сөйлемді байланыстырудағы орны зор етістік категориясы екеніне көзіміз жетіп отыр. Көсемшелер көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап әлі күнге дейін сақталып, өз мәнін жоғалтпаған етістіктің категориясы. Етістіктің көсемше категориясын талдауда біраз ғалымдардың еңбектеріне салыстырулар, талдаулар жасадық. Көсемше формаларының сөйлемдегі қызметтеріне тоқталдық. Қазіргі қазақ тіліндегі көсемше формаларының қызметтеріне ғалымдардың еңбектері арқылы мысал келтірдік. Сөйлемді тиянақты жеткізуде көсемшенің рөлі маңызды екені анықталды. Тіл білімінде өзекті мәселелерінің бірі – көсемшенің зерттелуі мен атқаратын қызметіне өз үлесімізді қостық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. «Тіл құрал». – Алматы, 1992.
2. Жұбанов Қ. «Қазақ тілінің грамматикасы» (1 бөлім). – Алматы, 1936.
3. Ысқақов А.Ы. «Қазіргі қазақ тілі. Морфология». – Алматы, 1954.
4. Ысқақов А.Ы. «Қазіргі қазақ тілі. Морфология». – Алматы, 1991.
5. Маманов Ы. «Қазіргі қазақ тілі. Етістік». – Алматы, Мектеп, 1966.
6. Қапалбеков Б. «Көсемшелердің жұмсалыу өрісі». – Алматы, 2006.
7. Насилов В.М. Древний уйгурский язык. – М., 1963. – С. 49.

ОДАҒАЙ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАДА ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақалада одағай сөздердің қалыптасу тарихы, қызметі, қолданылауы және экспрессивтік-эмоционалдық қызметі қарастырылды. Қазақ тіл білімінде одағай сөздерді жан-жақты зерттеген ғалым Ш.Сарыбаевтың еңбегіне шолу жасалып, одағай сөзіне қатысты А.Байтұрсынов, С.Исаев, Қ.Жұбанов және басқа шет ел ғалымдырының айтылған ой-тұжырымдары талданды. Дәстүрлі пікірлер мен жаңа көзқарастарды саралай келе, одағай сөздердің лингвистикалық сипатына қатысты тұжырым жасалды. Сондай-ақ қазақ тілінің лексикалық қорындағы эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктердің қатарындағы одағайлардың орны көрсетілді. Эмоция мен экспрессияға бай одағай сөз категориясын зерттеудің маңызыдылығы анықталды. Еңбекте лингвистикалық сипаттамалы, типологиялық салғастырмалы, одағай мен одағайлы сөйлесімдерге прагматикалық интерпретация жасау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: семантика, морфология, синтаксис, эмоционалды-экспрессивті бірліктер, одағай, прагмалингвистика, теория.

Аннотация. В статье рассмотрена история образования, функции, употребления и выразительно-эмоциональной функции одиозных слов. Был проведен обзор работы ученого Ш. Сарыбаева, всесторонне изучавшего слова Союз в казахском языкознании, проанализированы высказанные мысли А. Байтурсынова, С. Исаева, К. Жубанова и других зарубежных ученых по поводу слова Союз. Дифференцируя традиционные мнения и новые взгляды, был сделан вывод о лингвистическом характере одиозных слов. Также было показано место союзов в лексическом фонде казахского языка в ряду эмоционально-экспрессивных языковых единиц. Определена значимость изучения категории слова, богатого эмоциями и выражением. В труде на лингвистически описательные, типологически связные, унифицированные и унифицированные разговоры.

Ключевые слова: семантика, морфология, синтаксис, эмоционально-выразительные единицы, междометие, прагмалингвистика, теория.

Annotation. The article discusses the history of formation, function, use and expressive and emotional function of conjugated words. In Kazakh linguistics, a review of the work of the scientist Sh.Sarybayev, who studied the words of the Union in detail, analyzed the opinions of A. Baitursynov, S. Isaev, K. Zhubanov and other foreign scientists regarding the word of the Union. After analyzing traditional opinions and new views, a conclusion was made regarding the linguistic nature of conjugated words. Also, the place of unions in the lexical fund of the Kazakh language among the emotional and expressive language units was shown. The importance of studying the category of words, which is rich in emotion and expression, is revealed. The work used methods of pragmatic interpretation of linguistic descriptive, typological comparative, Union and Union conversations.

Keywords: semantics, morphology, syntax, emotional-expressive units, interjection, pragmalinguistics, theory.

Одағайлар толық мағынасы жоқ, затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әр түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер екені белгілі. Олар таңырқау, қуану, шаттану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, жекіру, күрсіну сияқты эмоционалдық жағдайды білдіреді немесе жан-жануарларды, малды шақыру, қуу үшін қолданылады.

Қазақ тілінде «Одағайлар адамның эмоциясын, сезімін, ерігін әрі күнделікті қатынастың көпшілік мақұлдаған әдет-ғұрпын анықтайтын сөздер мен сыртқы дүние құбылыстарын

бейнелейтін өзгермейтін сөздер» деп танылып, одағай сөздердің фонетикалық құрамы, семантикалық мағынасы мен құрылымды-грамматикалық ерекшеліктері айтылады [1, 7]. Одағайларды зерттеу бұл ғылыми ізденістерде жүйелі-құрылымдық сипатта болған. Одағай сөздерді тек тілдік жүйенің бірлігі деп қарау жеткіліксіз. Мұндай шешімдер арнайы, мақсатты зерттеулер нәтижесіне негізделеді.

Одағайлар – ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдеби тілге де эмоционалды-экспрессивті реңк беріп тұратын сөздер тобы. Одағай сөздердің айтылатын ойды көркем де бейнелі, әсерлі етіп жеткізуде орны ерекше. Тілдік қолданыста бірнеше сөзбен, кейде тіпті тұтас бір сөйлем арқылы берілетін адамның эмоционалды жай-күйін, сезімі мен ерігін бір-ақ одағай сөзбен ықшам да ұтымды, әсерлі түрде жеткізуге болады. Сондықтан одағай сөздер белгілі бір мақсатқа сай адамға ықпал етудің ең қолайлы түрі болып табылады. Одағай сөздер тікелей қатысым актісіне қатысты коммуникативтер ретінде прагматикалық салмағы ең басым тілдік бірліктен саналады.

Қазақ тіліндегі сегіз түрлі сөз табымен одағайды салыстырсақ, одағай сөздер өзіндік фонетикалық, грамматикалық және семантикалық қырларымен ерекшеленеді. Одағайлар арқылы шығарманың шынайы эмоциясы беріліп отырады. Адамның ішкі психологиялық жан күйі көркем шығармалардағы диалогтарда көрінеді десек, сол диалогтардағы одағайлардың қолданысы ерекше назарда болады.

Одағай туралы мәліметтер революцияға дейін шыққан еңбектерде кездеседі. Ондағы мәліметтер одағайды сөз табы деп тануда авторлар пікірі әр түрлі болғанын көрсетеді. Кей авторлар оны «частицаға» қосып, морфология қарамағында қарастырса, кейбірі синтаксис ішінде берген. Әрі одағай сөздің мағынасы толық классификацияға түспеген, авторлар негізінен одағайдың көңіл-күй түріне ғана тоқталған.

Атап айтқанда, Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», А.Архангельскийдің «Грамматика народно-татарского языка», П.М. Мелионарскидің «Краткая грамматика казахского языка» атты еңбектерінде одағай сөздер бірінде жеке сөз табы ретінде аталса, бірінде басқа сөз таптарымен бірге аралас берілген. Түркі тілдерінде одағайды жеке сөз табы ретінде беру және оның мағыналық топтарын көрсету А.Н. Кононов пен Н.А. Баскаковтың грамматикаларынан бастау алған. А.Н. Кононов одағайды жеке сөз табы деп дұрыс көрсеткенімен, оның мағыналық түрлерінің қатарына «звукоподражательные слова» түрін қосып атаған. Бұдан автордың өзбек тіліндегі одағай мен еліктеу сөздердің мағыналары арасындағы ара жікті толық қарастырылмағаны байқалады. Н.А. Баскаков та одағайларды еліктеу сөздерден бөлек қарамайды. Оны атауыш сөздердің қатарына қоса отырып, оның «междометия, выражающие чувства, эмоции, настроения, ощущений» и «междометия, выражающие призывы»; междометия, выражающие недовольство» деген түрлері барын көрсетеді [2, 18]. Жалпы алғанда, одағай сөздер эмотивтер, экспрессивтер, социотивтер ретінде әр түрлі прагмакоммуникативті қызмет атқарады. Одағайлардың прагматикалық қолданысы сөйлеу актісінің жүзеге асырылу орны мен жағдайы, қатысымның мақсаты мен коммуниканттардың әлеуметтік-психологиялық қалпына байланысты.

«Ғұлама ғалым, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқулығында, одағай дегеніміз одағайланып, оңаша айтылатын сөздер. Одағай сөздер қазақ тілінде көп. Барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын, барша жекіру, ақыру, тыйу, қайыру, тоқтату, басу, жұбату үшін айтылатын барша қуаныш, реніш, кейістік, уайым, қайғы кезінде айтылатын сөздер хәм шығатын дыбыстар – бәрі одағай болады» деген [3, 18].

Ол одағайларды үш топқа бөліп қарастырған:

- 1) Ілезік одағай: лап, шап, жұлт, жалт, зып, дік, күмп, дүрс, күрс, мырс.
- 2) Еліктеу одағай: шыр-шыр, быр-быр, сықыр-сықыр, күлдір-күлдір.
- 3) Шақырыс одағай, адамды шақырғанда әй! «аттан!» хәм ұран сөздер, малды шақырғанда түйеге күс-күс!, жылқыға: құру-құру!, итті шақырғанда: ка-ка!

Ал Қ.Жұбанов «таптасқан сөздер заттың өзін, сипатын, ісін айырып атау үшін қажет, таптаспаған сөздер заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет» деп, одағай сөздерді «таптаспаған сөздер» [4, 44] ретінде көрсетеді. Мысалы: сорап-сорап су іш дегендегі сорап-сорап таптаспаған, су іш таптасқан сөздер болып саналады.

Одағайлар – түрленбейтін сөздер тобы. Осы орайда С.Исаев «одағай сөздерді сөз табы ретінде қаралуына олардың түрленуі мен синтаксистік қызметі, яғни грамматикалық сипаты емес, ерекше қолданыстық-семантикалық қасиеттері негіз болып табылады» [5, 25] деген пікірді ұстана отырып, одағай сөздерді жеке сөз табы ретінде танылуын олардың жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстеумен байланысты түсіндіруге болады.

Ана тіліміздегі одағай сөздерді жан-жақты зерттеген ғалым Ш.Ш.Сарыбаев болды. Ғалымның бұл еңбегі орыс тілінде жазылды. Кейін қазақ тілінде жеке монография болып шықты. Мектептің бұрынғы оқулықтарында еліктеу сөзбен бірге беріліп оқытылып жүрген одағай сөздер кейін мектеп оқулықтары мен ғылыми грамматикаларға енгізілгенде, одағайдың анықтамасы, ережелері нақтыланып, мағыналары, түрлері, ерекшеліктері анық көрсетілді.

Академик ресейлік түрколог ғалымдардың (Архангельский, Ильминский, Троянский) еңбектеріндегі қазақ одағайлары туралы көзқарастарды бағалай отырып, бірқатар сын-пікірлер де айтады. Ш.Сарыбаев қазақ тіліндегі одағайлардың зерттелу тарихын, оларға тән емлелерді, одағайлардың бір және көп мағыналылығын, грамматикалық ерекшеліктерін саралап, оларды айтудағы интонациялық дауыс ырғағына тоқталады. Одағай сөздерді семантикалық мағынасы жағынан топтастыра отырып, қазақ тіліндегі одағай сөздер туралы нақты анықтамалар береді. Қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін кең қолданылып келе жатқан академик Ш.Сарыбаевтың жіктелімінде одағай сөздер мағыналық жағынан толық қамтылып, қазақ тіліндегі одағай сөздер төмендегідей үш мағыналық топқа топтастырылады:

1) Эмоционалды одағайлар. Бұл топтағы одағайлар адамның әр түрлі көңіл-күйін, эмоциясын, сезімін білдіреді. Одағайлардың бұл тобы сан жағынан мол, семантикалық құбылуы жағынан әр қилы, көп мағыналылыққа өте бай. Бұл топтағы одағайлар әрі жағымды, әрі жағымсыз көңіл-күйді білдіре алады. Осы қасиетіне қарай көңіл-күй одағайлары өз ішінде үш топқа бөлінеді:

а) Жағымды сезімді білдіретін одағайлар: алақай!, /қуаныш пен шаттық/, пай-пай! /масаттану/, субханалла! /таң қалу/, бәрекелді! /құптау, мақұлдау/, оһо! /таңдана риза болу/, т.б.

ә) жағымсыз сезімді білдіретін одағайлар: әттеген-ай!, әттең! /өкініш/, тьфу! /өкініш, жек көрушілік/, бай-бай! /наразылық/, түге!, ищай! /жақтырмау/, фи!, пішту! /жиреніштік/, т.б.

б) жағымды да, жағымсыз да сезімді білдіретін одағайлар: оһ! /риза болу-кекету/, түү! /жақтырмау, жаратпау-куана таң қалу, риза болу/, шіркін! /өкіну, мысқылдау-риза болу, таң қалу/, т.б.

2) Императивті одағайлар. Бұл топқа адам не хайуанатқа бағышталып айтылған шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын одағай сөздер жатады. Бұл одағайлар бағышталып отырған объектісіне қарай үлкен екі топқа бөлінеді.

а) Адамға бағышталып айтылатын одағайлар: айда!, тәйт!, марш!, стоп!, кәне!, жә!, тек!, әлди!, әуп!, т.б.

б) Малға бағышталып айтылатын одағайлар: шөре-шөре!, көс-көс!, әукім-әукім!, мәлік келгір!, айтақ!, жамандатқыр!, т.б.

3) Тұрмыс-салт одағайлары. Бұл топ сан жағынан шағындау, бір мағыналықпен сипатталатын топ. Бұған адамдардың амандасу, қоштасу, т.б. сыйластық жасау мақсатымен айтылатын сөздері енеді: хош!, хайыр!, рахмет!, кеш жарық!, ассалаумағалейкум!, құп!, ләббәй!, т.б. деген сөздер жатады [4, 392-403].

Бұл жіктелімде қазақ тілінің одағай сөздері мағыналық жағынан толық қамтылып, ғылыми негізде дұрыс сарапталған. Алайда орта білім беретін мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған кейбір оқу құралдарында одағай сөздердің ескі, толық емес жіктелімі беріліп жүр.

Одағай сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да қолданыла береді. Одағай сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Мысалы, Япырау, осы сізге түсер пайда бар ма? (М.Ә.). Одағай сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан үтір қойылады. Мысалы: Тұрсам, о тоба-ай, айнала көк шалғын! Сізге, тәйірі, со да сөз болып па? Одағай сөйлемнің соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады. Мысалы, Мұны бастаған кім, ә? Соны айтшы,

бәсе! Әдетте одағайлы сөйлемнің соңынан леп белгісі қойылады. Одағай ерекше көтеріңкі дауыспен айтылса, одағайдан кейін де леп белгісі қойылады. Мысалы; Пай-пай! Шіркін қазақтың келіндері-ай! Қайталанып айтылған одағайлар дефис арқылы жазылады: құрау-құрау, пай-пай, әй-әй, құр-құр. Бұның барлығы қазақ тіл білімінің қатып қалған ерекшелері. Одағайлардың қолданылуындағы пунктуацияның рөлі маңызды. Қазақ тіл білімінде одағайлар сөйлемге ерекше көңіл-күй мен реңк береді.

Одағай сөздер өзінің мәніне сәйкес яғни әр түрлі көңіл-күйін, жекіру мәндерді білдірумен байланысты диалогта, көркем әдебиетте жиі қолданылады. Диалогта кейде одағайлар осы мәндеріне лайық бір сөйлемнің орнына да жұмсала береді. Мысалы;

- Жаңа бір күш біткендей болды!
- Бәрекелді!
- Япырай, ә!

Одағай сөздер басқа сөз таптарымен салыстырғанда ырғаққа, эмоционалдық құбылмалыққа, интонацияға өте бай. Олар көркем шығармаларда, әсіресе диалогтарда көп кездеседі. Тіліміздегі көп мәнді одағайлар әрбіреуі жұмсалатын ыңғайына қарай әр түрлі интонациямен айтылады. Біресе созылыңқы, баяу, бірде жұлып алғандай тез, жылдам айтылады. Ойбай! одағайы үрку, шошыну мағынасында жұмсалса тез жылдам айтылады. Егер таңырқау, таңдану мағынасында жұмсалса, онда созып айтамыз. (Ой-ба-а-ай) Одағай құрамындағы кейбір дыбыстардың созылыңқы, ерекше интонациямен айтылуы – сол одағайлардың мағынасын күшейту мақсатымен жұмсалады. Мысалы: Әттеген-е-е-е! Бәрекелде-е-е! [6, 124].

Одағай толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әр түрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер одағай деп аталады.

Одағай сөздер таңырқау, қуану, шаттану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, жекіру, күрсіну сияқты көңіл күйлерін білдіреді немесе жан-жануарларды, малды шақыру, қуу үшін қолданылады. Мысалы: Япырмау, қайда сол күндер?! (А). Қап, барлық еңбектері далаға кетеді-ау! (Ғ. М.) Моһ-моһ кешкі тымық даланы басына көтерді (С. М.).

Берілген мысалдағы япырмау, қап деген одағайлар арманды, өкінгендікті білдіріп тұрса, моһ-моһ деп сиырға қаратылып я сиырды шақыру үшін айтылады.

Бірақ одағайда, біріншіден, лексикалық (негізгі) мағына болмайды. Екіншіден, сөйлемде одағайлар басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады. Сондықтан да одағай сөйлем мүшесі бола алмайды.

Тағы бір ескере кететін нәрсе, одағайлар сөйлемде сөйлем мүшелерінің қызметін атқармайтыны, сөйлемдегі өзге мүшелермен синтаксистік қатынасқа тікелей түспейтіні, семантикалық, морфологиялық белгілері мен синтаксистік қызметі жағынан өзіне тән ерекшелігі бар сөз табы екендігі тіл білімінде толық дәлелденген.

Ш.Сарыбаевтың пікірінше, одағайлардың семантикалық құбылмалылығы әр түрлі. Бірқатар одағайлар контексте бір-ақ мағынада қолданылса, енді бірқатары екі-үш не одан да көп мағынада жұмсалады. Осыған орай қазақ тілінің одағайлары екі үлкен топқа бөлінеді:

1. Көп мағыналы одағайлар;
2. Бір мағыналы одағайлар.

Көп мағыналы одағай сөздерге екі-үш не одан да көп мағынада жұмсалатын одағайлар жатады. Кейде олар қарама-қарсы мағынада да қолданылады. Одағай сөздер көп мағыналылық қасиетке тек сөйлесімдегі контекст, сөйлеу жағдаяты мен дауыс ырғағы (интонация) арқылы ие бола алады.

Мысалы: Ә!

1) Біреудің сөзін естімей қалғанды білдіреді: Құлағы мүкіс қатты сөйледі. Ақырын сөзді естімей «ә», «ә» деп құлағын төсей берді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

2) Біреудің айтқан сөзін естігендікті білдіреді: Зейнеп қозғалғанда Айдарбек сескеніп, қорқып кеткендей де, қуанып кеткендей де болды... Зейнеп! -деді. - Ә,-деді Зейнеп (Б.Майлин, Таңд.).

3) Біреудің назарын аудару үшін айтылады: – Ә, ә, Бүркітпісің? Аманбысың? деп маған да қол берді (С.Мұқанов, Мөлд.махаб.)

4) Таңдану, таңырқау мағынасын білдіреді: – Ә-ә, ыршып түстің ғой. Шын ғашық екеніңді білдім, – деп күлді Петруха ағай (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн).

5) Қарсылықты мағына білдіреді: Сен сондай, ә мен қандай сол мезгілде? Елжіреп ішім, баурым кеткен мүлде... (І.Жансүгіров, Шығ.).

6) Сұраулық мағынаны білдіреді: Ол келіншек әлгі Сыздық дегеннің қарындасы ғой, қазір өлген ғой, ә? (С.Сейфуллин, Тар жол.)

7) Мақұлдау, қоштау мағынасын білдіреді: Сәуле көмірге сараң болғанмен, сәлемге бай екенсің, ә? (Ә.Әбішев, Замана перзенті)

8) Қатты реніш, күйініш-сүйініш мағынасын білдіреді: Құдайым барлық ақымақ атаулыны менің төңірегіме жинап-ақ берген екен, ә! (Ә.Әбішев, Замана перзенті)

9) Бір нәрсені қайталап еске түсіру үшін айтылады: Ә! Тұрып жатыр екенсің ғой, – деді төргі бөлмеге кіре берген Текебай (С.Мұқанов, Мөлд.махаб).

Жоғарыда Ә! одағайына берілген мысалдардан аңғарғанымыз, одағай сөздердің мағынасы белгілі бір контекст пен сөйлеу жағдайына байланысты әр түрлі мағынаға ие болып, құбылып отырады. Жалпы көп мағыналық адамның көңіл-күйі, эмоциясымен байланысты болғандықтан, көбіне эмоционалды одағайларда жиі кездеседі. Императивті одағайларда көп мағыналық сирек кездессе, тұрмыс-салт одағайларында мүлдем жоқ.

Бір мағыналы одағайлар қай жағдаят, қай контекстке түспесін, қандай дауыс ырғағымен айтылмасын үнемі бір-ақ мағынада жұмсалады [6, 452]. Одағай сөздердің бұл тобының қатарына бірен-саран одағайлар ғана кіреді. Мәселен:

Алақай! Ура! одағайлары тек қуанып, шаттанғанда, мәз болғанда айтылады: Жаз келді жайнап, алақай! Қызғалдағы желкілдеп, шақырады қыр мен сай (М.Хакімжанова, Жыр алуы);

Қап!, Әттеген-ай, Әттең! одағай сөздері әр уақытта өкіну, опық жеу мағынасында жұмсалады: Қап, әттеген-ай! Төрт жыл оқыған институтым көзден бір-бір ұшты (Қ.Бадыров, Өткендер).

Одағай сөздер барлық сөз аталуының түп негізі, қазіргі қолданыстағы сөздердің атасы деп есептесек, қателеспейміз. Сөз дүниеге келмей тұрып, адамдар осы одағайларды тілдесу үшін қолданған. Себебі сол кезеңдерде адамдар өздерінің қуанышын, қайғысын одағайлар арқылы жеткізген.

Қазіргі қоғамда одағай сөздерді ауызекі сөйлеу стилінде де көптеп қолданады. Қолдану арқылы да адамдар ішкі сезімін, өмірге деген қарсылығын көзқарасын, пікірін, позициясын, идеясын, эмоциясын айтуға тырысады. Мән беріп қарасақ күнделікті өмірде біз одағайларды көптеп қолданады екенбіз. Мысалы қарапайым мына мысалға зер салатын болсақ, «мә, шынымен ба?» деген сөзді айналамызда күнделікті пайдаланатын таныстарымыз көп. Бұл жердегі «мә» деген одағай таңырқауды білдіреді. Шынымен ба? деген сөзді өзін ғана айтатын болсақ, бұл жерде эмоция көрінбей қалады. Сол үшін де біз өмірде ішкі эмоциямызды одағайлар арқылы жеткіземіз. Себебі одағайлар айтатын сөйлемге қосымша мән үстеп тұрады. Тұлғаның жан-дүниесінің эмоциясын психологиялық тұрғыдан да терең түйіндейді.

Біз одағай сөздердің экспрессивтік-эмоционалдық ерекшеліктерін кеңінен пайдаланамыз. Қандай одағай сөздерді қолдансақ та, оларды қандай сөздермен тіркестірсек те, оған белгілі бір мағыналық, көркемдік, эстетикалық жүк артамыз. Одағай сөздердің мағыналарын біз әр түрлі қолданамыз: не олардың мағынасын кеңейтеміз, не тарылтамыз. Сөзді бірде тура мағынада, бірде ауыспалы мағынада, бірде екі түрлі мағынада қолданамыз

Мәселен, З.К. Темиргазина «В качестве слова с чисто прагматическим значением в русском языке можно назвать междометия» десе [7, 6], З.Ш.Ерназарова да одағай сөздерді прагматикалық компоненттердің бірі деп есептейді [8, 112]. Қазақ тіліндегі одағай сөздерді коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан зерттеу қазақ тіл білімі үшін маңызды болатыны анық.

Қорытындылай келе, «одағай сөздер – қазақ тілінің сан ғасырлық мол мұрасының көрінісі» деген тұжырымға келеміз. Әлеуметтік қызметі мен коммуникативтік мәні әбден тұрақталған сөз табы. Одағай сөздердің зерттелуі өткен ғасырлардан бастау алып, бүгінге дейін жалғасуда. Одағай сөздер арқылы берілетін эмоция мен экспрессия, адамның көңіл-күйі

тіл білімінің әр саласында талдануда. Одағай категориясын ашып талдауда ғалымдарымыздың ұсынған тұжырымдамаларына анализ жасап, жазушылардың еңбектерінен мысал келтірдік. Бір мағына және көп мағыналы одағай сөздердің қолданылу ерекшелігі мен коммуникативті аясын анықтадық. Әлеуметтік ұжым мүшелеріне түсінікті одағай сөздердің прагматикалық сипатына тоқталдық. Сөз бен сөйлеушінің арасындағы, сөйлеуші мен адресат арасындағы байланыстардың одағаймен қатынасын нақтыладық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбаев Ш. Междометие в казахском языке: автореф. ... канд. филол. – Алма-Ата, 1953. – 19 с.
2. Ильминский Н.И. «Материалы к изучению киргизского наречия».
3. Байтұрсынов А. «Тіл құрал». – Астана, 2022. – 43 б.
4. Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты». – Алматы, 1998. – 44 б.
5. Жұбанов Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер». – Алматы, 1999. – 25 б.
6. Сарыбаев Ш. «Қазақ тіліндегі одағайлар». – Алма-Ата, 1950. – 136 б.
7. Темиргазина З. «Оценочные высказывания в русском языке». – Павлодар, 1992. – 270 с.
8. Ерназарова З. «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол. ғыл. док. диссертациясы». – Алматы, 2001. – 246 б.

А.З. САЛИХОВА

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Филология ғылымдарының кандидаты*

Н.С. Салимова

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Лингвистика магистрі
Атырау, Қазақстан*

АНТОНИМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

Аңдатпа. Антоним сөздер – қоршаған ортаның ойлау жүйесіне, сана-сезіміне байланысты. Адамдар ойлау қабілеті арқылы айналасындағы көзімен көріп, қолымен ұстаған заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиетін өзара қарсы қою арқылы таниды. Осындай қарама-қарсы қойып салыстырудың нәтижесінде мағыналық, яғни қарама-қарсылықты байланыс пайда болды. Мақалада тіл біліміндегі қарама-қарсы мәндегі сөздерді жан-жақты зерттелгендігіне назар аударып, бұл тілдік құбылысты жаңа қырынан талдайды.

Тірек сөздер: семиасология, антонимия, энантиосемия, қарама-қарсылық, антонимдік жұп, оппозиция.

Аннотация. Значение антонимов коррелирует с мышлением и сознанием окружающей среды. Люди осознают через мышление качество и свойство предметов и явлений, которые они видят собственными глазами и держат руками, взаимно противопоставляя их. В результате такого противопоставления образовалась смысловая, то есть противоположная связь. В данной статье анализируется это языковое явление с нового ракурса, обращая внимание на всестороннее изучение слов противоположного значения в лингвистике.

Ключевые слова: семиасология, антонимия, энантиосемия, противоположность, антонимическая пара, оппозиция.

Abstract. The meaning of antonyms correlates with the thinking and consciousness of the environment. People realize through thinking the quality and properties of objects and phenomena that they see with their own eyes and hold with their hands, mutually contrasting them. As a result of this opposition, a semantic, that is, an opposite connection was formed. This article analyzes this

linguistic phenomenon from a new perspective, paying attention to the comprehensive study of words of opposite meanings in linguistics.

Keywords: semasiology, antonymy, enantiosemy, opposite, antonymic pair, opposition

Қазіргі таңда тіл білімінде лексикология мен семасиологияны, сөз және оның мағыналарын жеке алып қарастыру қажет деген пікірлер ұсынылып жүр. Тіл білімі тұрғысынан алып қарасақ, бұл пікірмен келісуге тұрарлық. Дегенмен, бұл екі жүйені бөлек қарастырып, бір-бірінен ажыратуға келмейді. Лексикологияның атқаратын қызметіне сөздік құрамның қалыптасу жайы, ол жерде орын алатын өзгерістер, дамуы мен жұмсалыуына қарай бөлу, қолдану әрекетінің белсенділігіне қарай жіктелуі жатады. Семасиология тілдік құрамның сөз жүйесін және сөзді, біріншіден, осы қағидаларға сай бұл жүйені бастаушы тұрғысынан сипатталады. Семасиологияның негізі – әрбір сөздің түрлі бейнесі, мағыналық өзгеріске ұшырауы. Мысалы, «балалық» сөзінің қарсы мәні ретінде «кәрілік» сөзі қолданылады, ал мәндес сөздер жиынтығы тұрғысынан «жастық, сәбилік, балғындық» сөздері синоним болады. Бұл сөздің мағына тұрғысынан екі мәнде жұмсалатындығын аңғаруға болады:

1. Есеймеген, жас шағы;
2. Оң мен солын ажырат алмау, өмірі алда.

Бұл арқылы сөздік құрамдағы сөздер қай жағынан алсақ та өзара байланыста болады. Сонымен қатар, біз «су» деген сөзді естісек суға қатысты көптеген нәрсе ойлаймыз, сөйлемге сай оның аты да анықтала түседі. Құрамы мен пішініне қарай: көл, мұз, өзен, көлшік. Бұларды өз ішінен табиғи және жасанды сулар деп жіктеуге болады. Демек, барлығына ортақ мағыналық бірлік сұйық күйде болуы. Су деген ортақ мағынасы бар осындай сөздердің тобын мағыналық топ дейміз. Тіл білімі саласында тақырыптық және мағыналық топ деген қос термин сөз бірге қолданылады. Бірнеше зерттеушілер сөздерді тақырыптық топқа жіктеуде тілдік принцип басты назарға ұсынылмайды, керісінше зерттеулердің шынайы қатынастары негіз болады. Ал лексика-семантикалық топ сөздік құрамның лексикалық мәнін басты шарт етіп алады, яғни сөздердің антонимдік, синонимдік мәндеріне негізделеді. Шындығында, бір тематикада байланысқан сөздерден мән жағынан ешбір үйлесімділік болмауы да ғажап емес. Әр сөз бір мағынаға ие. Біз айналадағы зат немесе құбылысты болжап оның мәнін түсінеміз. Әрбір сөзге мағына үстеудің өзі үлкен тәжірибе. Кез келген сөздің мағыналары бірдей болмайды. Сөздік қордың жетілуі кезінде сөздің лексикалық мәнінде де әртүрлі өзгешеліктер орын алады. Тіліміздегі бірнеше сөздер бір мәнді білдіріп, қандай да бір дыбыстар жүйесімен тұрақталады. Кез келген сөз пайда болған кезде, жалғыз ғана мәнге ие болғанымен, қолданысқа түскен кезде оған жанама мағыналар үстеліп отырған. Бұл жайында ғалым Әсет Болғанбаев мынадай пікір айтқан болатын: «..Алғашында бұл сөздерде жалғыз ғана мағына болатын. Уақыт өте келе, сөздік құрамдағы сөздер тағы да жанама мағынаға ие болып, мағыналық өрісін кеңейте берген, нәтижесінде сөздердің көп мағыналылығына негіз болған» [1, 47].

Сөз мағынасындағы қарама-қарсылықты екі ұғымға:

1. Қарама-қарсылыққа;
2. Қайшылыққа не болмаса үйлеспеу категориясына бағытталады. Сондай-ақ қарама-қарсылық ұғымы екі түрде қолданылуы ықтимал:

а) бір заттың тұлғасындағы немесе бір құбылыстағы қарама-қарсылық;

ә) екі ұдай заттың немесе құбылыстың ортасындағы қарама-қарсылық. Мысалы, жоғары – төмен деп келтірсек бұл бір затқа сай, яғни қандай болмасын бір құбылыстың бағытын береді; ал қарама-қарсы мәндегі сөздер кей жағдайда бір затты немесе құбылысты кереғар мазмұнмен береді. Осындай қарама-қарсылық әр түрлі сапа, қасиеттерді бере отырып ашылады. Мысалы, аз – көп (мөлшер), оң – сол (бағыт), ашу – жабу (қимыл) т.с.с. Демек, қарама-қарсылық, М.Оразов айтқандай, бір тұлғада келмейді, екі ұдай тұлғада келіп, алдыңғысы соңғысын толықтырып отырады. Жақсы және жаман деп алсақ, бұл бір заттың екі шеті, оның орта тұсы – орташа. Бұл жұпты қарама-қарсылық мән етіп тұрған қарама-қарсылық бағытқа бұрып тұрған салыстыру емес, сипаттау. Егер де, сау мен ауру деп алсақ, ол бір заттың екі түрлі қалпы ғана. Онда орталық меже, бағалау да жоқ, тек сипаттау ғана бар [2, 146].

Түбір антонимдерде мағынаның қарама-қайшылығы семантикалық тұрғысынан әр алуан префикстердің қосылуымен байланысты, олар сөздер сияқты бір-бірімен антонимдік қатынастарға түсе алады. Бұл жағдайда лексикалық антонимия белгілі бір сөзжасамдық әрекеттердің нәтижесі болып табылады. Сондай-ақ, антонимдердің тағы бір құрылымдық тобы ерекшеленеді, оларда көбіне ішкі қарама-қайшылық байқалады. Сыртқы жағынан (формальды) ол контексттің лексикалық құралдарымен және синтаксистік түрде көрінеді. Мысалы, алып кету (мұнда, үйге), яғни «әкелу» және алып кету (демек, үйден) «әкету». Антонимияның бұл түрі энантиосемия деп аталады. Әр түбірлі де, бір түбірлі антонимдік парадигмалар да тілде, ең әуелі, сөйлеудің зат есімдер, сын есімдер, етістіктер мен үстеулер. Түбірлес антонимдер сөздердің барлық лексикалық және грамматикалық категорияларының арасында кездеседі. Әсіресе, етістіктен болған антонимдер тілде жиі кездеседі, өйткені сөйлеудің бұл бөлігі префиксті формациялардың байлығымен ерекшеленеді. Алайда, антонимдік сөздер құрылымының белгісі оларды сипаттайтын жалғыз нәрсе емес. Антонимдердің лингвистикалық мәнін түсіну үшін олардың семантикалық-типологиялық жіктелуі, яғни антонимдердің негізгі түрлерін парадигмадағы қарама-қайшылықтардың логикалық және ең бастысы мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес, сондай-ақ олардың синтагматикалық қатынастарын негізге ала отырып анықтау маңызды болып табылады. Біріншіден, антонимдік қарама-қайшылықтар олардың бір тақырыпқа немесе әртүрлі тақырыптарға сәйкес келуіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Қазіргі заманғы зерттеушілері антонимдердің бұл түрін конверсиялар деп атайды, яғни бастапқы және өзгеріске ұшыраған түрінде қарама-қарсы қатынасты кері ретпен білдіретін сөздер, онда алдыңғы мағына да өзгереді. Екіншіден, әр түрлі денотаттарға сәйкес келетін антоним сөздер, өз кезегінде, оппозицияның бағыты немесе бағытталмауы тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Мысалы, антонимдік жұптың бірін дұрыс қолданбау қарама-қайшылықтың бағыты семантикалық түрде айқын көрінеді. Ал қалған оппозицияларда, мысалы, «таң-кеш, өмір – өлім» деген жұптарда бағыты көрінбейді. Үшіншіден, қарама-қайшылықтың семантикасы әр түрлі деңгейде, бірдей сапаның, қасиеттің, әрекеттің өлшемін және т.б. көрсете алады: қымбат – арзан, терең – таяз, мұнда мүмкін болатын дәреже, градация логикалық түрде қабылданады. Мысалы, жас – орта жастағы – кәрі. Көптеген антонимдік жұптар сапа дәрежесін көрсетпейді, яғни дәреже белгісінен айырылады. Мысалы, әке – ана, еркек – әйел және т.б. сияқты антонимдердің семантикалық градациясын елестету мүмкін емес. Төртіншіден, (салыстырмалы түрде сирек жағдайларда) семантикалық қарама-қайшылық кейбір толықтыруды білдіруі мүмкін. Бұл жағдайда антонимдік жұптардың семантикасы сапаның көріну дәрежесін, орташа санды табу мүмкіндігін көрсетеді. Оппозицияның екі мүшесі де бір-бірін толықтыратын оң мазмұнмен сипатталады. Сондықтан, бұл жағдайда біреуін жоққа шығару екіншісінің пікіріне тең болып келеді: есік ашық – есік жабық.

Сонымен, антоним сөздердің логикалық-семантикалық байланыстарының сипатын анықтау, яғни қарама-қарсы семантиканы анықтау төмендегі негізгі ұстанымдарға негізделуі мүмкін:

- бір тақырыпқа сәйкестік/сәйкессіздік тұрғысынан;
- бағыттылық/бағыттық емес әрекеттер, белгілер және т. б. тұрғысынан;
- сапа дәрежесі тұрғысынан (яғни сапаның дәрежесі/ градуалдылығы);
- оппозицияның әр мүшесіне тән оң мазмұн тұрғысынан, міндетті түрде бір-бірінің есебінен семантикалық толықтыру қажет. Антонимдік қарсылықтардың құрылымдық және семантикалық мүмкіндіктерін түсіну тілдік антонимдерді сөйлеуде дұрыс және ұтымды пайдалануға, олардың ішіндегі ең маңыздыларын ақпараттық түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Антонимдер немесе қарама-қарсы мағынасы бар сөздер қазіргі таңда лингвистикалық талдаудың өзекті тақырыбына айналды. Бұған антонимия мен антоним сөздіктері туралы бірқатар арнайы лингвистикалық зерттеулердің пайда болуы дәлел бола алады. Қарама-қарсы мәндегі сөздердің пайда болуы, қолданылу мүмкіндіктері қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың өн бойында қарама-қарсылықты сипаттарының болуымен байланысты. Қоршаған ортадағы әр алуан қарсы құбылыстар тілімізде қарама-қарсылықты мағынаға ие болуымен тікелей байланысты. Тілдік бірліктің мағыналық бейнесі көркем мәтіннің әдеби

құрылысын туғызуда әр алуан дәрежеде қатынасып отырады. Жалпы тіліміздегі өзара кереғар құбылыстардың өзіне тән қасиеттері мен болмыстары негізінен олардың сапа мәнін білдірумен сыртқы ортадағы өмірді бейнелейді. Яғни, жамандық болған жерде жақсылықтың бірге жүруі; қымбаттың арзандап, арзанның қымбаттауы; бақ пен сордың қатар болуы, т.б. Әдеби шығарма эстетикалық сала екені белгілі. Бұл ең әуелі оқырманның ішкі сезіміне, санасына берер әсері мол болуы қажет. Көркем шығарманың тілі- әдеби тілдің басты көрсеткіші. Көркем туындыда сөз оралымдары, бейнелеуші тіл құралдары, қаламгердің тіл шеберлігі, әрбір сөзді бейнелі, үйлесімді қолдана білу тілдік бірлікте талдау жұмысын жүргізу барысында мағыналық ерекшеліктер айқындала түседі.

Қазақ тіл білімінде қарсы мәндегі сөздерді зерттеудегі көп көңіл бөлінбеген мәселелердің бірі – контекстуалды қарсы мәндегі сөздер. Қарсы мәнге ие бола алмайтын сөздер мәтін ішінде өзара қарсы қойылып, олар стилистикалық қарсы мәндегі сөздер деп аталады, контексті қарсы мәндегі сөздер құбылысының маңыздылығы және де мұндай оппозицияларды жіктеу бейімділігі әлі де зерттеу жұмыстарынан қажет етеді. Узуалды және контексті қарсы мәндегі сөздерді белгілеу шартты түрде ғана және де дәстүрлі түрде бөлумен тығыз байланысты болып келеді. Біз тілді сөйлеу барысында қарсы қоймай, алайда оларды ажырататын зерттеушілердің пікірлерін қолдаймыз. Сөйлеу тәсілінде белгілі бір жаңа құбылыс өрбіп, содан кейін ғана тілдік жүйеге ауып, дамып отырады. Тілдік дәлелдерде мағынаның қарсылығы тілдік немесе фразалық қарсы мәндегі сөздермен шектелмейтігін байқатады. Тілімізде дара тұрғанда қарсы мәнге ие бола алмайтын сөздер де жұмсалу жолына байланысты өзара қарсы контекске қолданыла береді. Мұндай сөздердегі мағына қарсылығы көп жағдайда мәтінге тәуелді болады, демек, мұндай қарсы мәндегі сөздер сөз мағынасының алуан түрлі жағынан қолданылуына, сөздің стильдік мүмкіндігіне байланысты болып келеді. Сондықтан оларды лексикалық немесе фразалық антонимдерден тыс, стильдік антонимдер деп атаған жөн деген пікір аясына саяды. Тілімізде мағыналары өзара қарсы қойылса да, әрдайым жарысып, бірге қолданылатын, қарсы мағыналы сөз ретінде қалыптасқан кей сөздерді стильдік қарсы мәндегі сөздер қатарына жатқызған дұрыс. Стильдік қарсы мәндегі сөздер сөздің мәндес болуынан да яғни синонимдік қасиетін пайдаланып та дами береді. Көркем шығармада стильдік қарсы мәндегі сөздердің мұндай түрлері жиі ұшырасып жатады. Сөздің тура емес, ауыспалы мағынасын қолдану арқылы да стильдік антонимдер жасалынады. Сонымен қатар стильдік қарсы мәндегі сөздер сөздің синекдохалық ерекшелігін де пайдаланып жасалына береді. Стильдік қарсы мәндегі сөздерді жасау үшін сөздер сапалық мәнді беретін сөздермен тіркесе отырып, бір сөйлемнің ішінде немесе іргелес сөйлемдерде бірінен соң бірі келуі міндетті. Мұндай қатынас сапалық ұғымдардың мағынасының қарсылығын күшейтіп отырады. Қарсы мәндегі сөздер сапаның мәнін білдірген кезде олардың шынайы болмыстағы құбылыстармен қатынасы сипатталады. Егер де бұл қатынас өзгеріске ұшырайтын болса, антонимдік мәндегі сөздердің мағыналары да қоса өзгертін болады. Мұндай өзгерім қарсы мәндегі сөздердің жұмсалуына үлкен әсерін тигізеді. Мұнда қарсы мәндегі сөздер сөйлемнің бірыңғай мүше міндетін атқарады да, қарсылықты мәндегі жалғаулар мен болымсыз мағынадағы сөздер тұрғысынан байланысады. Тілімізде қарсы мәндегі сөздер кей жағдайда өзінің тура мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатын жайттары да кездеседі. Бұл көп жағдайда мысқыл, сатирада шебер қолданылады. Әр алуан деректерді негізге ала отырып, қарсы мәндегі сөздер тілдік және контекстік деп бөліп қарастыру орын алған. Контексті қарсы мәндегі сөздер қатарына мысалдар келтіргендей, әр алуан сөздер қатынасуы мүмкін. Берілген деректерге сүйенсек, бір түбірден болатын қарсы мәндегі сөздердің көп бөлігі контексті қарсы мағыналы сөздерді құрайды екен. Олар мәнерлілігімен және де ерекше реңкімен ерекшеленеді. Көркем шығарманың тілін талдау барысында мағыналық қарсылықтың негізінде жасалады.

Контексті оппозицияларды узуалдылардан бөліп жеке қарастыратын тұстары көп болады. Көптеген мысалдарда берілгендей, қарсы мәндегі сөздердің қайталануы контексті қарсы мәндегі сөздер узуалды сөздер қатарына ауысумен көрінеді. Көпмағыналы сөздің бір мағынасынан айырылуы қарсы мәндегі сөздердің тілдік құрамнан шығуына себепкер болады. Қарсы мәндегі сөздерді тілдік және мәтін ішіндегі деп бөліп қарастырудың басты себе-

бі олардың негізінде болып жатқан қарсылық алдыңғы орыннан көрініс табады. Ал сөйлеуде кездесетін қарсы мәндегі сөздерді алып қарайтын болсақ, мұндай тілдік қарсылықтар іске асады да, ал логикалық жағы соңғы кезекте көрінеді деп айтқан дұрыс.

Жоғарыда айтқанымызды қорытындылай келе, тіл мен сөйлеу тәсіліндегі қарсы мәндегі оппозициялар қай жағынан көрініс табатындығы белгілеп өтетін болсақ, узуалды қарсы мәндегі сөздер оппозициялары градуалды, привативті немесе эквиполентті түрде қалыптасып, логикалық және тілдік қарсы мәнді білдіретін болса, екі немесе одан да көп лексемаларды қарсы бағыттап, адам ойындағы тұрақты қалыптасатын қарсылық ұғымдарын бекітеді. Узуалды қарсы мәндегі сөздер әр түрлі мәтіндерде қатар берілуімен сипатталады. Бұл жай жағдайда қарсы қойылатын формалар айтушының тілдік тәсілдерінен тыс болуы да мүмкін жағдай. Контексті қарсы мәнді сөздер екі және одан да көп тілдік бірліктерді қарсы қою арқылы жүзеге асатын тілдік бірлік. Контексті қарсы мәндегі сөздер тілдік жүйеде өзара қарсы мағынаны білдірмейді, әр түрлі тілдік және тілден тыс жағдайларға байланысты мәтін ішінде өзара қарсы қойылады. Бұл жағдайда оппозициялар сөйлеу барысында бір рет қана қолданылады, оларға қарсы мәндегі құрылымдардың қарсылықты формалары міндетті болып келеді. Осыған сәйкес олар мәтіннен тыс екінші рет қолданылмайды. Контексті қарсы мәндегі сөздердің құрамына узуалды қарсы мәндегі сөздер секілді қарсылықтың өзегі сақталып қалады. Бұл ұстаным бойынша контексті қарсы мәндегі сөздерді жүйелеуге мүмкіндік беріледі. Ғылыми еңбектерде қарсы мәндегі сөздер тек сапалық мәндегі сөз табының біреуіне ғана тән болып келетін әр түбірлі сөздер деп берілетін пікірлер де жоқ емес, дегенмен бұл секілді көзқарастар қарсы мәндегі сөздердің тіл жүйесіндегі көптеген мүмкіндіктерін толықтай қарастыра алмайды. Бұл элементтерге көбінесе лексикалық, грамматикалық біртекті болуы тән болмайды. Контексті қарсы мәндегі сөздерді өрбуі көптеген еңбектерде баяндалған болатын.

Қорыта айтқанда, айналамыздағы кез келген зат пен құбылыстың атауы қарама-қарсы мәннен, салыстырып сипаттаудан туады. Сол себепті де, қазақ тіл біліміндегі сөздің қордың қарама-қарсы мәндегі сөздер арқылы пайдалану өресі мен стильдік деңгейін бөлек қарастыру – тіл біліміндегі айырықша зерттеулерден ашыла түседі. Қарама-қарсы мәндегі сөздер тіл білімі саласында ұзақ уақыттан бері және де жан-жақты зерттеліп келе жатқан сала болғанымен де, қарама-қарсы мәндегі сөздер ұғымына берілген бүгінгі таңға дейінгі әр алуан ережелер мен ой-пікірлер, әуелі қарама-қарсы мәндегі сөздердің әлі де болса да толықтай зерттеліп болмағанына дәлел болса, келесі мәселе, бұл қарама-қарсы мәндегі сөздердің өте күрделі құбылыс екендігіне көз жеткізеді. Қазақ тіл білімінде қарама-қарсы мәндегі сөздер теория тұрғысымен қоса, олардың мағыналық жағынан да әлі күнге дейін көптеген қайшы пікірлер кездеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, «Сөздік-Словарь» баспасы, 2006.
2. Оразов М. Қазақ тілі семантикасы. – Алматы, 1991.
3. Жұмабекова А.Г. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языков: Дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1995.
4. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі //Qazaq universiteti, 2009.

Ф. Т. ЖАНАБАЕВА

*Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы
С.Сейфуллин атындағы № 4 ІТ мектеп-лицейінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Педагог-зерттеуші*

ТАРИХИ ФОНЕТИКА, ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ

Қазақ фонетикасына, орфография мен орфоэпия мәселелеріне, сингармонизм теориясына еңбек сіңірген ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз Жүнісбек Әлімхан Сағындықұлының 85 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған конференцияға қош келдіңіздер.

Түрік жазуына қатысты 1991-1993 жылдары әртүрлі жиындардың нәтижесінде тәуелсіз түрік мемлекеттерінің ғалымдары, түрік дыбыстарын түгел қамтитын 34 таңбадан тұратын ортақ Әліпби үлгісін ұсынды. Мұндағы мақсат-егер де түрік мемлекеттері латын графикасын қабылдайтын болса, онда қажет әріптерді осы 34 таңбаның ішінен алғаны жөн. Сонда түрік халықтарының жазуы бір ізге түседі. Сонымен қатар тағы бір маңызды мәселе шешіледі, ортақ жазу түрік халықтарын басын біріктіретін, ұтымды амалдардың бірі болып табылады.

Тарихи фонетика тілдік дыбыс жайлы ұғымды негізге алады, ал дыбыс жайлы ұғым фонетикалық белгілерді салыстыра қорытындылау барысында қалыптасады. Түркі тілдері тарихында $p > z > й, д // t > z > й, ағ // ығ // уғ // ег // > у // й$ ауысуларының болғандығын анықтаса, қазақ тілінде сол ауысулардың іздері сақталған. Дыбыстық құрамы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздер тек фонема арқылы ғана бір-бірінен ажырап түсініледі. Тарихи фонетиканың қағидалары жүйелі заңдылықтарды қорытындылап, жалпылап беруінде. Жеке дыбыстық өзгерістерді сол дыбыс енетін жүйенің тарихи өзгерісінің бір саласы ретінде түсіндіріп баяндау, тарихи фонетика ерекшелігі. Кез-келген тілдің дыбыс құрамында сол тіл үшін маңызы бөлек, тілдегі қызметі жағынан құнды дыбыстар болады. Ондай дыбыстардың әліпби құрамында міндетті түрде орны, жіктелім кестеде меншікті түрде ұясы болуы керек. Бұл - жазуға қойылатын басты талап. Қазақ тілін - қазақ тілі етіп тұрған, орны бөлек, төрт дыбыс бар: ы, і, ұ, ү. Бұл төрт дыбыстың орны бөлек болып тұрған себебі-тіліміздің іргелі заңдылығы сингармонизмді сақтап тұрған төрт үндесім әуезді жүйе құрауыш дауыстылар осылар. Осы төрт дыбыстың бірі жоғалатын болса, онда қазақ тілінің үндесім жүйесі бұзылады. Өзінің меншікті таңбасы мен емілесі жоқ дыбыс ұрпақ ауыса келе жоғалып жойылып кететіні тарихтан белгілі. Сонымен қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс, 19 дауыссыз дыбыс бар. Бар болғаны 28 төл дыбыс. Қазақ тілінің төл дыбыстарының таңбалары ортақ түрік әліпбиінің ішінен табылып тұр.

Қазақ ұлттық латын әліпбиі

Aa, Ää/Әә, Bb, Dd, Ğğ, Gg, Ee, Jj, Zz, Yy, Qq, Kk, Ll, Mm, Nn, Ŋŋ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Üü, Ww, Ii, İi, Şş.

Түркі тілдерінің ең алғашқы классификациясын жасаған ғалым- Махмұд Қашқари. Тілдерді туыстық жағынан топтастыру XIX ғасырдың басында туып, қалыптасқан. Тілдерді генеологиялық топтастырылуы - тілдердің туыстығына, шығу тегіне, тарихи даму жайларының ортақтығына қарай топтастыру. Дыбыстық, лексикалық, грамматикалық жүйелеріндегі жақындық, ұқсастық бар тілдерді туыс тілдер деп атайды. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде М.Қашқари түркі тілдерін оғыз, қыпшақ, түркі деп үш топқа бөледі. Ол фонетикалық, морфологиялық, лексикалық белгілеріне сүйене отырып, Қашқардан Жоғарғы Шыңға дейін мекендеп жатқан тайпалар тілі және батыста Румға дейінгі жерлерді мекендеген тайпалар тілі деп, түркі тілдерін локализациялық жағынан қарастырады. Ол түркі тілдерін орналасу территориясына қарай терістік және түстік тілдер деп бөледі. Солтүстік тілдеріне: печенег, қыпшақ, оғыз, иемек, башқұрт, басмыл, қақ ябақ, татар, қырғыз тілін, оңтүстік тілдеріне: шігіл, тоқси, яғма, ығрақ, чарук, чомыл, ұйғыр, қытай, табғач, тілдерін жатқызады. Бұл жерде ғұлама тілдерді бөлуде олардың тазалығы мен басқа тілдердің әсерінен бүліне бастағанын негізге алады. Соның нәтижесінде, басқа тайпалардың ықпалына түспеген таза түрікше

сөйлейтін тайпалар қатарына қырғыз, оғыз, қыпшақ, тухси, шігіл, чарук, ығрақ тайпаларын жатқызады. Түркі тілдерінің ішіндегі ең жеңілі оғыз тілі, ең дәлі мен икемдісі яғма, түкен тайпалары және Ертіс, Іле өзендері бойындағы мекендейтін ұйғырлар тілі делінген. Басқа тайпалар тілін иран, парсы, араб тілдерімен араласып кеткен деп түсіндіреді. Өз еңбегінде түркі тілдерінің морфологиясы туралы мәлімет береді де, синтаксис туралы сөз қылмайды. Бірақ М.Қашқаридің екі еңбегі болғандығын XIV ғасырда өмір сүрген мысыр тарихшысы Бадриддин Айни айтқан, өкінішке орай ол еңбегі бізге жетпеген. Еңбектің аты *Китаб-и джавахир ан-нахв фи лұғат ит-түрік* (Түркі тілдері синтаксисіне тиісті гаухарлары) деп аталады. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі үш кітаптан тұрады. М.Қашқари оны 8 бөлікке бөліп жазған: 1.Хамза кітабы, 2.Сәлім кітабы. 3.Музағаф кітабы. 4.Мисаль кітабы. 5.Үш әріпті кітап, 6.Төрт іріпті кітап, 7.Мұрын жолды дыбыстар кітабы, 8.Қос дауыссыз дыбысты кітап. Әр кітап сайын мысалдар есім және етістік болып бөлінген. «Диуани лұғат ат-түрік» түркі заманының қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінен түрлі мәлімет беретін баға жетпес ең құнды материалдарға толы еңбек. Кеңес кезеңінің түркологі академик А.Н.Кононов оны төмендегідей бес салаға бөліп көрсетеді.

1. Түркі халықының әр тайпасына тән сөздік қор;
2. Түркі тайпаларының мекен-қоныстары туралы мәліметтер;
3. Түркі тілдерін топтастыру(классификациясы)
4. Түркі тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи грамматикасы туралы мәліметтер;
5. Түркілердің тарихи географиясы, этнографиясы, поэзиясы мен фольклоры туралы мәліметтер.

М.Қашқаридің *Диуани лұғат ит-түрік* туындысы –түркі халықтары тілдерінің тарихи диалектологиясы бойынша баға жетпес еңбек екенінің дәлелі, араға он ғасыр жуық уақыт өтсе де , ол өз маңызын жоғалтқан емес. Еңбекте тек түрік тіліне тән сөздерді қамтуға тырысқан, түркі тілдеріндегі материалдар оғыз тілімен салыстырмалы түрде берілген. *Диуани лұғат ит-түрікте* 29 түркі тайпасының аты аталады. 110 жер-су атына, 40 ел мен тайпа атауына араб тілінде түсініктеме беріледі.Кітапта екі және төрт жолдық 242 шумақ бәйіт пен 262 мақал-мәтел мысал ретінде пайдаланылған, және олардың 875 сөзі мен 60 мақал-мәтелі қазақ тілінде қаз –қалпында сәйкес сақталған. Еңбектің құндылығы мен оның авторының түркітану ғылымындағы алатын орны туралы ғалымдар берген баға да жоғары. Белгілі түркітанушы А.Н.Самойлович М.Қашқариды XI ғасырдың Радловы деп бағаласа, АН.Баскаков оны түркі тілдерін салыстыра зерттеудің пионері деп есептейді.

Төл әліпби мен төл емле сөзіміздің айтылым –естілім тұрқын бұзбай келесі ұрпаққа табыстайтын аманатымыз. Осы жолда тынбай еңбек етіп келешек дамыған елдердің қатарында болуға, тілі таза , ұлттық қалпімізді сақтаған, білімді ұрпақтарымыз аманатқа адал болсын!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 2 том. – Алматы, 1998. – 579-589 бб.
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1996.
3. Казахи. Историко-этнографическое исследование. – А., 1995. – с. 9-21.
4. Кайдаров А.Т. О принципах этимологического анализа. Этнонима «казах». Вестник АН Каз ССР. 1978. – №8 – с. 32.
5. Кайдаров А.Т. Тюркская этимология: проблема и задачи. Проблемы этимологии тюрк-х языков. – А., 1990. – с.5-25.
6. Құрышжанов А.К. Язык старокыпчакских письменных памятников. Автреф. на соиск. ученой ст. доктора филолог. наук – А., 1973. – с 52-54.
7. Қайдаров Ә. Қаңлы. ҚСЭ. – Алматы, 1975. – т 5. – 455-457 бб.
8. Мусабаев Г.С. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии. – А., 1952.
9. Өмірәлиев Қ. ХУ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – А., 1976.
10. Сыздықова Р.Ф. Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХV-ХІХ ғ.). оқулық / Р. Сыздықова; ҚР Білім министрлігі... – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.
11. Өлімхан Жүнісбек. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018. – 368 б.

TRADITIONAL CULTURE OF SPEECH OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article reveals some features of the speech culture of the Kazakh people on the basis of words of the heroes from the movie «Kyz-Zhibek». At first, the concepts of «culture of language» and «culture of words» will be discussed. We analyzed what was the traditional speech culture of the Kazakh people, what was the reflection of national specificity in language and how it influenced the traditional speech culture through the dialogues of the film's characters. The flamboyant speech, which is specific to the Kazakh people, was emphasized and examples were given. Secondly, it is found out by examples that if we do not use every word in its proper place and speak in the wrong way, it leads to the fact that the words do not reach the listeners, and can even cause the anger of the listener. Finally, dwelling on the fact that speaking in words characteristic of our nation is also one of the features affecting human cognition, it is concluded that if the nature of language is violated, it leads to the destruction of the national character and the change of the nation.

Key words: culture of speech, culture of language, speech expression, national character, language norm, language symbols, ethical norm, artistic speech.

Аңдатпа. Қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары салаланып, грамматикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормалары тұрақтанып, жазба тілдің өзіне тән тұрақты құрылымдары пайда болды дегенмен, басқыншы тілдің, тілдік органдың әсерінен және мемлекеттік тіл саясатының дұрыс жүргізілмеуінен қазақ тілі өзінің дәстүрлі сөз нормасынан айырылып бара жатқаны белгілі. Бұл жағымсыз үдерісті тоқтату, баяулату үшін немесе бұл үрдістің салдарынан оң нәтижелер алу үшін қазақ тілінің дәстүрлі сөйлеу мәдениеті, сөзсаптам нормасы қандай болғанын зерттеудің маңызы зор. Сондай зерттеулердің бір тармағы ретінде мақалада «Қыз Жібек» фильмі кейіпкерлерінің сөз саптауы арқылы қазақ тілінің жоғары эстетикалық деңгейдегі ұлттық сөйлеу ерекшеліктері көрсетіледі.

Мақаланың мақсаты – қазақ тілінің ұлттық дәстүрлі сөйлеу мәдениеті, эстетикасы жоғары ренкте сөзсаптау бірліктері қандай болды және оның негіздері неде жатты деген сұрауларға жауап іздеу. Мақаланың негізгі бағыты – сөз мәдениеті теориясы, ауызша сөз лингвистикасы мәселелері. Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптау мәдениеті қазақ халқының мәдениеті мен құндылықтарынан, дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшелігін көрсететінін дәлелдеу.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптам нормаларын жаңғырту, зерттеу, тіл мәдениеті, стилистика салалары бойынша жаңа тұжырымдар мен болжаулар жасау, дәстүрлі сөйлеу заңдылықтарын сақтап, көтеріңкі стильде сөйлеудің үлгілерін көрсету.

Мақаланы жазу барысында ғылыми талдау, лингвостилистикалық талдау, жинақтау, салыстыру, пайымдау әдістері қолданылды. Зерттеудің материалы ретінде Ғ. Мүсіреповтың сценарийімен 1972 жылы С. Қожықов түсірген «Қыз Жібек» фильмі алынды.

Авторлар мақаланың негізгі нәтижелері мен талдауында қазіргі қазақ тіліндегі сөйлем құрылысы, прагматикасы, орфоэпиясы өзгеріп жатқанын, сөз түзуді сөйлемнің грамматикалық нормасын сақтау ғана деп түсінетін қоғамда, ұлттық тіліміздің өзіне тән ерекшелігінен айырылып қалу қаупі туындап отырғанын айтады. Ұлтқа тән ұйқасқа құрылған сөздермен сөйлеу, астарлап сөйлеу тәсілдері арқылы адамның мінезіне, танымына әсер ету мүмкіндігі бар екенін айқындайды.

Мақаланың құндылығы – қазақ тілінің дәстүрлі грамматикалық, этикалық, коммуникативтік нормасының анықталуы болып табылады.

Мақала тіл үйренушілерге, қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйренем деушілерге, тіл мәдениеті, стилистика салаларында қосымша ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: сөз мәдениеті, тіл мәдениеті, сөзсаптам, ұлттық мінез, тілдік норма, тілдік таңбалар, әдеп нормасы, көркем сөйлеу.

Аннотация. В статье раскрываются некоторые особенности речевой культуры казахского народа на основе речи персонажей фильма «Қыз Жібек». Автор прежде всего останавливается на понятиях «культура языка», «культура речи». На основе диалогов героев фильма проанализировано, какой была традиционная речевая культура казахов, каково отражение национальной специфики в языке и как она влияет на традиционную культуру речи. Для выражения какой-либо мысли и чувства говорящий использует различные языковые и неязыковые знаки. Самое главное при этом - уметь различать знаки и отбирать необходимые, наиболее соответствующие ситуации. Для этого говорящий должен прежде всего хорошо знать лексико-семантические особенности языкового знака. Отмечая в дополнение к этому необходимость различения разных стилевых особенностей, автор останавливается на характерной для казахов манере речи – говорить иносказательно, намеками, с подтекстом, и приводит соответствующие примеры. Во-вторых, автор показывает на примерах, что неуместное словоупотребление не только приводит к тому, что смысл речи не доходит до слушателя, но и может вызвать гнев собеседника. В-третьих, подчеркивается, что свойственная нашему народу созвучная, ритмизированная и рифмованная речь также является одной из особенностей, воздействующих на человеческое познание. В статье говорится о том, что о влиянии языковых изменений на наше познание можно судить по трем приведенным из фильма примерам (иносказательная речь - развивает наше мышление, уместность словоупотребления, немногословность – повышает наше достоинство, рифмованность речи – развивает ораторское искусство). В заключение делается вывод о том, что если язык лишится своей природы, то следствием этого станет изменение нации, уничтожение национального характера и, наконец, гибель народа.

Ключевые слова: культура речи, культура языка, традиционное высказывание, национальный характер, языковая норма, языковые знаки, этическая норма, художественная речь.

Since ancient times, the Kazakh people have highly valued the art of writing, deeply exploring it as the greatest of the arts. Probably for this reason they were very sensitive to the subtleties of speech. Since childhood, showing by example where and how a child should speak, they gave advice such as «Be aware of what you're saying. Be aware of who you're talking to. Be aware of where you are speaking. Be aware of when you are speaking. Be aware of how you speak (Boltirik sheshen)». So, it was very important for the Kazakh people not only to use words in their place following the norm, but also to pronounce the appropriate word, to speak according to the mood of the person.

Language performs a communicative and cognitive function in the process of human activity and is a system of symbols that can reflect any phenomena of nature. Every change, development, retreat, prosperity in human history is all preserved and formed in the consciousness of language. «The height that any nation has reached on the path of social growth and development is forever retained in its mother tongue. The depth of mind and liveliness of any nation will branch out into many spheres and continue to contribute to the golden fund of the native language. The mother tongue will humiliate and blossom. Epochs and tumultuous periods of any nation cannot pass unnoticed in its native language. The mother tongue continues to be created and rejuvenated over the centuries [1, 248]. That is why the language manifests traditions, national realities, social consciousness, everyday features of the nation in a certain period.

M.Zhumabayev: Language is the interpreter of the human soul, thanks to the priceless feelings at the bottom of the heart, the noble thoughts in the depths of the soul man without language can reveal the secrets of the soul and understand the secrets of others. What can a man dream of if he can bear his thoughts and share them with others?! [2, 36] says, the most important function of language is the ability of people to understand each other,

R.Syzdyk: Language is not only a means of communication, but also an aesthetic tool. He says that language is necessary not only for people to understand each other, but also to feel the beauty of

the world [3, 6], A.Salkynbai: «Language is capable of storing information through the semantic and grammatical system of words. With the help of language oral and written opinions and information are stored and spread [4, 6] he says.

It means that language is not only a means of communication, but also a means of transmitting from generation to generation any changes that have occurred in the history of the nation, traditions and customs, culture and literature of the nation that have evolved over the centuries. That is why the language and speech of every nation have differences and special features unique to this nation.

Every society is governed by some well-established rules of etiquette. Norms of etiquette are born through centuries of experience, through the accumulation of historical and social conditions, through the sorting of collected materials in the everyday life. The different norms passed down from father to son help people establish the proper relationship with each other.

There are such norms as language norms and moral norms. They are closely related to each other. For example, if the language norm is strictly observed, but the etiquette norm is not observed, then, conversely, if the etiquette norm is observed and the language norm is not observed, the communicative relationship will be violated. A person plays a certain social role in everyday life. Sometimes as a customer who came to buy something in the store, sometimes as a passenger on public transport, in another case as an older brother, sometimes as a neighbour, a reader, a driver, etc. must perform different social roles. These roles have their own characteristics of speech. A communicant is immediately conspicuous if he deviates from the usual order of speech. Because it is a deviation from the norm. And the main purpose of norms is to regulate the relations of members of society. In order to cognize, analyze, and study this language norm, let us turn to the concepts of «Culture of language», «Culture of speech».

In our article we will try to find answers to questions such as: What was the traditional speech culture of the Kazakh people? What is the influence of different cultural processes on the language? What was the reflection of the national peculiarity in the language and how did it affect the traditional speech culture?

First of all, let us dwell on the terms «culture of language» and «culture of speech». Although these two words are synonymous, each has its own specific characteristics. The concept of the term «culture of language» is very broad. It includes activities towards the creation of grammars, dictionaries and various reference books that directly help to improve the language, which is a means of many communications, and to form its basic norms (system and structures), as well as such issues as word formation and speech etiquette. The culture of speech means how we master the means of communication and how we use them in life, whether we can correctly, accurately, efficiently, meaningfully and effectively use its various techniques. Thus, the culture of speech primarily means mastering grammatical, lexical, stylistic, orthoepic norms of literary language, as well as the ability to use descriptive and decorative techniques in accordance with the purpose and content of communication [5, 13]. In our article we address the question of what are the differences in the traditional speech culture of the Kazakh people. That is why we are working with the concept of «culture of speech».

Each person tries to explain his words to the other party (the listener). For that purpose he uses different linguistic/non-linguistic units during communication. The use of linguistic/non-linguistic units during the explanation shows the culture of speech of this person. Speech culture implies a high level of general culture and culture of thinking of the person.

To speak without deviating from the established norms, to use words according to the norms is very important for the culture of speech, but it is not enough.

Considering the linguistic structure of the spoken (written) word in close connection with non-linguistic meanings; addresser/addresser factors; determining the compatibility of linguistic symbols in the structure of the word with the real world; determining the compliance/non-compliance of symbols in the structure of the general knowledge fund in the cognitive consciousness of the text-maker and cognitive consciousness of the text-receiver with non-linguistic circumstances, etc. Also to determine, etc. problems of the ability of the recipient of the text to adequately reveal the thought, feeling, intention of the speaker (writer) encoded with the help of linguistic symbols is a communicative aspect of the culture of speech [7, 48].

«The first condition for a nation to be a nation is the existence of language. The beginning of the dwindling of the language of the nation indicates that the nation has begun to be destroyed. Nothing should cost a nation more than language. The land, the history, the way of life and the character of these people are clearly visible in the language of this nation, as in a mirror. In the Kazakh language, the vast Kazakh steppe, then quiet as a windless night or turbulent as a whirlwind history, life in the yellow steppe, unhurried, calm character – all can be seen. The Kazakh steppe is wide. The language is also rich. [2, 115] says M.Zhumabayev. And B.Momyshuly says: Kazakh language is a wonderfully perfect language, which with its beauty melts the body, makes the roots tremble, revives the soul structure, fills the ear with its sharpness, it helps the man and the country in difficult times, and makes silent not only man, but also the situation [6].

Indeed, the sight of the fescue steppe, awakened by the sound of horses' hooves and smelling of wormwood; the melody of the dombra, which emerged from the roar of the camel, which lost its young camel, the darkened kobyz and the gallop of the lame kulan; the deeply heartfelt words of the Kazakh biis and sheshens and elderly zhyraus, who believed that «the words are a mountain, but the essence is as small as a grain» [4, 13] form the basis of modern Kazakh speech. Through these words we get answers to questions about what our culture and thinking was, how we came to know this true world, how we systematized it, and how we were able to show it.

«Kazakh people paid special attention to speech, to verbal influence, to achieving their goals, and highly valued the art of speech. This is a peculiarity of the Kazakh language. Kazakh people enumerate all arts inherent to the human being, and put the art of speech in the first place by saying, «The highest art is eloquence». Because they understand that «Language is the mirror of the mind» and «Eloquence is the support of the soul» [8, 11]. That's why they have always strived to speak correctly, to speak systematically, to speak appropriately, and to speak qualitatively. In the peculiarities of our people's speech, the culture from greetings to farewells is enshrined in the «unwritten law» of the field institution. How to talk to an elderly person, a young man, a woman, a small child, jokes among peers, uncle and nephew, son-in-law and sister-in-law, the relationship between parents, daughter-in-law and parents, acquaintances, strangers, etc. all types of relationship between people was regulated by the established ethical norms. Not only the speaker, but also the listener has his own etiquette. Kazakhs are a listening people, they took few words for gold and did not like a lot of words considering them as coal, they said that «many words do not win, the exact word wins» and attached great importance to not saying much, they tried to speak accurately and briefly.

Modern society is a time of advanced science and technology. Accordingly, the civilization of consciousness develops and grows. One thing is clear, as human consciousness and worldview change, so does society. Changes in society lead to a change in values and influence the speech culture of a person. So we are looking for an answer to the question of how Kazakhs used to speak, to find out what was the norm for Kazakh society and what was not. That is, we will determine how it happened in the traditional and in the literary norm. Because the culture of speech relies on the literary norm.

For this purpose, we analyzed the speech culture in the movie «Kyz-Zhibek» by S.Kozhikov based on the epic «Kyz-Zhibek» for our object of study. The script for the film was written by the eminent writer G.Musirepov. The epic «Kyz-Zhibek» was written around the 17th century. M.Sergaliev says: «G.Musirepov was not limited to writing a literary work that had the task of giving aesthetic education to thousands of readers. The famous word-painter draws attention to the subtleties of the art of writing, the ability to use words correctly, the spiritual power of language, the features of language culture» and speaks on these topics in large and small meetings [9, 5].

Looking carefully into every word of the native language, we can understand that the writer, who did not understand word formation as only the observance of grammatical norms of sentences, and demanded the same from other poet-writers, treated each word in this work with great responsibility. Here is an excerpt from the dialogue between Bekezhan and Zhibek in the film:

– Bekezhan aga (brother), if you still can't finish the poem of Ak-Jaiyk, then the people will finish it. If you had something to take, you would have taken it. If you want to save me from the humiliation of others and establish your own violence, this country will not cave in to that...

– Zhibekzhan, maybe you didn't say for nothing that I had not received yet what I want. You might be thinking what you're saying. So, I'll be quick to catch on, too. It is true that I have something to take. Your father told me to choose what I wanted. The wish hasn't come true yet...

– Perhaps your desire is not the blood of a swallow or the soul of a man. If he wants to give, he will give. You will receive...

– If that is not so, let it not be a desire at all, Zhibekzhan!

– Would it be more appropriate if you change your mind?! [10]

From this passage we can notice the flamboyant speech that is characteristic of Kazakh speech culture. Bekezhan explains to Zhibek that he will ask her father for her hand, and she is the one he will get. Zhibek understands this and expresses her disagreement. Another feature of our people is the culture of calling someone older than themselves a brother (aga, koke), sister (apke), or aunt (apai), as well as adding -zhan, -tai, or -bai suffixes to the name of a younger person (Zhibekzhan, Magzhantai, Armanbai). Also in the film there are Tolegen's words: «Dad, hiding in the sand and sheltering in the hill, no one was a country, and a sheep that will go on the wind, fleeing from the downpour will become prey for the wolf». Here, too, instead of the common understanding that separating from people is wrong, the cleverly spoken word helps make his words more fluent, using stories based on familiar events. «To speak flamboyantly is not to conceal thought, but to speak allegorically, directing to those who understand, to temporarily withhold thought. To speak flamboyantly is not to conceal thoughts from the people sitting, it is a gesture, a hint (an idea, a concept) conveniently expressed and deliberately used according to the understanding of the person who needs it, so that he does not understand it until the time is right» [11, 181].

Speaking flamboyantly is a manner of speaking that is characteristic of our nation. It is a phenomenon that shows not only our speaking skills, but also our culture of speech, and deepens our thinking abilities. Today, the culture of speaking flamboyantly is almost non-existent. It is now being reinforced to say all the words without bending them. Because it is alien to our culture, our language loses its naturalness. On this day, finding words, speaking flamboyantly, and speaking in gestures are all a thing of the past, and the high self-esteem of using every word in its place is gaining momentum.

– I mean, did you just threaten me in front of a girl?!

– Yes. Is it clear now that you're behind?

– No, I thought a man would talk to a man in a manly way.

– Did I speak in a woman's way?

– Judging by your verbosity, it is impossible to say that you are far from women...[10]

This excerpt is a dialogue between the main characters Bekezhan and Tolegen. In the passage, combinations such as threatening, speaking in a man's way, and speaking in a woman's way, verbosity have their own particularities. If one of them is said inappropriately, it immediately stands out as a deviation from the norm. Here our attention was drawn to the fact that Kazakhs in general do not like it when a guy talks a lot. They raised their sons not to be verbose, not to engage in excessive words, not to swear. «The son of a noble man, speaks less and listens more» they said, impressing upon the mind that terseness is one of the characteristics of a real man. In the passage above, Tolegen criticizes Bekezhan's verbosity, his words, and his excessive talking in front of the girls by saying: Judging by your verbosity, it is impossible to say that you are far from women... Today, the consequences of men interfering in every conversation and saying appropriate and inappropriate words lead to a reduction in the significance and masculinity peculiar to men. «As a rule, if something increases, the price of this thing decreases» (G.Musirepov). Is it possible to think that in today's society the value of man has decreased and his significance has begun to diminish because of verbosity?!

The dialogue between the khan and the hero is presented in the excerpt below. As you can see, the word batyr (Bekezhan) is woven with a certain rhythm, may follow, may not follow; I wanted to say, I wanted to ask, I wanted to tell; I leave, saying that we reconciled, I leave, saying that we quarreled; these words gave the addresser's speech a stylistic touch and condensed its emotional and expressive coloring. «...Compared to their neighbors, the Kazakhs have developed the art of oratory. His language is polite and easy to understand. Kazakh makes every word so playful that it not only demonstrates improvisational oratory in verse, but his usual language, the structure of words and

phrases, has a certain melody and rhythm, so the language itself is like a visual poem. The language is figurative, the order of the words gives a clear and precise meaning, so there is every reason to call the Kazakhs «The French of West Asia». As I have already written, we cannot be surprised that this nation has a very rich folk literature» [12], we believe that this is a reflection of the Kazakh style of speech, which was mentioned by V.V.Radlov.

– Your Majesty!

– Say it, my hero.

– If I tell you, I either follow you or I don't. That's what I wanted to say. There was a move noticed. I wanted to ask if that would be fair. You asked me what my wish was. I wanted to say it. If you give, I'll leave saying that we reconciled, and if you don't, I'll leave saying that we quarreled.

– My darling! Don't show your strange behavior! Who am I if I break the bond between you two and give my heart to one of you?! I will bless the one my daughter likes. I won't do anything else than that.

– Each bundle has a root rod. If I spend the night reciting shekti, you say, «Bow to Zhagalbayli». I did not bow my head. Another situation will happen to you, and my place is Kosoba. Now I will challenge you too. Goodbye...

– Goodbye![10]

If you keep using the word as you go, the face of the word will be dull, the tip will be bent, and what you want to say will not be heard. As Abay said, if you don't pronounce correctly what is in your mind, it will be useless. [1, 250]. In fact, for Kazakhs, who consider words to be the greatest art, the loss of value of words today may be due to the fact that words are used as they are. There is no bad word in our language, it is the fault of those who do not know how to use the word instead, if every word can properly find its chosen, graceful place in a sentence, then even a simple word can play the role of poetic language [13].

There is a notion that one must have a high culture in order to speak correctly, well, and artistically. The communicative quality of speech is also related to the culture of thinking. No effective words will emerge from a strict and banal mind. The speaker's linguistic image evokes austerity [7, 139]. Positive, negative, ethical, aesthetic, intellectual, psychological, and other evaluative categories emerge from the word usage of the people around us. That is, all the nation-specific linguistic, cultural, cognitive and axiological categories are reflected in the words, intentions and behavior of the speaker. Our people, who define the value of a person in two words, have long appreciated the art of speech, the power and beauty of words, and have come to know what a person is like by looking at his words. Everyone tries to get their message across correctly, attentively, and understandably to those around them. That is why they deliver their speech in different ways, depending on the education, nationality, and social status of the addressee. The more compact, clearer, melodious and clearer the speech, the more it will be heard, will reach the listener and will not tire the listener. Our national speech culture had all these qualities. Such phrases as terseness, beauty of melody, expressive speech, sharpness, clear wording, giving precise meaning, highlighting a certain melody and rhythm in the structure of words and phrases, sufficient explanation of one's case, beautiful aspect of character, strong semantic aspect, our traditional vocabulary are mentioned in the description of national colors in our language. That's why Kazakh people spoke that way, and it was a traditional Kazakh vocabulary.

In general, «Kyz-Zhibek» throughout the film shows the typical Kazakh culture of speech, by verbal and non-verbal actions, by the clothing and behavior of the characters. It is well known that all of this is very important in providing information.

In conclusion, the concept of culture of speech is the correct use of words. That is, it means parsing each word in its proper place, in accordance with established norms, with stylistic features, in a very precise, salient, rational form. The culture of speech is aimed at daily active, urgent intervention in the social life of language, generalizing the achievements of grammar, stylistics and other branches of linguistics [5, 16].

The addressee uses various linguistic and non-linguistic symbols to express a thought or feeling. The most important thing is to be able to distinguish the symbols that correspond to the situation,

to be able to find the most appropriate symbols. To do this, first of all, the speaker must know well the lexical and semantic meanings of the linguistic symbol. In addition, it is necessary to be able to distinguish different stylistic features.

M. Zhumabayev says: What in the world is more valuable than the words of a man who discovers and unravels the thoughts that lie deep within, the burning secrets that lie beneath the seventy layers of the heart?! Indeed, there is nothing stronger than words. Words are man's greatest weapon.

Native language is the eternal problem of the nation that created and continues to create the language that embodies the past, present, and future [1, 249].

How changes in language affect our knowledge can be understood from the three examples in the above film (speaking flamboyantly – increases our thinking ability, appropriate words, terseness – increases our dignity, memorized words – develops the art of oratory). Therefore, if language loses its nature, it is clear that language will lead to the change of the nation and the destruction of the nation.

References:

1. Musirepov G., Mustafin G. Multivolume. About Literature. – Almaty, 2012. – 424 p.
2. Zhumabayev M. Pedagogy. – Almaty: Native language, 1992. – 160 p.
3. Syzdykova R. Linguistic norm and its formation (codification). A Multivolume collection of works. – Almaty «Yel-shezhire», 2014. – 292 p.
4. Salkynbai A. Language and culture. – Almaty: «Kazakh University», 2001. – 136 p.
5. Uali N. Theoretical foundations of the Kazakh literature. Author's abstract of the thesis prepared for the degree of Doctor of Philology. – Almaty. 2007.
6. Uali N. Kazakh traditional vocabulary. – Almaty. 2021.
7. Aitbayev O. Problems of Kazakh linguistics. – Almaty: Arys, 2007.
8. Sergaliyev M. Gabit Musirepov and the culture of language. – Astana, 2003. – 112 p.
9. Tileuzhanov M. National education. – Almaty: «Rauan» Publishers, 1996. – 302p.
10. <https://www.youtube.com/watch?v=dO8mhHcGUM8>
11. Radlov V. Siberian records. Chapter V. Turkish nomads: the Kazakhs // Thoughts of European scholars on Kazakh culture. – Almaty, 1992. – 49 p.
12. Zhumaliyev K. Literary Theory. – Almaty: Kazakh State Educational and Pedagogical Publishing House, 1960. – 247 p.

А. Ж. БЕРИКБОЛОВА

*ҚР С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың
Қазақ, орыс филологиясы және
журналистика кафедрасының
сениор лекторы, ф.ғ.к.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛЬ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ПРОСОДИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ КЕЙБІР КӨРІНІСІ

Аңдатпа. В статье рассказывается о некоторых проявлениях просодических средств в текстах функционального стиля казахского языка

Abstract. The article describes some of the manifestations of prosodic approaches in the texts of the functional style of the Kazakh language.

Ұлттың ұлттығын сипаттайтын құндылықтар қатарында тілдің алар орны ерекше. Әлемдік мәдениеттер арасында ұлттың өзіндік табиғаты мен бет-болмысын алдымен тілі арқылы, оның тілдік санасы арқылы танылады. Тілтанымдағы негізгі бағыттарының бірі тілдік құбылысты тек формалды жүйе ішінде ғана емес, әлеуметтік ортада қолданылатын қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру болып табылады. Осыған байланысты қарым-қатынастағы сөздің қолданыс механизміне, оның қарым-қатынас шарты мен мақсатына, адресат пен адресант тұлғаларына сай берілу жолдарын функционалды стилистика мен просодикалық аспектіде тұтас қарастыруды мақсат еткен аталмыш тақырып - сонылығымен өзекті.

Тілдің коммуникативтік қызметі жеке тіл бірліктерінің қарым-қатынас қызметімен түрлі факторлар негізінде жүзеге асатын болса, оның өзі функционалды стильдермен тығыз байланысты. Өйткені, функционалды стильдермен қатар жүретін интонация құбылысы сөйлеу коммуникациясы арқылы жүзеге асады. Функционалды стильдер – сөйлеу фактісінің өзегі, ғылым саласы ретінде ертерек кезден зерттеліп келеді.

Түрлі жағдайда дұрыс қарым-қатынасқа түсу, тілдегі лексикалық бірліктер, морфологиялық көрсеткіштер, синтаксистік құрылымдарды нормаға сай қолданудан ғана емес, дұрыс дауыс сазымен сөйлеуге де байланысты. Функционалды стильдердің әр қайсысын дыбыстаудың өз интонациясы бар. Функционалды стиль мәтіндерін түзуде олардың орфоэпиялық, лексика-фразеологиялық, грамматикалық нормасы сақталып, поэтикасы жоғары болуда, әр ойдың тыңдаушының жүрегіне жетуінде, просодикалық тәсілдердің атқаратын қызметі, арқалайтын жүгінің маңызы ерекше. Осыған орай бұл тақырып түрлі жағдайда, түрлі ортада, түрлі тұлғалардың өз деңгейде дұрыс қарым-қатынас жасауы үшін, әр ойдың өз тыңдаушысына келдіргісіз жетуі үшін, әр функционалды стильде сөйленген сөздің өзіндік интонациясы қандай болуы керек деген мәселені көтергені үшін өзекті болып табылады.

Сөз болып отырған мәселе төңірегіндегі негізгі ұғымдардың мәніне тоқталсақ, А.Байтұрсынов функционалды стиль ұғымын тілдік және тілдесім деп түсінген, ғалымның пайымдауынша функционалды стиль - «сөйлесудің» бір түрі [1, 12 б.].

2004 ж. «Қазақ тілінің орфографиялық анықтағышы» жарыққа шықты бұл еңбекте функционалды стильді мынадай жүйеде көрсеткен: «Қоғамдағы әр түрлі қарым-қатынасты жүзеге асырудың құралы ретінде қызмет ете келіп, тіл белгілі салаға бейімделе түседі. Осы салалардағы қарым – қатынас әдеби тілдің бес түрлі стильдік тармақтары арқылы жүзеге асады. Олар: ғылым, білім, оқу ағарту саласы – ғылыми стиль; құқықтық сала, заңнама – ресми стиль; көркем өнер саласы – көркем әдебиет стилі; қоғамдық – саяси сала – публицистикалық стиль; тұрмыстық қатынас саласы – сөйлеу тілі стилі» екендігі көрсетілген [2, 5 б.]. Біз өз зерттеуімізде осы ғылыми негізді басшылыққа алдық.

«Просодия» мен «интонация» түсініктерінің арасында нақтылы бір айырмашылық жоқ. Просодика бұрыннан бастап дыбыстардың орналасуын түсіндірсе, интонация синтагма мен пікірді ұйымдастырудағы просодикалық тәсілдерді түсіндіреді [3, 6 б.]. Кез келген тілдің

интонациялық жүйесін анықтауда оның синтагма арқылы бір байламда тұратын просодикалық тәсілдерінің маңызы зор. Ал әуен, қарқын, ұзақтылық, пауза, үдемелілік, тембр - интонацияның негізгі компоненттері немесе просодикалық тәсілдер деп аталады [3, 35 б.].

Дыбыстау әдісі, дайындық дәрежесіне қарай мәтінді жіктеуді білу мәтіннің ырғақты – интонациялық сипатын беруде үлкен рөл атқарады [4]. Мәтіндер ауызша және жазбаша түрде жарыққа шығады, бұған қоса дайындықсыз немесе машықсыз сөйлеу, дайындықпен немесе машықты сөйлеу ұғымдары бар.

Төменде дыбысталған мәтіндерді жіктеудің жүйесі берілді.

Дыбысталған мәтіндерді жіктеудің жүйесі

Дыбысталған мәтін						
Дайындалған (машықты)				Дайындықсыз (машықсыз)		
эрқашан дайындықпен		кейбір кезде дайындықпен		сөйлеу тілінде емес		сөйлеу тілінде
Ресми стиль	Көркем әдебиет стилі	Публицистикалық стиль	Ғылыми стиль	Публицистикалық стиль	Ғылыми стиль	Сөйлеу тілі стилі
Ж	Ж	ЖА	ЖА	А	А	А
ресми	ресми	ресми	ресми	ресми	ресми	бейресми

(Ж-А сөйлеудің жазбаша және ауызша түрі)

Дыбысталған мәтіндерді жіктеу функционалды стильдердегі жанрлардың түрліше келуімен, бір стильде басқа стильдердің элементтерінің араласуымен күрделене түседі. Мәселен, ақпараттық жанрда ресми және публицистикалық стильдің элементтері қоса келетіндігін айтуға болады. Сөйлеу кезінде дыбысталған мәтіндер қандай да бір стильдің жанрлық әр түрлілігін көрсетеді, кейде бір мезгілде екі стильдің қасиетін танытуы мүмкін. Қай стильдің негізі басым түссе, сол негізде жанр қалыптасады. Мысалы, ақпараттық жанрда ресми стиль мен публицистикалық стильдің ерекшеліктері қосылады. Ал, баспасөзде публицистикалық стиль негізгі болып табылады, репортажда публицистикалық стильмен қоса сөйлеу тілі стилінің элементтері, очерк көркем әдебиет стилінде жазылады.

Ғылыми және публицистикалық стиль мәтіндерін жіктеуді ақпараттық және талдамалы жанрларды меншіктей отырып шектеуге болады. Мәтіндер даярлықпен және даярлықсыз, ауызша және жазбаша, түрлі жанрларда келмесе мәтіндерді тұтас жалпы топқа топтауға болады. Оған ресми және сөйлеу тілі стилін жатқызуға болады. Ал, көркем әдебиет стилі мен сөйлеу тілі стилі мәтіндерінің интонациялық құрылымы бір-біріне қарама-қарсы келеді. Ол жалпы сол стильдегі тілдік бірліктердің әсеріне де байланысты.

Интонациялық сипатының жалпылығына байланысты дыбысталған функционалды стиль мәтіндерін төмендегідей топтарға жіктеуге болады:

Бірінші топтағыларға кәсіби диктор, тілші, қоғам қайраткерлері, ғалымдар оқыған сөйлеудің жазбаша формасы жатады. Бұл топтағы жетекші рөлді ресми стиль атқарады. Себебі, бұл стильде белгілі стандарт сөздер қолданылып, экспрессия болмайды және бұл қалып оның просодикалық сипатына да тән болып келеді. Бұл стильдегі мәтіннің интонациялық құрылымы сол себептен де қарапайым болады. Бұл мәтіндердегі кідіріске келсек, дикторлық кідіріс пен грамматикалық кідірістер орын алады. Қарқыны жылдам, минутына 90 сөз, ал ғылыми мәтінде 100 сөз қамтылады.

Екінші топқа публицистикалық және ғылыми стильдегі талдамалы жанрлардың мәтіндері жатады. Ол ауызша және жазбаша негізде жасалады; оған баяндама, сөз сөйлеу, дәрісті (лекцияны) жатқызуға болады. Даярлықпен және даярлықсыз да келеді. Интонациялық сипаты аса қарапайым. Онда шынайы емес дикторлық кідірістер орын алады. Қарқын орташа не жылдам болады шамамен минутына 90 сөз қамтылады.

Көркем әдебиет стилі – бұл топтың үшінші түрі. Бұл мәтіндерде тілдік бірліктердің барлығы соның ішінде біз қарастырған кідіріс, қарқын, әуен, үдемелілік тәрізді просодикалық тәсілдердің барлығы кеңінен қолданыс табады. Интонациялық құрылымның күрделі екендігін ерекше атап өтуге болады. Стильдік бояу үстейтін шынайы кідірістер көптеп орын алады. Қарқын орташа және баяу сипатта көрінеді.

Төртінші топқа сөйлеу тілі стилін жатқызамыз. Бұл стиль мәтіндегі просодикалық тәсілдердің көрінісі жоғарыдағы көркем әдебиет стиліне қарама-қарсы келуімен ерекшеленеді. Әрбір мәтіннің интонациясы түрліше. Бұл түрлілікті интонациялық құрылым арқылы түсіндіруге болады. Ол әрбір мәтіннің синтаксистік қатарының түрліше болуына байланысты. Жай және құрмалас сөйлемдердің құрылысынан көрінеді. Мәтіннің синтаксистік құрылымы сол мәтіннің стилі мен жанрына сай келеді. Кез келген мәтіннің интонациялық құрылымы оның күрделілігін көрсетеді. Осы интонациялық құрылым мәтін интонациясын анықтауға мүмкіндік береді. Түрлі мәтіндегі интонациялық құрылымды салыстыра отырып, дикторлардың, журналистердің, ғалым, әртістердің жеке сөйлеу тұрпаты мен стильдің жалпы тілдік белгілерінің болатындығын байқауға болады. Бұлар бір-бірінен интонациялық құрылым арқылы ерекшеленеді.

Кез келген стильдің интонациялық құрылымын салыстыра отырып, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады. Мәтіннің жалпы интонациясы қарапайым болса, оның интонациялық құрылымы да қарапайым болады, және керісінше интонация күрделі болса, оның интонациялық құрылымы да, күрделі болады. Ең қарапайым интонациялық құрылым ресми-іс қағаздар стиліне, ал ең күрделі интонациялық құрылым көркем әдебиет стиліне тән. В.Яхонтов: «Дикторды материалды сауатты жеткізу алаңдату керек, әсерсіз интонация бір сарынды салғырт үн қабылдауды қиындатады. Дыбысталған мәтіннің қабылдануы оның интонациясына байланысты», - дейді [5, 13 б.].

Бір адамның өзіндік сөйлеу ерекшелігіне қарамай әртіс, диктор, коментатор, сұхбаттасушы рөліндегі дыбысталған мәтіні өзіндік интонациялық құрылыммен ерекшеленеді. Ақпарат беруші ресми-іс қағаздар стилінің интонациялық құрылымы оның жанрының интонациясымен араласады. Бұл мәтіндердің интонациясы бір қалыпты, сөйлемдері бір типті болып аяқталады. Ғылыми стильдегі интонациялық құрылым да бұл стильдегі сипатқа ұқсас келеді.

Публицистикалық стиль мәтіндерінің интонациялық құрылымы да бұл стильдің көп жанрлылығына қарамастан, интонацияның жалпылануы жалғасады. Сөйлеу тілі стилі мәтіннің интонациялық құрылымы күрделі деп айта алмаймыз, қарапайым келеді. Ал ең күрделі интонациялық құрылым көркем әдебиет стиліне тән. Оның интонациялық құрылымы күрделі келеді. Бұл стильдің мәтіндерінің көп түрлі болғандығы сонша, оларды салыстыру тек жанр, мәтін типі, эмоционалды көңіл – күй басқа да көптеген белгілері бойынша іске аспақ. Бұл мәтіндердің интонациялық құрылымын ерекшелейтін басты белгісі – күрделілігі. Функционалды стиль мәтіндерінің интонациялық құрылымын анықтағанда біз интонацияның басты компоненттері, яғни просодикалық тәсілдердің рөліне баса назар аудардық. Функционалды стиль мәтіндеріндегі просодикалық тәсілдерді анықтауда аудиторлық талдаудың көмегіне сүйенеміз.

Тіл және сөйлеу ғылымдарының даму тарихына жүгінсек, осы салалардағы зерттеу жұмыстары жетістіктерінің деңгейі мен нәтижесі тікелей оларда қолданылған әдіс – тәсілдерге байланысты. Ең алғашқы фонетикалық эксперимент жүргізгендер Ресейдегі В.А. Богороцкий мен Франциядағы П. Руссо. Олар өздерінің зерттеулерін он тоғызыншы ғасырдың сексенінші жылдарында пайда болған пневматикалық аспаптар негізінде жасаған.

Экспериментті жүргізу әдісі зерттеудің міндеттеріне сай жасалады. Біздің жұмысымызда эксперименттік талдау бірнеше кезеңдерден тұрды:

- дикторларды іріктеп, таңдалған материалды компьютердің көмегімен таспаға жазу;
- эксперимент материалына аудиторлық талдау жасау;
- алынған нәтижелерді бір-бірімен салыстыру.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, эксперименттік жұмыста материалды іріктеу маңызды. Зерттеудің мақсатына қарай даярланған (машықты) және даярлықсыз (машықсыз) мәтіндер

алынды. Даярланған мәтінді оқу аса қиындық туғызбады. Мәтін үзінділері көркем әдебиет пен публицистикалық мақалалардан алынды. Сөйлеу тілі стилінің табиғатына қарай даярлықсыз (машықсыз) келетін мәтіндердің табиғатын ашу мақсатында күнделікті тұрмыстағы түрлі оқиғаларға қатысты адамдардың білдірген пікірлерінің мәтіні мен публицистикалық стильдің табиғатына орай теледидардағы жаңалықтар топтамасындағы журналистердің тікелей репортаждарындағы оқиғаға қатысты кез келген тұлғадан алған сұхбаттары негіз болды. Онда кәсіби дәрежесі бар және кәсіби дәрежесі жоқ дикторлар таңдалынып алынды.

Аудиторлық талдау көлемді және түрлі типтегі эксперименттік материалды қамтуымен тиімді болып табылады. Аудиторлық талдаудың өзі бірнеше кезеңдерден тұрады. Бірінші кезеңде іріктеу жүргізілді. Жарамсыз тілдік материал алынып тасталды. Келесі кезеңде нақты зерттеу мақсатына қарай міндеттерді шешуге ұмтылыс жасалды. Аудитор ретінде дикторлар, студенттер алынды.


Дыбысталған мәтіндегі функционалды стильдердің барлық түрінде просодикалық бірліктер біркелкі бірақ, ол бірліктердің орналасу сипаты әр қайсысында түрліше. Себебі, түрлі функционалды стильдегі лексикалық және грамматикалық бірліктердің араласуы просодикалық деңгейдің бірліктерін анықтап береді. Мысалы, сөйлеп тұрған адам мәтінді басқа мәнерде оқиды. Ал, жазба мәтінді мазмұндап, дыбыстағанда даярлықсыз оқуға қарағанда түрлі синтаксистік, лексикалық және просодикалық тәсілдерді пайдаланады.

Просодикалық тәсілдердің функционалды стильдердегі рөлін анықтауда функционалды стиль мәтіндері сөйлеу тілінің ең шағын бірлігі синтагмаларға мүшеленеді. Оның мүшеленуі интонациялық құралдар арқылы жүзеге асады: жүйелі байланыс тізбегіне, екпін, айтылу сазы, ырғақ, кідіріс, дауыс күші мен әуені, тональды интервал, қарқынның өзгеруі және сөз әуезділігі сияқты көріністер кешені арқасында орын табады. Тілдегі просодикалық құралдар сөйлеу бірліктерін жасауда ерекше орын алады.

Сөйлеу коммуникативтік қатынаста біреуге бағытталады. Қарым-қатынасқа түсушілердің санына қарай монолог пен диалог қолданылады. Жазбаша да, ауызша да сөйлеу тілінің негізінде әдеби тіл жатыр. Әрбір әлеуметтік саладағы жағдаяттағы әрекетте қарым-қатынас үшін сөйлеу ережесі, сөйлеу нормасы, функционалды стильдің түрі қажет. Ол стильдердің әр қайсысының өзіндік табиғаты бар. Сонымен интонациялық құрылым функционалды стиль мәтіндерінің мәнін түсіндірудің басты тәсілі, онда әр стильдің интонациялық құрылымын табиғатын ескерген маңызды. Жоғарыдағы ғылыми тұжырымдарға төмендегі мысалдар дәлел бола алады. Бұл мақалада публицистикалық стильдегі мәтіндерден үзінді беріп отырмыз.


Жоғары палата депутаттары жұртты қиын жағдайға душар еткелі тұр: кім біледі, қазір Алматыда шетелдік студент аз емес, Африкадан келген бір «ағайын» зулу немесе суахили тілінде өтунуи жаза қалса не болады? Мына заң бойынша оған сол тілде жауап қайтару керек. Тәржімеші іздеп, тентіреп кетпейміз бе?

Байқасаңыз, енді мемлекеттік тілдің қазақтың өзінен басқа ешкімге керегі болмайтын сыңайы бар (С. Хасанова).



1-сурет. Аудиторлық талдаудың нәтижесі

Адамзатты, тіршілік әлемін қолдан қыру нәубеті тағы басталды. Осы Марқакөлдегі Тақыр ауыл, елді-мекенінде Ресей сынақ протонын жарып жатыр. Балаларымыз уланып сырқаттануда. Көлде де балық атаулы құрып, шаян басып кетті. Осылай жалғаса берсе білмейміз не боларымызды, онда барлық тіршілік атаулының жойылып кетері анық.



2- сурет. Аудиторлық талдаудың нәтижесі

1. Талдау барысында мәтін синтагмаларға бөлінді, онда мәтін фразасы (/) сызықпен, сөйлем аралары қосарланған (//) сызықпен, күрделі фразалық тұтастық аралары (///) белгіленіп отырды. Синтагма (грек. syntagma-қосылған, бірге қаланған)-1) контексте берілген бір ұғымды білдіретін интонациялық-мағыналық бірлік. Синтагма бір сөзден, сөздер тобынан және сөйлемнен тұруы мүмкін [6, 13 б.].

2. Әр бір синтагманың екпіні анықталды (ой екпіні, фразалық екпін).

3. Фразалардағы кідірстер (-), психологиялық кідірістер (~) анықталды.

4. Сегменттердің негізгі тон сызығы графикалық түрде белгіленді, ол негізгі тон қозғалысының бес түрлі бағыты бойынша таңбаланды:

- ↗ – көтеріңкі;
- ↘ – бәсең;
- → – бір сызыдырғы;
- ↙ – бәсең – көтеріңкі;
- ↗ – көтеріңкі – бәсең;

5. Сегменттердің айтылу қарқыны анықталып, мына белгілермен белгіленді:

- баяу – (-----);
- орташа – (-.-.-.-.-.-.-.);
- жылдам – (.....);

6. Синтагмалардың үдемелілігі анықталды:

- күшті болса (<);
- әлсіз болса (>) таңбаланды.

Мысалдары оқи отырып публицистикалық стильде жазылғандығын аңғару қиын емес, мәтінді оқып бастағаннан-ақ әуен, қарқын мен үдемелілік бірнеше рет өзгеріске түсті. Ой екпінімен айтылған сөздерде дауыс қаттылығы жоғары. Эмоциялық кідірістер көптеп кездесті. Мәтіндегі айтылған ойды толық түсініп қабылдау дауыс сазына жеткізе оқығанда ғана нәтижелі болады. Егер жоғарыда аталған просодикалық тәсілдер болмаса мәтінді түсіну мүмкін болмас еді. Дыбыстық үйлесімділігін сақтаған публицистикалық мәтін өз тыңдаушысын сүйсіндіре алады, толғанып, сендіріп, әрі иландырады.

Сонымен, әр стильге тән жалпы интонациялық сипат айқын. Тілдік ортақ сипаттың болғанымен, қатып қалған тұрақты айтылу үлгісі болмайды. Сондықтан да, дәл біз көрсеткендей айтылғанымен әр стильдегі мәтіндер өздеріне тән белгілерін сақтай отырып, құбылып дыбысталуы да мүмкін. Интонация құбылыстарын функционалды стильге қатысты қазақ тіл білімінде тереңірек зерттеуді талап ететін қыры мен сыры мол, жан-жақты күрделі екенін айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ибраимов Қ.Ш. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері: фил.ғыл. канд...дис. автореф. – Алматы, 2005. – 24 б.
2. Қазақ ілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Құраст.Н.Уәлиұлы, Ғ.Әнес, Қ. Күдерінова, А.Фазылжанова. – Алматы: Арыс, 2004. – 200 б.
3. Базарбаева З.М Қазақ тілі интонациясының негіздері. – Алматы, 2002. – 202 б.
4. Иванова-Лукиянова Г.Н. Культура устной речи. – М., 1998. – 27 с.

5. Амирова Ж.Р. Влияние русского языка на формирование научного стиля казахского языка. – Алматы, 1983. – 123 с.

6. Фазылжанова А.М. Қазақ тіліндегі қос құрамды құрмалас сөйлемдердің интонациясы: фил. ғыл. канд... дис. автореф. – Алматы, 2000. – 28 б.

7. Хасанова С. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 215 б.

А. АБЛАХАТ

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің магистранты,
Алматы, Қазақстан*

БЕЙВЕРБАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Соңғы жылдары лингвистика саласында көптеген зерттеулер негізінен тіл мен сөйлеуді «адам факторы» тұрғысынан зерттеуге бағытталған. Тіл адамның ой-өрісін білдірудің бастапқы табиғи түрі деп саналады. Бұл тұрғыда ол ойды білдірудің жалғыз және жеткілікті құралы. Дегенмен, ауызша коммуникативтік актіде тілдік белгілердің лексикалық-грамматикалық біріліктерден басқа, тілдік емес компоненттер де қатысады, мысалы, ым-ишара, көздің көрінісі, сөйлеушінің дауыс тембрі т.б. Тілдегі бейвербалды қарым-қатынастың психолінгвистикалық ерекшеліктерін, эмоцияға әсер ету, тілдесу, келісу, ымыраға келу тәсілдерін зерттеу нейролингвистика саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Мақала бейвербалды қатынас құралдарының психонейрологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Мақалада жеке тұлғаның психологиялық ерекшелігінен хабар беретін бейвербалды мінез-құлық ерекшеліктері, ым-ишаралардың қарым-қатынас барысындағы көрінісі және бейсаналы түрде вербалды емес құралдар арқылы жеткізілу сипаты қарастырлды. Бейвербалды конструкциялар адам өмірінің әр түрлі салаларына тікелей әсер ететіні және оны дұрыс қолдану, түсіне білу адамдар арасындағы түсінісу, ұғынуысу, өзара тиімді қарым-қатынас орнатуына ықпал ететіні дәлелденді

Тірек сөздер: вербалды, бейвербалды паралингвистика, ым-ишара, кинестика, нейролингвистика.

Аннотация. В последние годы многие исследования в области лингвистики в основном сосредоточены на изучении языка и речи с точки зрения «человеческого фактора». Считается, что язык является исходной естественной формой выражения человеческого мышления. В этом смысле это единственный и достаточный инструмент для выражения мысли. Однако в вербальном коммуникативном акте помимо лексико-грамматических единиц языковых признаков участвуют и неязыковые компоненты, например жесты, выражение глаз, тембр голоса говорящего и др. Изучение психолінгвистических особенностей невербального общения в языке, способов воздействия на эмоции, общения, согласования, компромисса считается одной из актуальных проблем в области нейролингвистики.

Статья посвящена изучению психонейрологических особенностей средств невербального общения. В статье рассмотрены особенности невербального поведения, передающего сообщение от психологической специфики личности, отражение жестов в ходе общения и характер бессознательно передаваемого невербальными средствами. Доказано, что невербальные конструкции напрямую влияют на различные сферы жизни человека и способствуют правильному их применению, пониманию, взаимопониманию, установлению взаимовыгодных отношений между людьми.

Ключевые слова: вербальная, невербальная коммуникация, паралингвистика, жесты, кинестика, нейролингвистика.

Abstract. In recent years, many studies in the field of linguistics have mainly focused on the study of language and speech from the point of view of the «human factor». It is believed that language is the original natural form of expression of human thinking. In this sense, it is the only and sufficient tool for expressing thoughts. However, in addition to lexical and grammatical units of linguistic features, non-linguistic components, such as gestures, eye expression, the timbre of the speaker's voice, etc., participate in the verbal communicative act. The study of psycholinguistic features of nonverbal communication in language, ways of influencing emotions, communication, coordination, compromise is considered one of the urgent problems in the field of neurolinguistics.

The article is devoted to the study of psychoneurological features of nonverbal communication means. The article examines the features of nonverbal behavior that conveys a message from the psychological specifics of the individual, the reflection of gestures during communication and the nature of unconsciously transmitted by nonverbal means. It is proved that nonverbal constructions directly affect various spheres of human life and contribute to their correct application, understanding, mutual understanding, and the establishment of mutually beneficial relationships between people.

Keywords: verbal, nonverbal communication, paralinguistics, gestures, kinestics, neurolinguistics.

Адамның бейвербалды әрекеті және оның коммуникативтік рөлін айқындау тұлғааралық қатысымда, тілдесу психологиясындағы күрделі әрі маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі таңда ғалымдар жеке тұлғаның бейвербалды қимылдарының қолданбалы аспектілеріне және олардың нейролингвистикалық аспектілерін жан-жақты зерттеуде. Жасыратыны жоқ, вербалды емес қарым-қатынас ақпаратты берудің ең тиімді әдісі болып табылады, ал бейвербалды таңбалар адамның мінез-құлық құрылымдарын дәл анықтайды.

Бейвербалды амалдар ең әуелі, ақпаратты берудің эмоционалды арнасы ретінде қарастырылды. Адамның вербалды емес көріністері – бұл белгілі бір ақпаратты әдейі немесе байқаусызда, сөзсіз немесе сөйлеу белгілерінсіз арқылы жүзеге асырылатын әрекеттер. Сонымен қатар, вербалды коммуникация барысында кейде ауызша қарым-қатынасқа қарағанда адам туралы көбірек ақпарат беріледі. Мамандар айтуынша, адам қарым-қатынас кезінде ақпараттың 60-тан 90 пайызына дейін бейвербалды қарым-қатынас құралдары арқылы жеткізеді [1, 86].

«Бейвербалды» терминінің өзі әдетте ауызша және жазбаша сөйлеуден басқа (ауызша қарым-қатынас формалары) адами қарым-қатынастың кез келген түрін білдіреді. Сонымен қатар, вербалды емес формалар мен белгілерді ауызша тілге аударуға болады.

Адам қозғалыстарының экспрессивтілігі туралы мәселе ғалымдарды көптен бері мазалап келеді. Екі мың жыл бұрын Рим философы Цицерон спикерлерді дұрыс қимылдауға үйретті. I ғасырда римдік риторик Квинтиллиан бірінші ишараның 100-ден астам әдісін сипаттайтын алғашқы сөздікті («сөйлеушіге нұсқау») жасады. 1664 жылы Дж.Боливер де ым тілін зерттеуге арналған бірқатар еңбектерін шығарды: «Хирология немесе табиғи ымдау тілі» және «Хиронмия немесе қол риторикасы өнері». Ғалым алғаш экспрессивті қимыл белгілерін жүйелеуге арналған кестелер ұсынған [2, 40].

XX ғасырда адамның бейвербалды іс-қимылы мен мінез-құлқы туралы бірнеше маңызды ғылыми еңбектер жарияланды. Мысалы: Р. Бердвистелл («Кинесикаға кіріспе», «Кинесика және контекст»), Э. Кречмер («Дене құрылымы және мінез-құлық»), М. Монтагу («Жанасу»), А. Пиз («Позалар мен қимылдар»), Р. Розенталь («Мінез-құлық зерттеулерінің эксперименттік нәтижелері»), Ю. Руш («Бейвербалды қарым-қатынас: адамдар арасындағы қарым-қатынасты визуалды қабылдау туралы жазбалар»), Дж.Фаста («Дене тілі»), Л. Франк («Тактильді байланыс»), Э. Холл («Үнсіз тіл»), В. Шелдон («Адамның физикалық сипаттамаларының өзгеруі»), А. Шефлен («Қимыл тілі және әлеуметтік тәртіп»), П. Экман («Адамның бет-әлпетіндегі эмоциялардың көрінісі»), Д. Эфрон («Қимылдар және қоршаған орта») және т. б. М.Л.Кнапп: «Егер адам денесін дәл сипаттап, талдаса, сол адамның интеллектісі, темпераменті, адамгершілік құндылықтары және болашақ жетістіктері туралы қорытынды жасауға болады» [3, 41] деген тұжырым жасайды.

Зерттеушілер атап өткендей, адамның мінез-құлқы континуум ретінде жеткілікті түрде ұсынылуы мүмкін, ал оның кейбір түрлері екі континуумның қиылысу нүктесі болып табылады.

Ауызша және вербалды емес сигналдар әртүрлі кодталатыны белгілі. Олар ішкі (референт арқылы), портреттік (референттің кейбір қасиеттерін көрсете отырып) және кездейсоқ (референтпен ешқандай байланысы жоқ) кодтау арқылы берілуі мүмкін. Бұл жағдайда бейвербалды сигналдарды декодтау мидың оң жақ жарты шарында, ал вербалды сигналдарды сол жақта жүзеге асырылады. Алайда, оң және сол жақ жарты шардың көптеген функциялары бір-бірімен қиылысатындығын ескеретін болсақ, әсіресе егер олардың біреуі екіншісінің қызметін өтеуі керек болса (мысалы, хирургиялық араласу нәтижесінде), декодтау инсталляция аймағына ие болуы мүмкін.

Бейвербалды амалдар жалпы қарым-қатынас үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан ол ауызша сигналдарды толықтыру, алмастыру, нақтылау, қайталау мақсатында жұмасалады. Сонымен қатар, жалпы коммуникация жүйесінде ақпараттың көбінесе бейвербалды жолмен жеткізілуі жиілеп, қоғамның барлық салаларына қолданылу аясы артып келеді.

Ақпаратты ербалды жолмен бірнеше формалары бар: таңбалық-символдық (актоника, гастика, графология және т.б.), оптикалық-кинетикалық (қозғалыстардың экспрессивтілігі, физиогномия және т.б.), кеңістіктік-уақыттық (проксемика, хронемика), такетикалық (ольфактоника, такесика) және фонациялық (паралингвистика, экстралингвистика және просодия). Сонымен қатар, сарапшылар тұлғаның бейвербалды әрекетін кинетикалық, прозодикалық, экстралингвистикалық, такетикалық және ольфакторлық деп жіктейді де, оларды ішкі құрылымдар мен элементтерге бөлуге болатынын ескертеді. Бұдан вербалды ақпарат пен бейвербалды коммуникация барысындағы ақпарат бір-біріне сәйкес келмеуі мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Бейвербалды амалдар жеке тұлғаның ауызша қатынас құралдарын ым-ишара арқылы нақты-сенсорлық формаға айналдырылған бейвербалды коммуникацияны ұйымдастырудың әлеуметтік және биологиялық тәсілі ретінде қызмет. Сонымен қатар, бейвербалды сигналдар арқылы ақпаратты бір жүйеден екінші жүйеге ауыстыру, процесі ретінде танылады. Соған сәйкес, бейвербалды мінез-құлық ұғымы бейвербалды қарым-қатынас ұғымынан тар, сондықтан оларды екі түрлі зерттеу нысаны ретінде қарым-қатынас үдерісі және жеке тұлғаның психологиялық ерекшелігінен хабар беретін сигнал ретінде қастырған.

Қарым-қатынас процесінде адам өзінің ауызша көріністерін рефлексиялай отырып, көп жағдайда бейсаналы түрде ақпаратты кинесика, такесика, проксемика, ольфактоника, паралингвистика және экстралингвистика сияқты вербалды емес құралдар арқылы жеткізеді. Бұл құралдар жеке тұлғаның бейвербалды мінез-құлқының динамикасы және көпмағыналылығы қарастырылады.

Бейвербалды конструкциялар адам өмірінің әр түрлі салаларына тікелей әсер етеді және мұндай көріністерді дұрыс тану, түсіндіру, сондай-ақ оларды қалай дұрыс бағыттау керектігін білу, сөзсіз, адамдар арасында өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

К. Андреас пен С. Андреас адамның ойлау қабілетін дамытуға баса назар аудара отырып, оның репрезентативті жүйелерін сипаттады («рационалды» немесе «дискретті», білім мен түсінікке негізделген), ал Нейролингвистикалық бағдарламалау теориясын (NLP) қалыптастырушылар Р. Бандлер және Дж. Гриндер адамның сенсорлық тәжірибеге негізделген қоршаған әлем туралы ақпарат қабылдаудың үш негізгі арнасы бар екенін атап өткен: (визуалды), есту (аудиалды) және кинестетикалық сезіну (кинестетикалық) немесе сенсорлық [4, 90] кешен – жанасу, иіс сезу, дененің кеңістіктегі орны және т.б. Визуалды, аудио және кинестетикалық жүйелер – бұл суреттер, дыбыстар мен сезімдер арасындағы байланыстарды тез құруға мүмкіндік беретін алғашқы қабылдау жүйелері. Ғалымдар бұл жағдайда «адам өзінің сұхбаттасушы серіктесінің естіген ақпаратты қалай қабылдайтынын және өңдейтін немесе ақпаратты қалай ұсынатынын тез және оңай анықтауға болады. Ол үшін әңгімелесушінің көзіне қарау жеткілікті» – деп санайды.

Мысалы адам өткен оқиғаны, нәрсені елестетіп, еске түсіргенде көзін жоғары және солға жылжытады екен. Ал бұрын болмаған нәрсені құрастырғанда немесе елестеткенде (ойлап тапқанда), ол көзін жоғары және оңға көтереді. Көзді көлденеңінен солға жылжыту дыбыстарды еске түсіру, ал көлденеңінен оңға қарай дыбыстарды жобалау. Сезімдердің пайда болуы көздің төмен және оң жаққа қозғалғанынан байқауға болады. Ішкі диалог кезінде адамның көздері төмен қарап сол жаққа бағытталады. Егер адамның көзқарасы тұрақсыз болса және сұхбаттасушыға назар аудармаса алмаса – бұл бұрынғы өткен бейнелер мен оқиғаларды елестету, еске түсіре алмауды білдіреді екен.

Әр адамның өзінің жиі қолданатын ерекше димнант қимылдық жүйесі бар. Сарапшылар мұндай доминантты анықтаудың бірнеше әдісін ұсынады. Сонымен, адамның өзінің өмірлік тәжірибесін сипаттай отырып, қарым-қатынас процесінде жиі қолданатын сөздерге (предикаттарға) назар аудару ұсынылады. Предикаттар белгілі бір сөйлемдерде адам қолданатын етістіктер, сын есімдер, үстеулер түрінде көрінеді. Ресейлік психолог И.Аминов қарым-қатынас репрезенттерінің (модальділігін) танудың әдістерін қарастырған.

Тыңдаушы сізді түсіну, бейвербалды коммуникацияның негізгі предикаттарына сәйкес келетін предикаттарды таңдау керек. Осыған байланысты шетелдік мамандар қызықты жүргізіп, презентация ретінде ұсынылған кітаптар, графикалық кестелер арқылы тыңдаушылардың көзқарасын тексереді. Зерттеу нәтижесін ақпараттың 83%-ы көру арқылы, 11%-ы есту арқылы және 6%-ы кинестетикалық жолдар (иіс, жанасу және дәм) арқылы қабылданатыны дәлелденді. Алайда, мұндай презентациялар үлестірмелі материалдардың көмегімен ұйымдастырылған кезде (сол кітаптар, кестелер мен графиктер тыңдаушылардың қолында болуы мүмкін), кинестетикалық сезімдер арқылы алынған ақпараттың мөлшері 70%-ға дейін күрткен [5, 85].

Адамдардың қарым-қатынасы мен өзара байланысы у формалары өте маңызды қарым-қатынас құралдарының бір болып саналады. Дененің қозғалысы немесе бейвербалды қарым-қатынас құралдарының бірі ретінде алғашқылардың бірі болып зерттеген – элеуметтік психолог А.Шефлен. Ол дененің күйінің негізгі семантикалық мазмұны әңгімелесушіге оның алдында кім тұрғанын және қандай тұлға екенін білдіреді деп есептейді. Яғни, адамның позасы оның мәртебесі мен рөлін көрсете алады. Мамандар атап өткендей, адам ағзасы 1000-ға жуық тұрақты позицияны қабылдай алады.

Айқасқан – бұл адамның өзіне сенімсіздік, келіспеушілік, қарсылық, қабылдамау пиғылын білдіретін тосқауыл қою қимылдарының бір түрі. Ашық қалып – бұл дене әңгімелесушіге бағытталған, алақандар мен аяқтары ашық, серіктесімен сенімді сұхбат құруға бағытталған дене позициясы. Осылайша, адам өзінің сұхбаттасушының пікірімен келісетінін ауызша жеткізбейді, оған өзінің ізгі ниетін ым-ишара арқылы көрсетеді және психологиялық бirtахуалы да жайлы екенін сездіреді. Айта кету керек, әңгімелесушімен өзара түсіністікке жетудің ең жақсы тәсілі – оның позасы мен қимылдарын көшіру.

Адамның жүрісі қозғалыс стилі болып табылады және ол адымдау динамикасынан, қозғалыс кезінде дененің амплитудасы арқылы көрінеді. Адамның жүрісі оның әл-ауқатын, жасын және мінезін байқатады және адамның жүріс-тұрысы оның эмоцияларымен тығыз байланысты. Айталық, «ауыр «жүріс адамның ашулы екенін, ал адамның «жеңіл» қозғалысы көңілің жақсы екенін білдіреді.

Қолын сермеп жылдам жүретін адамның өзіне деген сенімділігін байқатады. Психологтар олын қалтасында салып жүретін адамдарды өзін жоғары ұстайтын, құпия, қу адамдар деп. Белді таяну – мақсатқа жету және алға ұмтылуды білдіреді. Басы төмен, қолдары артына байланған, жүрісі баяу – «ойшылдар». Иегін жоғары көтеріп, қолдың пәрменді қозғалып, аяқтарын бүкпей әсер қалдыруға тырысатын, менмен үстем адам. Бір қызығы, сарапшылар қылмыстық әлемнің өзінің маңызды ым-ишараларын атап көрсетеді, ал ФБР қызметкерлері осы сипаттамаға сүйене отырып, қылмыстық синдикаттардың көшбасшыларын анықтай алады екен [6, 23].

Әдебиеттер тізімі:

1. Алан Пиз. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестам. Издательство ЭКСМО, 2009. – С. 448
2. Аминов И.И. Психология делового общения / И.И. Аминов. – М.: Омега-Л, 2005. – 304 с.
3. Кнапп М. Л. Невербальные коммуникации. – М.: Просвещение, 1978. – 110 с.
4. Коццолино М. Невербальная коммуникация. Теория, функции, язык и знак. [пер. с итал. О.Л.Шипиловой]. – Х.: Изд-во «Гуманитарный Центр», 2009. – 248 с.
5. Биркенбил В. Язык интонации, мимики, жестов / В.Биркенбил. – [пер. с нем. А.Логвиновой]. – СПб.: Речь, 1997. – 324 с.
6. Бодалев А.А. Восприятие и понимание человека человеком. – М.: Изд-во МГУ, 1982. – 264 с.

МАЗМҰНЫ

Фазылжан А. Алғы сөз	3
----------------------------	---

I. ПРОФЕССОР АСҚАР ЖҰБАНОВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ

Садуақас Н.А. Ғалым Асқар Жұбанов және қолданбалы тіл білімі	4
Жанабекова А. Профессор Асқар Жұбанов – Қазақ тілінің ұлттық корпусының негізін қалаушы	9
Әмірбекова А. Қазақ тіліндегі ықтимал теориясы (А.Жұбанов еңбектері бойынша)	14
Букетова Ж.Р. Профессор Асқар Жұбановтың тілтанымдық мұрасы	18

II. КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА

Сиразитдинов З.А. Критерии национального корпуса и корпусные проекты башкирского языка	24
Бускунбаева Л.А. Йәнле һөйләү дискурстарында тел кодтары күсешен төзелөшө яғынан анализлау (Башкорт теленең машина фондындағы диалектологик базаның текстология өлөшөндөге материал нигезендө)	29
Ишмухаметова А.Ш. Заимствованные фармакофитонимы в устной речи башкир (на материале базы данных МФБЯ)	34
Сейітбекова А.А. Тарихи ішкорпус: лингвистикалық белгіленім әзірлемесі	41
Бесиров Е.Б. Қазақ тілі ұлттық корпусының классификациясы	44
Барменқұлова А.С. Қазақ тілінің ұлттық корпусы мәселесі	49
Мурсал А. Тарихи корпусқа Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын енгізу мәселелері	52
Оспанғазиева Н.Б. Мәтінді автоматты танудың фонетикалық моделі	56
Тлегенова Г.Б., Қожахметова А.Қ. Қазақ тілі ұлттық корпусының мәтіндік базасы	60
Иманқұлова С.М. Корпустық лингвистика – филологиялық білім берудегі инновациялық бағыт	63
Сәтекова М.Н., Иманқұлова С.М. Еуропалық ұлттық тілдік корпустардың қазіргі жағдайы	74
Ақыл А.А., Иманқұлова С.М. Корпустық лингвистика және оның негізгі бағыттары	79
Тлеумурзина К. ., Иманқұлова С.М. Корпустарды әртүрлі негізде классификациялау	87
Құдайбергенова М.А. Корпустардағы белгіленім сипаты	92
Пірманова К.Қ. Theory and methodology for the creation of a corpus of the world's national languages	98

III. ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА

Мырзаханова Г.К. Инновациялық тілдік білім беру жүйесіндегі компьютерлік лингводидактика	111
Бекниязова Д.Д. Компьютерлік лингвистика қолданбалы лингвистиканың бағыты ретінде	115
Ернұрұлы Е. Қытайдағы қазақ тіл-жазуындағы информацияларды жасанды интеллект арқылы біржайлы етудегі жаңа табыстар	118

IV. ЖАРНАМА ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАРНАМА КОРПУСЫ

Ержан З. Мәдени дағдарыстың көрсеткіші ретіндегі жарнама мәселесі	124
Issayeva D.K. Landing page: the term and its distinctive features in digital marketing	129
Асанбаева С.А. Қазақ жарнамасының психоллингвистикалық аспектісі	132
Сейтбекқызы К. Сауатты жарнама – тіл абыройы (көрнекі жобасы бойынша)	139
Темірбекова Г.Қ. Жарнама-бұқаралық коммуникацияның бір тармағы	140
Сейдамағ Ә., Дүйсен Қ., Махамбетова А. Қазақ тіліндегі жарнама мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері	144
Бейсенхан С. Инфобизнестегі жарнама жазу модельдері	150
Талғатқызы Г. Жарнамадағы терминдік тіркестер	153

V. КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВОДИДАКТИКА: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ualikhanuly A., Tuimebayev Zh. The influence of bilingualism on the personal development of children	158
Досмағамбетова А.О. Оқылым мәтіндерінде тілдік ерекшеліктерді талдау мәселесі	161
Дүйсенова М.М. Бастауыш сынып оқушыларын шет тілін меңгеруге ынталандырудағы цифрлық ойынға негізделген оқытудың рөлі	163
Zholmyrzaeva D.K. Computer linguodidactics: study and basic concepts	168
Бекниязова Д.Д. Цифрландыру дәуірінде оқыту кезінде инновациялық лингводидактиканы қамтамасыз ету құралдары	174
Мурсал А. Мектепте ағылшын тілін дамытудың педагогикалық негізі	177
Сариев М.С. Шет тілін деңгейлеп оқытудың артықшылықтары	180

VI. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шойбеков Р., Өтебаева Э. Этнографиялық энциклопедиядағы кейбір атаулар мен ұғымдардың этномәдени сипаты	184
Махмудов М.А., Нагиева Т. Концепция синтаксической эволюции в языковой системе	188
Ишкильдина Л.К. Особенности кодовых переключений в башкирском языке.....	193
Мамырбек Г. В. Радлов сөздігіндегі лексикографиялық параметрлер.....	197
Ақымбек С.Ш. Қазақ тіліндегі дыбыстар сәйкестігінің моделі	201
Рсалиева Н.М. Лингвистикалық протекционизм әдеби норманы сақтау тетігі ретінде	207
Жұмабаева Ж.Т. Ерін үндесімінің ауызша сөздегі көрінісі	212
Темірбекова Г.Қ., Саимкулова А.Д. Қазіргі қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдердің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері.....	216
Қожахметова А.Қ. Поэтикалық мәтінді синергетикалық тәсілмен талдау.....	219
Конисбаева С.И. Қазақ тіліндегі кірме дыбыстардың фонетикалық сипаты	222
Ахметова С.Ж., Тұрышев А.Қ. Қазақ халқының этномәдени сипаты және «жеті» санының мәдени бейне ретінде зерттелуі.....	225
Мырзаханова Г.К. Social and linguistic parameters of the sphere of communication	229
Нұрмолдаева А.А. Киім атауларының этномәдени уәжділігі	233
Жарылқасынова Д., Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі лексикалық тақырыптардың білім беру бағдарламасындағы қамтылу мәселелері	239
Исатай Б.М., Салихова А.З. Тіліміздегі сленгтің тілдік нормаға әсері.....	245
Нұстаева А.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің мәдени-танымдық сипаты	249
Құрбанбекова Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі көсемше формаларының қалыптасуы.....	253
Шаймарданова Р. Одағай теориясының лингвистикада қалыптасуы.....	258
Салихова А.З., Салимова Н.С. Антонимдердің лексика-семантикалық өрісі.....	263
Жанабаева Ф.Т. Тарихи фонетика, түркі тілдерінің фонетикасы.....	268
Serikkyzy M. Traditional culture of speech of the kazakh language.....	270
Берикболова А.Ж. Қазақ тілінің функционалды стиль мәтіндеріндегі просодикалық тәсілдердің кейбір көрінісі	277
Аблахат А. Бейвербалды коммуникацияның психолінгвистикалық ерекшеліктері	282

**«АСҚАР ЖҰБАНОВ ОҚУЛАРЫ»
ТҰРАҚТЫ ҒЫЛЫМИ ТІЛТАНЫМДЫҚ АЛАҢ
аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық
конференция материалдары**

Беттеген: Т. Есжанов

Басуға 13.11.2023 жылы қол қойылды. Пішімі 70x90 1/16
Қаріп түрі «Times New Roman». Қағазы офсеттік.
Көлемі 18 б.т. Таралымы 50 дана.

Редакцияның мекенжайы:
050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР ҒЖЖМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61